Бекітемін
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК-нің меңгерушісі
____________ Г.Есиркепова

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша «Балдәурен» (4 жастан бастап) ересек тобының перспективалық жоспары

2019-2020 оқу жылы

**Перспективалық жоспар**
**«Балдәурен»ересек тобы 2019 жыл қыркүйек айы**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| **Өтпелі тақырып** | **Апта** | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі-0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыс тану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка – 0,5/3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру- 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Балабақ ша»** | **1-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің спортзал»**<br>**Мақсаты:**Денешынықтыру сабақтарына қызығушылықтарын қалыптастыру.Балаларға саптағы орнын табуды үйрету. Бір орында тұрып жоғары секіруге үйрету, бір мезетте екі аяғымен еденнен серпіліп секіру қабілетін дамыту. Кішірейтілген алаңда жүруге жаттықтыру және де алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Екі аяқпен секіріп тұру»**<br>**Мақсаты:** Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бау-бақшада,бақтарда (жемістер мен көкөністер арқылы оқыту ойыны)»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді үйрету. Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу,ауызша сөйлеуін дамыту.Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Біздің балабақшада»**<br>**Мақсаты:** Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат»**<br>**Мақсаты:** Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Бір және көп. Үлкен және кіші. Шеңбер»**<br>**Мақсаты:** Заттарды санына қарай салыстыра алу қабілетін арттыру, бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету.Санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санау (2 зат көлемінде).Солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атап | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Не салғым келсе соны саламын»**<br>**(Өз бетінше сурет)**<br>Балалардың шығар машылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бей-нелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл-күйін бейнелей білуге үйрету. Балабақша ойын алаңқайындағы заттардың біреуін салуға ұсыныс білдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**2. Мүсіндеу**<br>**«Тақырыбы: «Алма мен алмұрт»**<br>**Мақсаты:** Күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру. Алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау. Ермексазды | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** Балабақша жәнеоның қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін нақтылау, ондағы түрлі мамандар туралы түсініктерін кеңейту.Балабақша қызметкерлері және құрбы-құрдастарымен өзара жағымды қарым-қатынастарын дамыту.Балабақша мүлкіне және қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қызығушылықтарын арттыру. Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Жүру»**<br>**Мақсаты:** Тапсырманы орындай отырып, бір-бірлеп тізбекпен жүруге жаттықтыру. Жылдамдық пен ептілік қабілеттерін дамыту.Тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.Шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілікке үйрету. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | шығу, санмен затты сәйкестендіру.Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру.Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру,оларды осы белгілеріне қарай топтастыру.Геометриялық пішін–шеңбер туралы өткенді пысықтау (өзге геометриялық пішіндердің арасынан табу).<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша құрылыс материалдарынан көп қабатты үйді құрастыруға үйрету. Кірпіштерді тігінен және көлденеңінен қою арқылы кеңістікте құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра білу қабілеттерін дамыту. Құрылыс материалдарының бөлшектерін атай білу, олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | домалақтау, созу тәсілдерін қайталау. Сөйлеу тілін дамыту.Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы жағымды мәлімет беру. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру. Музыканы тыңдауға, оның характерін қабылдау дағдылары мен ырғақты сезіну жұмыстары жасау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Балабақша»** | **2-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүруді жүгірумен,жүгіруді жүрумен алмастыру»**<br>**Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету.Қапшықты алысқа лақтыруға жаттықтыру, шапшаңдық қасиеттерін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру»**<br>**Мақсаты:** Бір орыннан ұзындыққа секіруді үйрету.Допты қағып алу дағдыларын дамыту.ойынның шартын мұқият ойнауға тәрбиелеу.<br>**3. Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: Бөрененің үстінде жүру**<br>**Мақсаты:** Бөрене үстінде жүруді үйрету.Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келеді»**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу қабілеттерін дамыту. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгеріп айта білуге үйрету.Балаларды қонақжайлылыққа тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Кел,балалар,оқылық!» (өлең) Ы.Алтынсарин**<br>**Мақсаты:** Өлеңді жатқа айтуға үйрету.Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы жайлы білімдерін дамыту. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз келді!»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы,жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру.Оң жақ-сол жақ»**<br>**Мақсаты:** 2-3 санды салыстыру, үлгі бойынша санауды үйрету.Уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын дамыту. Өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кітапша»**<br>**Мақсаты:** Қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуді үйрету.Заттарды атай алу және олардың өлшемін, түсін, пішінін ажырату,қағаздан көлемді пішіндерді жасай алуға дағдыландыру.Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты:** Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу.Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық,тегіс бояуға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын дамыту.Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**2. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен қияр»**<br>**Мақсаты:** Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру.Көкөніс түрлері туралы білімдерін дамыту.Ермексазды алақан арасына салып есу,домалақтау тәсілдерін үйрету.Көкөністі жуып жеуге,тазалық сақтауға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы жағымды мәлімет беру. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру. Музыканы тыңдауға, оның характерін қабылдау дағдылары мен ырғақты сезіну жұмыстары жасау. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Өзім туралы білгім келеді»**<br>**Мақсаты:** Өзі және өзінің жағдайы,көңіл-күйі туралы түсініктерін кеңейту.Өзінің дене мүшелері (қол,аяқ,бас,көз,құлақ т.б),олардың атқаратын қызметі туралы түсініп,айтып беруге үйрету.Тақырыпқа байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.Өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Балабақша» | 3-апта | **Дене шынықтыру**<br>**1.Тақырыбы: «Допты домалату»**<br>**Мақсаты:** Жан- жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Допты бір- біріне домалату дағдыларын дамыту. Ептілікке, жылдам қозғала білуге тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Баскетбол ойынының элементтері»**<br>**Мақсаты:**Допты екі қолмен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Допты еденге ұру дағдыларын дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Футбол добымен танысамыз»**<br>**Мақсаты:** Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Арқанның астымен еңбектеген кезде басын тигізбей өту кезінде топтасу қабілетін, ептілік пен икемділігін дамыту. Допты екпінмен итеріп, оның бағытын сақтап қалу, көзбен өлшеу қабілетін нығайту.<br>Кеңістікте бағдарлау, зейін қою қабілетін дамыту.Ұжымшылдыққа, бірге ойнауға тәрбиелеу. | **1. Орыс тілі**<br>**Тема: «Игрушки. Кто работает в детском саду»**<br>**Цель:** Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки и работников детского сада на русском языке, использовать в речи подходящие по смыслу<br>глаголы и<br>прилагательныеформировать понятие об обобщающих словах.Продолжить работу по развитию понимания русской речи, совершенствовать слуховое внимание и фонематическое восприятие, закреплять правильное произношение гласных звуков.Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку, уважение к труду работников детского сада, бережное отношение к игрушкам.<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Масақ» украин халық ертегісі**<br>**Мақсаты:** Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету.Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу,жалқаулыққа бой алдырмауға баулу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар» (өлең) Нұрсұлтан Әлімқұлов**<br>**Мақсаты:** Өлең мәтінін түсініп,жатқа айтка білуге үйрету,ой-өрісін | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мол өнім»**<br>**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру,оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру.Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу<br>**2.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай.Шаршы»**<br>**Мақсаты:** Сан мен заттың саны арасындағы байланысты қою.Заттарды санау қабілетін күшейту.Заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай)<br>салыстыруды жалғастыру, осы сөздерді сөйлеу барысында қолдана білу.Заттардың ұқсас белгілерін (көлемін) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйрету.Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту,зейіндерін дамыту.Пәнге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Алма бағы» (ағаштар менбұталар)**<br>**Мақсаты:** Алма ағашының суретін сала білуге үйрету.Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру.Көріністі қабылдауын дамыту,түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Достарыма арналған үй»**<br>**Мақсаты:** Қоршаған орта және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.<br>Балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету, техникалық қауіпсіздік ережелері туарлы түсіндіру. Тіктөртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрыш-пен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылықққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка 1,5**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын,көңіл-күйін ажырата білуді қалыптастыру.<br>Дыбысты таза орындау,сөзін анық айтуға үйрету.<br>Музыканың ырғағына салып,аяқтың ұшымен жұптасып билеу.<br>Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту.Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын,көңіл-күйін ажырата білуді қалыптастыру. Дыбысты таза орындау,сөзін анық айтуға үйрету. Музыканың ырғағына салып,аяқтың ұшымен жұптасып билеу. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау. | |
| **«Балабақ ша»** | **4-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру»**<br>**Мақсаты:** Орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету. Өз еркімен ойнауға болатын қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету.Допты жоғары лақтыружәне қағып алуға дағдыларын дамыту.Ойын шарттарын мұқият орындауға тәрбиелеу.<br>**2.Денешеныктыру**<br>**Тақырыбы: «Қапшықты нысанаға лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету және көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Ұжым болып ойнауға тәрбиелеу. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Тепе-теңдік»**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Комнатная мебель»**<br>**Цель:** Образовательные- продолжать обогащать словарь детей, учить называть мебель на русском языке, отвечать на вопросы полным предложением, согласовывать существительные с числительными в роде и числе, упражнять в правильном употреблении предлогов *под, справа, слева, на.* Закреплять пройденный лексический материал (дикие птицы), правильное произношение согласных *б-в, г-к, д-т.*<br>развивающие- развивать память, устойчивость внимания, воображение, мышление. Совершенствовать зрительно-моторную координацию;<br>воспитательные- воспитывать аккуратность и бережное отношение к предметам быта.<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Әңгімеле»** | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?»**<br>**Мақсаты:** Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту.Балалардың білімге құштарлығын,зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту.Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды Салыстыру.Тәулік бөлігі. Сол жағында,ортасында,оң жағында»**<br>**Мақсаты:** Заттарды санауды үйретуді жалғастыру,екі топтағы заттарды санау.Саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу.Әртүрлі, бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Балалардың тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту. Заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіз» (Заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Сәбіздің суретін сала білуге үйрету.Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау,бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту,түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету.Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Піскен алмалар»**<br>**Мақсаты:** Қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту,балаларды дәстүрден тыс жырту тәсілімен таныстыру.Желіммен жұмыс істеген кезде абай болуға үйрету.Тілдерін,шығармашы лық ойын дамыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**2.Музыка-1,5**<br>**Тақырыбы: «Нота үйренеміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға музыка | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету арқылы, балалардың зейінін дамыту.Ептілікке және жылдам қозғалуға тәрбиелеу. | **(Балалардың екі түрлі ойыншықты бейнелеп,сипаттау әңгімесін құру)**<br>**Мақсаты:** Балаларды педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету.Ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойдан шыққан әңгіме»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қиял арқылы ойдан әңгіме құрауға үйрету,тілдерін дамыту.Өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу. | жалғастыру (сол жағында, ортасында, оң жағында). Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу. | жайында мағлұмат беру.Музык дыбыстарының атымен таныстыру.Музыка әлеміне саяхат жасау. Музыкалық жанрды ажырата білу. Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындауға үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты:**Ән,музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге,күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Музыкалық аспаптармен таныстырып, оларды түрі және дыбыстары арқылы танысуға үйрету. | |

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
## «Балдәурен»ересек тобы 2019 жыл қазан айы
## Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

**Мақсаты:** Инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

**1**. Денаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;

2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;

4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;

5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| **Өтпелі тақырып** | **апта** | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі- 0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыстану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка- 0,5 /3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру - 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» - 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Менің отбасым»** | **1-апта** | **1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті кегельдер» Мақсаты:** Секіру және допты домалату дағдыларын дамыту.Өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру. Денешынықтыру сабақтарына қатысты оң көзқарас қалыптастыруды жалғастыру.<br>**2.Денешынықтыру Тақырыбы: «Маймылмен ойнаймыз»** | **1. Сөйлеуді дамыту оның күшіктері» (Сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты Тақырыбы: «Ит және :** Сурет мазмұнына қарай әңгіме құрастыра білуге үйрету.Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу,сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру,оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Атасының ақылы» (әңгіме) С. Сейтенов Мақсаты:** Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. Үлкендермен бірлесіп шешім қабылдауға дағдыландыру. Қазақтың мақал-мәтелдеріңдегі ұлағатты сөздерді меңгерту. | **1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты:** Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырата білуге үйрету және атай білу дағдысын қалыптастыру.Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым-қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**2.Математика негіздері Тақырыбы: «1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы» Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;Үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын | **1.Сурет салу Тақырыбы: «Мысығым» (Заттық сурет салу) Мақсаты:** Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, ой қиялын дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Тауық пен балапаны» Мақсаты:** Жеке бөлшіктерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету; балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттырып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарының жоғары болуына жағдай жасау. Тіл- | **1.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты:** Балаларды өзінің отбасы,жақсы көретін адамдары,олардың жақсылығы мен қайырымдылығы,қызметтерімен қарым-қатынастары туралы әңгімелеуге,әңгімелесу барысында (амандасу,алғыс айту,қоштасу)әдептілік қарым-қатынас мәдениетімен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақарға жауап беруге,басқа балалардың да отбасы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:**Басын тигізбей арқанның астынан еңбектеп өту біліктерін бекіту. Арқан астынан басты тигізбей еңбектеп өтуге үйрету. Ептілік пен икемділікке баулу. Допты қақпаға домалатып салуға жаттықтыру. Допты күшпен итеруге және доптың бағытын сақтауға жаттықтыруды жалғастыру. Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау. Балалардың жанды табиғат нысандары туралы білімін байыту.<br>**3 . Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар»**<br>Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және түсініктерін одан әрі дамыту.Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалаай әрекет ету керектігін түсіндіріп,шешім қабылдауға үйрету. Ойынның шартын бұзбай, бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. | салуды үйрету;өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында); геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің қаладағы көше»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қала көшелері туралы білмдерін бекіту, құрылыс материалдарынан қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолдануға және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. | дерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Менің көңілді отбасым»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелеріне деген махаббатты музыкалық іс-әрекет түрлерімен жеткізу. Музыкалық бейнені қабылдауға үйрету. Дыбыс ұзақтықтарын сақтай отырып,әнді нақты айта білу. Музыканыңсипатына сай қимылдарын өзгерту іскерлігін дамыту. Домбыра аспабымен таныстыру. | туралы айтқандарын тыңдап,түсіне білу қабілеттерін дамыту.Отбасы мүшелеріне құрметпен,сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Менің отбасым»** | **2-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әдемі болайық»**<br>**Мақсаты:**Шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. Спортпен айналысуға, сұлу да шымыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ерекше шар»**<br>**Мақсаты:**Сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу,доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту. Денешынықтырусабақтарына қызығушылығын ояту;жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**3. Денешынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Шыбынбике-Шыбынгүл»**<br>**Мақсаты:** Қ.Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике-Шыбынгүл» ертегі өлеңінен | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жаз, күз» (Сурет бойынша әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып,сурет мазмұны-на қарай әңгіме құрауға үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, саусақ маторикасын дамыту. Өз еліне деген сүйіспен-шілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Әкесі мен балалары» (әңгімелеу) Лев Толстой**<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу.Көркемшығарманы тыңдауға деген қызығущылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгіменіаяқтауға дағдыландыру.Татулыққа, достыққа тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу.Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту.Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1 цифры.Жылдам-баяу.Үшбұрыш»**<br>**Мақсаты:** Балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету.Жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету.Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға, заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету. Үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету.Үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру. «Жылдам», «баяу» түсініктерін айыра білуге үйрету.Көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту.Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің қаладағы көше»**<br>**Мақсаты**: Балалардың қала көшелері туралы білмдерін | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз»**<br>**Мақсаты:**Күзгі табиғаттан алған әсерлерін кағаз бетіне бейнелеуді үйрету.Күзгі ағашты оның бөліктерін анық етіп салу дағдыларын дамыту.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Кірпінің жанұясы»**<br>**Мақсаты:**Жануарлардың жанұясы туралы мағлұмат беру.Ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалақтау арқылы кірпіні мүсіндеуді үйрету.Тілдерін дамыту.Жануарларды қорғауға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Балалар композиторлары»**<br>**Мақсаты:**<br>Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Балалар композиторлары А.Жұбанов,П.И. Чайковский өмірі мен шығармашлығымен таныстыру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын,әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейту.Балаларды отбасылық мерекелер мен салтанатты іс-шараларға қатысу дағдыларын дамыту.Отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттері мен өзара қарым қатынастарына түсіністікпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үзінді жаттау. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Арқан арқылы секіруге үйрету, өз-өзін уқалауға жаттықтыру. Ойынның шартын түсініп ойнауға тәрбиелеу. | | бекіту, құрылыс материалдарынан қала көшелерін құрастыра білуге үйрету және өзінің тұратын қаласы жайлы мағлұмат беру. Қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолдануға және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. | | |
| **«Менің отбасым»** | **3-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қоянға сауығып кетуге көмектесейік»**<br>**Мақсаты**: Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Аттап жүру»**<br>**Мақсаты**: 1.Шашырап жұптасып жүру және жүгіруге жаттықтыру.<br>2.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.<br>3.Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету (ауыспалы қадам). Жаттығуларды мұқият орындауға тәрбиелеу.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Таза ауада**<br>**Тақырыбы: : «Әжемнің ауылына қонаққа  бару»**<br>**Мақсаты**: :Үй | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Семья»**<br>**Цели:**Образовательные-закрепить приобретенные знания о семье, о том, что в семье все заботятся и любят друг друга, умение правильно называть членов своей семьи на русском языке, понимать роль взрослых и детей в семье;-развивающие-развивать лексико-грамматический строй речи, связную речи, активизировать словарь. Развивать объем и устойчивость внимания, долговременную память, логическое мышление, сенсорные эталоны, общую моторику.<br>Закреплять правильное произношение на русском языке мягкого согласного звука с;- воспитывать заботливое отношение к членам семьи, уважение, доверие,взаимопонимание и взаимопомощь.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көжекпен ойналық»**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді толық құрауға,<br>етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Сары, қызыл жапырақтар»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 2 саны мен цифры.Үшбұрыш.Қысқа-ұзын.Жақын-алыс.**<br>**Мақсаты:** 2саны және оған сәйкес 2 цифрмен таныстыру.2цифрның сандар қатарындағы орнын анықтауды үйрету.2 цифрын өзге цифрлардың арасынан таба алу қабілетін нығайту,өзіне таныс заттарды көлеміне,ұзындығына қарай (ұзын-қысқа)салыстыра алу дағдыларын дамыту.Өзара көмек сезімін тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Атамның тақиясы»(қазақ ою-өрнектерін жолақша мен дөңгелекке салу) (Сәндік сурет).**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бас киімі-тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің үй»**<br>**Мақсаты:** Сәулет өнері туралы түсінік беру; геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөлшектерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту;еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1,5**<br>**Тақырыбы: «Тәрбиеші-ұстаздар»**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешілерге деген құрмет пен сүйіспеншілікті ән арқылы жеткізу. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуеді,ән мазмұнындағы көңіл күйді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарларымен таныстыру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту. Жылдамдыққа, ептілікке және күштілікке тәрбиелеу. | қабілеттерін дамыту. Топтағы заттарға, ойыншықтарға ұқыпты болуға үйрету. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» (өлеңді жаттау)**<br>**Е.Өтетілеуұлы**<br>**Мақсаты:**Өлеңді мәнерлеп оқу, сөздердің мағына ларын түсіндіру. Өлең арқылы әдептілік туралы өз ойларын ашып айтуға баулу. Әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу. | | сезінуге талпындыру.Музыкадағы дыбыс биіктігін,ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету,ұлттық ою өрнек бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.Мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау. Балаларды топпен билеуге үйрету. | |
| **«Менің отбасым»** | **4-апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Орамал»**<br>**Мақсаты:** Алақаны мен табанына сүйеніп төрт аяқтап еңбектеуді, еңбектеген кезде көтерілген заттың биіктігін ескеруді үйретуді жалғастыру, ептілікке баулу. Допты төменнен жоғары қарай саусақпен оп-оңай итеру және допты 1 39 заттардың арасымен домалатқан кезде бағытын өзгерту қабілетін нығайту. Әлеуметтік ортада дұрыс байланыс орнату, төзімділік қабілеттерін дамыту, қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті орамалдару»**<br>**Мақсаты:**Басына қап | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Золотая осень»**<br>**Цели:-** рассказать об осенних изменениях в природе. Дать понятия на русском языке «ранняя» и «поздняя осень», «листопад». Сформировать обобщенное представление о приспособляеммости птиц и насекомых к сезонным изменениям в природе. Учитьдетей употреблять в речи на русском языке антонимы; - обогащение и активизация словаря, развитие долговременной памяти, совершенствование лексико- грамматический строй речи; развитие связной речи, слухового внимания;<br>- воспитывать желание радоваться красоте осенний природы, беречь ее.<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің** | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз»**<br>**Мақсаты:** Өлі табиғаттағы күзгі құбылыстар (жауын-шашын, ауа температурасы, судың жағдайы), күз мезгіліндегі өсімдіктердің жағдайы және оның себептері туралы білімдерді қамтитын күз туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік етуі қоршаған ортаның жағдайына тәуелді екені туралы білімдерін нақтылау. Күзгі еңбек туралы білімдерін нақтылау. Қойылған сұраққа ойланып жауап беруді дамыту,өзінің пікірін дәлелдеуге үйрету.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: **«Заттарды өлшемі бойынша салыстыру»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі заттар (5 | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бидай масақтары»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру.Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету.Астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**2. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Көшедегі үйлер»**<br>**Мақсаты:** Ұжымдық жұмыс дағдысын қалыптастыру, көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету; архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қойып, жіпті бойлай жүруге үйрету (дене сымбатының бұзылуының алдын алу). Еңбектеген кезде қол мен аяқтың жұмысын үйлестіре білу қабілетін нығайту, таяқшаның астынан еңбектеп өткен кезде оған денесін тигізбеуді үйрету; ептілік қабілетін дамыту. Жылдамдықпен оңға және солға бұрылып секіруге жаттығу. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Достармен бірге ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ м Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын<br>дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің | **жанұям»**<br>**Мақсаты:** Баланың жанұя туралы ой-өрісін дамыту.Жанұядағы адамдарды сыйлап,үлкенге құрмет,кішіге ізет бола білуге тәрбиелеу.Жанұядағы адамдардың аттарын дұрыс айту және олардың жұмыс орнын білуге үйрету.Сыпайы сөйлеу мәдениетін меңгерту.Туыстарын сыйлауға,бауырмалдық туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әдепті баламыз»**<br>**Ғ. Өкеев**<br>**Мақсаты:** Өлеңнің мазмұнымен таныстыру. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталату арқылы жаттату. | және одан да көп) арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс қоюға, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге; тілдік дағдыларды, талдау білігін дамыту, есте сақтауға, сөйлеуге дағдыландыру. Назар аудару дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка-1,5**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі құбылыстарды музыка тініде ажырату. Әнді қалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну,сипаттай білуге баулу.Музыкаға сәйкес қимылдап,билеуге дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Би билейміз тамаша»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. әр түрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыру. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру. | | | | |

**Перспективалық жоспар**

**«Балдәурен»ересек тобы 2019 жыл қараша айы**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру.Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.Шығармашылықтары мен ойлау,қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Өтпелі тақырып | апта | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі-0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыс тану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка – 0,5/3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру- 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Дені саудың жаны сау»** | **1 апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтар: Айя, Майя, Серік пен Арман»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық сүймелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру. Тепе-теңдікті сақтауға жаттығу, басына қапшық қойып жіпті бойлай жүру қабілетін нығайту | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есіммен тіркесіп | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «3 саны мен цифры.3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең»**<br>**Мақсаты**: 3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту. 3 цифрымен | **1. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үйдің суретін саламыз»**<br>**Мақсаты**: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояу түстерін дұрыс таңдап,бояй білуге үйрету.Қоршаған ортаны бейнелеу кезінде эстетикалық талғамды | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Мені қоршаған орта»**<br>**Мақсаты**: Балалардың қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және басты дұрыс ұстауға үйрету; әдемі жүруге дағдыландыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Бір орында айналып секіруге үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, қозғалыстың айқындығы мен баланың ой-қиялын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ғажайып сандық»**<br>**Мақсаты:** Қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету.Түрлі ырғақпен музыкаға сәйкес әртүрлі қозғалыстар жасау, ырғаққа сай жүру, қолдарын қозғалтып алға-артқа жеңіл жүгіру. Допты бір-біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру; көзбен мөлшерлеу, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында қайырымдылық, дербестік, ойыншықтарды күтіп ұстау сынды қасиеттер қалыптастыру<br>**3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Организмді шынықтырамыз»**<br>**Мақсаты:** Самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру.Тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру.<br>Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Өз организмін күтуге тәрбиелеу. | жасалған айтылуына көңілдерін аудару.<br>ә) Тілдік қорын байыту, дамыту.<br>б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жапырақтар» (өлең) Тұманбай Молдағалиев**<br>**Мақсаты:** Табиғат әсемдігін көре білуге,әңгімелеуге үйрету.Күзгі табиғат жөнінде түсініктерін одан әрі дамыту.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту.Нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрету.Өзге цифрлардың арасынан 3 санын таба білу қабілеттерін дамыту.Жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.<br>**2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы құстар»**<br>**Мақсаты**: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.<br>**3. Құрастыру Тақырыбы: «Машиналар»**<br>**Мақсаты:** Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білуге үйрету.«Лего» конструкторымен жұмыс жасауға қызығушылығын ояту, ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Ұжыммен бірлесіп жұмыс жасай білуге тәрбиелеу | дамыту.Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі торғай»**<br>**Мақсаты**: Сюжеттік мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір бірімен біріктіре алуды үйрету, құстар туралы білімдерін дамыту.Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка Тақырыбы: «Жемістер бағында»**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын түсініп,эмоциялармен көрсете білуге дағдыландыру.Әуеннің ауыспалы сипатын беруге,табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету.Дикцияның тазалығына,әнді анық айтуға дағдыландыру. | өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.Телефон, компьютер,теледидардың қолданысы туралы үйрету және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру.Қоршаған ортадағы заттарды қолдана білудің қарапайым дағдыларын дамыту.Қоршаған ортамен жағымды, ұқыпты, тәртіпті қатынас жасауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Дені саудың жаны сау»** | **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойна әрі шымыр бол!»**<br>**Мақсаты:** Допты екпінмен итеріп, доптың қозғалыс бағытын сақтауға үйретуді жалғастыру. Секірген кезде аяқтың қалпын кезекпен ауыстыру қабілетін жетілдіруді жалғастыру. Кішірейтілген алаңмен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету, жүрген кезде басты дұрыс ұстай білу қабілетін дамыту, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдап,жаттығуларды тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көңілді құртақанда»**<br>**Мақсаты:** Допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгіп, сәл ғана биікке секіру жаттығуларын ырғақпен орындау қабілетін нығайту. Басына құм салынған қапшық қойып жіпті бойлай жүруге жаттығу, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту, әдемі жүріске дағдыландыру. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа,әдептілікке тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жіппен ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:** Жерде жатқан жіптің үстімен жүру және биіктікке секіру дағдыларын қалыптастыру. Сапта қатарды бұзбай ырғақпен жүру және жүгіру қабілетін қалыптастыруды әрі қарай үйрету. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қонжық бізде қонақта» (Сахналау)**<br>**Мақсаты:** Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға,кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстар көркемдігіне көңіл аударуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.Ізеттілікке тәрбиелеу.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Бұл қай кезде болады өлеңімен таныстыру. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білуге үйрету. Сурет арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2,3 цифрлары.Биік-аласа»**<br>**Мақсаты:** 1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай үйретуді жалғастыру.Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік-аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау.Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жүзім»**<br>**Мақсаты**: Қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағаздан кесек орамдар жасай білуге үйрету. Қағаздан кесектер жасау арқылы жүзімді құрастыра білу дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары »**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күз бейнесі»**<br>**Мақсаты**: Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету. Табиғат құбылыстарын бейнелеуге дағдыландыру.Отанды,табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Таза болсаң әрдайым, аппақ бетің маңдайың»**<br>**Мақсаты:** Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Табиғи дауыспен ән айтуға,әнді бірге бастап,бірге аяқтауға,әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.<br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Тауықпен балапан»**<br>**Мақсаты**: Жеке бөлшектерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету. Қарапайым композициялардан күрделіге өту арқылы шығармашылық талғамдарын дамыту.Балаларды үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу. | **1. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ыдыс-аяқ»**<br>**Мақсаты**: Ыдыстардың ерекшеліктері,олардың алуан түрлі болатынын (шайдың ыдыстары: фарфордан,шыныдан жасалатындығы,түсі, көлемі,материалы т.б) күнделікті тұрмыста пайдаланатын ыдыстардың маңызы,қолданылуы жайлы сипаттап айтып беруге үйрету.Оларды сақтау ережелерімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін,сөздік қорын,сөйлеушіні тыңдау,қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | келісіп орындау қабілетін дамыту. 40 см биіктікке тартылған жіптің астымен еңбектеп өту арқылы балалардың бойында иілгіштік және ептілік сынды қасиеттерді дамыту. Дербестікке, жинақылыққа тәрбиелеу. | | жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу. | | |
| **Өтпелі тақырып** | **Апта** | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі-0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыс тану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка – 0,5/3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру- 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| қоршаған әлем» Іапта | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз-кішкентай спортшылар»**<br>**Мақсаты:** Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеуді үйрету, қол мен аяқтың жұмысын үйлестіруге дағдыландыру. Доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып артқа қарай ұстау және бүгілген қолды жазып, доптың алға және жоғары қарай ұшу бағытын қамтамасыз ету; қимылдардың орындалу ретін сақтау қабілетін нығайту. Үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға дағдыландыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті үй жануарларым» (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Жұмбақты шешу арқылы, балаларды өз тәжірибесінен әңгіме құруға,сөйлеу барысында сын есімдер мен етістіктерді (жануарға сипаттама беру арқылы, қайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні) қолдана білуге үйретуді жалғастыру.Сұрақ-жауап арқылы жануарлардың түрлерін білуге,төлдерінің қалай аталуын, еркелету арқылы қалай айтатынын үйрету. Жануарларға қамқорбола білуге тәрбиелеу, жанашырлық сезімдерін ояту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қағаз кеме» (өлеңді жаттау)Т.Әбдірахманов**<br>**Мақсаты:** Көлік түрлерімен таныстыру, жүргізушілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Өлеңді жаттату арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қыс туралы суреттер мен бейнефильмдерді қарастыру»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен цифрды сәйкестендіру.Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету.Екі топтағы заттарды салыстыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру.»Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.Шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау.Шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру.Оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Атама арналған тымақ»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты**: Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру.Балаларға нұсқау бойынша жұмыс жасауды үйрету.Қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап, қадірлеуге тәрбиелеу.<br>**2.Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Біздің қала»**<br>**Мақсаты:** Әнді сезіммен,нақышына келтіріп айтуға,әуенді тыңдап,әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге,еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық»**<br>**Мақсаты**: Көлік түрлері, жол бөліктері (жаяужол, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту) бағдаршам белгілерімен таныстыру, жолда жүру ережелері туралы білімдерін естеріне түсіру.Өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырып,ажыратып айтып беруге үйрету.Әртүрлі көлік құралдарының түрлі мамандық иелері туралы түсініктерін қалыптастыру.Үлкендерді ң еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Бізді қоршаған әлем» Ақпан I апта | **2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз әскерміз сап түзеген» Мақсаты:**қырлы тақтаймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау (жалпақтабанның алдын алу) қабілетін жетілдіру. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен жанаспай еңбектеуді, еңбектеген кезде бағытты солға және оңға қарай жылдам өзгертуді үйрету. Шектеулі алаңда қос аяқтап секіріп жаттығу. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; отансүйгіштікке баулу.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Хоккей ойнауды үйренеміз» Мақсаты:**балаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету. Ептілікке баулу, организмнің төзімділігі мен күшін арттыру. Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға тәрбиелеу. | | **3.Құрастыру Тақырыбы:«Ұшақ» Мақсаты:**Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру (жерде,суда,аспанда, ұшатын көліктер),таңдап алған үлгі бойынша ұшақтарды құрастыруға үйрету.Ой-қиялын дамыту,олардың негізгі бөліктері мен ұшақ бөлшектерін ажырата алуға және өздерінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлап,дамыта алу дағдыларын қалыптастыру Ой-өрісін,қиялын дамыту.Әдемілікке тәрбиелеу.<br>. | **3.Мүсіндеу Тақырыбы:«Тиін жаңғақ кеміреді» Мақсаты:**Тиін.Тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру.Тиіннің мүсінін жасай білуге,дене бөліктерін біріктіріп қосу,шымшып қысу,дөңестеу тәсілдерін үйрету.Саусақ моторикасын дамыту.Баланың ойын,тілін,шығармашылық қабілетін,көркемдік талғамын дамыту.Ұқыпты жұмыс істеуге,бір-біріне көмектесе білуге баулу,эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Алақанмен шапалақтап, аяқпенен топылдатамыз»**<br>**Мақсаты:** Қарағай бүрлерін (ойыншық текшелерді) 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Адымын кең ашып, жылдам қарқынмен жүгіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін жетілдіру. Табанды өкшеден аяқтың ұшына дейін тигізу, тепетеңдік сақтау қабілетін нығайту (жалпақтабанның алдын алу, табандағы бұлшық еттерді нығайту). Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету, қозғалыстарды орындау ізбе-ізділігі мен тәртібін сақтау.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшқыштар»**<br>**Мақсаты:** 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен мөлшерлеу, лақтыратын қолға сәйкес келетін аяқты жылжытып қою қабілетін дамыту. | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ертегіні тауып айт»**<br>**(Сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы,толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру.Ертегіні айта білу біліктілігін дамыту.Бір-бірін алдамауға және достыққа тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын» (өлеңді жаттау) Жақан Смақов**<br>**Мақсаты:** Өлеңді мәнерлеп оқу, мағынасын түсіндіру арқылы ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту. Өлеңді қайталау арқылы жаттату.Ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін ояту. Отанымыздың адал азаматы болуға тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бақбақты қарастыру»**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктердің түрлі экологиялық факторлармен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің бөліктері (құрылысы) және атқаратын қызметі, маусымдық дамуы туралы түсінік беру.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Оқиғаның ретін анықтау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету.Екі топтағы заттарды салыстыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. «Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.Шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау.Шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру.Оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қаршақыздың сүйікті достары: мысық,күшік»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың достық туралы түсініктерін кеңейту,жануарлардың суретін салуға үйрету.Қағаз бетінде жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, ой қиялын дамыту.Жануарларға қамқорлық сезімдерге және қайырымдылық пен достыққа тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Шана»**<br>**Мақсаты**:Қысқы табиғат әсемдігін сезініп,шананы мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту,түстерді сәйкес дұрыс таңдау іскерлік дағдыларын жетілдіру.Қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп,әңгімелей білу дағдысын арттыру,достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Заттар әлемі» (ойыншықтар, ыдыстар)**<br>**Мақсаты**: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізу, қарапайым себеп салдарлық байланыстарды орнату. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақпан II апта** | Құрсаудан-құрсауға қос аяқтап секіру, қолды төменге және алға қимылдатып, аяқтың қозғалысымен үйлесімді әрекет ету, жерге тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Жүру мен жүгіруді бір-бірімен кезектестіріп орындау, тез қарқынмен жүгірген кезде дене корпусын дұрыс ұстау қабілетін (денені қозғалыс бағытына қарай аздап еңкейту, иықтарды бос ұстау және алға қарау) қалыптастыру. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту жалғастыру. отансүйгіштікке баулу, жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру<br>**3. Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**тақырыбы: «Біз аяздан қорықпаймыз»**<br>**Мақсаты:**Хоккей ойнауға үйрету, қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету. Соғатын қолға аттас аяқты сәл артқа қою білігін бекіту. Ептілікті, төзімділікті дамыту. Мейірімділікке, дербестікке тәрбиелеу. | | **3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды «лего»конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету,көлемі,түсі,пішіні әртүрлі құрылыс материалдарын пайдалана отырып танымдық белсенділігін,қолдың,саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. | **3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»**<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға, қамқор болуға тәрбиелеу. Әуенді соңына дейін тыңдауға,таныс әуендерді ажырата білуге,әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақпан III апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Отбасындағы ағаларым сияқты жаттығамын»**<br>**Мақсаты:**Еденде отырған күйі доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып алысқа лақтыру, бүгілген қолды жазу арқылы допты лақтыру күшін арттыру қабілетін қалыптастыруды жалғастырамыз. Құрсаудан-құрсауға кезекпен қос аяқтап секіру, бір уақытта екі аяқпен күшпен итерілу, денені алға еңкейтпей, тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту. Күш пен жылдамдықты арттыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Әлеуметтік қабілеті жоғары тұлға ретінде тәрбиелеу, отбасын сыйлауға баулу. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Который? Какой по счету?»**<br>**Цели:**-образовательные – закреплять цифры и числовой ряд в пределах 10; учить навыкам порядкового счёта, закрепить умение правильно отвечать на вопросы Каторый? Какой по счету? – развивать мелкую и общую моторику, внимание, память, мышление через обучение счетным операциям и дидактическим играм; связную речь через полные ответы на вопросы на русском языке; совершенствовать лексико-грамматический строй речи(употребление в речи порядковых числительных в согласовании с существительными)<br>-воспитывать усидчивость, умение начатое дело доводить до конца. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мұздың қасиеті»**<br>**Мақсаты:**Балалардың мұздың қасиеті: жылы болса еритіні, суықта мұзға айналатыны туралы түсініктерін кеңейтуге жағдай жасау.Балалардың қорытынды шығара білулерін қолдау. Ұқыптылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қысқы табиғат»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту.Табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру.Жұмысты мұқият, таза жасауға тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Пойыз»**<br>**Мақсаты:** Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.Балаларға пойыз туралы мағлұмат беру.Бөлшектермен жұмыс жасай алуға үйрету, шаршыдан дөңгелектерді қиюға дағдыландыру.Шығармашылық ойды, сөйлеу тілін, сөздікті дамыту. Ұқыптылыққа , өз жұмысын бағалауға тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бізге қонаққа маймыл келді!»**<br>**Мақсаты:**Кермені дұрыс ұстауға үйрету (4 саусақ үстінен, үлкен саусақ астынан), аяғын кезекпен басып гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетін нығайту. Балаларды доп көтерген қолдарын басынан асырып лақтыру, бүгілген қолдарды жазып, жоғары қарай көтергеннен кейін екпінмен лақтырылған доптың ұшу траекториясының дұрыс болуын қамтамасыз ету. Ойын түріндегі жаттығулардың көмегімен балалардың қимылқозғалыс тәжірибесін байытуды, кеңістікте бағдарлау қабілетін, ырғақпен әрі айқын қимылдау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары»**<br>**(Сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары мен олардың төлдер-ін білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту. Сөйлеу барысында жануарлар мен олардың төлдерінің атауын білдіретін зат есімдердің жеке және көпше түрлерін (үйрек-үйректің балапаны, түйе-түйелер-бота-боталар) қолдана білу іскерлігін дамыту және оларды топтарға қарай жіктелуін ұғындыруды жалғастыру.Жануарларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**3. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Есептік және реттік санау.Сан мен цифрды сәйкестендіру»**<br>**Мақсаты:** Реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) әрі қарай жалғастыру,<br>сандық және реттік санауды айыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету.Цифрды сандық карточкамен және заттың санымен салыстыруға үйрету.Шеңбер, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндер туралы түсініктерін одан әрі дамыту.Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу. | **3.Музыка-1,5**<br>**Тақырыбы: «Футболшы»**<br>**Мақсаты:**Музыканы тыңдауды,музыканың көңілді көңлсіз,жуан жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Мен ауылға барамын»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармалардың эмоционалдық мазмұнын ажырата білуге жаттықтыру. Әнді дұрыс айтуға, демді бөлмей шығаруға үйрету.Музыканы тыңдап, вальс ырғағына жүру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың бойында жануарлардың табиғаттағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыру; жануарлардың тіршілігі туралы мәлімет беру; қайырымдылыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаны позитивті тұрғыдан қабылдау.<br>**3. Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай шаңғышылар»**<br>**Мақсаты:**төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілуге үйрету. Шаңғы жолымен бірінің артынан бірі сырғымалы қадаммен жүру білігін бекіту. Шаңғы жолымен бір-бірінің артынан сырғанай адымдап қозғалу біліктерін бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Бізді қоршаған әлем» Ақпан IV апта | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Африкаға саяхат»**<br>**Мақсаты:** Бастапқы қалыпты дұрыс ұстай білуге, қапшықты қолды жазу арқылы күшпен алға-жоғары-алысқа лақтыруға жаттықтыру. Аяқты кезекпен қойып гимнастикалық қабырғамен жоғары және төмен өрмелеу, қол мен аяқты үйлестіріп қимылдату қабілетін нығайту. Кеңістікте бағдарлау қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, анық және ырғақпен қозғалуға үйрету, 1 49 өзге балалармен үйлесімді қимылдау қабілетін дамыту, саяхаттауға, бір нәрсені білуге, көруге деген құштарлығын арттыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жас өрт сөндірушілер»**<br>**Мақсаты:** Аздап жоғары көтерілген баспалдақтың тақтайшалары арқылы аттап өтуге, тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшымен қоюға, денені тік ұстап, тепе-теңдікті сақтауға үйретуді әрі қарай жалғастыру. Оңға қарай қосалқы адымды тізені көп бүкпей, арқа мен басты тік ұстап орындау қабілетін дамыту. Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеп өтуге жаттығу, дененің күшін арттыру, ептілікке баулу. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема:«Транспорт. Правила дорожного движения»**<br>**Цели:** -образовательные- продолжать совершенствовать у детей навыки говорения на русском языке, уточнить их знания о правилах дорожного движения ( о назначении светофора, пешеходном переходе, запрещающих и разрешающих знаках). Учить подбирать глаголы и прилагательные на русском языке;- развивать словесно-логическое мышление, воображение, переключаемость внимания, связную речь, умение систематизировать и применять свои знания в практике речевого общения на русском языке, согласовывать речь с движениями.<br>-воспитательные- воспитывать любознательность, усидчивость, самостоятельность при выполнении индивидуальных заданий. | **1.Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы: «Қосмекенділер»**<br>**Мақсаты**:Балалардың бақаларға жек көрінішті қатынастарын өзгерту. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіру.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында»**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.Қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында).Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.Жануарларға деген сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтың камзолы»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру.Нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету.Жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу.<br>**2. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар шеруі»**<br>**Мақсаты**:Ұшақтар шеруі туралы әңгімелеп жіңішке қиықтарды қиюға үйрету; есте сақтау қабілеттерін дамыту; елін сүюге тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Өзгелерге көмектесуге, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Қысқы жарыстар»**<br>**Мақсаты:**Шайбаны берілген бағытта доптаяқпен сыр оны қақпаға енгізуге үйрету. Бастапқы қалыпты дұрыс ұстай білуге, заттарды қолды жазу арқылы күшпен алға-жоғары-алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастырамыз. Ептілікті, мергендікті, тез әрекет етуді дамыту. Жинақылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.ғанатуға, | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені» (Ағаштан, шыныдан, пластмассадан жасалатын ойыншықтар жайлы әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Сызба нұсқасы бойынша бейнені әңгіме құрас-тыра білуге, жасалуы бірдей заттарды топтастыруға, сөйлеу барысында *ағаштан, шыныдан, пластмассадан* деген сөз-дерді қолдана лауға үйретуді жалғастыру. Зат есімнің көп-ше түріне ілік септігінің жалғауларын жалғай (ойыншық-тардың, шұлықтардың, қолғаптардың) білуге үйрету. Бала-лардың сөздік қорларын байыту. Балаларды бірлікке тарту және ойыншықты ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жабайы аңдар» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелету. Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейтіп, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. | | **3.Музыка-1,5**<br>**Тақырыбы: «Шулы және музыкалық дыбыстар»**<br>**Мақсаты:**Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді тыңдауға үйрету.Таныс әуендерге салып музыкалық аспаптарда ойнау. Шулы және музыкалық дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Театрға саяхат»**<br>**Мақсаты:** Театр өмірімен таныстыру. Қимыл-қозғалысты кіріспеден кейін бастау, музыкаға сәйкес бейнелі, ырғақтық қимыл жасауға үйрету. Музыкалы Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.қ аспап-фортепианомен таныстыру. | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Балдәурен»ересек тобы 2020 жыл Наурыз айы**
**Өтпелі тақырып «Салт-дәстүрлер және фольклор»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

| **Өтпелі тақырып** | **Апта** | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі-0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыс тану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка – 0,5/3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру- 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Салт-дәстүрлер және фольклор» | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Достармен ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Солға қарай қосалқы адым жасау тапсырмасын тізені қатты бүкпей, иықты бұрмай ырғақпен орындау қабілетін қалыптастыру. «Жыланша» жүгіріп жаттығу, заттардың арасымен жүгіргенде бағытын өзгерту қабілетін жетілдіру. Ептілікке баулу, кеңістікте бағдарлау және әрекет ету жылдамдығын дамыту. Бір-іріне қайырымды болуға тәрбиелеу. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Анама сыйлық» (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Әңгіме құрастыра білу, сөздерге тиісті қосымшаларды жалғай білу білі-гін дамыту, балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғы-нуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамытуБалаларды бірлікке тарту және ойыншықты ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Наурызкөже» (өлеңді жаттау) Ақылбек Шаяхметов**<br>**Мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып жеткізу.Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы ұғындыру, оны бағалап, құрметтей білуге тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттың, яғни өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын<br>дамыту. ҰОҚ барысында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «8-наурыз ашық хаты»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың 8 наурыз мерекесі жайында білімдері мен түсініктерін нығайту.Ашық хаттарды шығармалықпен безендіруді үйрету.Жұмысты сүйіспеншілікпен жасауға тәрбиелеу<br>**2.Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінің құбылыстарын музыка әуендерінен сезіну. Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Аналар мерекесі»**<br>**Мақсаты:** Аналар мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету.Аналары мен апа,әжелеріне сүйіспеншілігін арттыру.Мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **«Салт-дәстүрлер және фольклор» Наурыз I апта** | **2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тұлпар»**<br>**Мақсаты:** 2 метр жерде тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**3. Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Ойнаймыз денсаулықты нығайтамыз»**<br>**Мақсаты:** Қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. | | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау.Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Солға,оңға»**<br>**Мақсаты:** Реттік санауға машықтандыру (5 саны көлемінде), санды және реттік санауды айыра білуге, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету, «солға», «оңға» ұғымдарын айыруға үйрету,оқиғаның ретін анықтауға үйрету арқылы зейінділіктерін дамыту.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Домбыра»**<br>**Мақсаты:**Ұлттық ойыншықтар кешені бойынша домбыраны құрастыру арқылы ұлттық аспап туралы түсініктерін дамыту.Ойыншық домбыраны құрастыру іскерлік дағдыларын үйрету.Ұлттықаспаптарға деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. | **3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «8-Наурызға арналған сыйлықты әшекейлеу»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қол-қимыл әрекетін жетілдіру,шығармашылық пен жұмыс істеуге үйрету.Бірлесіп әрекет етуге,өз жұмыстарының нәтижесін салыстырып бағалай білуге жетелеу.Үлкендерді құрметтей білу дағдыларын дамыту.Ананы сыйлап,сүюге әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.Жұмыстарын ұқыпты,таза істеуге үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Салт-дәстүрлер және фольклор» ІІ апта | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бір, екі, үшті – қайтала!»**<br>**Мақсаты:**Допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыру, допты алға-жоғары бағыттау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге жаттықтыру, оңға қосалқы адым жасап бір кермеден (пролет) екіншісіне көшу және көлденең бағытта кермелерден ізбе-із ұстау қабілетін дамытуды жалғастыру. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға үйрету. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту. Батыл болуға, өзі мен өзге балаларға құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көңілді шар»**<br>**Мақсаты:** Тақтайдың екі жағынан жүріп, ажырау, тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ж» және «ш» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)**<br>**Мақсаты:**«Ж» және «ш» дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету, осы дыбыстар кездесетін сөздерді қатытырып, сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздегі барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың толық таза айтылуын үйрету. Дыбыстық қабылдауды дамыту (сөздегі берілген дыбысты дұрыс есту және анық айта білу).Балаларды бірлікке тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Әз Наурызым армысың!» (өлеңді жаттау) Оразақын А.**<br>**Мақсаты:** Өлеңді оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Балалардың мерекелік көңіл күйін көтере отырып, жаттату. Наурыз туралы өзойларын, көргендерін, табиғаттыңәсемдігін сезіне баяндауға үйрету. Балаларды адамгершілікке, иманшылыққа тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жабайы жануарлар»**<br>**Мақсаты:**Жабайы жануарлардың тіршілігі, сыртқы түрі, қимылдары туралы түсініктерін нақтылау. Елеулі белгілерін ажыратуға үйрету.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Заттарды көлемі бойынша салыстыру»**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.Кеңістікте орналасуына тәуелсіз тұрғыда заттар тобын теңестіруді үйрету.Математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету.Көлемі жағынан әртүрлі заттарды салыстыруды үйрету.Әүрлі заттардың ұқсастығын табу және оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету.Заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.Зейінділіктерін дамыту.Бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қызғаншақ қонжықтар»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту.Балалардың сурет салу арқылы көңіл- күйді бере білуін және шығармашылық қиялын дамыту.Достыққа, татулыққа, қызғаншақ болмауға тәрбиелеу<br>**2.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Айналайын, ақ мамам»**<br>**Мақсаты:** Аналарға, әжелерге, қыздарға деген сүйіспеншілікті ән арқылы жеткізуге үйрету. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру,түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Наурыз-көктем мерекесі»**<br>**Мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Шығыс халықтарының жаңа жылы екендігі туралы түсіндіру. Наурызкөже, ұлттық ойын түрлері, т.б. туралы айту.Ұлттық мерекеге құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **«Салт-дәстүрлер және фольклор» Наурыз ІІ апта** | Оңға қосалқы адым жасап бір кермеден екіншісіне өту, баспалдақтың тепкішектерін қолмен көлденең бағытта ұстау қабілетін қалыптастыру. 20 см биіктен тереңдікке секіру қабілетіни нығайту, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін жетілдіру. Қозғалысты картинадағы суреттерге сай етіп орындау қабілетін, балалардың зейінін, ойлау қабілеті мен дербестігін қалыптастыру. Құрбыларымен дос болуға, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу<br>3.**Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Ғарышкерлер даярлау орталығы»**<br>**Мақсаты:**Сызық бойынша жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті және бойын тік ұстауға жаттықтыру, дұрыс жүріс рефлексін қалыптастыру. Футбол добын берілген бағытта домалату білігін бекіту, кеңістікті және қимылын өзі бақылай білу дағдыларын дамыту. Вестибулярлық аппаратты, қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқ бұлшық еттерін күшейту. Батырлыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу. | | **3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Әдемі алаша»**<br>**Мақсаты:**Дәнді дақылдарды пайдаланып алашаны безендіру,дақылдармен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.Ұқыпты жұмыс жасауға және еңбек нәтижесіне жете білуге үйрету.Сөздік қорын,қиялын дамыту.Өзінің қазақ халық бұйымдарына қызығушылығын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қоян бауырсақты кездестірді.» Мақсаты:**Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру,ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету.Балалардың шығармашылық қабілеттерін,сөйлеу тілдерін дамыту.Әсемдікті сезіне білуге,сүйіспеншілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Салт-дәстүрлер және фольклор» Наурыз III апта | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көтеріңкі көңіл -күй»**<br>**Мақсаты:**Алға қарай қосалқы адым жасау және ырғақпен жеңіл секіруге үйретуді жалғастырамыз. Тақтайдың екі жағынан жүріп, ажырау, тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Өз қимылдарын өзге балалардың қимылымен үйлесімді етіп жасауға үйрету. Фитболды домалату және оны қолдың күшімен итеріп жаттығу. Үйлестіру қабілетін дамыту. Қозғалыс пен музыканың үйлесімділігін арттыру. Халықтық ойындардың көмегімен балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды; әлемге позитивті көзқараспен қарауға үйретуді жалғастырамыз.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойын лотосы»**<br>**Мақсаты:** Бір аяқты алға қарай созып, оның қасына екінші аяқты қою; екінші аяқтың ұшын ішке қарай бұрмау, адым басқанды аяқты бірқалыпты қимылдату қабілеттерін дамыту. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Праздник русской речи»**<br>**Цели:** Образовательные-обобщение знаний и умений дошкольников, полученных на занятиях по русскому языку; закрепление знаний о русском фольклоре. Познакомить детей с понятием «устное народное творчество». Пополнение и активизация словаря русскими пословицами и поговорками; -развивающие-- развивать словесно-логическое мышление, фонематический слух, артикуляционный аппарат, слуховое воспириятие, чуыство ритма. Упражнять детей в умении «добавлять» слова в предложениях, развивать зрительное и слуховое внимание. Совершенствовать умение составлять слова из предложенных слогов; | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тоқылдақ туралы суреттер қарастыру және бейне фильм көрсету»**<br>**Мақсаты:**Тоқылдақ туралы алған түсініктерін нақтылау, сыртқы кейпін (түсі, дене құрылысы, тұмсығы), қоректенуін, қимыл-қозғалысы мен тіршілік әрекетін білу.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау. Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуы. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру»**<br>**Мақсаты:** Реттік санауға машықтандыру (5 саны көлемінде), сандық және реттік санауды ажыратуға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.Оқиғаның ретін анықтауға арналған логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.Өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасу жағдайын сөзбен айта білу дағдыларын дамыту.Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен жеткізу (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, арасында).Көмек көрсете білуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Сәукелені әшекейлейміз»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту.Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Домбыра»**<br>**Мақсаты**: Ұлттық ою-өрнек элементтерін қолданып домбыра жасай білуге үйрету; шығармашылық қасиеттерін дамыту; өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**3.Музыка -1,5**<br>**Тақырыбы: «Домбыра сазы»**<br>**Мақсаты:** Күй тыңдау арқылы ой-сезіміне әсер етіп,эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру.Күй туралы,күйші туралы мәлімет беру.Ұлттық би элементтерін үйретуді жалғастыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Биікке көтерілген баспалдақ таяқшалары арқылы тізені жоғары көтеріп аттап өтуге, денені тік ұстауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс жаттығуларының көмегімен қозғалу мүмкіндігін арттыру. Балаларды бір-біріне қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**3. Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Деніміз сау болсын»**<br>**Мақсаты:**Допты қақпаға домалатуға үйрету. 4 адымнан екі аяқтап жоғары секіру білігін, итерілу кезінде қол мен аяқтың үйлесімді жұмысын бекіту. Баяу қарқында жүгіруге жаттықтыру – 1 минут. Ептілікті, назарды, кеңістікті бағдарлауды дамыту.Жаттығуларды мұқият орындауға тәрбиелеу. | -воспитательные- воспитывать доброжелательность. Развивать у детей коммуникативные навыки общения. Воспитывать любовь к творчеству великого русского поэта А.С Пушкина<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі»**<br>**Мақсаты**: Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу арысында зат есімдер мен сын есмідердің сандық және септеулік түрлерін қолдана білуге баулу. Баланың ой-өрісін дамыту.Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Екі қаз, бір бақа» ертегісі»**<br>**Мақсаты:** Ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу. Оқылған ертегіні дұрыс түсінуге, ойларын тиянақтауға ықпал жасай отырып, сөздік қорларын байыту және байланыстыра сөйлеу білуге үйрету. Жақсылық жасауға тәрбиелеу. | | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**мақсаты:**Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен,күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін,динамикасын қабылдап сезінуге,таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **«Салт-дәстүрлер және фольклор» Наурыз IV апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Асық ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ойөрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Асық толы қоржын»**<br>**Мақсаты:** Мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: «Весна. Наурыз»**<br>**Цели:**-продалжать развивать у детей устную русскую речь, учить называть весенние месяцы и их последовательность на русском языке, расширять активный словарь по новый теме, соверш-ть правильное произношение согласного звука в словах;- развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, интонационную выразительность речи, умение согласовывать речь с движениями, общую и тонкую моторику; упр-ть в составлении предложений по картинкам. -фармировать навыки учебной деятельности. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Көрікті көктем»**<br>**Мақсаты:**Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу (күн ұзарады, күннің көзі қатты қыздырады, қар ериді, су қоймасындағы мұз ериді, шөп өседі, ағаштар мен бұталар бүршік жарады, жәндіктер шығады, құстар ұшып келеді). Өлі табиғат құбылыстары мен еңбектің маусымдық түрлері арасындағы байланысты түсінуге үйрету. Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көрікті көктем»** (Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту.Көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру.Жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Көбелектер»**<br>**Мақсаты**: Көбелектерді ұжым болып жапсыру жұмысын үйрету; адамгершілік қасиеттерін дамыту; әсемдікке табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**3.Музыка -1,5**<br>**Тақырыбы: «Наурыз-мейрам, мереке»**<br>**Мақсаты:** Жаңа жыл-наурыз мейрамының құдіреті туралы түсіндіру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландырады. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Біз күштіміз әрі ептіміз»**<br>**Мақсаты:**Велосипед тебуге үйрету. Баяу қарқында жүгіруге – 1 минут, қол мен аяқтың үйлесімді жұмысына жаттықтыру. Жерге түсу, аяқтарын тізесінен сәл бүгу біліктерін бекіту. Денешынықтыру жаттығуларымен айналысуға дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, епті әрі жылдам болуға ынталарын қалыптастыруға ықпал ету. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Суреттеу бойынша тап»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттар мен ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйрету жалғастыру, балалардың сөздік қорын ұлттық дүниелер атауымен байыту (*сандық-әбдіре, малақай-тымақ, желпеуіш, жалған шаш, теңге* сөздерінің мәнін, қолдану аясын түсіндіру). Зат есімдер сын есімдерді байланыстырып айта білу дағдыларын дамыту, сипаттау мәтінін құрастыра білуге үйрету.Киімді күтіп киюге,ұқыптылыққа,татулыққа тәрбиелеу.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көктем өрнегі»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру, көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отырып, дүниетанымын кеңейту. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «**1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандар. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру»**<br>**Мақсаты:** Санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде).Математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйретуді Жалғастыру.Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту.Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Балдәурен»ересек тобы 2020 жыл Сәуір айы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| **Өтпелі тақырып** | **Апта** | **«Денсаулық» - 3**<br>Денешынықтыру – 2<br>Денешынықтыру (таза ауада)-1 | **«Қатынас» - 2,5**<br>Орыс тілі-0,5 /3,4/<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет-1 | **«Таным» - 2,5**<br>Математика негіздері – 1<br>Жаратылыс тану- 1<br>Құрастыру – 0,5 /1,2/ | **«Шығармашылық» - 3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Музыка – 1<br>Музыка – 0,5/3,4/<br>Мүсіндеу – 0,5 /1,2/<br>Жапсыру- 0,5 /3,4/ | **«Әлеумет» -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 /1,2/ |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Біз еңбекқор баламыз» І апта** | **1 Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы орындықтар»**<br>**Мақсаты:** Қолды созып допты алға-жоғары-алысқа лақтыруды үйренуді жалғастырамыз. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін нығайту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, қимыл үйлесімділігін дамыту, тепе-теңдік сақтауға үйрету. Жинақылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тиін бізге қонаққа келд»**<br>**Мақсаты:** Көлбеу тақтаймен жоғары өрмелегенде аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіруге үйрету. Затты алысқа лақтырған кезде қолды иықтан алға-жоғары көтеру және күшпен лақтыру қабілетін жетілдіру. Құрсаудан-құрсауға кезекпен, қос аяқпен бір уақытта секіру және жерге түскенде аяқтыжартылай бүгіп түсуге үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күшік неге көңілсіз?»**<br>**(Сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға, күшік сөзіне қандай анықтауышты үйлестіруге болатынын көрсету. Тілдік қорын дамыту.Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау»**<br>**Мақсаты:** Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттата отырып, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. | **1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасаудың жаңа тәсілдеріне үйрету» Мақсаты:**Балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл жаққышпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету. Өсімдіктердің жапырақтарының жағдайына қарап, суарудың қажеттілігін анықтауға үйрету, жапырақтардың ерекшеліктері мен оларға күтім жасау тәсілдері арасында байланыс орнату.Су сепкіш, су шашу, қопсыту сөздерін енгізу арқылы сөздік қорын байыту. Жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасауда жауапкершілік таныту.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2, 3, 4, 5 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Реттік санау. Оң жақта- сол жақта, жоғарыда-төменде»**<br>**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы өткенді пысықтау.5-ке дейін санауды жалғастыру, «қанша?», «нешінші?»<br>сандарына дұрыс жауап беруге үйрету.Символдық суреттерден геометриялық пішіндерді таба білу<br>дағдыларын дамыту.Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру.Салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу<br>жолдарын үйрету.Өзара түсіністікке, көмек қолын созуға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ұлу»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру.Балалардың қағаз бетінде дұрыс бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру.Жұмысты мұқият ептілікпен жасауға тәрбиелеу<br>**2.Музыка-1**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күлкі өмір айнасы»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту,Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету.Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру.Ойын ойнау арқылы ептілікке, баулиды.<br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүл»**<br>**Мақсаты:**Түймедағы гүлін мүсіндей білуге үйрету,көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Саусақ бұлшық еттерін,сөздік қорын,тілін дамыту.Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру,табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Көктемгі еңбек құралдары»**<br>**Мақсаты**: Адамдардың көктемгі еңбегімен таныстыру.Көктемгі еңбеккке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге,олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйрету.Ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту және оның нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Біз еңбекқор баламыз» Сәуір 1апта** | Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға деген қызығушылығын ояту.<br>**3 Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!»**<br>**Мақсаты:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. | | **3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жұлдыз құрт»**<br>**Мақсаты:** Оригами әдістемесімен таныстыруды жалғастыру, бүктеу арқылы жұлдыз құртты жасауды үйрету. Қол ұсақ моторикасын дамыту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «Біз еңбекқор баламыз» Сәуір II апта | **1 Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Байқоңыр»**<br>**Мақсаты:** Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру жаттығуларын орындау, табандағы бұлшық еттерді нығайту (жалпақтабанның алдын алу). Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, алға қарай қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту (3 керме) жаттығуларын орындауды жалғастырамыз. Күшті, епті болуға үйрету, зейінін, әрекет ету жылдамдығын дамыту; жинақылыққа, батылдыққа, өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ғарышқа саяхат»**<br>**Мақсаты:**Допты қос қолдап еденге ұру, допты саусақтарын жазып ұру және допты үстіңгі жағынан аздап басуды үйрету. 3 зат арқылы кезекпен секіру қабілетін нығайту | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ертегіде қонақта»**<br>**(Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертеглердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.Балалардың айтылан йды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамытуды жалғастыру.Үлкенге, кішіге көмек беребілуге тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Алдаркөсе мен бай» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетін тыңдауға деген қызығушылығын арттыру, шығарманың тәрбиелеік маңызын түсіндіру. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Бұршақтың тұқымын отырғызу» (тәжірибелік іс-әрекет)**<br>**Мақсаты:**Өсімдіктердің тұқымдардан өсетіні туралы түсініктерін нақтылау. Бұршақтың тұқымын тануға, оны үрме бұршақтан ажыратуға үйрету. Бұршақтың өсуіне қажетті жағдайлар туралы (топырақ, су, жарық, жылу) білімдерін бекіту. Өскен бұршақты отырғызуға үйрету: жерді тереңдетіп қазу, бұршақты дұрыс салу, топырақпен жабу, су құйғышпен суару.<br>Тұқым, бұршақ, үрме бұршақ, өсімдік сөздерін енгізу арқылы сөздік қорды байыту. Көкөністерді өсіруге қызығушылығын ояту. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Сырмақты әшекейлейміз»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін арттыру.Балалардың сурет салудағы ептілік, икемділік дағдыларын және шығармашылық қабілетін дамыту.Жұмысты ұқыпты, сәнді жасау арқылы көркемдік талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Кесе»**<br>**Мақсаты:**Мүсіндеудің созу,тегістеу,сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға,түстерді қабылдай білуге,ермексазды дұрыс қолдануға үйрету.Белсенділігін,шығармашылығын дамыту.Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Ғарышқа сапар»**<br>**Мақсаты:** Адамдардан ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсінік бере отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлерімен таныстыру. Таным белсенділігін дамыту. Құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Әңгімеле» (Балалардың екі түрлі ойыншықты бейнелеп,сипаттау әңгімесін құру)** **Мақсаты:** Балаларды педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету.Ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.Ойыншықтармен дұрыс ойнай | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру»** **Мақсаты:** Орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету. Өз еркімен ойнауға болатын қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету.Допты жоғары лақтыружәне қағып алуға дағдыларын дамыту.Ойын шарттарын мұқият орындауға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** I б. Сапқа тұру. Орындарына бару ойыны. Мақсаты: өз орындарына өзгелерді итермей, жылдам | **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?»** **Мақсаты:** Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту.Балалардың білімге құштарлығын,зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту.Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** 1.Шаттық шеңбер №5. | **Денешеныктыру** **Тақырыбы: «Қапшықты нысанаға лақтыру»** **Мақсаты:** Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету және көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Ұжым болып ойнауға тәрбиелеу. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру. **ҰОҚ барысы:** 1.Балалар бір қатармен жүріп келе жатып бастауыштың бастауымен шеңбер құрады. | **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Тепе-теңдік»** **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету арқылы, балалардың зейінін дамыту.Ептілікке және жылдам қозғалуға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы**: I б Сапқа тұру. Шеңбер бойымен жүру, баяу қарқынмен жүгіру, бытырап жүгіру. II б. Сылдырмақпен орындалатын ЖДЖ-ды орындау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ғажайып сәт: қонаққа екі қуыршақтың келгенін хабарлау.<br>-Балалар, ең алдымен бізге қонақ келсе не дейміз? -Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар? - Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық.<br>-Балалар, екі қыз апалы-сіңлі екен. Яғни екуі де бір үйдің қызы екен. Енді осы екі қызға қарап отырып, шағын әңгіме құрайық. Әңгіменің тақырыбы: «Айгөлек пен Айгүл»<br>- Ия, яғни Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты. Қараңдаршы қандай әдемі? Сендерде қазақтың ұлтықк киімін кигенді ұнатасыңдар ма?<br>-Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді?<br>-Ия, біздің Республикамыздың аты?<br>-Біздің жеріміз қандай? - Біз туған жерімізді, Отанымызды жақсы көреміз бе?<br>-Біздің жерімізде басқа ұлт өкілдері тұрады. Олар қандай ұлт өкілдері?<br>- Дегенмен біз барлық ұлт өкілдерімен бірге тату- тәтті өмір сүріп жатырмыз.<br>-Ал енді, балалар, бізге келген екі қуыршақ | бару, өз орнын табу.<br>Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру.<br>II б. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:<br>1.Екі аяқпен секіру.<br>2.Бір орыннан ұзындыққа секіру.<br>3. Бағандардан төрттағандап өту.<br>III б. Маршпен жүру. Спорт құралдарын жинау.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Комнатная мебель»**<br>**Цель:** Образовательные- продолжать обогащать словарь детей, учить называть мебель на русском языке, отвечать на вопросы полным предложением, согласовывать существительные с числительными в роде и числе, упражнять в правильном употреблении предлогов *под, справа, слева, на.* Закреплять пройденный лексический материал (дикие птицы), правильное произношение согласных *б-в, г-к, д-т.* развивающие- развивать память, устойчивость внимания, воображение, мышление. Совершенствовать зрительно-моторную координацию; воспитательные- воспитывать аккуратность и бережное отношение к предметам быта.<br>**Ход занятия:**<br>Музыкальная | 2.Педагог Ә. Қалдыбаевтың өлеңінен үзінді оқиды.<br>Нан – ардақты, асыл ас<br>Кәрі, жас одан аттамас<br>Ақ дастарқан үстінде<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Өлең не туралы?<br>Нан қандай ас?<br>Кәрі, жас нанды қалай қастерлейді?<br>Нанның біздің дастарқанымызға қалай келетіні туралы болмақ. Нанды қазақ халқында өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер?<br>Педагог әңгімеден үзінді келтіреді.<br>«Нанды қадірлейік».<br>Кейбір балалар нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нан еңбекпен табылады. Диқандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбаинмен орып алады. Жүргізушілер машинамен астық қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адамдардың еңбегі. Нан – адамның өмірі. Сондықтан да оны қадірлеуіміз керек.<br>Көктемде жерге себілетін бидайды қалай атайды?<br>Күзде дайын болған өнімді қалай атайды?<br>Суретті көрсету. | Тәрбиешінің «бұрыл» деген белгісімен бағытты өзгертіп кері жүреді. Жүгіру. «бақалар» дегенде отырады, «қояндар» дегенде секіреді.<br>1. Б.қ. аяқ алшақ, доп қолда. Допты бастан жоғары көтеріп, оңға иіледі. Сол жаққа қайталайды. б.қ. оралу (5-6 рет).<br>2. Б.қ. аяқ алшақ, доп қолда төменде. Отыру допты қолдан түсіріп, қайта қағып алу. б.қ. оралу (5-6 рет).<br>3. Б.қ. отыру, аяқты созу, доп табан үстінде, қол артта еденде. Аяқты көтеріп допты жоғарыдан төменге домалату. (5-6 рет).<br>4. Б.қ. арқаға жату, аяқ түзу, тіке, доп бастан жоғарыда, Оң, сол аяқты көтеру, допты аяқтың ұшына тигізу, аяқты төменге түсіріп б.қ. оралу (5-6 рет).<br>5. Б.қ. арқаға жату, доп қолда, бастан жоғары. Ішке қарай аунау, б.қ. оралу (5-6 рет).<br>6. Б.қ. аяқ алшақ, доп қолда. Өзін өзі айналып секіру (20 рет).<br>2. Негізгі қимылдар:<br>Құм салған қапшықты алысқа лақтыру (6-8 рет) балалар бір сызықтың бойына үш қапшықтан алып тұрады.<br>Тәрбиеші: «қапшықты оң қолдарына алып, оң аяқтарынды артқа қойындар. Қолды барынша сермеп, допты алысқа лақтырыңдар» деп көрсетеді және орындауларын | Негізгі қимылдар:<br>1)жүрудің түрлері<br>2)еденге қолдарын артқа тіреп, 1-аяқтарын түзу ұстап, кезек-кезек жоғары көтеру, түсіру; 2-360 градусқа оңға , солға бұрылу.<br>3)Бір аяқпен тұру, көздерін жұму.<br>Қ/Ойын: «Қаппен жүгіру»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа тез жүгіруге, шапшаңдыққа баулу.<br>III б. Маршпен жүру.<br>Қорытындылау.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Піскен алмалар»**<br>**Мақсаты:** Қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту,балаларды дәстүрден тыс жырту тәсілімен таныстыру.Желіммен жұмыс істеген кезде абай болуға үйрету.Тілдерін,шығармашылық ойын дамыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларға жұмбақ жасыру:<br>Әрі қызыл ,әрі тәтті<br>Татқан жанды таңырқап<br>Кім алма туралы тақпақ біледі?<br>(Алма)<br>2.Балаларға алма бейнеленген суреттерді көрсетемін.<br>Суретте не бейнеленген?<br>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар алма қайда өседі?<br>Алма көкөніс пе әлде жеміс пе?<br>-Балалар алманың түсі қандай болады?<br>-Пішіні қандай?<br>-Алма қай мезгілде піседі? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қызды әңгімелейік.<br>Айгүлдің шашы қандай екен?<br>2.Сергіту сәті №4.<br>Балалар, енді сендер Айгөлек пен Айгүлдің ауылына барғыларың келеді ме?<br>-Ендеше барлығымыз көз жұмамыз. Айгөлек пен Айгүлдің отбасында атасы, әжесі, ағасы, жеңгесі, әпкелері, інілері бар екен. Сонда олар үлкен.<br>-Біздің ұлтымыз қазақ.<br>-Біздің Республикамыз Қазақстан деп аталады.<br>-Біздің жеріміз үлкен, байтақ.<br>-Әрине, жақсы көреміз. Себебі біз осы жерде туылғанбыз.<br>-Орыс, татар, кәріс,ұйғыр, өзбек, қырғыз т.б.<br>-Айгүлдің шашы қара, бұрымды, қолаң және ұзын болып өріліпті. Көздері дөңгеленген, қиғаш қасы, қыр мұрынды, әдемі аузы бар. Ол үнемі өзінің қасынан сіңлісін тастамайтын қыз екен. Оның сіңілісінің аты - Айгөлек.<br>Екі ойыншыққа сипатама бере білу .<br>3.Қорытындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіз» (Заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Сәбіздің суретін сала білуге үйрету.Балалардың | психогимнастика «Доброе утро». Рассказать о своей комнате. Вопросы-ответы.<br>Д/и: «Посмотри, если знаешь, назови».<br>Цель: обогащает словарьный запас детей.<br>Физминутка: Мы хлопаем руками. Звуковое упражнение.<br>Вопросы-ответы.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды Салыстыру.Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында,оң жағында»**<br>**Мақсаты:** Заттарды санауды үйретуді жалғастыру,екі топтағы заттарды санау.Саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу.Әртүрлі, бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Балалардың тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту. Заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды жалғастыру (сол жағында, ортасында, оң жағында). Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері №2.<br>Тәрбиеші балаларды суретпен жұмыс істеуге шақырады:<br>2.-Балалар, суреттерді мұқият қарап шығыңдар. Содан соң суретшінің қай суретке таңертеңгі уақытты , қайсысында күндізгі уақытты, қайсысында кешті суреттегенін табыңдар.<br>Балалар бүгін біз ойыншық | Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар.<br>Мына суреттерде нелер бейнеленген?<br>Бұларды бір сөзбен қалай атайды?<br>Балалар бұл дәнді дақылдардан ұн жасап, нан пісіруге ең ыңғайлысы қайсылары деп ойлай-сыңдар.<br>Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен қара бидайды нан пісіруге көп қолданады.<br>Сендердің аналарың үйлерінде ұннан тағы не пісіреді?<br>Педагог балалардың назарын келесі суретке аударады. Суретте элеватор бейнеленген.<br>Элеватор деген не?<br>Элеваторды басқаша қалай атауға болады?<br>Педагог балалардың назарын суретке аударып, бұрынғы уақытта ұнды қандай жолмен алғанын көрсетеді.<br>Диирменнен шыққан ұнды қайда әкеледі?<br>Нан пісірушілерді қалай атайды?<br>3.Сергіту сәті №5.<br>4.Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерін пысықтайды.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің аспаптар»**<br>**Мақсаты:**Ән,музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге,күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Музыкалық | қадағалайды.<br>3 м қашықтыққа екі аяқпен секіру тәрбиеші балаларды екі қатарға тұрғызып қарама қарсы жерге 3 метр қашықтыққа текше қояды да, бір<br>бірлеп текшеге дейін екі аяқпен қолды бос ұстап секіріп баруын тапсырады<br>Бір қатармен жүру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойдан шыққан әңгіме»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қиял арқылы ойдан әңгіме құрауға үйрету,тілдерін дамыту.Өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері .<br>2.Балалар,бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ойдан шыққан әңгіме туралы сурет бойынша әңгімелесеміз.<br>3.Сұрақ-жауап арқылы сурет мазмұнын сұрап білу.<br>4.Сергіту сәті №4.<br>-Балалар,ойдан әңгіме құрастыруды қалай түсінесіңдер?<br>Мысалы,бүгін әрбір бала қазір ойын,не қиялдап отырғаны жайлы әңгіме құрайды.Ілінген тақта суреттеріне қарап құрауға да болады.Әрбір баланың ойдан шыққан әңгімесін сұрақ-жауап арқылы сұрап білу.<br>Суретпен жұмыс:.Күзгі бақ суреті бойынша әңгіме құрастыр және әңгімелеп бер.<br>5.Сұрақ-жауап<br>-Осы не туралы айтылған?<br>-Сендерге балабақша | 3.Тәрбиеші әр баланың алдында шаршы үлестіріп, Шаршының бұрыштарын қиюды көрсетеді.<br>Шаршының бұрыштарын қиып, дөңгелек шығаруды үйрету.<br>Қайшыны дұрыс ұстау жайлы түсінік беру;<br>4.Сергіту сәті №6.<br>5.Алмалар туралы тақпақ айтып беремін сендер соны жаттап аламыз.<br>Алма кетті домалап<br>Көше бойын жағалап<br>Кім алманы табады<br>Сол алманы алады.<br>Д/о: «Көкіністер мен жемістер»<br>Шарты: Балалар көкіністер мен жемістерді ажыратып екі себетке салады.<br>Бүгін не істедік?<br>Алманың пішіні қандай?<br>Дөңгелек пішінді қалай қидық?<br>6.Мақтау ,мадақтау.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Өзім туралы білгім келеді»**<br>**Мақсаты:** Өзі және өзінің жағдайы,көңіл-күйі туралы түсініктерін кеңейту.Өзінің дене мүшелері (қол,аяқ,бас,көз,құлақ т.б),олардың атқаратын қызметі туралы түсініп,айтып беруге үйрету.Тақырыпқа байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.Өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларды шеңбер бойына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сопақша пішіннен бейне жасау,бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту,түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету.Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Барлығы бір -біріне деген жылы тілектерін айтады.<br>2.Педагог сурет бойынша жыл мазгілі туралы әңгіме жүргізеді.<br>-Қоянның қолында не бар?<br>Педагог салыстыру, түстерін ажырату, пішіндерін айту сияқты т.б. жұмыстарды жүргізеді.<br>- Сәбіз қанша түстен тұрады?<br>3.Сергіту сәті :<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы- қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына.<br>Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап.<br>Көжегі екен өзінің.<br>4.Педагог балалардан қояндардың қолындағы үлкен сәбіздің суретін салуды өтінеді.-Алдымен үлкен сәбіздің суретін саламыз. Қарындашпен жіңішке сызық пен ұзын екі сопақша сызықтарды кезекпен сызып, бір-біріне қосамыз. Сәбіздің ұш жағы жінішке, бас жағы жуандау болып | дүкеніне барамыз.<br>- Балалар ойыншық дүкенінде нелер сатылады?<br>-Балалар біз ойыншық дүкеніне келдік, ойыншық дүкенінде нелер бар екен? Балалар сөреде қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар?<br>Сөреге 4 кірпі, ал жоғарғы сөреге 5 тиін қояды.<br>Балалар кірпі қанша? Тиін нешеу? Қайсысы аз (көп): кірпі ма әлде тиын бе? 5 аз ба, әлде 4 аз ба? Олардың саны тең болу үшін не істеу керек? 1 тиінді алып тастайды , олардың теңескенін 1 кірпінің астына 1 тиінді қою арқылы суреттердің теңескенін көрсетеді. Содан соң 1 кірпі қосу арқылы теңестіру тәсілін көрсетеді. «Кірпі қанша болса, тиін сонша» деген сөзді қолдануға үйретеді.<br>. Тәрбиеші балаларға тақия мен етіктерді санап шығуды тапсырады.<br>-Тақия нешеу? Етік ше?<br>-Қайсысы артық, қайсысы кем? «Артық», «кем» сөздерін қолдануға үйрету.<br>Тақия мен етікті саны жағынан теңестіру үшін не істеу керек?<br>Тәрбиеші балаларға, яғни: 5 етік, 5 тақия болғанын түсіндіреді.<br>3.Сергіту сәті. №3.<br>Содан соң балаларға сұрақ қойып, тапсырма береді.<br>-Тордың ішінде неше құс бар?<br>-Ағашқа неше құс қонып тұр? | аспаптармен таныстырып, оларды түрі және дыбыстары арқылы танысуға үйрету.<br>Муз. «Марш деревянных солдатиков»<br>Муз.амандасу жат.: «Саламат па?!»<br>Ән айту: «Домбырасыз ән қайда»<br>Муз.ырғ.қим.: «Буль-буль»<br>«Бәрімізде музыкалық аспап бар»<br>Д\о: «Жихазды кім тез құрастырады»<br>Д\о:«Жоғалған аспап» | несімен ұнайды?<br>Балалардың жауабын тыңдап қорытындылау. | тұрғызып, тәрбиеші сұрақтар арқылы әңгіме жүргізу.<br>-Балалар, біз бүгін өзіміз туралы әңгімелесеміз.<br>-Серік, сенің қасында кім?<br>-Қалай ойлайсың, Ариана ұл бала ма, әлде қыз бала ма? Осылайша қыздар мен ұлдардың қандай ойыншықтармен ойнайтындығын, нені жақсы көретіндігін, немен айналысқанды ұнататындықтарын, қандай киім киетіндіктерін сұрайды.<br>Балалар, ұл, қыз бала туралы біледі екенсіңдер. Ал өздеріңнің дене мүшелері туралы білесіңдер ме?<br>Тәрбиеші балаларға адамның дене мүшелері: бас, мойын, қол, аяқтары туралы сұрақтар қояды.<br>-Балалар, сендердің үйлеріңде үлкен айна бар ма?<br>-Сендер сол айнаға қарап тұрмын деп елестетіңдерші, кімді көрдіңдер?<br>-Жарайсыңдар, балалар, енді алдарыңда тұран суретке назар аударыңдаршы. Бұл – қағаздан қиылған қуыршақтың дене бөліктері. Қазір сол бөліктерді құрастырамыз.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қойып отырып қуыршақтың дене бөліктерін құрастырады.<br>2.Сергіту сәті №9.<br>3.Тәрбиеші балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | келеді. Содан кейін сабағын саламыз. Сәбіз суретін қызғылт сары түспен бояймыз. Ал кішкентай сәбізді де дәл осылай саламыз, бірақ ол үлкен сәбізге қарағанда кішілеу болады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Нота үйренеміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға музыка жайында мағлұмат беру.Музык дыбыстарының атымен таныстыру.Музыка әлеміне саяхат жасау. Музыкалық жанрды ажырата білу. Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындауға үйрету. | -Қайсысы артық, қайсысы кем?<br>-Тордың астындағы жолаққа торда қанша құс болса, сонша дөңгелек салыңдар.<br>-Ағашта қанша құс болса, төмендегі жолаққа онша дөңгелек салыңдар.<br>-Енді жолақтың ішіндегі дөңгелектерді салыстырыңдар.<br>Олардың саны қанша? Бұл жайлы не айта аласыңдар?<br>Ойын: «Түсті танисың ба?»<br>Шарты: Суретке қарай отырып атын атау, түсін ажырату.<br>Өзін- өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Сабаққа өте жақсы қатысқандарыңыз үшін мадақтама бергім келеді<br>Балаларды мадақтау . | | | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25<br>10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-<br>11.40 | **№ 4**<br>**Күздің ерте, алтын, кеш келуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы,күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»<br>Мақсаты: Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу. | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын: «Кең қадам»<br>Мақсаты: Сызықты баспай, | **№ 11**<br>**Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)**<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айырмашылық белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердін сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар»<br>Мақсаты: Ағаштарға | **№ 12**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт»<br>Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Еңбек: Гүлзарда жұмыс.<br>Мақсаты: Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру. | балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Гүлбақшада жұмыс (жер қазу)<br>Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | ойыны)<br>Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>Еңбек:<br>Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде | Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. | Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз ( 3- 4 рет) | Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. | Демалу жаттығулары<br>Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу ( 4-5 рет) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет) | | | | |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | №5.«Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойыны. Мақсаты: Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету. Балалардың тілдік мәнерлігін, шығармашылығын, айналаны қоршаған ортамен ойын арқылы жүзеге асыру. | №7.«Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: Азық-түлік өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға рөлдерді бөлуге және рөлдері бойынша әрекет етуге көмектесу, өз беттерімен қажетті құрылыстарды салуға үйрету, балалардың тілектестік-қарым қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында кеңінен қолдануға ықпал ету. | **В/к: «Ғажайып әлем»**<br>**Theme: «Furniture»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын жиhаз атауларымен толтыру. Балаларға затты атағанда алдында «а» артикль қойылатынын түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**I. Greeting:**<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children!<br>- I am good! | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:** «Таза ауаны қалай сақтауға болады?»<br>**Мақсаты**:Талдарды сақтау, отырғызу, отқа пластмас пен резина тастамау, машиналарға арнайы фильтр салу арқылы таза ауа сақтауға болатынын түсіндіру. Өздерінен бастау керектігі туралы түсінік беру және жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>Суреттер талдау. Ондағы балалардың әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын анықтау.<br>Тәжірибе: топтағы гүлдерге су құю.<br>Серуенде, табиғат аясында ағаштарды сындырмай, оларды аялау керектігі туралы әңгімелеу.<br>Қорытындылау. | №9.«Шаштараз» сюжетті-рөлді ойыны. Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. |
| Жеке жұмыс | | Ерсегіз Надирге таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Еркебұланқызы Ариаңнаға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Қыдырбай Димашқа денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Бисембаева Аминаның әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Жаналин Алиге қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 4**<br>**Күздің ерте, алтын, кеш келуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді | **№ 11**<br>**Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)**<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айырмашылық белгілерін | **№ 12**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы,күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»<br>Мақсаты: Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>Еңбек: Гүлзарда жұмыс.<br>Мақсаты: Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру. | көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын**:** «Кең қадам»<br>Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар»<br>Мақсаты: Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Гүлбақшада жұмыс (жер қазу)<br>Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт»<br>Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>Еңбек:<br>Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін...»**<br>Серуеннен оралу**.**<br>Балалардың үйге қайтуы | 17.50-<br>18.00 | Ата-аналарға кеңес: «Тұмаудан сақтану жолдарына байланысты» | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. | Ата – аналарға кеңес: Баланы жыл мезгіліне байланысты киіндіру жөнінде, айтып өту. | Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Демалыс күндері күн тәртібін ұстанулары туралы әңгімелесу. |

**Циклограмма**
**Бірінші апта (30.09-04.10.2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Мақсаты:** Инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**
1. Денаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | №3 Д/о: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы болуға тәрбиелеу. | №2 Д/о: «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету | №9 Д/о: «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау, өсу ортасына қарай өсімдіктерді топтастыру. | №13 Д/о: «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін арттыру. | №10 Д/о: «Ақылды машиналар» Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналардың көмегі туралы балалардың білімін бекіту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №3** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын-жаттығу:<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Ойын «Қонақ күтеміз» Мақсаты: Қонақты қарсы алуды үйрету. Сыйластыққа , құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Бір – біріне деген сыйластық сезімін қалыптастыру. Түсінік қабілеттерін дамыту. | Ойын: «Қалың қалай?» Мақсаты: бір – бірімен амандасуды үйрету. Әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. Ақыл – ой өрісін дамыту. | «Жаңылтпашты жаңылмай айтайық» Мақсаты: Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге жаттықтыруды жалғастыру. | Өзім туралы білгім келеді тақырыбында әңгіме. Мақсаты: Өзінің аты-жөнін, тұратын мекен-жайын толық айта білуге үйрету. | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ит және оның күшіктері» (Сурет бойынша әңгімелеу)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті кегельдер» Мақсаты:** Секіру және допты домалату | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты:** Саңырауқұлақтардың 2-3 | **Денешынықтыру Тақырыбы: «Маймылмен ойнаймыз» Мақсаты:**Басын | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Сурет мазмұнына қарай әңгіме құрастыра білуге үйрету.Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу,сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру,оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері. №6.<br>2.Балаларға суретті көрсетеді. Сурет бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br>− Мына суретке қараңдаршы. Суретте не бейнеленген?<br>− Ит қандай?<br>Балалардың назарын суреттегі күшіктерге аударады.<br>− Күшіктер қандай?<br>− Күшіктер не істеп жүр?<br>− Мынау не? Итаяқ па? Тамақты не шоқып жатыр? Кішкентай торғайлар үлкен иттен қорқып жатыр ма? Ит мейірімді ме, әлде қабаған ба? Сендер неге үлкен итті мейірімді деп ойлайсыңдар? Адамдар итке және оның күшіктеріне қамқорлық жасай ма?<br>Балаларды өз әңгімесін тыңдауға шақырады.<br>«Үлкен, қоңыр және сабалақ жүнді иттің екі күшігі бар. Олар әлі өте кішкентай, икемсіз, тіпті үруді де білмейді. Күшіктердің жүні | дағдыларын дамыту.Өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру.<br>Денешынықтыру сабақтарына қатысты оң көзқарас қалыптастыруды жалғастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Бір қатар сапқа тұру.<br>2.Сәлемдесу.<br>Арнаулы жаттығулар:<br>-бір тізбекпен жүру;<br>-қол белде, аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру;<br>-баяу жүгіру. Жай жүріспен жүру.<br>Балаларға әдемі сандықшаны көрсету, ашып, ішіндегі сылдырмақты сылдырату. Сылдырмақты балаларға беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>Жан-жақты дамыту жаттығулар: (Сылдырмақт ар)<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: аяқ бірге, сылдырмақты екі қолмен кеудеде ұстау. | түрін ажырата білуге үйрету және атай білу дағдысын қалыптастыру.Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым-қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Педагог өлең оқып, оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастырады.<br>2.Күз<br>Сары теңге жапырақ<br>Көмкереді көл бетін.<br>Тоңазиды топырақ,<br>Қырау басып жер бетін.<br>Бұлттар қаптап аспанды,<br>Салқын самал еседі.<br>Жатушы едік сан аунап,<br>Көк майса жоқ кешегі.<br>Даланың гүлі жайнаған,<br>Жапырағы солыпты.<br>Тұнжырайды айналам,<br>Аңсап жазғы көрікті.<br>Бүбіш Тікебаева<br>3. Педагог өлеңдегі күз белгілеріне балалардың назарын аударады. Адамдардың өмірінде күз мезгілінде қандай құбылыстар мен оқиғалар болатынын еске түсіруін сұрайды. (Адамдардың өмірінде күз мезгілінде көп қызықты оқиғалар болатынын айтады – егін орады, өнім жинайды, оқушылар жазғы демалыстары аяқталып, мектепке барады, балабақшада<br>Бүгін ауа райы қандай екенін анықтайды<br>4.Жұмбақ<br>Өз қалпағын жасынан | тигізбей арқанның астынан еңбектеп өту біліктерін бекіту. Арқан астынан басты тигізбей еңбектеп өтуге үйрету. Ептілік пен икемділікке баулу. Допты қақпаға домалатып салуға жаттықтыру. Допты күшпен итеруге және доптың бағытын сақтауға жаттықтыруды жалғастыру. Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау. Балалардың жанды табиғат нысандары туралы білімін байыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балалармен амандасу.<br>-Сәлеметсіңдерме балалар!<br>-Бүгінігі көңіл күйлерің қалай?<br>-Балалар белгі бойынша сап тізбекке тұрады.<br>-Сәлеметсізбе!<br>-Көңіл күйіміз жақсы.<br>2.Ұйымдастыру іздестіру<br>-Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба білуді көрсетеді.Гимнастикалы қ таяқшаларды алуға нұсқау беріледі. | Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және түсініктерін одан әрі дамыту.Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалаай әрекет ету керектігін түсіндіріп,шешім қабылдауға үйрету. Ойынның шартын бұзбай, бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шеңбер бойы бірінің артынан бірі жүру ; баяу жүру, теріс қарап алға қарай жүруді алмастыра, педагогтің тапсырмасын орындай жүру. Екі шеңбер құру; бір орында тұрып жан-жаққа секіре бұрылу. Бір – біріне қақтығыспай, бірінің артынан бірі, жұптасып, «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Жеңіл жүгіру, жұптасып айналу.<br>Аяқты тарсылдатып жүру.<br>1-2 рет орташа Дем алу дем шығару<br>Балалардың сапқа тұруларын әр түрлі жүріспен жүрулерін екі қатарға тұруын қадағалау.<br>ІІ.Кішкентай доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.<br>1.«Доптар бірге» б.қ.: н.т., қол доппен төмен. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үлпілдек. Итке үй иесі тамақ құйып еді, торғайлар оны шоқып қояр емес. «Бұлар нелер?»- деп, иттің қасында жатқан күшік таңғалып, жүгіріп келді. Екінші күшік орнынан қозғалмады. Бұл күшікке иттің жанында жылы және жайлы.» Тәрбиеші әңгімені екі рет қайталап айтады. 3.Сергіту сәті. №4. Балаларды суретті әңгімелеуге шақырады. Сұрақтар қою арқылы балаларға бағыт бере отырып, оларды әңгімелетеді. − Балалар, бұл сурет бойынша тағы да бірнеше әңгіме құрауға болады. Біз суретті топта қалдырайық. Егер қаласаңдар ұйқыдан кейін ит және оның күшіктері туралы өздерің әңгіме ойлап және оны бізге айтып respесіңдер- дейді. 4.Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. **Сурет салу** **Тақырыбы: «Мысығым» (Заттық сурет салу)** **Мақсаты:** Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, ой қиялын | 1.Қол жоғары көтеру. 2.Қос қолдағы сылдырмақтарды оңға сылдырату. 3.Қос қолдағы сылдырмақтарды солға сылдырлату. 4.Б.қ. келу. 2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол жоғарыда. 1.Оңға иілу, сылдырмақты сылдырату. 2.солға иілу, сылдырмақты сылдырату. 3.Б.қ. келу. 3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ. негізгі тұрыс, қол төменде. 1.Қолды алдыға созып отыру, сылдырмақты сылдырлату. 2.Тұру. Б.қ. келу Б.қ. аяқ арасы алшақ, қол кеудеде. 1.Орындарында тұрып секіру, сылдырмақты сылдырлату. 2. Б.қ. келу. Тыныс алу: -тік тұру; -қос қолдағы сылдырмақты жоғары көтеру. (ауаны жұту); -сылдырмақты төмен түсәру (дем шығару). Негізгі қимыл жаттығулар: 1.Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. (Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап, құлатпай жүріп өту). 2.Жіптің (биіктігі 30-40см) астынан еңбектеп өту. (екі | Тастамайды басынан. (Саңырауқұлақ) -Суретші қандай өсімдіктерді бейнелеген? -Олар ағаштар мен бұталарға ұқсай ма? -Шөптесін өсімдіктерге ше? -Саңырауқұлақта не бар? -Неліктен кейбір саңырауқұлақтарды жеуге жарамды деп айтады? -Ал кейбірін жеуге жарамсыз дейді? -Саңырауқұлақтардың кейбірін жеуге болады: оларды тұздайды, қуырады, асады, қысқа жабады – ондай саңырауқұлақтар жеуге жарамды деп аталады. Ал кейбірін жеуге болмайды – оларды жеуге жарамсыз, улы саңырауқұлақ деп атайды. -Саңырауқұлақтарды әдетте қай жерден кездестіре аламыз? ( Саңырауқұлақтар көбінесе ағаштың астында өсетінін айтады. Саңырауқұлақтар өсімдіктер секілді өзін қажетті қоректік заттармен қамтамасыз ете алмайды. Сол үшін олардың көпшілігі ағаштармен дос болып, олардың тамырынан өздеріне жеткіліксіз заттарды алады.) - Жағдаяттық әңгіме: Балалардың есімдерін сұрайды. Саңырауқұлақтардың де өз атаулары бар. Ол атауларды жақсы біліп, шатастырмау керек. саңырауқұлақтарды да бір-бірінен ажырата білу қажет. Арыш – қызғылт-сары түсті саңырауқұлақ, қарақұлақ – қалпағы қара саңырауқұлақ. | 3.Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау үшін, шеңберге тұруды ұсынады. Жаттығуларды атайды. -Жаттығулар ереже бойынша бастан басталып аяқ ұшымен аяқталады. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді. 4.Негізгі қимыл түрлерін орындауды ұсынады: 1,5 метр қашықтықта түрегеліп тұру жағдайында допты бір-біріне домалату. Ілулі тұрған затқа(доп) қол жеткізе жоғарыға секіру жаттығуын бекіту Жаттығуды жасауға нұсқау беру. Қадағалау, дұрыс жасап үйренуге көмек беру,қолдау. Қозғалмалы ойын: «Өз орныңды тап» балалар бөлменің ортасында саптізбекте тұрады.Нұсқаушы ысқыруықпен белгі бергенде олар жан-жаққа жүгіреді «Өз орныңды тап» деген сигнал бойынша балалар өз орнына келіп тұру керек. Балаларды қолдау және мадақтайды. Саптізбекте бір-бірден жүру, (бірінен кейін бірі жүреді, бағытты сақтайды, саптізбектен шығып кетпеуге тырысады, саптізбекте өзінің орнын табады). Шеңбер бойымен сапқа тұру | 1 - қолды жоғары көтеріп, доптарды 1 рет соғып, оған қарау; 2 - қолды шетке соза, бастапқы калыпқа оралу. 2. «Допты құшақтап алу»б.к.: н.т., қол доппен шетке созулы. 1 - доптарды құлатпай кеудені құшақтап алу; 2 - бастапқы қалыпқа: оралу. 3. «Тізе артында» б.қ.: аяқ бірге, қол доппен шетке созулы. 1-2 алға қарай еңкею, тізенің артынан доптарды тигізу- дем шығару; • 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. 4. «Доптар бірге» б.к.: аяқ бірге, қол доппен шетке созулы. Денені оңға, солға бұрып, доптарды біріктіру. 5. «Тізе астында»б.к.: н.т. қол доппен иықта. 1 - тізеден бүгілген оң аяқты көтеру, тізенің астынан доптарды соғу; 2 – бастапқы қалыпқа оралу; 3-4 - сол аяқпен орындау. 6. «Секіру» б.к.: н.т., қол доппен төмен. Аяқты бірге қою, алшақ ұстап секіру. Доптарды соғып орында тұрып жүру. (3 рет). Сапқа тұру. Допты артта ұстап жеңіл жүгіру. Жай жүру. Демалу жаттығул арын орындау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері №7.<br>2.Жұмбақ:<br>Еріксе құйрығымен ойнайды<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды<br>(мысық)<br>Ендеше балалар бүгін бізге қонаққа мысық келіп отыр<br>Топтастыру: Мысыққа сипаттама берейік<br>Жолбарыс тектес, тышқан жауы, үй жануары.<br>3.Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»<br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу<br>4.Сергіту жаттығуы №4.<br>Тәрбиеші мысықтың жасалу жолдарын балаларға көрсете отырып, балалардан қайталап салуды сұрайды<br>Балалардың жұмыстарын жеке –жеке мадақтау, ынталандыру сыйлықтары.<br>5.Оқу іс - әрекеті бойынша сұрақтар беру<br>«Менің мысығым» тақпағымен оқу іс - әрекетін аяқтау.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің көңілді отбасым»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелеріне деген махаббатты музыкалық іс-әрекет түрлерімен | қолды, екі тізені тіреп, еңбектеп жүру)<br>«Допты қуып жет!»ойыны:<br>1.Ойын шартын түсіндіру.<br>1.Бір-біріне кедергі жасамау, арақашықтықты сақтай білуді қадағалау.<br>2.Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>3.Балалардың көңіл күйін бақылау.<br>2.Балалармен бірлесе ойнау.<br>**Математика негіздері Тақырыбы: «1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы» Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;Үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салуды үйрету;өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында); геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері №6.<br>2.Жаңылтпаш<br>Үш кіші ішік пiштiм,<br>Бес кіші ішік пiштiм<br>Неше кіші ішік пiштiм.<br>3.Тосын сәт: «Хат» келді. Балалар бізге бүгін хат | Қайыңқұлақ – қайыңның астында, терекқұлақ – теректің астында өсетін саңырауқұлақ.<br>Саңырауқұлақты сипаттайды, сыртқы белгілерін анықтайды: саңырауқұлақ қалпағы қызыл немесе қанық қызғылт сары түсті болады, дөңгелек қалпақтың үстіңгі жағында ақ түсті немесе сары түсті нүкте секілді дақтары болады. Қалпақтың астыңғы жағы ашық қоңыр түсті қабыршақтармен қапталған. Аяғының түсі ақ. Аяғында ақ түсті жағасы бар.<br>- Шыбынжұт (мухомор) саңырауқұлағын сипаттауды ұсынады.<br>Бұл саңырауқұлақ үлкен болып өскенде, қалпағының шеттері жоғары қарай майысады да, табақшаға ұқсайды. Жаңбыр жауғанда, қалпақ табақшаға су жиналады. Бұл су улы, оны ішемін деп жиналған шыбындар қырылады. Саңырақұлақтың шыбынжұт деп аталуы сондықтан. «Шыбынжұт өте әдемі, бірақ денсаулыққа қауіпті». Егер шыбынжұтты, оны жұлып тастауға, аяқпен таптауға асықпаңдар. Орман тұрғындары үшін шыбынжұт өте қажет. Ол адам үшін улы, ал бұғылар шыбынжұтты жегенді жақсы көреді. Ұлулар мен құрттар шыбынжұт қалпағын кеулеп, тесіп жейді. Тиіндер қыста жеу үшін кептіріп алады. Бұл саңырауқұлақты олар емдік мақсатта пайдаланады.<br>5.Сергіту сәті №1. | Жаттығуларды гимнастикалық таяқшалармен жасау.<br>5.Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау(қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, нұсқаушының көрсетуімен жаттығуларды жасайды<br>-Бүгінгі жаттығу түрлерін біледі.<br>- Балалар нұсқаушының түсіндіруі бойынша негізгі жаттығу түрлерін жасайды.<br>-Екі қатарда бір-біріне қарама -қарсы тұрып (1,5метр)допты домалатады.<br>- Балалар саптізбекте тұрып кезек-кезек ілулі тұрған затқа секіріп қолдарын,бастарын тигізеді.<br>-Балалар ойын шартын түсініп ойнайды.<br>-Балалар денешынықтыру бөлмесінде тобымен немесе жеке-жеке әр бағытта жүгіреді.Сигнал бойынша өз орнын табады.<br>6.Балалар аз қозғалмалы ойын ойнап дене қызуын басып, демалады.<br>**Көркем әдебиет Тақырыбы: «Атасының ақылы» (әңгіме) С. Сейтенов**<br>**Мақсаты:** Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. | 10 реттен<br>2-ретортаашаБір қалыпты<br>Еркін тыныс алу.<br>Қолды жоғары көтеріп, демді ішке тарту, қолды босаңсытып,<br>алға қарай еңкейіп,<br>дем шығару.<br>Балалардың дамыту жаттығуларын бір қалыпты, бір мезгілде жасауларын қадағалау<br>Аяқты жылжытпай, тізені бүкпей, дәл шетке еңкеюге дағдыландыру. Мұрын - дем алу және иіс сезу мүшесі» тақырыбында әңгіме құру.Түсінбей қалған баламен жұмыс жүргізу.<br>III.Негізгі қимылдар .<br>Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар .<br>1-2 рет<br>1-2жаттығуыорташа<br>Еркін тыныс алу<br>Негізгі қимылдарды көрсетіп балаларды жаттықтыру және жаттығу кезінде қателер жіберілсе, оларды түзеу.<br>Қорытынды бөлім<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жеткізу. Музыкалық бейнені қабылдауға үйрету. Дыбыс ұзақтықтарын сақтай отырып,әнді нақты айта білу.<br>Музыканыңсипатына сай қимылдарын өзгерту іскерлігін дамыту.<br>Домбыра аспабымен таныстыру.<br>Муз. «Марш» Глинка<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән тыңдау: «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br>Саусақ жат.: «Саусақтар отбасы»<br>Д\о: «Әуенді әрле» | келіпті.Сол хаттың ішіндегі тапсырмаларды орындайық.<br>4.Тапсырмалар:<br>Оң жақтағы кірпінің үстіне 1алманың, сол жақтағы кірпінің үстіне 2алманың суретін сал.<br>5.Жұмбақ жасыру:<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар<br>Атын оның атаңдар?<br>(шеңбер)<br>Шеңбер неге ұқсайды?<br>Ал енді алдымыздағы пішіндердің ішінен шеңберді көрсетейікші.<br>Дәптермен жұмыс<br>Бір-бірден ғана салынған суреттерді боя.<br>Өзін-өзі бағалау.<br>6.Сергіту сәті. №7.<br>7.Сендерге бүгінгі оқу іс-әрекет ұнады ма? Неліктен? | -Шыбынжұттың суретін бояймыз.<br>(Балаларға суретті таратып беру)<br>6.Қорытынды жасайды.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Тауық пен балапаны»**<br>**Мақсаты:** Жеке бөлшіктерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету; балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын артты-рып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарының жоғары болуына жағдай жасау. Тіл-дерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Жылулық шеңбер. №5.<br>2.Қазір жылдың қай мезгілі? Күз айларын атаңдаршы? Күзде қандай өзгерістер болады?<br>3.Тосын сәт.<br>Балалар, біреу келген тәрізді.Есікті ашып көрейік. Бізге біреу хат тастап кетіпті. Хатты оқиды:<br>«Балалар, менің балапаным адасып кетті. Маған соны іздеп табуға көмектесіңдерші?»<br>-Балалар, тауыққа балапанын табуға көмектесеміз бе?<br>Тәрбиеші балапан ойыншығын көрсетіп:<br>-Осындай әдемі балапан жасасақ қайтеді?<br>-Балапанның басы қандай? | Үлкендермен бірлесіп шешім қабылдауға дағдыландыру.<br>Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту.<br>Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы**:<br>Сұрақ-жауап.<br>С. Сейтеновтың «Атасының ақылы» атты әңгімесін оқу.<br>Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.<br>Сергіту сәті «Тербеледі ағаштар».<br>«Менің атам» өлеңін оқып, жаттап алу.<br>Қазақтың киелі домбрасымен таныстыру.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің қаладағы көше»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қала көшелері туралы білмдерін бекіту, құрылыс материалдарынан қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолдануға және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Амандасу рәсімі:<br>Балаларды шаттық шеңберге шақыру.№9.<br>2.Тәрбиеші: Жұмбақ жасырады.<br>Ұзын – ұзын жіп,<br>Ұшына шыққан жан бар ма.<br>Ұшына шықпас жалғанда. (Жол). | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | -Денесі ше?<br>4.Сөздік жұмыс: үй құстары<br>5.Билингвальді компонент: тауық-курица,балапан-цыпленок.<br>6.Сергіту сәті №6.<br>7.Тәрбиеші мүсіндеу тәсілін көрсетеді.<br>-Алдымен балапанның денесін жасаймыз, оның пішіні алмұртқа ұқсайды. Дөңгелек пішіннің бір шетін қолмен созу арқылы балапанның құйрығын жасаймыз. Басын кішірек дөңгелектен жасаймыз және шымшу арқылы тұмсығын шығарамыз.Басы мен денесін біріктіреміз.Қанатының орнын сызып көрсетеміз.Аяқтарын жасап, денесіне біріктіреміз.<br>-Балалар, тауық қатты қуанып қалды, сендерге ризашылығын білдірді.<br>8.Қорытынды. | Жұмбақтың мағынасы түсіндіріледі.<br>Күзде киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш).<br>Көшенің сәні ағаш екенін айтып, ағаштың пайдасы туралы әңгімелеу.<br>Көшеде тағы не кездеседі?<br>Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус).<br>Тәрбиеші: Осы жұмбақтардың шешуін құрылыс тұрғызуда қолдануға болады, құрылысшылар бұлардың бәрін күнде көріп жүр.<br>Құрылысшы кім?<br>Бүгін, сендер, крылысшы болып, өз қаламызға жаңа көше тұрғызасыңдар. Оны қалай атасақ екен?Жақсы. Біздің көшеміздің орны мынау болсын (жұмыс істелетін жерді көрсетеді).<br>Бірақ естеріңде болсын, біздің көшенің сәнді болу сендердің тиянақты еңбектеріне байланысты.Бұдан соң, балалардың өз бетімен әрекет етуіне жол беріледі.<br>3.Сергіту сәті №6.<br>Жасаған жұмысты талдауға құрылыстың сәндігі, беріктігі, (түстердің үйлесуі және т.б.) басшылық жасалады. Сабақтың соңында балалармен | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған оқу қызметі | | **ойналық»**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Топтағы заттарға, ойыншықтарға ұқыпты болуға үйрету. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Сұрақ-жауап:<br>- Балалар бұл не?<br>- Қәне, қайталаймыз.<br>Қ дыбысын буын ішінде керіліп қайталау арқылы жаттығуды орындату.<br>Қо-қо-қо-қоян<br>Құ-құ-құ-құлақ<br>Қа-қа-қа-қалам<br>Қы-қы-қы-қылыш<br>Қу-қу-қу-қулық<br>«Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз-қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын баалаларды айтқызу арқылы ажырату.<br>Қоянға сипаттама беру:<br>- Қоянның түсі қандай?<br>- Оның жүні қандай?<br>- Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба, әлде қысқа ма?<br>Неше құлағы бар?<br>2.Сергіту жаттығуы №5.<br>Кө-кө-кө-көжек<br>Кө-кө-кө-көже<br>Кө-кө-кө-керек<br>Кө-кө-кө-көрпе<br>( «К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергіге ұшырап, | **«Қоянға сауығып кетуге көмектесейік»**<br>**Мақсаты**: Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы :**<br>І.Педагог ойыншық қоянға назар аударуды сұрайды. Спортзалда қоянмен ойнауға ұсыныс жасайды.<br>2. Ойыншық алып саптың алдына тұрады. Қоянды шеңбер бойымен дұрыс жүруге – бір қарқын және нық қадам басып жүруге үйретуді ұсынады. Балалардың арасындағы интервалға назар аударады.<br>ІІ. Негізгі кезең. Шеңбер бойымен тұру. Балалар арасындағы қашықтықты сақтауға назар аудару. Шеңбер бойымен тұрып жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Негізгі қимылдарды орындау. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру – аяқтарын алшақ қойып секіру). Екі аяқтың ұшымен бір қарқынмен итеріліп, тізені жартылай бүгіп, секіріп түсуге назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарақұлақ» (қазақтың ұлттық ойыны). | **қызыл жапырақтар»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Тәрбиеші балаларға бүгін бірнеше ата-аналардың қонаққа келгендігі жайлы хабарлайды. Олардың балаларға арнап қызықты ойын ала келгендігі және алақан арқылы сурет салуға көмектесетіндерін айтады<br>Тәрбиеші аналарының алып келген жапырақтарын көрсетеді.<br>Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Мынау – сары, мынау – қызыл жапырақ, ал мынау – қызғылт сары жапырақ.<br>Кәнекеи, бәріміз бірге қайталайықшы.<br>Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. | **жүру»**<br>**Мақсаты**: 1.Шашырап жұптасып жүру және жүгіруге жаттықтыру.<br>2.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.<br>3.Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету (ауыспалы қадам). Жаттығуларды мұқият орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Кіріспе бөлім: (жүру, жүгіру түрлері)<br>Жай жүру, жылдам жүру, жүгіру, жылдам жүгіру, шашылып жүгіру,аяқты биік көтеріп жүгіру шеңберге тұрғызу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары:<br>(Гүлдер)<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.:аяқ алшақ, қол төменде<br>1.Гүлді алға созу.<br>2.Жоғары көтеру.<br>3.Алға созу.<br>4.Б.қ. келу<br>**2.** Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.:аяқ алшақ, қол төменде.<br>1.Қос қолдағы гүл кеуде тұсында.<br>2. Қолды екі жанға созу<br>3.Қос қолдағы гүлді допты кеуде тұсына әкелу.<br>4.Б.қ. келу.<br>3**.** Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: отыру, аяқ арасы | **Тақырыбы: : «Әжемнің ауылына қонаққа бару»**<br>**Мақсаты**: :Үй жануарларымен таныстыру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту. Жылдамдыққа, ептілікке және күштілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жүргізуші: Міне, жазда өтті. Бүгін біз ауылдағы жазғы демалысымыздың қандай болғанын еске түсіреміз. Енді ауылға саяхат жасайық. Вагонардардан орын алыңыздар!<br>1-бала<br>-Міне балалар атай мен әжейдің үйіне келдік. Кәне, бәріміз үй жанындағы шалғынға барып, гүл терейік. «Гүл теру» жаттығуын орындайды.<br>2-бала<br>«Қошақан» жүрісі. Тізелеін жоғары көтеріп жүру.<br>3-бала<br>«Лақ» жаттығуы. Лақ сияқты секеңдейді.<br>4-бала<br>«Ботақан» жүрісіне салып жүру.<br>5-бала<br>Бастарын шайқап, торпақтың қимылын келтіру.<br>6-бала<br>«Құлыншақ» жаттығуы: шеңберді айнала тоқырақтап жүгіру.<br>Жүргізуші: Енді ауылдың тынық ауасымен дем алайық. Қонаққа Кеша атты тотықұс келеді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қысылып шығатындығын түсіндіру). Балалар, көжек қандай болады?<br>- Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма?<br>- Олар қандай жабайы аңдардан қорқады?<br>- Жабайы аңдарға нелер жатады?<br>Мақалдың мағынасын түсіндіру.<br>Мал жуасы-қой,<br>Аң жуасы- қоян.<br>- Балалар, қой-үй жануары, ал қоян- жабайы аң немесе жабайы жануар деуге болады.<br>-Бұл -қоян<br>Тәрбиеші сөзін қайталау арқылы, «қ» дыбысын анық айтуға тырысу.<br>-Қоянның түсі сұр.<br>-Оның жүні жұмсақ, мамық үлпілдек.<br>-Қоянның құлағы ұзын. Оның екі құлағы бар және оның екі көзі, тұмсығы, аузы, мұрттары, төрт аяғы, кішкентай құйрығы бар.<br>Балалар орындарынан тұрып, жаттығуды орындайды.<br>-Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүп-сүйкімді болады.<br>Балалар орындайды.<br>-Жоқ, қоян секіріп жүреді.<br>-Қоян әсіресе түлкіден қорқады.<br>-Жабайы аңдарға түлкі, қасқыр, аю т.б жатады.<br>мақал-мәтелді тәрбиеші көмегімен жаттап алуға тырысады.<br>3.Дыбыстарды анық айтуға ұсыныс білдіру, қорытындылап | Балаларға «үйшікті» көрсетеді. Ойын ережесін түсіндіреді. Балаларға жүгіргенде бір-біріне кедергі жасамау керектігін естеріне салады.<br>Саусақ гимнастикасы:<br>«Қоян» «Биік терек түбінде Секіреді ақ қоян. Оған қайың түбінен Ойнауға келді сұр қоян»<br>ІІІ. Қорытынды кезең (рефлексия). Қоянға денешынықтыру жаттығулары ұнағанын айтып береді. Жаттығудан кейін қоян күшті, батыл әрі шапшаң болып кетті.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Семья»**<br>**Цели:**Образовательные- закрепить приобретенные знания о семье, о том, что в семье все заботятся и любят друг друга, умение правильно называть членов своей семьи на русском языке, понимать роль взрослых и детей в семье;- развивающие-развивать лексико-грамматический строй речи, связную речи, активизировать словарь. Развивать объем и устойчивость внимания, долговременную память, логическое мышление, сенсорные эталоны, общую моторику.<br>Закреплять правильное произношение на русском языке мягкого согласного звука с;- воспитывать заботливое отношение к членам семьи, уважение, доверие,взаимопонимание | Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>Сендердің аналарың көңілдене соққан жел болады, сендер күзгі жапырақтар боласыңдар.<br>Балалар мен ата-аналарына өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасатады.<br><u>Сергіту сәті.</u><br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соты,<br>Жапырақ түскен байқалды. (Ф.Н)<br>Балалар, жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр. Олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай. Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік.<br>(Аналары балаларының жанындағы орындыққа отырады).<br>Міне, мынау – сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар.<br>Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, тағы да сол қағаздың бірнеше жеріне басып, жапырақтардың бейнесін жасаймыз. | алшақ.<br>1. Гүлдерді жоғары көтеру.<br>2.Гүлдерді аяқ ұшына жеткізу.<br>3.Б.қ. келу.<br>Тыныс алу:<br>«Әдемі гүлдің иісі»<br>Екі қолындағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп иіскеп, жоғары көтеру<br>Негізгі қимыл жаттығулары:<br>1.Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу.<br>(Еңбектеу ережелері: оң жақ тізе бүгілгенде – сол жақ шынтақты бүгеміз, сол жақ тізені бүккенде – оң жақ шынтақты бүгеміз).<br>2.Таяқшалардан (3-4) аттап жүру.<br>(Аттаған кезде таяқшаларды орнынан қозғамау, арқашықтықтарын сақтау).<br>«Допты қуып жет!»ойыны:<br>1.Ойын шартын түсіндіру.<br>2.Балалармен бірлесе ойнау.<br>1.Балалардың көңіл күйін бақылау.<br>2.Жаттығу тәртібінің дұрыс орындалуын қадағалау.<br>3.Қауіпсізік ережесін сақтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» (өлеңді жаттау) Е.Өтетілеуұлы**<br>**Мақсаты:**Өлеңді мәнерлеп оқу, сөздердің мағына | Кеша Хай-ду-юду! Сәлем, балалар! Менде ауылға қонаққа келдім.<br>Жүргізуші: Кешіріңіз, сіз кімсіз?<br>Кеша Мен тотықұспын. Менің атым -Кеша. Балалар маған үй жануарлары мен үй құстарын атап беріңдерші.<br>«Дауысынан таны!» ойыны.<br>Шарты: Үй құстарының дауыстары жазылған үнтаспа тыңдалады.<br>«Төрт түлік мал» қимыл – қозғалыс ойыны.<br>«Көрдік –көмедік» қимылы аз ойыны.<br>-Шалғында жайылып жүрген қозыларды көрдіңдер ме?<br>-Ауладан Ақтөсті көрдіңдер ме?<br>-Қорада шөп жеп тұрған сиырды көрдіңдер ме?<br>Жүргізуші: бүгін біз ауылда көптеген қызықтарды тамашаладық. Енді біз қайтуымыз керек. Кәне, вагондарға отырайық.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің үй»**<br>**Мақсаты:** Сәулет өнері туралы түсінік беру; геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөлшектерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту;еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық релаксация: педагог пен психолог «Біздің үй тақырыбына музыка әуенімен психологиялық жаттығу жасатады. Әдемі, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мадақтау. Дыбысты анық айтуға тырысу.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Атамның тақиясы»(қазақ ою-өрнектерін жолақша мен дөңгелекке салу) (Сәндік сурет).**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бас киімі-тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Педогог алдын ала жасалған көрмеге саяхатқа баруды ұсынады.<br>Балаларды қазақ халқының ұлттық киімдерімен, ыдыстардың түрлерімен таныстырады.<br>Балалар ұлттық бұйымдар мен киімдерді атайды.<br>Ұйымдастырушылық ізденістік<br>Педогог қазақтың ұлттық баскиімдерінің түрлері бұрыннан сақталып келе жатқаны туралы айтып өтеді.<br>-Сәукелені кімдер киген?<br>Кимешекті кімдер киген?<br>Тақияны кімдер киген?<br>«Қандай баскиім жоқ?» дидактикалық ойыны.<br>Педогог балаларға осы суреттегі баскиімдердің ішінен тақияның суретін салуды,оның шетін өрнектермен | и взаимопомощь.<br>**Ход занятие:**<br>Круг радости:<br>«Здравствуй, ребятишки»<br>Изъявляют желание научиться называть членов семьи на русском языке.<br>«Начинаем говорить» работа в рабочей тетради: Рассматривание картины и иллюстрации «Моя семья» с названием членов семьи на русском языке.<br>Р/у: «Запомни считалку»<br>П/г «Моя семья» «Ответь на вопросы Кар-Карыча».<br>Ф/м «Семья». Папа поливает огород. Мама стирает бельё. Бабушка печёт пироги. Дедушка чинит стул.<br>Д/и :«Один-много»<br>Словесная игра «Наоборот». Педагог называет слова на казахском языке, дети говорят эти же слова на русском языке.<br>Закрепление пройденных тем (игрушки, овощи, фрукты).<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 2 саны мен цифры.Үшбұрыш.Қысқа-ұзын.Жақын-алыс.**<br>**Мақсаты:** 2саны және оған сәйкес 2 цифрмен таныстыру.2цифрның сандар қатарындағы орнын анықтауды үйрету.2 цифрын өзге цифрлардың арасынан таба алу қабілетін нығайту,өзіне таныс заттарды көлеміне,ұзындығына қарай (ұзын-қысқа)салыстыра алу | Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен. Іс-әрекет бірнеше рет қайталанады, ата-аналар жапырақтардың ортасындағы сызықтарын жүргізіп, әдемілеп, балаларымен келісе отырып, түстерін таңдап, жапырақтардың әдемі болуына назар аударады.<br>Соңынан «Жапырақтар шоғыры» көрмесін ұйымдастырып, ата-аналар өз балаларының жұмыстары жайында әңгімелеп береді.<br>(Аналары балаларының қолын дымқыл орамалмен сүртіп отырады).<br>-Қандай тамаша, әдемі қызыл, сары жапырақтарды бейнеледіңдер, жарайсыңдар! Қане, балақайлар жасаған жұмыстарыңды қолдарыңа алып, бір-бірлеріңе көрсетіңдерші.<br>Аналары балаларыиен қоштасады. Тәрбиеші өлең жолдарымен жасалған іс-әрекеттерді қорытады.<br>Қызыл, сары, жасыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>О, Алақай, тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.<br>Тәрбиеші балалардың | ларын түсіндіру. Өлең арқылы әдептілік туралы өз ойларын ашып айтуға баулу. Әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Психалогиялық сәт.<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>«Қайырлы таң!»-деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>(Е.Өтетілеуұлы)<br>Кіріспе кезең.<br>2.Бүгінгі оқу іс-әрекетінде ақын<br>Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлеңді оқып беру.<br>Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлеңнің мазмұнын түсіндіру.<br>-Балалар, біз қандай болуымыз керек?<br>-Әдепті, жақсы балалар бар ма топта?<br>«Қалай амандасу керек?» ойыны.<br>Мақсаты: әдептілік ережелеріне баулу.<br>Ойын шарты: балалар жұптасып, сыртқы және ішкі шеңбер құрады. Педагогтың нұсқауы бойынша қарама-қарсы тұрған балалар бір-бірімен амандасады.<br>3.Қорытындылау: | үлкен үйдің макетін көрсете отырып педагог:<br>– Үй адамға не үшін керек?<br>– сауалымен әңгіме жүргізеді. Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді. Бейнетаспадан сәулетті ғимараттарды, үйлерді көрсетіп және олардың құрылысы туралы әңгімелеп түсінік беру.<br>Көптілділік компонент: менің үйім – мой дом – my house, үлкен үй – большой дом – big house.<br>2.Негізгі кезең Балалардың назарын 4-беттегі сюжетті суретке аудару. Педагог кейбір бір қабатты үйлерде қыста от жағатын пеш болатынын, ал ол пештің түтіні мұржадан шығатынын айтып түсіндіреді.<br>– Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған?<br>– Бүгін біз осындай үйді геометриялық пішіндерден құрастырып жапсырамыз.<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі. Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді.<br>1. Үйдің геометриялық пішіндерден тұратын бөліктерін жеке-жеке қиып аламыз.<br>Сергіту сәті. №6.<br>– Жұмысымызды жалғастырайық.<br>– Балалар, үйді қандай геометриялық пішіндерден жасадық? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әшекейлеуді;жақсы шыққан суреттерді көрмеге қоюды ұсынады.Тақияны қандай қандай ою-өрнектермен әшекейлеуге болатынын атап өтеді.<br>-Қылқаламды тік бағытта ұстап,геометриялық фигуралар арқылы тақияны сызып аламыз,сүйкей жағу әдісімен оңнан солға қарай бояймыз.<br>Педогог өткен оқу іс-әрекеттерін (гүл мен ағып жатқан суды салғандарын) балалардың естеріне түсіреді.<<Қызғалдақ>>,<<толқын>> оюларын салуды ұсынады.<br><<Тақия тастамақ>> ойынын ойнатады.<br>Ойым бар бір ойын бастамақ,<br>Аты оның <<Тақия тастамақ>>,<br>Айналып жүгіріп,жүгіріп,<br>Байқатпай ақырын тастамаймын.<br>Қазақтың ұлттық баскиімдері,ою-өрнектері аттарын атайды.<br>Ойынға белсене қатысады.<br>Қылқаламмен пішіні дөңгелек тақияның шетіне нүктелерінің көмегімен ою салып,нүктелер арқылы салынған өрнектерді бояумен әдемілеп бойяды.<br>Рефлексиялық түзетушілік<br>-Балалар,сендер бүгінгі оқу іс*әрекетіне өте белсенді қатыстыңдар.Жұмыстарың әдемі,ұқыпты болып шықты.Балаларды | дағдыларын дамыту.Өзара көмек сезімін тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жұмбақ жасыру.<br>1тапсырма: 2 цифрының сандар қатарындағы орнын анықтау.<br>2 тапсырма: олең оқу. Көп цифрлардың арасынан тек 2 цифрын ғана қоршап сызуды тапсыру.<br>Сергіту минуты: «Ойнақтаған ор қоян»<br>3 тапсырма: сопақшаның ең үлкенін жасыл қарандашпен , кішісін көкпен, ал ең кішкентайын қызыл түспен бояуды тапсырады.<br>4 тапсырма: қоянға жақын тұрған сәбізді бояу. Сәбізден қашық тұрған қоянды бояу.<br>Сұрақ- жауап арқылы талдап қортындылау. | көмегімен алақан арқылы салған түрлі жапырақтар суреті жайлы әңгімелеп, мадақтап, көрме ұйымдастырады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.Мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау. Балаларды топпен билеуге үйрету.<br>Муз. «Детский марш» П.Чайковский<br>Муз.амандасу жат.: «Сәлем деймін бәріңе!<br>Шат.шеңбері: «Қайырлы таң!»<br>Ән айту: «Биле сен»<br>Муз.тыңдау: «Марш», «Полька», «Вальс»<br>Би: «Үш турлі ырғақ»<br>Д\о: «Музыкалық лото» | Әдеп сақтап әмәнда,<br>Әрбір адал адамға.<br>Жасасақ бір жақсылық<br>Қайтарады саған да. | 3.Рефлексия. Педагог қорытындылап, балаларды мадақтайды. Үйдің түтін шығатын бөлшегін қалай атайды ?<br>4.Балаларға бір-бірінің жұмысын талдатып, бағалату.<br>– Мінеки, біз де еңбекқорлығымыздың арқасында әдемі үй жасадық. Жарайсыңдар!<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өзінің отбасы,жақы көретін адамдары,олардың жақсылығы мен қайырымдылығы,қызметтері мен қарым-қатынастары туралы әңгімелеуге,әңгімелесу барысында (амандасу,алғыс айту,қоштасу)әдептілік қарым-қатынас мәдениетімен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақарға жауап беруге,басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап,түсіне білу қабілеттерін дамыту.Отбасы мүшелеріне құрметпен,сыйластықпен карауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Үнтаспадан « жарығым», ботам, құлыным, күнім, деген сияқты жылы сөздер тыңдатылады.<br>-Балалар , қалай ойлайсыңдар, осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мақтап,мадақтап,жұмыстарын көрмеге іледі.<br>Балалар көрмеге ілінетін суреттерді өздері таңдайды.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Тәрбиеші-ұстаздар»**<br>**Мақсаты:**<br>Тәрбиешілерге деген құрмет пен сүйіспеншілікті ән арқылы жеткізу.<br>Музыкалық сипаттағы сабырлы әуеді,ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.Музыкадағы дыбыс биіктігін,ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету,ұлттық ою өрнек бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән тыңдау: «Ұстаз-ана»<br>Дау.жат.: «Бұғы тұрып үйінде терезеден қарайды»<br>Ән айту: «Тәрбиеші»<br>Д\о: «Қайтала» | | | | -Иә, балалар сендерге жылы сөздерді аталарың, аналарың, әке, әжелерің айтады екен.<br>-Ал , осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?<br>-Онда бүгінгі жиынымызда біз кімдер туралы әңгіме қозғайды екенбіз?<br>Педагог балаларға отбасы мүшелеріне байланысты сұрақтар қояды.<br>Педагог балаларды қалауы бойынша екі орталыққа бөледі.Бірінші орталықтағы балаларға отбасы бейнеленген суреттерді қарастырып,өздерінің отбасы мүшелерінің қызметтері мен қарым-қатынастары туралы айтып беруді тапсырады.<br>Екінші орталықтағы балаларға бірнеше қуыршақтарды пайдаланып, отбасы мүшелерін топтпастыру және олардың отбасындағы туыстық қарым-қатынасын анықтап айтып беру тапсырылады ( әңгімелесу ,барысында амандасу, қоштасу, алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайлыққа қатысты сөздерді пайданылыады.) |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№ 4**<br>**Күздің ерте, алтын, кеш келуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, | **№ 11**<br>**Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)**<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің | **№ 12**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы,күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»<br>Мақсаты: Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>Еңбек: Гүлзарда жұмыс.<br>Мақсаты: Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру. | бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын**:** «Кең қадам»<br>Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | айырмашылық белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар»<br>Мақсаты: Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Гүлбақшада жұмыс (жер қазу)<br>Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт»<br>Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>Еңбек:<br>Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу<br>Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-<br>12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-<br>12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-<br>12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-<br>13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-<br>15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** | 15.10-<br>15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. ( 2-3 минут) | Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) | Арқаның қалпын сақтауға арналған | Демалу жаттығулары: Жел соқты уууу уууу уууу | Тамақ ауруларын алдын алу: Тамағымызды тұзды сумен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | | Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз( 3- 4 рет) Төрт аяқтап тұрып шынтаққа тіреліп алақанымызбен иегімізді ұстап оң аяғымызды созу, сол аяғымызды созу, ( 3- 4 рет) | Арнайы жолдармен жүру. Отырып табанымызды сипалау. | жаттығулар. ( 2 минут) Ойын Тербеледі ағаштар екі қолымызды жоғары көтеріп оңға солға еңкею.<br>Жаңбыр жауды қолымызды жоғары көтеріп шапалақтау.<br>Жапырақтар жерге түсті тіземізді бүкпей еденге қолымызды тигізу. | Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш | шаю. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | №2.«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойын<br>Мақсаты: Балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту. | №4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді<br>Мақсаты: Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»**<br>**Тақырыбы: «Safety at home and road»**<br>**Мақсаты:** Ағылшын тілінде түстерді ажыратып, атауға үйрету. Сөздік қорын молайта отырып, есте сақтау қабілеттін дамыту. Балаларды достыққа тәрбиелеу.<br>**I. Greeting:**<br>- Good morning, Good morning<br>- Good morning, too you<br>- Good morning, Good morning<br>- I am glad see you!<br>- How are you children!<br>- I am good!<br>**II. New words:** red, blue, yellow, pink, purple, green, orange,black,white, brown **III. Refreshing moment:**<br>- What is it?<br>- It is apple, orange, pear, | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:** «Су және оның қасиеттері».<br>**Мақсаты:** Балаларға судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Балалардың ізденушілік-зерттеушілік әрекеттерін жетілдіру, дүниетанымын кеңейту. Қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, табиғи ортаның біртұтастығын түсіндіре отырып, экологиялық адамгершілік тәрбие беру.<br>**Барысы:**<br>Шаттық шеңбері №5.<br>Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру.<br>Тәжірбие: «Сиқырлы су»<br>Мақсаты: Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. | №6.«Жол полициясы» сюжетті рөлді ойын<br>Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы-заттарды қолдануға үйрету. Транспортшылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтарын тәрбиелеуге, олардың еңбек пен «инспектор-жүргізуші», «инспектор-жаяу кісі» өзара қатынасы арасындағы еңбек жағдайларда қала тіршілігіндегі маңызы туралы ұғымдарын бекіту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | banana<br>- What color is it?<br>- It is green<br>**VI. Бағалау, мадақтау**<br>**V. Қортынды:** «Good bye» өлеңін айту. | Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | |
| Жеке жұмыс | | Өмірзақ Алдиярға таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Серіков Арсенге қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Жаукенова Іңкәрға денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Елеусіз Надирге әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Жаналин Алиге қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 4**<br>**Күздің ерте, алтын, кеш келуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы,күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»<br>Мақсаты: Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>Еңбек: Гүлзарда жұмыс.<br>Мақсаты: Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру. | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін кұрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын**:** «Кең қадам»<br>Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек | **№ 11**<br>**Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)**<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айырмашылық белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар»<br>Мақсаты: Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Гүлбақшада жұмыс (жер қазу)<br>Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек | **№ 12**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт»<br>Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>Еңбек:<br>Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құралдарын жинауға үйрету. | көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | істеуге тәрбиелеу. | тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналарға кеңес: «Тұмаудан сақтану жолдарына байланысты» | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. | Ата – аналарға кеңес: Баланы жыл мезгіліне байланысты киіндіру жөнінде, айтып өту. | Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Демалыс күндері күн тәртібін ұстанулары туралы әңгімелесу. |

**Циклограмма**
**Төртінші апта (21-25 қазан 2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Баланың көңіл күйі сұрақ-жауап Мақсаты:балалардың көңіл күйін бақылау. Жақсы көңіл күй сыйлау. | Саусақ ойыны: Бір үйде біз нешеуміз?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атай білуге дағдыландыру. | Отбасы туралы әңгімелесу. Мақсаты: Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. | Баланың көңіл күйі сұрақ-жауап Мақсаты:балалардың көңіл күйін бақылау. Жақсы көңіл күй сыйлау. | «Кім қайда жұмыс істейді?» әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың отбасы мүшелерінің қайда жұмыс жасайтындарын айтып беру арқылы,ой-қиялын дамыту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №4** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:** Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық Сабын, суды аямай, Тазалықты ұғайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Саусақ ойыны: Бір үйде біз нешеуміз?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атай білуге дағдыландыру. | Ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту. | Өлең айту: «Күз келді» Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсініп,мәнерлеп айтуға үйрету. | Ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту. | «Сұр қоян» әнімен қимылдар жасау. Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеру арқылы оқу қызметімен таныстыру. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің жанұям»** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орамал» Мақсаты:** Алақаны мен | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты:** Өлі табиғаттағы | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті орамалдару»** | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| оқу қызметі | | **Мақсаты:** Баланың жанұя туралы ой-өрісін дамыту.Жанұядағы адамдарды сыйлап,үлкенге құрмет,кішіге ізет бола білуге тәрбиелеу.Жанұядағы адамдардың аттарын дұрыс айту және олардың жұмыс орнын білуге үйрету.Сыпайы сөйлеу мәдениетін меңгерту.Туыстарын сыйлауға,бауырмалдық туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңберін құру. Ә.Қонарбаевтың «Бала, бала, балақан» әні<br>1.Әңгіме жүргізу.<br>-Балалар, біздің шаттық шеңберіміз неге ұқсайды?<br>-Иә, біздің шаттық шеңберіміз киіз үйге ұқсайды. Жоғарыдағы күмбез шаңырақ деп аталады. Шаңырақ- отбасының белгісі. Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді, себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын адамдар тобы.Отбасы мүшелері: әке, ана және олардың балалары.Отбасының болуы- үлкен бақыт.Барлығымыз бірге қайталайық.<br>Отбасы – ол бақыт,<br>Отбасы – ол ата-анаң,<br>Отбасы – туыстарымыз,<br>Отбасы – ол шаңырақ. | табанына сүйеніп төрт аяқтап еңбектеуді, еңбектеген кезде көтерілген заттың биіктігін ескеруді үйретуді жалғастыру, ептілікке баулу. Допты төменнен жоғары қарай саусақпен оп-оңай итеру және допты заттардың арасымен домалатқан кезде бағытын өзгерту қабілетін нығайту. Әлеуметтік ортада дұрыс байланыс орнату, төзімділік қабілеттерін дамыту, қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Бір қатар сапқа тұру.<br>2.Сәлемдесу.<br>(Нұсқауларды орындау)<br>Арнаулы жаттығулар:<br>-тізбекпен жүру;<br>-қол жоғары,аяқтың ұшымен жүру;<br>-қол белде,аяқтың өкшесімен жүру;<br>-баяу жүгіру;<br>-жай жүріспен жүру.<br>Жалпы даму жаттығулар:<br>«Балалар –мысықтар»<br>1. «Табанды» -алақанды, қолымызды жылытып алайық»<br>2. «Алақаныңды көрсет»<br>Б.қ.: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О: алақанда төмен қаратып, қолды алға созу: «алақаныңды көрсет».<br>Алақандарымыз тығылып қалды (қолды артқа апару) | күзгі құбылыстар (жауын-шашын, ауа температурасы, судың жағдайы), күз мезгіліндегі өсімдіктердің жағдайы және оның себептері туралы білімдерді қамтитын күз туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік етуі қоршаған ортаның жағдайына тәуелді екені туралы білімдерін нақтылау. Күзгі еңбек туралы білімдерін нақтылау. Қойылған сұраққа ойланып жауап беруді дамыту,өзінің пікірін дәлелдеуге үйрету.<br>туралы, аспанға қарап, ол туралы әңгімелеп берулерін сұрайды.<br>Аспанды сұрғылт, ауыр бұл ттар<br>қаптағанын айтады.<br>Мұндай бұлттарды Қара дейміз.<br>Бұлттар не істеді?<br>(Күнді жауып тастады).<br>Балалар,<br>қалай ойлайсыңдар, күн көңілсіз бе?<br>Балалардың «бұ лыңғыр»,<br>«түнерген», «суық» деген сөздермен сөздік қорларын толықтырады.<br>«Жапырақтардың төгілуі» түсінігі туралы түсінік береді.<br>Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.<br>Түрлі түсті қағаз майлық қиындыларымен толтырылған бөтелке мен түтікшелер таратып береді. | **Мақсаты:**Басына қап қойып, жіпті бойлай жүруге үйрету (дене сымбатының бұзылуының алдын алу). Еңбектеген кезде қол мен аяқтың жұмысын үйлестіре білу қабілетін нығайту, таяқшаның астынан еңбектеп өткен кезде оған денесін тигізбеуді үйрету; ептілік қабілетін дамыту. Жылдамдықпен оңға және солға бұрылып секіруге жаттығу. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Бір қатар сапқа тұру.<br>2.Сәлемдесу.<br>(Нұсқауларды орындау)<br>Арнаулы жаттығулар:<br>-тізбекпен жүру;<br>-қол жоғары,аяқтың ұшымен жүру;<br>-қол белде,аяқтың өкшесімен жүру;<br>-баяу жүгіру;<br>-жай жүріспен жүру.<br>Жалпы даму жаттығулар:<br>«Балалар –мысықтар»<br>1. «Табанды» -алақанды, қолымызды жылытып алайық»<br>2. «Алақаныңды көрсет»<br>Б.қ.: қолды төмен түсіріп, түзу тұру. О: алақанда төмен қаратып, қолды алға созу: «алақаныңды көрсет».<br>Алақандарымыз тығылып қалды (қолды артқа апару)<br>3. «Алақандарымызбен бұлғайық». Б.қ.: аяқ сәл алшақ қойылып, қол | **«Достармен бірге ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ м Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын<br>дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыру. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру.<br>Балаларды тыныштандырып, зейіндерін сабаққа аударту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Балаларды далаға алып шығу<br>Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – Әр адамның өз үйі болады. Онда оның отбасы мүшелері тұрады. Олар: ата, апа, әке, ана, әпке, аға, іні, қарындас т.б.<br>2. Сергіту сәті: Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңімен орындалады.<br>3. Суреттпен жұмыс. Отбасы бейнеленген суреттен оныңмүшелерін айтқызу.<br>– Мына отбасында ат, әже бар екен, балалар, тағы кім бар екен ?<br>– Төрде кім отыр?<br>– Дұрыс айтасыңдар. Атаның оң жағында әже шай ішіп отыр.<br>– Шайды кім құйып беріп отыр?<br>– Барлығымыздың үйімізде анамыз, әкеміз, атамызбен әжеміз бар гой?<br>4. Үлестірмелі материялмен жұмыс. «Менің отбасым» Берілген суреттің ішінен (анасын) отбасы мүшелерін табу.<br>– Отбасы мүшелерін сыйлау керек. Үлкеннен бұрын сойлемейміз. Жол береміз. Үлкенге ізет, кішіге қамқорлық корсетеміз.<br>5. Ойын: Кім тез табады? Шарты: текшеде отбасы мүшелерінің суреті корсетілген. орындалады.<br>6. Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде оқып, | 3. «Алақандарымызбен бұлғайық». Б.қ.: аяқ сәл алшақ қойылып, қол шынтақтан бүгулі. Алақандарымызбен бұлғау (бүгулі қолды жоғары көтеру, төмен түсіру)<br>4. «Алақаныңды көрсет». Б.қ: қолды белге қойып, түзу (тік) тұру. О: тізеден бүгілген оң және сол аяқты кезек-кезек көтеру(арқаны түзу ұстау)<br>5. «Мысықтар ұйықтап жатыр». Б.қ.: қолды тұлға бойы созып ұстап, қырынан жату. «Мысықтар тоңып,ұйықтай бастады» -тізені қарынға қарай тартып, қолымен қапсыра ұстау. «Мысықтар оянды» - еркін қимыл –қозғалыс жасау.<br>6. «Мысықтар серуенде». Жүру,жеңіл жүгіріс. Басты төмен түсірмей,көтере ұстау. Тыныс алу: «Үлкен болып өсеміз» қимыл-қозғалысы аз жаттығуы: қолды шетке сөзып жоғары көтеру, төмен түсіру<br>.Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>1.Бір қатармен баяу және жылдам жүру. (Педагогтің соңынан бір қатармен ілесіп жүру).<br>2.Орында тұрып қос аяқпен секіруді көрсетеді,яғни «Доптар» | 3.Сергіту сәті<br>Педагог балаларға «Менің достарым» ойынын ойнауды ұсынады: балаларға карточкалар таратып, оның қызметін, атауын айтады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Би билейміз тамаша»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. әр түрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жат.: «Қадам бас!»<br>Жаттығу: марш, полька, вальс ырғақтары<br>Дау.жат.: «Динь-дон»<br>Ән айту: «Кел, билейік»<br>Д\о: «Музыканы қайда күтеді» (Презентация) | шынтақтан бүгулі. Алақандарымызбен бұлғау (бүгулі қолды жоғары көтеру, төмен түсіру)<br>4. «Алақаныңды көрсет». Б.қ: қолды белге қойып, түзу (тік) тұру. О: тізеден бүгілген оң және сол аяқты кезек-кезек көтеру(арқаны түзу ұстау)<br>5. «Мысықтар ұйықтап жатыр». Б.қ.: қолды тұлға бойы созып ұстап, қырынан жату. «Мысықтар тоңып,ұйықтай бастады» - тізені қарынға қарай тартып, қолымен қапсыра ұстау. «Мысықтар оянды» -еркін қимыл –қозғалыс жасау.<br>6. «Мысықтар серуенде». Жүру,жеңіл жүгіріс. Басты төмен түсірмей,көтере ұстау.<br>Тыныс алу: «Үлкен болып өсеміз» қимыл-қозғалысы аз жаттығуы: қолды шетке сөзып жоғары көтеру, төмен түсіру<br>.Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>1.Бір қатармен баяу және жылдам жүру. (Педагогтің соңынан бір қатармен ілесіп жүру).<br>2.Орында тұрып қос аяқпен секіруді көрсетеді,яғни «Доптар» жаттығуының орындалуын түсіндіреді, көрсетеді.<br>«Маған қарай жүгіріңдер»ойыны:<br>1.Ойын шартын түсіндіру.<br>2.Балалармен бірлесе ойнау.<br>Қорытынды бөлім.<br>1.Балаларды | жалпы дамытушы жаттығуларды жасату.<br>1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру<br>2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру<br>3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру<br>2. 2 қолды алдына апару<br>3. 2 қолды жанына апару<br>4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу<br>5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру<br>6. Терең дем алу<br>Балаларға аяқ ұшымен, сыртқы және ішкі жағымен жүруді, сапта жеке, жұппен, қолды жоғары, төмен жан-жаққа созып жүруді үйрету.<br>Ойын «Аққу- қаздар». Балаларға ойын шартын түсіндіру. Бір бала түлкі, қалғандары аққу- қаздар болады. Аққу- қаздар далада жайылып жүреді, «түлкі келе жатыр»,- дегенде аққу- қаздар қашады. Түлкі аққу-қаздары ұстап алуы керек. Ойын осылайша Балалар сапта түзу тұрып жүруді үйренеді, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтаужалғаса береді.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Көшедегі үйлер»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үйренгендерін пысықтайды.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бидай масақтары»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру.Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету.Астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларға астық жинап жүрген техника түрлерін, егін, диірмен суретін көрсетіп, олар жайлы әңгімелетіп болған соң үлгіге талдау жасайды.<br>-Балалар, нан туралы, бидай туралы қандай тақпақтар, мақал-мәтелдер білесіңдер?<br>Педагог күз мезгілін еске түсіріп, неліктен күзді «алтын күз», «күз жомарт» деп атайтынын талдайды.<br>Астық жинап жатқан суреттегі диқаншыларды көрсетіп, олардың немен айналысып жүргенін айтады.<br>-Балалар,суретте диқаншылар бидай жинап жатса, біз ақ қағаз бетіне бидай масақтарын салайық.<br>Бидай масақтарын салу үшін, ақ қағаз бетіне жоғарыдан төменге қарай ұзын бидай масағының | жаттығуының орындалуын түсіндіреді, көрсетеді.<br>«Маған қарай жүгіріңдер»ойыны:<br>1.Ойын шартын түсіндіру.<br>2.Балалармен бірлесе ойнау.<br>Қорытынды бөлім.<br>1.Балаларды мақтап,мадақтау.<br>2.Жүріс түрлерінің дұрыс орындалуын бақылау.<br>3.Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Золотая осень»**<br>**Цели:-** рассказать об осенних изменениях в природе. Дать понятия на русском языке «ранняя» и «поздняя осень», «листопад». Сформировать обобщенное представление о приспособляемmости птиц и насекомых к сезонным изменениям в природе. Учить детей употреблять в речи на русском языке антонимы; - обогащение и активизация словаря, развитие долговременной памяти, совершенствование лексико- грамматический строй речи; развитие связной речи, слухового внимания;<br>- воспитывать желание радоваться красоте осенний природы, | | мақтап,мадақтау.<br>2.Жүріс түрлерінің дұрыс орындалуын бақылау.<br>3.Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әдепті баламыз»**<br>**Ғ. Өкеев**<br>**Мақсаты:** Өлеңнің мазмұнымен таныстыру. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталату арқылы жаттату.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**а)** Балалардың сабаққа қатысуларын және оқу құралдарын тексеру.<br>**ә)** Т-ны еске түсіру (тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық)<br>**«Сиқырлы табақша»** тренингі арқылы балаларды топтастыру. (табақшада жүрекшелер, күн шуағы, көк аспан болады. Сол себепті балалар үш топқа бөлінеді.)<br>**2.Әңгімелеу. «Әдепті бала»** ойдан шыққан оқып беріп, талқылау.<br>Әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Айдос пен Арман дос еді. Айдос әдепті бала, тілалғыш, ұқыпты, шыншыл, қарапайым, еңбекқор, адал, Арман болса әрдайым өз қулығын асырып, пайдасын ойлайды. Айдос кездескен адамдардың бәрімен амандасады, қоштасады. Әрдайым таза жүреді. Автобуста үлкендерге, жасы кішілерге орын береді. | **Мақсаты:** Ұжымдық жұмыс дағдысын қалыптастыру, көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету; архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық релаксация: педагог пен психолог «Көшедегі үйлер тақырыбына музыка әуенімен психологиялық жаттығу жасатады. Әдемі, үлкен үйдің макетін көрсете отырып педагог:<br>– Үй адамға не үшін керек?<br>– сауалымен әңгіме жүргізеді. Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді. Бейнетаспадан сәулетті ғимараттарды, үйлерді көрсетіп және олардың құрылысы туралы әңгімелеп түсінік беру.<br>Көптілділік компонент: менің үйім – мой дом – my house, үлкен үй – большой дом – big house.<br>2.Негізгі кезең Балалардың назарын 4-беттегі сюжетті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналарға кеңес: «Тұмаудан сақтану жолдарына байланысты» | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. | Ата – аналарға кеңес: Баланы жыл мезгіліне байланысты киіндіру жөнінде, айтып өту. | Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Демалыс күндері күн тәртібін ұстанулары туралы әңгімелесу. |

**Циклограмма**
**1-апта (04.11-08.11.2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру.Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.Шығармашылықтары мен ойлау,қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Сұрақ-жауап: «Тез ойлап жауап бер» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. | Әңгіме жүргізу: «Маған керек дәрумен» Мақсаты: Үстел үстіндегі суреттерден дәрумендері бар,денсаулыққа пайдалы деген суреттерді тауып ажырата білуге талпындыру. | Дәрумендердің пайдасы туралы әңгімелесу. Мақсаты: Дәрумендердің пайдасы туралы түсінік беру. | Дәрумендер туралы сурет бойынша әңгіме жүргізу. Мақсаты: Жемістер мен көкөністердің дәрумендерге бай екендігін жеткізе білу. | Досың туралы әңгімелеп бер. Мақсаты: Балалардың өз ойларын еркін жеткізуге үйрету. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 5** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын жаттығу:<br>Біз санайық санамақ<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы<br>Балан үйрек жалғасы. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. | Ойын ұйымдастыру: «Дәмін татып,атын айт» Мақсаты: Балалардың дәм сезу қабілетін арттыру. | Сұрақ-жауап: «Дәруменге бай алма мен алмұрт» Мақсаты: Күзде пісетін жемістер туралы түсініктерін кеңейту. | «Менің үйім» тақырыбында балалармен әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балаларды өз үйлері туралы әңгімелеуге үйрету. | Көкөністер жайлы бейнеролик тамашалау. Мақсаты: Көкөністердің атауын оның адам өміріне пайдасы туралы түсінік беру. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қонжық бізде қонақта» (Сахналау) Мақсаты:** Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға,кейіпкерлер | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойна әрі шымыр бол!» Мақсаты:** Допты екпінмен итеріп, доптың қозғалыс бағытын сақтауға үйретуді жалғастыру. Секірген кезде | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары » Мақсаты:** Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді құртақандар» Мақсаты:** Допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгіп, сәл ғана | **Дене шынықтыру(таза ауада) Тақырыбы: «Жіппен ойнаймыз» Мақсаты:** Жерде жатқан жіптің үстімен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстар көркемдігіне көңіл аударуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.Ізеттілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Күз мезгілі сендерге ұнай ма?<br>– Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Күз мезгілінің соңғы айы қарашада табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Иә, балалар, қараша айында жабайы жануарлар оның ішінде аю қонжығымен қысқы ұйқыға дайындалады.<br>– Сендер аюдың баласын қалай атайтынын білесіндер ме? (Қонжық)<br>Ғажайып сәт: Қуыршақ театрындағы қонжықтың келуі. (Әуен ойналады. Қонжық кіреді, қолында балы бар).<br>Қонжық: Сәлем, балалар!<br>Педагог: Сәлеметсіз бе, қонжық! (Сәлемдеседі).<br>– Қонақ келгенде біз қандай ізгі сөздерді айтушы едік?<br>– Қош келдіңіз! Төрлетіңіз!<br>– Балалар, біз қонағымызға өз өнерлерімізді көрсетейік, ормандағы қонжықтың | аяқтың қалпын кезекпен ауыстыру қабілетін жетілдіруді жалғастыру. Кішірейтілген алаңмен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету, жүрген кезде басты дұрыс ұстай білу қабілетін дамыту, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдап,жаттығуларды тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Бала біткен соғады,<br>Жеңіл шарды домалақ.<br>Ұрсаң<br>Ұшып жоғары,<br>Жерге түсер домалап.<br>(Доп)<br>Допты көрсетеді.<br>II. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден тізбекке тұру, жүру, жүгіру; доппен жасалатын реттеу жаттығулары (допты оң қолға ұстап), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асырып ұстайды, өкшесімен жүру – допты алдына шығарып ұстайды.<br>Шеңберге тұру.<br>Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Жаттығулардың дұрыс орындалуына, дене сымбатының сақталуына назар аударады.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:<br>1. Допты 2 метр қашықтықтан қақпаға домалату. Балалардың | жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Педагог проблемалық жағдаят арқылы оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастырады.<br>Сұр қоян (Т.Бердияров)<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің.<br>Төлдер (Ж.Өмірбеков)<br>Қошақаны қойдың,<br>Қайда қалып қойдың?<br>Бұлтиып тұр бүйірің,<br>Қай өрістен тойдың?<br>Секең-секең, ей, лақ,<br>Жүрмін саған кейіп-ақ.<br>Тыныш тапсаң болмай ма,<br>Секірмей-ақ кей уақ!<br>Ботақаны нардың,<br>Жарға неге бардың?<br>Тілерсегің дірілдеп,<br>Секіре алмай қалдың!<br>Педагог балалардан өлеңде қандай жануарлар туралы айтылатынын сұрайды.<br>Алда оқу қызметіне дайындайды.<br>2.Негізгі кезең<br>Суретті қарастырып, | биікке секіру жаттығуларын ырғақпен орындау қабілетін нығайту. Басына құм салынған қапшық қойып жіпті бойлай жүруге жаттығу, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту, әдемі жүріске дағдыландыру. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа,әдептілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойын. Балаларға ойыншық құртақанды көрсетеді.<br>«Ақшақыз және жеті құртақан»<br>ертегісіндегі кішкентай құртақандарға айналуды ұсынады.<br>II. Негізгі кезең.<br>Тізбекке тұру. Кәдімгі жүріспен жүру, бір-бірден тізбекте жүгіру; реттеуші жаттығулар<br>– аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы жағымен жүру.<br>Екі тізбекке тұру. Ойын түріндегі жаттығулар кешенін орындау.<br>Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету.<br>Мұрынмен демалу қабілетін бақылап отыру.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:<br>Бір орында секіру.<br>Балалардың назарын тізені ақырындап бүгу қажеттігіне аударады.<br>Допты жоғары лақтыру | жүру және биіктікке секіру дағдыларын қалыптастыру. Сапта қатарды бұзбай ырғақпен жүру және жүгіру қабілетін қалыптастыруды әрі қарай үйрету. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау қабілетін дамыту. 40 см биіктікке тартылған жіптің астымен еңбектеп өту арқылы балалардың бойында илгіштік және ептілік сынды қасиеттерді дамыту. Дербестікке, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Мына сұлу әлемде<br>Адам өмір сүреді.<br>Үлкен менен кішіге<br>Күн сәулесін төгеді.<br>Балалардың назарын жіпке аударады. Оны қалай пайдалануға болады?<br>II. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, өзгелермен үйлесімді қимылдау.<br>«А» дыбысын шығару арқылы жасалатын тыныс алу гимнастикасы.<br>Шығарылатын демнің көлемін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | достарының жүрісін, дауысын салайық.<br>Қонжық қуанып қалсын.<br>Суреттерді көрсету арқылы сол аңның бейнесін сомдайды.<br>Мысалы:<br>Кі-кі-кі-түлкі – бұлаңдайды.<br>Ыр-ыр-ыр-қасқыр – ырылдайды.<br>Ян-ян-ян-қоян – секіреді.<br>34<br>«Аю» өлеңін оқып беру.<br>Тауға шықсам – қалың қар,<br>Сайға түссең – қалың қар,<br>Шырша үсті қалың қар,<br>Байқаңдар, қар астында<br>Ұйықтап жатқан аю бар.<br>(И.Токмакова)<br>Балалар педагогпен бірге қайталап, қонжықпен бірге жаттап алуға тырысады.<br>– Қонжық, анаң сені еркелетеді ме?<br>Қонжық:<br>Әрине,«Қорбаңдаған қонжығым», – деп еркелетеді.<br>Сергіту жаттығуы.<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>(Қорбаңдаған аюдың қимылын жасайды).<br>Дидактикалық ойын:«Қайсысы нені жақсы көреді?»<br>Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.<br>Шарты:  Сөйлеуді | назарын допты саусақтардың күшімен итеру керектігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтау<br>қажеттігіне аударады.<br>2. Секіру: бір аяқты алға – екіншісін артқа қойып секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Шапалақта-секір».<br>3. Тепе-теңдік сақтау – қос сызықтың ортасымен жүру. Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен<br>жүріп өт». Нұсқау – жолдың шетіне шығып кетпеу, дене сымбатын сақтау.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тоннельге еңбектеп кір». Ойынның тәртібін түсіндіру. Ең шапшаң әрі батыл балаларды ынталандыру.<br>Билингвалды компонент: тоннельге еңбектеп кір – проползи в тоннель<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең:<br>Қимылы аз ойын: «Даусына қарап таны»<br>Мақсаты: Бір-бірінің даусын ажырата білуге үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2,3 цифрлары.Биік-аласа»**<br>**Мақсаты:** 1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай үйретуді жалғастыру.Таныс | сұрақтарға  жауап  беруін сұрайды:  Жануарлар қайда тіршілік етеді? Кез келген жануардың – үй жануарының да,<br>жабайы жануардың да тұрағы әртүрлі аталуы мүмкін екеніне назар аударады.<br>Далада, орманда, өз бетімен  тіршілік ететін, қорегін өзі  табатын жануарларды жабайы деп атайтынын түсіндіреді. Ал адамның қасында өмір сүретін, адам қамқорлық жасайтын<br>жануарлар үй жануарлары деп аталады.  Әңгіме барысында үй жануарларының өз бетімен<br>табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсінеді, себебі олар өздеріне тұрақ жасап  ала алмайды,<br>өзіне  қоректі  өз  бетімен тауып,  жауларымен, табиғат  жағдайларымен күресе  алмайды.<br>Жабайы  жануарлар адамның  қасында  тұра алмайды,  себебі  олар адамнан  қорқады,  етті көп жейді, жабайы жануарлардың тіршілік ету талаптары (қыста ұйқыға кету, түнде жорту<br>т.б.) адам өмірімен сәйкес келмейді.<br>Өзекті  сұрақ:  Үй жануарлары  мен  жабайы жануарлардың ұқсастықтары  мен айырмашылықтары қандай?  Ит  пен қасқырдың | және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және<br>көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Түсірмей алып өт».<br>Балалардың табанды жіпке қойып, тепе-теңдік сақтауына, денені тік ұстауына назар аударады.<br>Ойын ұйымдастыру: «Балапандар». Ойынның тәртібін түсіндіреді.<br>Тізбекке шапшаң тұрып, тізбектеліп жүру қажеттігіне назар аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең<br>«Қатып қал!» ойыны: бір-бірден тізбекте жүру, тапсырманы орындау.<br>Жүргізуші рөлін орындау, нұсқау беру.<br>Педагог құртақандарды балаларға айналдырады.<br>Құртақан балалармен қоштасады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:  «Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** Бұл қай кезде болады өлеңімен таныстыру. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білуге үйрету. Сурет арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:** | арттыру  үшін дауысты  дыбысты созып  айту ұсынылады.<br>Мысалы, жіп тарқатылып біткенше немесе серіппе созылғанша т.б.<br>Екі ұшы бір-біріне байланған жіптің көмегімен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Балаларды шеңбер бойына орналастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге тұр».<br>Аяқтың ұшымен жүру – өкшені жоғары көтеріп, денені тік ұстап әдемі қимылдау.<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>Тепе-теңдік жаттығулары – иректеп тасталған жіп бойымен жүру.<br>Табанды жіпке қою қабілетін, шеңбердің аумағынан шықпауын бақылау.<br>40 см биіктікке тартылған жіптің астымен еңбектеп өту.<br>Нұсқау – жіпке бастарын тигізіп алмас үшін тығызырақ топтасып өту қажет.<br>Жүгіріп келіп 4-адымнан қос аяқтап жоғары секіру. Ойын: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту дәптерімен орындалады. Суретте берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу.<br>Мысалы: мысық – сүт, ит – сүйек, тауық – тары, лақ – шөп.<br>Дәптердегі жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп<br>ойнату. Суреттерді бір-бірімен сәйкестендіреді.<br>3.Қорытынды кезең:<br>Қонжық:<br>– Балалар, енді мен қайтайын, мені анам іздеп қалар, апаныма түсіп, ұйқыға жатуым керек. Қыс мезгілі де келе жатыр. Мына балдан ауыз тиіңдер! Өзім жинаған бал. Сендермен бірге тақпақ жаттадым, жаттығу да жасадым, ойнадым. Сендерге көп рақмет! Көктем мезгілінде тағы да қонаққа келемін. Сау болыңдар!<br>– Сау болыңыз.<br>– Қонжық, саған тәтті ұйқы тілейміз!<br>Балалар қонжыққа шырша бүрлерін сыйға тарту етеді.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күз бейнесі»**<br>**Мақсаты**: Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету. Табиғат құбылыстарын бейнелеуге дағдыландыру.Отанды,табиғатты қорғауға | заттарды биіктігіне қарай (биік-аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау.Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Үстелде 1-ден 10-ға дейінгі сандар жатыр.<br>Педагог таныс цифрды тауып, ол туралы өлең оқып беруді өтінеді.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Педагог балаларға 3 цифрына сәйкес келетін заттарды бояуға тапсырма береді.<br>Балалардан сұрайды:<br>–Неше торсықты боядыңдар?<br>–Қанша кесені боядыңдар?<br>2-тапсырма.<br>Пішіндерсанына сәйкес келетін цифрды нүкте бойынша бастырып сызуға тапсырма береді.<br>Балаларға сұрақ қояды:<br>– Дөңгелектердің астындағы қандай цифрларды сыздыңдар?<br>–Ал шаршының астындағы қандай цифрды бастырып сыздыңдар?<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды:<br>–Бағандардың түсі қандай?<br>Қайсысы биік (аласа)? Оны қалай білеміз? | айырмашылығын айтуды ұсынады.<br>Педагогтің ақпаратын тыңдайды, орман мен даладағы аңдардың өмірі туралы өздері<br>білетін фактілерді қосады.<br>Қыста жабайы жануарлар қатты қиналады. Себебі олар тоңады, қорек табуы да қиын. Қояндар қыста аппақ киім киінеді, бұл оларды қасқыр мен түлкілерден, аңшылардан қорғайды, аппақ қарда олар байқалмайды, ал жазда қоянның<br>терісі бұта мен шөп арасында көрінбейді, себебі сұр түске ауысады. Аю қыста апанында ұйықтап жатады, жазда орманда аң аулап, қорегін табады. Тиіндер ағаштардың басында, бұтақтан-бұтаққа секіріп, қарағайдың бүріндегі дәндерді жейді, жаз бойы жинап, қуыстарға тығып қойған қысқы азығын – жаңғақтарды, жидектер мен саңырауқұлақтарды жейді. Түлкі де аң аулайды, ол тышқан інін іздеп, тапса, олай-былай жүгіріп, оларды інінен шошытып шығарады. Қасқыр да аш болады. Аңдардың бәрі індеріне тығылып қалған, қасқыр үшін аң аулау қиынға түседі.<br>Педагог балаларды дидактикалық ойынға шақырады: «Егер ол ..., онда бұл қай жануар?»: қасиет немесе | Жылулық шеңбері №6<br>Жылулық шеңберін жасайды.<br>Іздену ұйымдастырушы.<br>Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Бұл қай кезде болады?».<br>Жыл мезгілі төрт мезгілден тұрады. «Қыс»,‹Көктем›, «Жаз»,‹Күз›. Қыста күн суытады.Боран болады. Көктемде күн жылынады. Айнала көк майса болады.Ағаштар бүршік жарады.т.б.Көктем туралы өлең оқып береді.<br>Жер көгерді дегдіді,<br>Жасыл барқыт жамылып.<br>Бәйшешегі түрленді,<br>Иіс майын жағынып.<br>Қарды ерітіп өкпек жел<br>Қақты көктеп қоңырауын.<br>Мұз аралас ақты –сел,<br>Жауып жердің омырауын.<br>«Төрт мезгіл» ертегі оқып беру.<br>Ойын «Кім тапқыр?»<br>Суреттен мезгілдерді тапқызу.<br>Сергіту сәті №6<br>Жұмбақ шешейік.<br>Бір ағаштың он екі бұтағы бар.<br>Әр бұтақта отыздан жапырағы бар.<br>Жапырақтың бір жағы ақ,бір жағы қара.<br>( Жыл,ай,отыз күн,күн мен түн.)<br>2.Табаныма байладым,<br>Қос таяқпен айдадым<br>(Шаңғы)<br>3.Төгіліп жерге ақ моншақ,<br>Ғайып болды сол шақта-ақ.<br>(Бұршақ)<br>Мақал-мәтелдер жаттап үйренейік. | «Қоңырауды сыңғырлат».<br>Түсіндіру – жіпке дейін 4 адым жасап, еденнен екпінмен итерілу, қолын қоңырауға тигізу.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең<br>Ойын: «Түсіріп алма!»<br>Жіппен ойнау қызық екенін және оның кез келген үйден табылатынын атап өтеді. Үйде,<br>далада достарымен ойнауға болатынын айтады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Күз туралы кіріспе әңгіме:<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?<br>- Қазір күз мезгілі екенін қайдан білуге болады?<br>- Күзде құстар неліктен жылы жаққа ұшып кетеді?<br>Балаларға М.Әлімбайдың «Сары жапырақтар жауғанда» өлеңін оқып естеріне түсіремін<br>- Өлеңдегі күзгі жапырақты әңгімелеп беруді ұсынамын<br>- Күзде жапырақтардың түсі неге сары болады?<br>- Неліктен?<br>- Балаларға күз мезгілін бет пішіндерінен білдіруді ұсынамын (күн ашық, күн бұлтты, күн суық, көңілсіз, суық жаңбыр жауып тұр, жел тұрды, аспанды сұр бұлт қаптаған, аспан ашық-күн шуағын шашып тұр.<br>- Міне, осы құбылыстардың барлығы күз мезгілінде болады.<br>Енді, қағаз бетіне осы күз мезгілін бейнелейміз.<br>Балаларды ағаштарды бейнелеуге үйретеді.<br>Акварельмен сурет салу қабілеттерін бақылайды.<br>Қиынсынған балалармен жеке жұмыс<br>Сергіту сәті №12<br>Қорытынды: | 34<br>Содан кейін сол қолға аласа бағанды, ал оң қолға биік бағанды алуды сұрайды.<br>Педагог 3-4 баланы шақырып, олардан қай қолындағы бағанның биік, ал қай қолындағы баған аласа<br>екендігін сұрайды.<br>Содан соң биік бағанға шырша, ал аласасына саңырауқұлақ салыңдар деген тапсырма<br>береді.<br>Сергіту сәті<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан бір қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>3-тапсырма.<br>Педагог суретте қандай үйлер салынғанын сұрайды. Балалар «биік – аласа» деген<br>сөздерді қолданып үйренеді.<br>Балалардан биік үйдің қасына аласа ағаш, ал аласасының қасына биік ағаштың суретін<br>салуды сұрайды.<br>Демонстрациялық материалдың №5 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.<br>4-тапсырма.<br>Педагог балаларға өлең оқып береді:<br>Үй жанында байланған,<br>Бар ғой әсем күшігім.<br>Бұлғаңдатып құйрығын,<br>Күзетеді үйшігін. | қызметті атайды.<br>Аталған қызметті атқаратын немесе аталған қасиеті бар жануарларды көбірек атауға тырысады.<br>П: Егер ол сүт берсе, ол қандай жануар?<br>Б: Сиыр, түйе, жылқы, ешкі...<br>Әліппе-дәптердегі тапсырманы орындауды ұсынады: «Сиыр адамға қандай пайда әкеледі?» Май, ірімшік, сүт, сүтсірне, балмұздақ т.б. атайды.<br>«Әр жануарды баласымен қос» ойынын ойнауға шақырады.<br>Ешкі – лақ;<br>Қоян – көжек;<br>Сиыр – бұзау;<br>Жылқы – құлын;<br>Ілбіс (барыс) – мәулен;<br>Қасқыр – бөлтірік;<br>Қоян – көжек.<br>Барлық жануарлардың баласы болатынын, үй жануарларының баласын төл, анасын енесі<br>деп атайтынын түсіндіреді. Көптеген жануарлардың балалары өте әлсіз болып туады, алғашқы уақытта олар енесінің қасында болады.<br>Жануарды баласымен сызық арқылы қосуды ұсынады.<br>Сергіту сәті №16<br>Өзекті сұрақ: Тышқан қандай жануар? Үй жануары ма, жабайы ма?<br>Балаларға сұрақтар қойып, олардың ой-пайымдауларын | 1.Қыс азығын жаз жина.<br>2.Көктемде түскен бір дән.<br>Күзде мың дән болады.<br>3.Қыс қарлата келеді,<br>Көктем жауындата келеді.<br>Қорытынды: Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br>Сұрақ-жауап арқылы оқу-іс әрекетті қорытындылап аяқтау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жүзім»**<br>**Мақсаты**: Қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағаздан кесек орамдар жасай білуге үйрету. Қағаздан кесектер жасау арқылы<br>жүзімді құрастыра білу дағдыларын<br>дамыту.Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог балалардан жеміс-жидектер туралы қандай тақпақтар<br>білетінін сұрап, өзі жемістер туралы тақпақ оқып береді.<br>Жүзім:<br>Жұлып едім жүзімді,<br>Жүзі бірден үзілді.<br>Жүзін де жеп қойыппын,<br>Өзім әбден тойыппын.<br>Алма:<br>Бір тістеп өзін алғам- ды<br>Дәмі аузымда қалған- ды.<br>Домалантып жеймін мен,<br>Күнде қызыл алмамды.<br>Өлең жолдары не туралы? Тағы қандай жемістерді білесіңдер? Алма, жүзім т.б. Үлгі арқылы жүзімнің | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың жасаған жұмыстарын 1-2 балаға талдату, бағалау.<br>Балалардың белсенді жұмыстарына алғысымды білдіремін.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Таза болсаң әрдайым, әппақ бетің маңдайың»**<br>**Мақсаты:** Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Табиғи дауыспен ән айтуға,әнді бірге бастап,бірге аяқтауға,әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Муз.амандасу жаттығуы:«Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән айту: «Буль-буль» «Тазалық»<br>Муз.ойын: «Тіс щеткасы» | Балаларға тапсырма береді:<br>– Иттерді жақсылап қарап шығыңдар және олардың бір-бірінен қандай және қанша айырмашылығы барын табыңдар. Сурет бойынша 4 айырмашылықты тауып көрсетуі тиіс.<br>Содан соң 4 дөңгелекті бояйды.<br>3. Қорытынды:<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>– Биік үйдің қасына қандай ағаштың суретін салдыңдар?<br>Педагог балаларды мадақтайды. | бағыттайды: тышқан қайда тұрады? Ол адамнан қорқа ма? Адамға пайда әкеле ме? Адам оған күтім жасай ма?<br>Қорытынды жасайды: үй тышқаны (жануардың атауы) үй жануары емес, ол адамың қасында, оның үйінде өмір сүруге жақсы бейімделген жабайы жануар.<br>3.Педагог қорытынды жасайды.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Тауық пен балапан»**<br>**Мақсаты**: Жеке бөлшектерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету. Қарапайым композициялардан күрделіге өту арқылы шығармашылық талғамдарын дамыту.Балаларды үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу. | жасалу жолдарын түсіндіреді. Балаларға жүзімнің жапырақтарымен салынған сурет таратылады. Балалар алдарындағы суретке қарай отырып, жүзімнің бейнесін қалай жасауға болатынын ойланады.<br>2. Негізгі кезең.<br>Педагог жұмсақ қол сүртетін қағаздарды алып, оны бірнеше бөліктерге бөледі. Қағазды бөліп алады, умаждап жаттығу жасап көрсетеді. Қағаздардың түсін балалармен бірге таңдайды, қағазды алақан арасына салып, умаждауды көрсетіп, түсіндіреді. Оның жұмсақ болуын, домалақ пішінге келтіруге болатынын көрсетеді. «Домалақ» жүзімдер дайын болған соң, оны алдарындағы жүзімнің суреті салынған қағазға орналастырады, жүзімнің сабағына, жапырақтарына назар аударады, оның әдемі болып жасалуына бағыт береді, басшылық жасайды.<br>Билингвальді компонент бойынша жүзім – виноград, жемістер – фрукты сөздерін пайдаланады.<br>Сергіту сәті №11<br>Балалар қағаздарды бірнеше бөлікке бөліп алып, оны алақан | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арасына салып умаждайды. Дайын болған жүзімдерді белгіленген орындарға орналастырады. | |
| **«Табиғат аясында»** Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№26** **Топырақты бақылау** **Мақсаты:** Ауа-райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: құрап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. *№28 Қимылды ойын:* «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны) *Мақсаты:* Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу | **№ 6** **Жаңбырды бақылау** **Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Қимылды ойын**:** «Кең қадам» Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту. Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | **№ 11** **Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)** **Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айырмашылық белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердін сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар» Мақсаты: Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. Еңбек: Гүлбақшада жұмыс (жер қазу) Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | **№ 12** **Түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт» Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | **№ 14** **Аула сыпырушының жұмысын бақылау** **Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйретіп, тәрбиелеу. Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны) Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның** | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **арқауы»**<br>Түскі ас | | | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.<br>Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. | Тыныс алу жаттығуы:<br>Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку.<br>Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. | Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік.<br>Балалар кәне жарты шеңберді құрайық:<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық. | Тыныс алу жаттығулары:<br>Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. | Тамағымызды тұзды сумен шаю. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | № 3«Тігінші. Сән үйі» сюжетті-рөлді ойынының технологиялық картасы<br>Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу білігін қалыптастыру. Тігінші, сәнгер, үлгішінің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу, олардың ұжымдық еңбегі бір адамның ұқыптылықпен еткен еңбегі екіншісінің жұмысына байланысты екендігі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысында өлшеу тәсілдерін қолдану туралы білігін дамыту. | № 9.«Шаштараз» сюжетті-рөлді ойынының технологиялық картасы<br>Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу.<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»**<br>**Тақырыбы:** «Do you like food…?»<br>Мақсаты: Өлең жолдарын жаттау арқылы жаңа сөздермен танысу. Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды пайдалы және зиян тағамдарды айыра білуге үйретуді жалғастыру.<br>**I. Greeting:**<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children!<br>- I am good!<br>**II. New words:**<br>Profitable foods: Milk, fruits, vegetables, bread, fish, meat, | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Су тіршілік көзі»**<br>**Мақсаты:** Балаларға судың адам өміріндегі сонымен қатар су астында мекендеуші лерге маңызы туралы айтып, түсіндіру, оны қорғау туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Дүниетанымын, ой-өрісін, сабаққа деген қызығушылығын дамыту.<br>Салауатты өмір салтына, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>А) «Су-тіршілік көзі» бейнежазбасын тамашалау.<br>Ә) Судың қасиеттерін сипаттау. | № 12.«Театр» сюжетті-рөлді ойынының технологиялық картасы<br>Мақсаты: Өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету, балалар арасындағы жағымды қатынастарын қалыптастыру.<br>Балаларды мәдени мекеме мен олардың әлеуметтік маңыздылығы туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың театр, театр тобы, театр қызметкерлері туралы білімдерін бекіту, театрдағы ұжымдық жұмыс түрлерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Диалогпен сөйлеуін дамыту. | | water…etc<br>Unprofitable foods: fast foods, cola, sweat.<br>**III. Refreshing moment:**<br>- I have a pizza<br>– For your tea<br>- I have pizza<br>- For breakfast, lunch and tea<br>**VI. Бағалау, мадақтау**<br>**V. Қортынды** «Good bye» өлеңін айту. | Б) Суды қандай мақсаттарда пайдалану жайында әңгімелесу.<br>В) Судың адам ағзасына маңызын түсіндіру.<br>Г) Сергіту сәті.<br>Д) Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | көрсету, мәнерлеп сөйлеуін дамыту. |
| Жеке жұмыс | | Жаукенова Іңкәрға денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Өмірзақ Алдиярдың әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Жаналин Алиге қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Бисембаева Аминаға таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Ерсегиз Дарханға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 3**<br>**Желдің соғуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>*Қимылды ойын:* «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны)<br>*Мақсаты:* Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл- | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын**:** «Кең қадам»<br>Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: Гүлзардағы жерді | **№ 11**<br>**Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула)**<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айырмашылық белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердін сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар»<br>Мақсаты: Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Гүлбақшада | **№ 12**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт»<br>Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау<br>Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | қопсыту.<br>Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | жұмыс (жер қазу)<br>Мақсаты: Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. | түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.<br>Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>Еңбек:<br>Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналардан талап ету: баланы таңғы жаттығудан кешіктірмей әкелуін. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Ата-аналарға бүгінгі оқу қызметінде баласының жақсы қызығушылық танытқанын айту және мадақтау. | Ата-аналарға балалардың сырт киімдерін дұрыс киіндіріп алып келуін ескерту. | Балаларға үлкендерге қол көмек беру керек екенін айтып әңгімелесу. |

**Циклограмма**
**2- апта (11.11-15.11. 2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру.Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.Шығармашылықтары мен ойлау,қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

3. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
4. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;

3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер me,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Суреттер қарастыру арқылы қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгімелесу: «Тазалық-денсаулық кепілі» Мақсаты: Жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру. | «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Денсаулықты сақтау үшін,денсаулық ережелерін білу. | №4 Д/О: «Киімдер» Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажыратуға үйрету.Ойлау,қиялын дамыту.Киімдерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | «Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары» Балалармен әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №6** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:** Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық Сабын, суды аямай, Тазалықты ұғайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Ойыншықтар туралы жұмбақтар жасыру. Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы қызығушылықтарын арттыру. | Сипаттау: «Менің көңілді добым» Мақсаты: Доп туралы мағлұмат беру. | №13 Д/о: «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. | «Сұр қоян» әнімен қимылдар жасау. Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеру арқылы оқу қызметімен таныстыру. | Сипаттау: «Менің көңілді добым» Мақсаты: Доп туралы мағлұмат беру. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні»** **Мақсаты:** Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру. Балаларға әңгіме құрауды үйрету, әңгіме құрауды үйрету арқылы | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:«Менің көңілді, ұшқыр добым»** **Мақсаты:** Допты жоғары лақтыруға және оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Арқанның астынан оң және сол жақ бүйірмен еңбектеп өткен кезде | **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады»** **Мақсаты:** Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар»** **Мақсаты:** Шектелген алаңда денені дұрыс ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Жалпақтабанның алдын алу. Арқанның астымен | **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Түрлі түсті сызықтар»** **Мақсаты:** Балаларды етпетінен жатып, қолдың көмегімен гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуге үйрету. Допты бір-біріне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.Ойыншықтар туралы әңгімелеу;<br>өз ойларын еркін қарым-қатынас<br>жасау арқылы дамыту.Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ғажайып сәт: Тобымызға қуыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды.<br>Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады.<br>– Балалар, бұл не? Кәне, «Қуыршақ» сөзін қайталаймыз.<br>– Балалар бұл қуыршақтың есімі – Әйгерім.<br>«Қуыршақ» тақпағын жаттату.<br>Біздерде бар қуыршақ ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ.<br>(Н.Әлімқұлов)<br>(Педагогпен бірге қайталап жаттап алу).<br>(Тақпақ жаттатудың әдіс-тәсілі: «Суретті жаттау»<br>Түсіндірілуі: суреттерді тақтаға салып, әр қатарға салып, тақпақты жаттап алу. Мысалы:<br>Біздерде бар қуыршақ (қуыршақ суретін салу.)<br>Бұзау, қозы, құлыншақ (бұзау,қозы, құлыншақ суреттерін салу.)<br>Ойыншықтар тыңдайды.<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ.<br>(қол қимылымен көрсету).<br>Сұрақтарға жауап алу.<br>– Балалар «Қуыршақ» неге жатады? Ыдыс-аяққа | дұрыс топтасу қабілетін нығайту, ептілігін дамыту. Балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру, денешынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысуға құштарлығын дамыту.Ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Доп туралы өлең оқиды.<br>Добым, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>«1-2» – деп ұрдым,<br>Шатырға сен секірдің.<br>Допты көрсетеді.<br>Допты мұқият зерттеуге, доппен не істеуге болады деген сұраққа түрлі жауап нұсқаларын дайындауға ынталандыру.<br>II. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден тізбекке тұру.<br>Жүру, доппен түзету жаттығуларын жасау: допты қолына<br>ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүргенде – допты басынан жоғары көтеріп<br>ұстайды, өкшемен жүргенде – допты алдында ұстайды.<br>Екі тізбекке тұрады.<br>Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Жаттығулардың дұрыс орындалуына, аралықашықтықтың сақталуына, бастапқы қалыпқа<br>тұру, допты жерге түсіріп алмау қабілеттерін бақылайды. | қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым, дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог өлең оқып, оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастырады.<br>Алақай!<br>Жасыл емес жайнаған,<br>Ақ мамық қар айналаң.<br>Сырғанақта ойнайсың,<br>Қызыққа енді тоймайсың.<br>Алақай-ау, алақай,<br>Қыс келіп тұр, балақай!<br>Ж. Смақов<br>Бұрыннан бар білімді еске түсіреді.<br>Педагог балалардың назарын ауа райына аударады, ауа райы күнтізбесіне белгілеуді ұсынады.<br>– Күз аяқталып, қыс келіп қалды. Адамдар қысқа қалай дайындалады?<br>– Ормандағы жануарлар да қысқа дайындалады екен. Олардың не істейтінін байқап көрейік.<br>Пікірлерімен бөліседі: | оң және сол жақ бүйірмен өтуге жаттықтыру, қосалқы адымды ретімен орындау арқылы аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетіннығайту.<br>Ептілік пен шапшаңдықты дамыту.<br>Балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастырамыз; балалардың арасында денешынықтыру сабақтарына оң көзқарас қалыптастырып, дене жаттығуларымен өз бетінше айналысуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Залдың ортасында еденде жатқан заттарға назар аудару. Бұрын доппен жасалған жаттығуларды еске түсірулерін сұрайды.<br>II. Негізгі кезең.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Түрлі түсті доптар».<br>Допты екі жағынан қос қолдап ұстау керектігін, бір-бірімен қақтығысып қалмауға<br>тырысу керектігін түсіндіреді.<br>Шеңбер құрап тұру.<br>Музыканың ырғағымен доппен жасалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.<br>Нұсқау: допты түсіріп алмай, жаттығуларды ырғақпен орындау қажет.<br>Негізгі қимыл- | лақтырып, оны қос қолды еркін қозғалтып қағып алу қабілетін нығайту (екі қолды бастан жоғары көтеріп қағып алу, ойынға қатысатын жұп арасындағы қашықтық – 1,5 метр).Салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балаларға әкелері сияқты күшті, епті болу үшін жаттығуға шақырады.<br>II. Негізгі кезең.<br>I. Алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына жүру, баяу жүгіру. Балалар жүгіру кезінде алаңның бір жағымен тізелерін жоғары көтере отырып жүгіреді. Жүру.<br>Бастаушылардың артынан 3 тізбек болып қайта сапқа тұру.<br>II. Заттарсыз жалпы дамытатын жаттығулар орындау (№3 кешен).<br>III. Тыныс алу жаттығуын орындау (5 рет).<br>1. «Таңғаламыз».<br>Б.қ. – тік тұрып, иықты төмен түсіру және еркін тыныс алу.<br>1 – иықты ақырын көтеріп, бір уақытта демді сыртқа шығару.<br>2 – б.қ.<br>2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз.<br>Б.қ. – негізгі тұрыс<br>1 – иықты алға шығарып, төмен түсіп тұрған қолдарымызды ақырын айқастырамыз,<br>еркін демаламыз.<br>2 – иықтарымызды ақырын артқа жіберіп, жауырындарымызды қосамыз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жата ма? Әлде ойыншықтарға ма? (Қуыршақ ойыншыққа жатады).<br>– Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар? (Әр бала өз ойыншықтарын атап өтеді).<br>Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап».<br>Шарты: Тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен педагог біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ? (Мысалы: Аю ойыншығы жоқ, оның қалған ойыншықтарға қарағанда, пішіні үлкен, түсі қоңыр. Аю – жұмсақ ойыншық. Мен оны ұқыпты таза ұстап ойнаймын. т.б.)<br>– Ойыншық жасалынуына қарай жұмсақ па, қатты ма, әлде созылмалы ма?Ал сол ойыншыққа қандай мейірімді сөз айтасың?<br>– Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерімнің туған күні екен.<br>– Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді?<br>– Әйгерімнің туған күнін | Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:<br>Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу.<br>Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды.<br>94<br>Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту.<br>Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктеп, тізбектің соңына барып тұрады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен құстар»<br>Ойын тәртібін түсіндіру.<br>Нұсқау: ойын кезінде айқайлауға, жүгіргенде бір-бірін итеруге болмайды.<br>Педагог – мысық болады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең:<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық» – допты саусақпен зырылдауық сияқты етіп айналдыру. Доппен көшеде өз беттерінше ойнауға | біз жылы киімдер сатып аламыз, түрлі салаттар, тосаптар жасаймыз, үйлерімізді жылылаймыз.<br>Алда оқу қызметіне дайындайды.<br>2.Негізгі кезең<br>Орманда тіршілік ететін жануарларды естеріне түсіріп атайды.<br>Жұмбақтар шешеді:<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>(Қар)<br>Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>(Аю)<br>Өзі ширақ, өзі қу,<br>Жүрген жері айғай-шу.<br>(Түлкі)<br>Санай алмай шаршадым,<br>Найзасы бар қанша мың.<br>Батыр емес біракта,<br>Қашып жүрер жыракта.<br>(Кірпі)<br>Шырша саясы – күркесі,<br>Өзі орман еркесі.<br>Қарғып жүрер жан-жаққа,<br>Өте құмар жаңғаққа.<br>(Тиін)<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады.<br>(Қоян)<br>Сұрғылт тартқан түсі бар.<br>Ақсиған көп тісі бар.<br>Тыным таппай жүгіріп,<br>Сілекейі шұбырған,<br>Қыстау маңын ториды,<br>Ауылдың өш бар иті.<br>(Қасқыр)<br>Балаларды «Жануарлар қысқа қалай | қозғалыстарды ойын түрінде орындау.<br>Тепе-теңдік – еденге тасталған тақтайдың үстімен аяқтың ұшымен жүру.<br>Ойын: «Көпір үстімен жүріп өт»: аяқты сулап алмас үшін тақтайдан шығып кетпеуге тырысу қажет. Аяқтың ұшымен жүру – балалардың өкшені баспай, басты тік ұстап, алға қарап жүруін қадағалау.<br>Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту.<br>Ойын: «Тиіп кетпе» – қоңырау ілінген арқанға жанаспай өту.<br>Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктейді.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Пойыз»<br>Тізбектегі балалардың қалауы бойынша жасақтау.<br>Нұсқаулар: тізбектегі қимылдар үйлесімді болуы шарт.<br>Су-джок шаригімен массаж жасау.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен | және сол уақытта демімізді сыртқа шығарамыз.<br>3. «Тербелеміз».<br>Б.Қ. – негізгі тұрыс.<br>1 – омыртқаны кеуде тұсынан иіп, алға қарай еңкейеміз және демді сыртқа шығарамыз.<br>2 – ақырындап денемізді түзейміз және тыныс алып, артқа шалқаямыз.<br>4. «Бұрылу».<br>Б.қ. – негізгі тұрыс<br>1 – тыныс аламыз.<br>2 – демді сыртқа шығарғанда бұрыламыз – бір қолды артқа, екінші қолды алға жібереміз.<br>3 – б.қ.; осыны екінші жағымызбен қайталаймыз.<br>5. «Бүйіріңді сипа».<br>Б.қ. – аяқтың арасын ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз.<br>1 – оң қолды ақырын көтеріп, иығымызды көтереміз (тыныс алу).<br>2 – қолымыз бен иығымызды түсіреміз (демді сыртқа шығару). Осыны сол қолымызбен қайталаймыз.<br>Спорттық жаттығулар – велосипедпен сызылған шеңбер бойымен жүру.<br>Педагог бұрыла білуіне, өз бетінше велосипедке отыру және түсуіне баса назар аударады.<br>ІІІ. Қорытынды кезең<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды.<br>Балаларды ынталандырады.<br>Сендер бұрынғыдан күштірек, мықтырақ болдыңдар.<br>Балалардан қанша күш |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жерді көрсетейін бе?<br>Онда тыныш және сендер онда рақат өмір сүресіңдер! – дейді.<br>Ең әуелі оған ешкім сенген жоқ.<br>Бірақ Түлкі айтқан жерді мақтап, алдағаны сонша, ақырында бәрі сол жерді көруге<br>көніп:<br>– Жарайды, ең әуелі мақтаған жерге барып, көрейік. Ұнамаса, әрі қарай кете береміз,<br>– деді. Түлкі оларды дәл өзінің ініне әкеліп алып:<br>– Бұдан әрі жол тар, мен алдына шығайын, ал сендер бір-бірден менің артымнан жүріңдер, – деді. Осы сөзден кейін ол ініне жылмаң етіп түсіп, жасырынып қалды. Ал оның артынан бірінші Тауыс кірді, сосын Әтеш тағы басқалары. Түлкінің алдағанын білген Қоян жылдам секіріп, апаннан шығып кетті. Қатты жүгіретін Қоянға Түлкі жете алмады. Бірақ аңқау құстарды жеп қойды.<br>– Сендерге ертегі ұнады ма?<br>– Сендер ертегінің осылай аяқталғанын қалайсыңдар ма? Ал қалай аяқталғанын қалар<br>едіңдер?<br>– Ертегі мазмұнын түсіндіңдер ме, рөлдерге бөлініп ойнағыларың келе ме? | 2. «Изучаем русский язык» - работа по рабочей тетради:<br>а) знакомство с названиями фруктов на русском языке:<br>б) ф/г «Расскажи чистоговорку»<br>в) п/г «Фруктовая ладошка»<br>г) р/у «Назови фрукты в корзине», «Что лишнее?», «Какой?»<br>3. Ф/м «Яблочко»<br>На носочки я встаю,<br>Яблочко я достаю,<br>С яблочком бегу домой,<br>Мамочке подарок мой!<br>4.Д/и «Чего не стало?»<br>Закрепление тем «Игрушки», «Овощи», «Фрукты»<br>5. «Обведи по контуру и посчитай»<br>Итог занятий: Что растёт в саду?<br>Что растёт в огороде?<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттар тобын теңестіру»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алуды үйрету. Көмекке ұмтылуға дайын болуға тәрбие беру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог мынадай тапсырма береді:<br>–Балалар, үстелде геометриялық пішіндер жатыр. Кез келген піші | жеу қимылдарын көрсетеді).<br>Мүйізді ешкі келеді,<br>Сол баланы сүзеді. (Басын иіп, қаттырақ шайқайды).<br>Өзекті сұрақ: сиырды немен алмастыруға болады? Сүт пен ет жасап шығаратын мәшинелер бола ма?<br>Біз осы өнімдерді сатып алатын дүкендер қалай аталады? (Азық- түлік дүкені).<br>Жүннен иірілген жіптерді (тоқыма жіптерді), тоқыма маталарды қарастыруды ұсынады.<br>Тоқыма маталар жануарлардың жүнінен иірілген жіптерден тоқылады.<br>Қай жануар бізге<br>жүн береді? (Қой, түйе, үй қояндары). Белгілі бір мезгілде оларды қырқып, жүнін алады.<br>Қойларды қырыққан соң, жайылымға жібереді.<br>Қырқылған жүнді тарап, арнайы<br>станоктарда иіреді, бояп, маталар тоқиды.<br>Балалар: Тоқыма мата үлгілерін қарастырады.<br>Тоқыма матаның ұстап көргенде қандай болатынын анықтайды (мамық, қалың, жеңіл, жылы).<br>Қой бағатын адамды кім деп атайды? (Шопан немесе қойшы).<br>Үй жануарлары бізге пайда әкелуі үшін оларға қандай күтім қандай қажет екендігін ойлап,<br>айтуын сұрайды.<br>Тамақ беру, суару, жайылымға шығару.<br>Адамдар жазда шөп шауып, | бармайды.<br>Суреттер бойынша жұмыс.<br>-Балалар , мына суреттерге қарап айтыңыздаршы: қай қылық жақсы, ал қай қылық жаман.<br>- Есте сақтаймыз : «Жаман адам болмайды, адамдардың барлығы бірдей. Жаман қылық, жаман мінез болады».<br>Сондықтан жаман қылықтарға бармайық, жүректерімізді таза ұстайық.<br>Өлеңді жаттау.<br>Өлеңді балалар мұқият тындайды,<br>сұрақтарға толық жауап береді.<br>Суреттегі проблемалық жағдайдан шығу жолдарын табады.<br>Балалар өлеңді жаттайды.<br>Қортындылау: Оқу қызметінің соңында балаларға сұрақ – жауап арқылы бүгінгі тақырыпты бекіту.<br>Мадақтау.Белсене қатысқан балаларды мадақтау.<br>Балалардың өз ойларын қортындылайды. | көрсетеді)<br>-Бауырсақпен амандасайық, балалар.<br>Педагог балалармен бірге ойыншық бауырсақпен амандасады.<br>-Бауырсақ мұнда қалай келдің?<br>Бауырсақ:<br>Мен атамнан қаштым,<br>Әжемнен де қаштым.<br>Мен олармен бірге болудан жалықтым.<br>-Бауырсақ сен неге атаң мен әжеңнен жалықтың?<br>-Мен ойнағанды қатты жақсы көремін, атам мен әжем менімен ойнамайды.<br>Мен балабақшаға келдім, мұнда жақсы және көңілді.<br>Балалар бір-бірімен ойнайды. Балабақшада сондай қызық.<br>Сендерге ойнаған ұнай ма, балалар?<br>-Бауырсақ сен жолда шаршаған боларсың? бізге домалап келген жолың ұзақ болған шығар?<br>-Иә, шаршадым және тоқтайын десем де, тоқтай алмады, неге екенін білмеймін.<br>-Балалар бауырсақ неге тоқтай алмады?<br>Сөздік жұмыс: домалау.<br>-Балалар бауырсақпен ойын ойнайық.<br>«Үлкен кіші доптар» ажырата білу ойыны.<br>Сары түсті үлкен – кіші доптар жерде жатады балалар карзинаға доптарды ажыратып жинауы тиіс.<br>Ал сен, бауырсақ, тексересің.<br>-Бауырсақ неге тоқтай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Драмалық ойын: Ертегіні драматизациялау (сахналау)<br>Мақсаты: балалардың рөлге ене білуі, дұрыс ырғақ, түрлі интонация, қимыл-қозғалыспен, кейбір ым-ишарамен бейнені келтіре білу қабілетін дамыту.<br>Сергіту жаттығуы.<br>Қанатымды жазамын,<br>Жоғары төмен қағамын.<br>Биік көкте айналып,<br>Жұлдыздай жылдам ағамын.<br>.Қорытынды кезең<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегі мазмұнын қалай меңгергенін тексереді. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды»**<br>**Мақсаты**: Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету.Шығармашылық қабілеттерін,ой-қиялын дамыту.Жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Балалар шеңбер құрап тұрып бір- біріне жақсы тілектерін айтады.<br>"Кім тапқыр?" дидактикалық ойыны.<br>Балалар топ бөлмесі ішінен шаршыға ұқсас заттарды табады.<br>- Қандай фигура жоқ?<br>Педагог шаршыны | нді алып, сол туралы білгендеріңді айтып көріңдер.<br>2. Негізгі кезең.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Педагог балаларға таяқшалар салынған тәрелкені жақындатып, «Таяқшалардың түсі қандай? Әр түстен неше таяқша бар?» деп сұрайды. Ол балаларға әр түсті өз алдына бөліп алып, оларды әртүрлі пішіндер шығатындай етіп қойып шығуды тапсырады.<br>Тапсырма орындалғаннан кейін балалар таяқшаларды тағы бір рет санап шығады. Әр пішінге неше таяқшадан келгенін анықтайды. Педагог таяқшалар әртүрлі орналасқанымен олардың тең, үш-үштен екенін түсіндіреді. Олардың саны тең екенін қалай дәлелдейміз?» 1-тапсырма.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды:<br>–Шеңбердің ішінде неше кесе бар?<br>–Шаршының ішінде неше кесе бар?<br>–Олар туралы не айтуға болады?<br>2-тапсырма.<br>Педагог балаларға | оны кептіреді, қысқыға жем-шөп дайындайды, картоп, көгөністерді, дәнді дақылдарды да жемге дайындайды.<br>Әліппе-дәптермен жұмысты ұйымдастырады. Қой жүнінен жасалған затты қоршап сызғызу. Ботаның суретін бояту. Оған ат қояды.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Рефлексия: рефлексияның әдістерінің бір тәсілін қолданады:<br>Балалардың ҰОҚ-да қаншалықты өсіп жетілгендерін көру:<br>Отырып, тұрып, созылып.<br>Ым-ишарамен көрсету: Міне, тамаша!<br>Қол шапалақтаңдар!<br>Аяқтарыңмен топылдатыңдар!<br>«Малдың баласын сүюі» өлеңін тыңдайды.<br>Қой сүйеді баласын «қоңырым», – деп,<br>Ештеңені білмейтін «момыным», – деп.<br>Сиыр сүйеді баласын «торпағым», – деп<br>Қараңғыға баспаған «қорқағым», – деп.<br>Ешкі сүйеді баласын «лағым», – деп<br>Тастан-тасқа секірген «шұнағым», – деп.<br>Түйе сүйеді баласын «боташым», – деп<br>Жәудіреген көзіңнен «тоташым», – деп.<br>Жылқы сүйеді баласын «құлыным», – деп<br>Тұлпар болып жүгірер «жүрыным», – деп. | | алмағаныңды енді түсіндің бе?<br>Домалақ дөңелейді.<br>-Жарайсыңдар балалар енді мына ұзын жолымызбен жүріп тапсырмамызға жетіп алайық.<br>Билингвальді компонент.<br>Ұзын жолыды балалар длинный дарога дейміз, бауырсақ-колобок, дөңгелек-круг.<br>Балалар жапсыруды жасау үшін бізге не қажет?<br>Үлестірмелі материалға назар аударады. Жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді.<br>-Алдымен қағазды жырту тәсілімен жол жасаймыз, желімдейміз.<br>-Мен шаршыны аламын. Түсі қандай?<br>Мен неге осы түсті таңдадым?<br>-Сары шаршының бұрыштарын әдемілеп,дөңгелектеп жыртамыз.<br>-Екінші жағына желім жағып, суреттегі жолға желімдейміз.<br>-Ал оны не күтіп тұр?<br>-Дұрыс айтасыңдар түлкі күтіп тұр түлкіні орысша лиса деп атайды.<br>Денсаулық сақтау технологиясы:<br>Балалар біз атаға бауырсақ пісіріп берейік. Ол үшін табаққа суды құйып оған тұз қосамыз, ұн саламыз, дәмді болу үшін май қосамыз, енди илейміз.<br>Балалар тәрбиешінің көрсету көмегімен жолда келе жатқан бауырсақты жапсырады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеді. Шаршаның төрт бұрышы бар екендігін айтады.<br>- Шаршыға ұқсайтын тағы да қандай заттарды білесіндер?<br>Сергіту сәті (саусақ жаттығуы): 1, 2, 3, 4, 5- 5, 4, 3, 2, 1. Құмырсқалар жыбыр- жыбыр,<br>Жұмыс істеді күнімен,<br>Дем алды ғой түнімен.<br>Құмырсқалар жыбыр – жыбыр.<br>Педагог шаршыны сала отырып белгілі бір бейне құрап шығарады. Суретті топ - топқа бөлініп салуға болады.<br>- Нүкте арқылы шаршы жасап аламыз, содан кейін қарындашпен жоғарыдан төмен қарай бастырып сызамыз.<br>Педагог салу жолдарын түсіндіре отырып бет орамал, шкаф, теледидар, үй, ұяның суреттерін салғызады (қалаулары бойынша шаршы фигурасын пайдаланып салады). Ол заттардың түстері әртүрлі болғандықтан, түсті өздері қалауынша таңдап алады. Жұмысын ерте аяқтаған балаларға шкафтың қасына қосымша теледидарды, үйдің қасына ұя салуды ұсынуға болады.<br>Қорытындылау.Педагог жұмыстарын талдау барысында суретті кеңістікте орналастыруда, бояуды пайдалануда, шаршы | төмендегі жолаққа жоғарыда қанша болса, сонша дөңгелек салуды ұсынады. Ол дөңгелектердің арақашықтығы алшақ болуы тиіс.<br>– Балалар дөңгелектердің саны туралы не айтасыңдар?<br>3-тапсырма.<br>Педагог балаларға сол жақтағы қонжықты сары қарындашпен, оң жақтағысын қоңырмен бояуды тапсырады.<br>Балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді:<br>– Сол жақтағы қонжықтың шарлары қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?<br>–Оң жақтағы қонжықтың сол жағына үлкен шардың және оң жағына кішкентай шардың<br>суретін салыңдар.<br>Сергіту сәті.<br>Бәріміз біргеміз.<br>Оңға бір қадам,<br>Солға бір қадам,<br>Шапалақ ұрамыз.<br>Алға бір қадам,<br>Артқа бір қадам,<br>Шапалақ ұрамыз.<br>4-тапсырма.<br>Педагог балаларға қонжықтардың суретін көрсетеді.<br>– Балалар, суретші бес қонжықтың суретін салды. Бірақ басқа нәрсеге алаңдаймын деп төртеуінің суретін дұрыстап сала алмады. Кейбір бөлшектерін | **Музыка-0,5**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы көңілсіз,көңілді әуендерді сезіндіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ,сергек,сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Вальс»<br>Муз.амандасу жат. «Қадам бас!»<br>Шаттық шеңбері: «Қайырлы күн»<br>Дау.жат.: «До»<br>Ән айту: «Санамақ»<br>Д\о: «Бізге келген қонақтар»<br>Муз.ырғ.қим.: «Бағдаршам» | | Үлестірмелі материалмен жұмыс тәсілін түсіндіріп жұмысқа кірісуді ұсынады. (Қоянның құлағын, түлкінің құйрығын, қасқырдын құйрығын қондыру.)<br>біз саған өзіміз жасаған жапсырмаларды- бауырсақтарды сыйға тартамыз.<br>Бауырсақ шыршанның артына тығылып, қашып кетеді.<br>Жол бойында жүгіріп ән шырқайды.<br>Апамнан да қаштым,<br>Атамнан да қаштым.<br>Түспедім мен ауызға,<br>Ас болмадым тағы да,<br>Бауырсақпын осындай!<br>Аяқталды ертегіміз,<br>Сәтті болды күніміз!<br>Бауырсақ балаларға рақмет айтады.<br>Балалармен қоштасады.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Ыдыс-аяқ»**<br>**Мақсаты**: Ыдыстардың ерекшеліктері,олардың алуан түрлі болатынын (шайдың ыдыстары: фарфордан,шыныдан жасалатындығы,түсі,көлемі, материалы т.б) күнделікті тұрмыста пайдаланатын ыдыстардың маңызы,қолданылуы жайлы сипаттап айтып беруге үйрету.Оларды сақтау ережелерімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін,сөздік қорын,сөйлеушіні тыңдау,қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пішінін дұрыс салудағы жетістіктерін айтадын.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Спорт-біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландырады.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Марш деревянных солдатиков»<br>Муз.амандасу жат.: «Саламат па?!»<br>Дау.жат.: «Ноталар тізбегі»<br>«Спорт-біздің досымыз»<br>«Футболшы» | ұмыт қалдырды. Кәне, жоғарыда отырған қонжықты мұқият қарап шығайық. Содан соң жетпей тұрған тұстарын толықтырып, төмендегі қонжықтардың суретін аяқтайық. Барлығы бір-біріне ұқсайтын болуы керек.<br>– Бірінші қонжықтың суретіне не қостыңдар?<br>– Ал төртіншісіне ше?<br>3. Қорытынды.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Педагог балаларды ҰОҚ-де белсенділік танытқаны үшін мадақтайды. | | | дамыту.Ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жылулық шеңбері.<br>Шеңбер болып тұрайық<br>Алақанды ашайық.<br>Күннің нұрын алайық,<br>Жүрекке жылу салайық. |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | . **№ 20**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша,қайың,терек) танып, ажырата білу. Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар»**<br>**Мақсаты:** Бейнеленген сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал | **№ 6**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>**Қимылды ойын: «Кең қадам»**<br>**Мақсаты:** Сызықты | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, | **№ 5**<br>**Аспанды бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғаттардың арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.<br>**Қимылды ойын:«Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі, көңіл күйде болуға баулу.<br>**Еңбек: Үлкендерге** | **№ 19**<br>**Құстарды бақылау. (торғайларды, көгершіндерді, сары шымшықтарды)**<br>**Мақсаты:** Қыстайтын құстарды ажыратуға (үлкендігі, түсі, дауысы бойынша); суық күндері және жылы күндері олар өзін-өзі қалай ұстайтынын, бақылауға үйрету. Құстар ағаштардың және бұталардың тұқымдары мен жемістерімен, жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенетіні туралы түсінігін кенейту; құстарға қыс мезгілінде адам көмегі қажет екенін түсіндіріп, құстарға деген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша жұмыс істеп, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырма дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.**<br>**Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Еңбек:**<br>**Аула сыпырушыға көмектесу**<br>**Мақсаты:** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. | **көмектесу**<br>**Мақсаты:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. | қамқоршылығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»** Қазақ халқының ойыны<br>**Мақсаты:** Назарын, ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындауды дамыту (құстар жайлы айтылғанда қолын көтеру, ұшпайтын зат айтылғанда қолын көтермейды).<br>**Еңбек: Ойын алаңын жинау** |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. ( 2-3 минут)<br>Созылу б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз. ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру. ( 2- 4 рет) | Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Отырып аяғымызды оңға солға тербету.(3- 4 рет) | Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз. (3- 4 рет) | Салқын сумен қолымызды, бетімізді жуамыз. | Демалу жаттығулары:<br>Жел соқты уууу уууу уууу<br>Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | №2.«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: Балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту. | №4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді Мақсаты: Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»** **Тақырыбы: «Golden Autumn»** **Мақсаты:**Балаларды күз мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру. Күз мезгілі туралы толық мағлұмат беру. Күз айларын ағылшын тілінде атай білуге үйрету. Сөздік қорын байытып, ойлау, есте сақтау қабілеттін арттыру. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға үйрету.<br>**I. Greeting:**<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children!<br>- I am good!<br><br>**II. New words:** Apple, banana, orange, pear, pineapple , grapes vegetables; mellon, warter mellon,carrots, potatoes, tomatoes, leaves, red green, yellow | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Жер ананы жасыл етіп сақтайық»** **Мақсаты:** Табиғаттың тұтастығы туралы ұғымдарын кеңейту. Жер әлеміне танымдық қызығу-шылығын арттыру.Табиғатқа қиянат жасамауға баулу, аяушылық сезімін тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>А) №20 Шаттық шеңбері.<br>Ә) Табиғат бейнежазбасын тамашалау.<br>Б) Сұрақ- жауап.<br>В) «Табиғатты аялайық» ойыны.<br>Мақсаты: табиғатқа деген қамқорлыққа, мейірімділікке баулу.<br>Г)«Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,<br>Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ» ұғымын түсіндіру.<br>Ғ) Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | №6.«Жол полициясы» сюжетті рөлді ойын Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы-заттарды қолдануға үйрету. Транспортшылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтарын тәрбиелеуге, олардың еңбек пен «инспектор-жүргізуші», «инспектор-жаяу кісі» өзара қатынасы арасындағы еңбек жағдайларда қала тіршілігіндегі маңызы туралы ұғымдарын бекіту. |
| Жеке жұмыс | | Каиров Жанадиге таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Өмірзақ Алдиярға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Жаукенова Инкарға денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Дархан Сезімге әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Қайрат Элизаға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 19** **Құстарды бақылау. (торғайларды, көгершіндерді, сары шымшықтарды)** | **№ 6** **Жаңбырды бақылау** **Мақсаты:** Жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге | **№ 20** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін | **№ 7** **Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. | **№ 14** **Аула сыпырушының жұмысын бақылау** **Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Қыстайтын құстарды ажыратуға (үлкендігі, түсі, дауысы бойынша); суық күндері және жылы күндері олар өзін-өзі қалай ұстайтынын, бақылауға үйрету.<br>Құстар ағаштардың және бұталардың тұқымдары мен жемістерімен, жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенетіні туралы түсінігін кенейту; құстарға қыс мезгілінде адам көмегі қажет екенін түсіндіріп, құстарға деген қамқоршылығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»** Қазақ халқының ойыны<br>**Мақсаты:** Назарын, ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындауды дамыту (құстар жайлы айтылғанда қолын көтеру, ұшпайтын зат айтылғанда қолын көтермейды).<br>**Еңбек: Ойын алаңын жинау**<br>**Мақсаты:** Ересектерге көмек көрсетуге деген ынтасын дамыту, ересектерге көмек көрсетудегі балалардың бастамаларын құптау. | үйрету: сұр аспан, бұлтты,бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>**Қимылды ойын: «Кең қадам»**<br>**Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту.**<br>**Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | (шырша,қайың,терек) танып, ажырата білу.<br>Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар»**<br>**Мақсаты:** Бейнеленген сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырма дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.<br>**№7 Қимылды ойын: «Кең қадам»**<br>**Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>**Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту**<br>**Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. | барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: « Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу**<br>**Мақсаты:** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Балалардың тазалығы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың сырт киімдерін дұрыс киіндіріп алып келуін ескерту. | Алдияр мен Дарханның ата-аналарына тақпақтарын жаттатуға көмектесуін сұрау. | Балалардың себепсіз келмей қалуын ескекрту. | Балалардың тазалығына көңіл бөлуді сұрау. |

**Циклограмма**
**4-апта (25-29қараша 2019 ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Міндеттері:**
1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Балаларға Тұңғыш Президент туралы мәлімет беру. Мақсаты: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбек жолынан үлгі алып, балалардың бойына ұлттық рухты,патриоттық сезімдерді ұялату. | «Біздің Елбасымыз» (Видео) Мақсаты: Балаларға Елбасымыздың сан қырлы талант иесі, құдыретті тұлға екенін таныту.Президенттің ел үшін жасаған істерін үлгі, өнеге ретінде дәріптеу. | «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу. | Әңгімелесу: «Жеріміздің байлығы» Мақсаты: Қоршаған ортаның табиғаты туралы түсініктерін кеңейту. | 1 Желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне өтетін тәрбие сағаты жөнінде әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға Президентіміздің құдыретті тұлға екенін таныту.Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 7** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын жаттығу:<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдер. Мақсаты: Әр жыл мезгілінің белгілерін ажырата білуге үйрету. | Өлең айту: «Қазақстаным-Отаным!» Мақсаты: Отанын,туған жерін қорғай білуге тәрбиелеу,Отан туралы өлеңді жатқа айта білуге жаттықтыру. | Әңгімелесу: «Жеріміздің байлығы» Мақсаты: Қоршаған ортаның табиғаты туралы түсініктерін кеңейту. | Отан туралы мақал-мәтелдер айту. Мақсаты: Балаларды патриоттық сезімге баулу. | Шаттық шеңбер: Бір шаңырақ астында, Қазақстанда тұрамыз. Билігім өз қолымда-Еркіндігім-Елімнің! |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ц» және** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз-көңілді** | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше** | **Дене шынықтыру (таза ауада)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған оқу қызметі | | **«Ч» дыбыстары (сөйлеудегі дыбыстау мәдениеті)**<br>**Мақсаты:** Балаларға «Ц» және «ч» дыбыстарын дұрыс дыбыстап айтуды үйрету.Тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен екпінін өзгерте білуді, ақырын не қатты, баяу не тез сөйлеуді дамыту, дыбыстық қабылдауды дамыту.Көпшілік орындарда өздерін ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балаларға бүгінгі оқу қызметімізді көңілді жүретін және айналасындағы барлық адамдардың көңілді болғандарын қалайтын адам туралы болатындығын айта отырып, «Ол адамның кім екенін білгілерің келеді ме?» – деп сұрақ қояды. Балалар қызығушылық танытып, кейіпкердің, яғни, көңілді адамның кім екенін білгілері келетінін жеткізеді.<br>Тәрбиеші көңіл күйлерің көтерілсін деп, Әйгерім Қалаубаеваның «Көңілді күн» әні арқылы бір билеп алуларына ұсыныс білдіреді. Ал балалар әнге сергіп, көңіл күйлерін көтереді.<br>Жақсы көңіл күймен | **балалар»**<br>**Мақсаты:** Допты еденге лақтыру,жерге тиіп секірген доптықос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз; ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. Қайырымдылыққа, айналадағы тіршілік иелеріне жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету; салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойындық сәт: бізге әуе шары қонаққа келді. Балалардың назарын шардың көзіндегі жасқа аударады. «Неге шардың көзінде жас тұр, ол неге көңілсіз?» деп сұрайды. Өтініш жасайды: «Шарды салауатты болуға және көңілді жүруге үйретіңдер».<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Ойын: «Белгіге құлақ сал». Қолдарына доп ұстап (оң қолға) зал ішінде «шашырап» жүреді. Бір-бірден Тізбекке тұру. Балалардың назарын кеңістікте бағдарлауға аударады.<br>Екі тізбекке тұрады.<br>Доппен жалпы дамытатын | **өсімдіктері»**<br>**Мақсаты**: Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Педагог балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.<br>Қыс келді, қыс келді,<br>Ақтарып ақ қарды.<br>Жон аппақ түске енді.<br>Аралап қайтайық<br>Ақ күміс бақтарды.<br>Балалардың білімдерін белсендіру.<br>Педагог бөлме гүлдері туралы жұмбақ оқиды. «Терезе алдында өсер – адамға қуаныш берер».<br>Педагог балаларға топ ішіне мұқият қарап, топта бөлме гүлдері бар ма екенін анықтауға тапсырма береді.<br>Негізгі кезең<br>Суреттермен жұмыс.<br>Педагог балалардың назарын бөлме гүлдерінің құрылысына аударады.<br>– Бөлме гүлінің тамырын көріп тұрсыңдар ма? Ол неліктен көрінбейді?<br>Бөлме гүлдеріне қарап, олардың сабағы, гүлі, жапырағы бар екенін айтады. Тамырының топырақ арасында | **орындықтар»**<br>**Мақсаты:** Тапсырмаларды орындап, гимнастикалық орындық үстіндежаттығулар орындау, тепе-теңдікті сақтау. Тізе мен алақанды тіреп, бір қатарға қойылған заттардың арасымен еңбектеп жүру қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру және заттарға жанаспай жүруді үйрету. Ептілікке, шыдамдылыққа баулу, үйлестіру қабілетін дамыту; тәртіпке бағынуға, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Орындықты бір-біріне параллель бағытта қойып шығады. Балалардың назарын орындықтарға аударады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>«Орныңды тап!» ойынын ойнауды ұсынады.<br>Балалардың назарын орындықта бір-бірін итеруге болмайтынына аударады.<br>Орындық үстінде жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуға назар аудару қажет.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:<br>Қолын белге қойып, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру (орындықтың ұзындығы – 35 см, ені – 20 см). Бас пен денені тік ұстау қажеттігіне балалардың | **Тақырыбы: «Достармен ойнау»**<br>**Мақсаты:** Текшені көлденең нысанаға қолды екпінді түрде түзету арқылы лақтыруға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде дұрыс бастапқы қалыпты бекіту, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындау. Ептілікті, төзімділікті, қиялын дамыту. Мейірімділік пен толеранттылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі<br>Жұмбақ жасырады.<br>Орманда туып, жетілемін,<br>Талдан-талға секіремін.<br>Айуан боп өскеніммен,<br>Тамақ жеймін қос қолыммен.<br>Әттең үйде тумағанмын,<br>Әйтпесе ғой құдды адаммын.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Педагог бір топқа тапсырма орындауды, ал басқаларына онымен бірге нәтижесін бағалауды ұсынады.<br>«Кім мерген?».<br>Көлденең нысанаға лақтыру (құрсаулар лақтыру сызығынан 2 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бүгінгі кейіпкермен танысуға шақырады.<br>2. Негізгі кезең<br>Демонстрациялық құралмен жұмыс (күлдіргіштің суреті, қолында түрлі түсті доптар және чемоданның суреті) Педагог балалардан суреттен кімді көріп тұрғандарын, оның көңіл күйі, қолындағы заттары және оның түстері, ол қайда қызмет жасайды және оны қайдан көргендерін сұрайды. Ал балалар суреттен күлдіргішті көріп тұрғандарын, оның көңілді екенін, қолында түрлі түсті доптарының бар екенін (түстерін атайды) және оны циркten көруге болатынын баяндайды.<br>Педагог циркте, тағы басқа мәдени көпшілік орындарда өздерін қалай ұстау керек екенін сұрап, балалардың жауаптарын толықтырады. Ал балалар циркте, мәдени көпшілік орындарда айғайлап сөйлемеу, өздері білетін ережелерді естеріне түсіріп айтады.<br>Педагог: Кәне, бәріміз «цирк», «цирк», «цирк» деп қайталайықшы.<br>Балалар 3 түрлі дауыспен қайталайды (қатты, орташа, төмен) | жаттығуларды орындау. Доппен жасалатын жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Жаттығулардың дұрыс орындалуына, дене сымбатының сақталуына назар аударады.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Доппен фигура жаса»<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.<br>Допты жерге лақтыру және секіргеннен кейін қағып алу. Балаларға түсіндіру: қолды қыспай, саусақтардың арасын ашып, екі жаққа созамыз; допты жерге төмен қарай тігінен тастаймыз, жерге тиіп секіргеннен кейін, қолдың еркін қимылымен ұстап аламыз.<br>Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады). Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады.<br>Нұсқау: кегельдерді айналып, абайлап еңбектеу қажет.<br>«Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру.<br>Ойын тәртібін түсіндіру.<br>Қуғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді.<br>III. Қорытынды кезең | тығылып жатқанын да айтады.<br>Балалармен бірге зерттеу жұмысын жүргізеді.<br>Педагог фикус гүлін үстел үстіне әкеліп қояды. Балаларға фикусты басқа өсімдіктермен салыстыруды сұрайды: мөлшері, жапырақтардың түсі, басқа да белгілерін салыстырады.<br>Фикусқа қарап, оның ағашқа ұқсайтынын айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді: фикустың сабағы түзу, жапырақтары үлкен, сопақ, түсі қошқыл жасыл екенін анықтайды.<br>Жапырағын ұстап, жылтыр, тегіс екенін айтады. Сонымен қатар қазтамақ, шортанқұйрық гүлдерін де зерттейді. Олардың жапырақтарын, сабақтарын, түстерін, гүлдерін т.б. зерттейді.<br>Сергіту сәті<br>Еркін ұста денеңді,<br>Тарсылдатпай еденді.<br>Орнымыздан тұрып ап,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үші, бір, екі, үш.<br>Жаңа бөлме гүлімен таныстырады. Ол – қынагүл (бальзамин), оны халық «шытырлақ» деп те атайды. Балалар қынагүл гүліне қарап, | назарын аударады. Жаттығудың орындалуын қадағалау, жүруге қорыққан балаларды сақтандыру.<br>Қатарласа қойылған заттардың арасымен алақанды және табанды тіреп, төрт аяқтап еңбектеу. Кегельдерді алты данадан екі қатарға қойып шығады. Кегельдерді айналып өту қабілетіне назар аударады.<br>Ойын ұйымдастыру: «Балапандар».<br>Ойын тәртібін түсіндіру.<br>Тізбекте жылдам тұру және «паровоз» болып жүру қабілетіне назар аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Ойын: «Шеңберді айнала».<br>Шеңберді айнала<br>Жүрміз біз жай ғана.<br>Көрсеткен қимылды<br>Аудыртпай саламыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Шаршамаймыз, талмаймыз.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қазақстан-Республикам менің»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеп беруге үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Еліне,жеріне,Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:** | метр қашықтықта).<br>Соғатын қолға аттас аяқты сәл артқа қою және соғу күшін саралау білігіне назар аудару.<br>Екі тізбек болып тұрады. Әр тізбектен бір бала белгіленген лақтыру сызығына келеді.<br>Себеттен текшені алады, дұрыс бастапқы қалыпта тұрады – лақтырған кезде оң қолымен лақтырғанда оң аяғын сәл артқа қояды, құрсауға төменнен лақтырады.<br>Лақтырғаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Бір-біріне кедергі жасамауға тырысады.<br>Ойынды жаттығу: «Кім алысқа секіреді?»<br>Бір орыннан ұзындыққа секіру.<br>Бір мезгілде екі аяқпен итерілуге баса назар аударылады.<br>Тәрбиеленушілер бір-біріне қарама қарсы екі қатарға тұрады.<br>Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйренеді. Екіпінді түрде итеріледі, бір мезгілде екі аяқпен секіреді. Қолдарын екпінді түрде сермейді. Барынша алысқа секіруге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | («Ц» дыбысының дұрыс дыбысталуын қадағалау). Педагог «цирк» сөзінде бірінші болып естіліп тұрған қандай дыбыс екендігін сұрайды? Балалар «цирк» сөзінде алғашқы болып «ц» дыбысы естілетінін баяндайды. «Ц»<br>дыбысын бірге қайталап айтады.<br>Педагог:«Ц» дыбысын дұрыс естіп айту үшін буын ішінде келтіріп жаттықтыру, ца це, цу, ци буындарын қайталауды талап ету:<br>Ци-ци-ци-цирк<br>Ци-ци-ци-мотоцикл<br>Це-це-це-цех<br>Це-це-це-цемент<br>Циркте қандай аңдар мен жануарлар өнер көрсететінін сұрайды (олардың қимыл-қозғалысын салуды ұсынады). Ал балалар циркте: аю, күшік, піл, арыстандар, жылқылар тағы басқа өнер көрсететінін баяндай отырып, қимылын салып көрсетуге асығады.<br>Енді балалардың назарын суреттегі күлдіргіштің жанындағы чемоданға аудару.<br>Педагог балалардан ол заттың атауын және оның күлдіргішке қажеттілігін сұрай отырып, чемодан туралы әңгімелеу (оның пішіні, түсі). Балалар, ол заттың чемодан екенін | Эмоционалдық фонды қалыпқа келтіру – «Күлкілі беттер». Шарға жымиған күлкінің<br>суретін салып, көңілді шарды балаларға сыйлайды. Дені сау және тату болу үшін үйде де, балабақшада да Денешынықтыру қажеттігін балалардың есіне салады.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«4 саны мен цифры.Үлкен-кішкентай»**<br>**Мақсаты:** 4 цифрымен таныстыру.Заттардың шамасы, бөлімі бойынша алғашқы ұғымдарын қалыптастыру,зейіндерін дамыту.Өзге цифрлардың арасынан 4 санын табу.»Үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету.Көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету.Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Әйгерім өз себетіне,<br>Үш саңырауқұлақ салды.<br>Қарап жүрмей тағы да,<br>Тал қасынан біреуін алды.<br>Жоғалтпайық уақытты,<br>Бізге тек санау ғана қалды.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Педагог суретте неше саңырауқұлақ болса, | оның ұсақ қызыл гүлдері бар екенін айтады.<br>Гүлге қарайды, оны сипаттайды.<br>«Төртінші артық» ойыны.<br>Әр қатардағы артық өсімдікті қоршап сызады. Өздерінің таңдауларын түсіндіреді.<br>Мыршайдың тапсырмасын орындайды: топтарында өсіп тұрған бөлме өсімдігінің суретін салады.<br>Бөлме гүлдерінің күтімі жайлы түсіндіреді: яғни әр гүлдің күтімі әртүрлі екенін айтады.<br>Мысалы. Бір гүлге суды көп құю қажет, ал бір гүлге суды аз құю қажет. Бір гүлді жарығы мол жерге қойса, бір гүлді көлеңке жерге қою керектігін айтады. Ал кейбір гүлдерді жылы жерге қою қажет, ал кейбір гүлдер салқын жерде тұрғанды ұнатады.<br>Бөлме гүлдерін қалай:<br>Бөлме гүлдері жақсы өсу үшін оларды уақытымен суғарып, шаңын сүрту қажет.<br>Топырағын қопсыту қажет.<br>Тыңайтқыштар себу қажет.<br>Жарықты сүйетін гүлдерді жарық мол жерге қою керек т.б.<br>«Гүлдер» имитациялық ойыны.<br>Балалар «гүлдерге» айналады. (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). | Балалар, бүгін біздің туған еліміз, отанымыз ҚР туралы айтып үйренеміз.<br>Гимн дегеніміз-отан әні.<br>Авторлары:<br>Ж. Нәжімеденов, Ш. Қалдаяқов. Н. Назарбаев.<br>Алтын күн аспаны,<br>Алтын дән даласы,<br>Тудың авторы:Ш. Ниязбеков<br>Ту дегеніміз-елдің тәуелсіздігін білдіретін ресми билік нышаны.<br>Тудың түсі көк, ашық, аспан мен судың белгісі.<br>Қыран құс бүркіт-еркіндіктің, тәуелсіздіктің белгісі.<br>Айнымайды аспаннан,<br>Біздің тудың бояуы.<br>Оны халық қашанда,<br>Биікке іліп қояды.<br>«Көк тудың желбірегені» өлеңін айтамыз.<br>Елтаңба авторы:<br>Ж.Мәлібеков,<br>Ш. Уалиханов. Елтаңба дегеніміз-қазақтың қасиетті қара шаңырағының белгісі.<br>Біздің ұлттың алтын бесігі.<br>Мемлекеттің елтаңбаның пішіні дөңгелекке ұқсас.<br>Ортасындағы шаңырақ, әрбір отбасының бірлігі, тыныштығы тәріздес, киіз үйге жарық сәулені шашыратып тұрғандай.<br>Алтын қанаттар елдің болашағын қорғаған, достықты ұстап тұр.<br>«Қазақстан» өлеңін оқимын:<br>Қазақ жері-Қазақстан,<br>Мөлдіреген ашық аспан.<br>Алыс кетсем, сағынамын,<br>Отаным сен-Қазақстан. | тырысады.<br>Педагог жеңімпаздарды анықтайды.<br>Негізгі қимылдарды орындау.<br>Оңға қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту арқылы гимнастикалық қабырғамен өрмелеу (3 кермеден).<br>Отырып, допты қос қолдап бастан асыра лақтыру. Бір-бірінің соңына екі қатарға тұру.<br>Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру, доптың алысқа ұшуы лақтыру күшіне тығыз байланысты.<br>Жалпақтабанның алдын алу.<br>1. Аяқтағы башпайларды бүгу және жазу.<br>2. Башпайларды бүгіп, парақты табанның астына қарай итеру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Адасқан доп».<br>Ойын тәртібінің сақталуына назар аударады.<br>Допты берген кезде ойыншылар орнынан қозғалмауы тиіс.<br>Допты үшінші тұрған адамға беруге болмайды. Допты тек қана жанындағы ойыншыға беру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және оның қажеттілігі туралы пішінін, түсін әңгімелеуге атсалысады.<br>– Чемодан сөзінің басында естілетін «Ч» дыбысын қайталайықшы. Балалар «Ч» дыбысын педагогпен бірге қайталайды.<br>Буындар мен сөздерді қайталап, «Ч» дыбысын айтуға жаттығады.<br>«Ч» дыбысын дұрыс естіп ажырату үшін буын ішінде келтіріп, жаттықтыру:<br>Че-че-че – чек<br>Че-че-че – чемодан<br>Чи-чи-чи – чипсы<br>Чи-чи-чи – Чикаго т.б<br>Күлдіргіштің доптары туралы тақпағымызды қайталап, сергіту жаттығуын жасату.<br>Сергіту жатығуы:<br>Домала, доп, домала,<br>Балшыққа тек жолама.<br>Жек көремін оныңды,<br>Бүлдіресің қолымды.<br>Секіріп өр, ордан да,<br>Секіріп өт жолдан да,<br>Қуса күшік жетпесін.<br>Мәшине басып кетпесін.<br>(Ө.Ақылбеков)<br>Балалар қимылын келтіре отырып жасайды.<br>Педагог балаларға ойын ойнайтындығын айтады.<br>Дидактикалық ойын (сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады): «Суретті жалғастырып боя және әңгімеле»<br>Мақсаты: Балаларды дұрыс бояуға және әңгімелеу арқылы тіл | жолақ ішіне сонша дөңгелек салуды тапсырады. Содан соң сұрақ қояды:<br>– Неше дөңгелек салдыңдар?<br>– Неліктен?<br>2-тапсырма.<br>Педагог өлең оқып береді:<br>Білек күші тасыған,<br>Төрт күрескер ағаң.<br>Қолын қойып беліне,<br>Шаршамайды ешқашан.<br>Педагог балаларға 4 цифрының сандар қатарындағы орнын анықтап, сол сан нешені білдірсе, сонша моншақ бояуды тапсырады.<br>3-тапсырма.<br>Содан соң өзге цифрлардың арасындағы төрт цифрларын тауып, оларды қоршап шығуды тапсырады.<br>Сергіту сәті: «Санамақ»<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жиналамыз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Секіреміз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Отырамыз бәріміз.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Педагог балаларға мынадай тапсырма береді: барлық үлкен шаршыларды іріктеп алып төменгі жолаққа, ал кішкентайларын жоғарғы жолаққа қойып шығуларың керек. Бірақ олардың саны тең екендігі көрініп тұратындай болсын.<br>Педагог 2-3 баладан шаршылардың көлемі | Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып,<br>баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты. (оң<br>қолдарын жоғары созады) сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады, тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне,<br>гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: «Егер оның ... болса, …». Падагог нысанның бір бөліктерін атайды.<br>Бала бұл не нысан екенін айтады.<br>П: оның қалпағы мен аяғы болса, не болады?<br>Б: Саңырауқұлақ.<br>П: Тамыры болса ше?<br>Б: Шөп, ағаш, гүл, бұта.<br>3.Рефлексия<br>Педагог қорытынды жасайды: Шыршаны безендіру. Педагог шырша салынған парақты таратады.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Шырша әні» (сюжеттік ұжымдық жұмыс)**<br>**Мақсаты**: Кескіштің көмегімен жасалған бұйымдарды безендіруге тырысуын ынталандыру. Адам бейнесін мүсіндеу дағдыларын арттыру, | Отан туралы мақал айтамын:<br>1.Отан оттан да ыстық.<br>2.Отансыз адам, ормансыз бұлбұл.<br>3.Отан үшін отқа түс, күймейсің.<br>4.Туған жердей, жер болмас,<br>Туған елдей,ел болмас.<br>Сергіту сәті:<br>Топ, топ, басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн<br>Қорытынды: «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны.<br>Ойынның шарты:<br>Мемлекеттік рәміздердің суреттерін көрсетіп, түсінгендерін сұрау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы**: **« Мерекелік ашықхат»**<br>**Мақсаты:** Қағаздың тікбұрышты парағын қос бүктеу, бұрыштарды және тараптарды біріктіру, пішініне сәйкес әшекейлей білуге үйрету.Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.Сыйлық жасау арқылы үлкендерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Шаттық шеңбері.<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>Балалардан жақындарына қандай сыйлықтар жасағысы келетінін сұрау, үлгі суреттерді | керек. Жүргізушінің шеңберге кіруіне тыйым салынады. Допты оң жақтан да, сол жақтан да беруге болады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Балаларға достардың болса жақсы, сондықтан олармен жақсы қарым-қатынас жасау керектігін айтады.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Дұрыс көрсет».<br>Жүргізуші-педагог балалардан: «Көңіл күйлерің қалай?» – деп сұрайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | | № 3<br>Желді бақылау<br>Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>*№3 Қимылды ойын:* «Екі аяз»<br>*Мақсаты:* Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Жолды қардан тазарту.<br>Мақсаты: Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету;<br>Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | № 5<br>Күннің көзін бақылау<br>Мақсаты: Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>*№5 Қимылды ойын:* «Жоғары лақтыр»<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>*Еңбек:* Құстарды тамақтандыру.<br>Мақсаты: Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | № 3<br>Желді бақылау<br>Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>*№3 Қимылды ойын:* «Екі аяз»<br>*Мақсаты:* Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Жолды қардан тазарту.<br>Мақсаты: Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету;<br>Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | № 13<br>Күннің ұзақтығын бақылау.<br>Мақсаты: Желтоқсанда күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>№13 Қимылды ойын: *«Бермеймін»*<br>Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Өзара еңбек ету.<br>*Мақсаты:* Ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Ата-аналармен әңгімелесу.Балалардың тәртібі туралы айту. | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу | Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |

**Циклограмма**
**2- апта (09-13.12. 2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Міндеттері:**
1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»**<br>Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br>Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу.<br>«Қыс» (сурет қарастыру)<br>Мақсаты: Балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Қазақша мульттоптама көру. Мульттоптамадан не көргендерін сұрау,әңгімелеу. | №3 Д/о: «Жақсы-жаман»<br>Мақсаты: Балаларды жаман әдеттен сақ болуға тәрбиелеу. | №10 Д/о: «Табиғат құбылыстарын ата»<br>Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. | «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты: Балаларды Отанды сүюге,Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге ,туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. |
| Таңғы жаттығу<br>(5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №8** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз.<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Сұрақ –жауап:<br>- Жылдың қай мезгілі?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>- Кеше қандай күн болды?<br>- Қандай мейрам болды?<br>- Алдымызда қандай мейрамды тойлаймыз. | Қимылды ойын: «Жанды ойыншықтар»<br>Мақсаты: Балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету. | №8 Д/о: «Кім алғыр?»<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту. | Суретпен әңгіме: «Менің Қазақстаным»<br>Мақсаты: Балаларға туған жер,Отан туралы түсінік беру. | Мақал-мәтелдер.<br>Мақсаты: Балаларға Отан,туған жер туралы мақал-мәтелдерді жатқа айта білуге жаттықтыру. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қонақтарды күтеміз»**<br>**Мақсаты:** Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар: ас үйлік, асханалық). Сөздік қорды | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Құртақанға күлуді үйретейік»**<br>**Мақсаты:**Бір-біріне доп лақтыруды және қолды төбеге көтеріп, қос қолдап қағып алу әдісін меңгеруді | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Пияз өсіру»**<br>**Мақсаты:**<br>Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ағаларымыз сияқты күшті болайық»**<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық орындық бойымен етпетінен өрмелеуге | **Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Ойнай жүріп есте сақтауды дамытамыз»**<br>**Мақсаты:** Мұзды жолмен сырғанауға, тепе-теңдікті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жаңа сөздермен байыту,олардың атқару қызметін ұғындыру.«Ы» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату;<br>қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог топқа гүл әкеледі. Балалар қызығушылық танытады.<br>2. Негізгі кезең<br>– Балалар, бұл не?<br>– Гүл.<br>Педагог балаларға шеңберге тұруға ұсыныс білдіреді.<br>Шеңбер құру: «Гүл иіскеу»<br>Мақсаты: Балалардың тілін дамыту.<br>Қолданылуы: Шеңбер бойымен гүлді иіскеп көреді және гүлге әсерлі сөздер айту қажет.<br>(мысалы, хош иісті гүл екен, әдемі гүл, жұпар иісті гүл, таңғажайып гүл)<br>Балалар шеңбер бойымен гүлді иіскеп, әдемі сөздермен гүлді теңеулерге теңейді.<br>– Балалар, сонымен қатар өсіп тұрған ауладағы гүлді жұлуға болады ма?<br>Балалар<br>гүлді жұлуға да, басуға да болмайды деп жауап береді.<br>Педагог: Жақсы, жаңа біз гүлді хош иісті дедік. Кей уақытта үйге қонақ келгенде немесе<br>мереке күндерде біз үстелдің ортасына құмыраға су құйып, гүл қоямыз. Себебі бөлменің | жалғастырамыз. Алға қарай секірген кезде қос аяқты бірдей көтеру және тізені аздап бүгіп, жерге түсу қабілетін қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Демді іште сақтамай, еркін демалу қабілетін жетілдіру. Балаларды бір-біріне қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Тосынсый сәті:<br>Балалардың назарын сиқырлы сандыққа аударады. Бұзылып, көңіл күйі нашарлаған «Құртақан» ойыншығымен таныстырады. Балаларды осы мәселені шешуге ынталандырады – құртақанды сиқырлы қалта шамның көмегімен қайтадан күлуге үйрету.<br>II. Негізгі кезең.<br>Қолдарына қалта шам ұстап, тізбекте бір-бірден жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут.<br>Целлулоидты шарлармен (қалта шамдармен) жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды.<br>Балалардың мұрын арқылы дем алуына, дене сымбатын бұзбай, бойын тік ұстауына назар<br>аударады.<br>Негізгі қимылдарды орындау:<br>Допты бір-біріне лақтыру және қос қолдап қағып алу – допты бастан асырып, серіктесінің<br>қолына беру тәсілімен лақтырады. Жаттығудың | түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірибе<br>іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой-пайымдауларын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй<br>қалыптастыру мақсатында өлең оқиды.<br>Асханадан шықпаймын,<br>Атым – пияз бұқпаймын.<br>Көзден жасты шығарып.<br>Тұмаудан бірақ сақтаймын.<br>Балалардың білімін белсендіреді.<br>– Осы жыл мезгілінде көгөністерді өсіруге бола ма?<br>– Қай жерде өсіруге болады?<br>Суық мезгілде көгөніс өсіру мүмкін еместігін айтады, бірақ жылыжай немесе үйде өсіруге<br>болатындығын болжамдап айтады.<br>Сұрақтарға жауап алу арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын және мақсатын болжамдап | үйрету. Орындықтың екі шетінен ұстап, қолдарымызбен көмектесіп өрмелейміз. Допты бір-біріне лақтырып, қолдың басын еркін қимылдатып, бір мезгілде қос қолдап қағып алу қабілетін жетілдіру. Қолды иыққа қойып, аяқтың ұшымен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға, сызықтан шығып кетпеуге жаттықтыру. Балалардың бойында салауатты өмір сүру дағдысының қалыптасуына ықпал ету, отбасына және жақындарына құрметпен қарауға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалардың назарын жаңа спорт құралы – гантельге аудару. Мықты да епті, әкелері<br>сияқты күшті болу үшін жаттығуға шақырады.<br>II. Негізгі кезең.<br>Қатарға тұру. Залдың бір шетінен қарсы бетіне қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға<br>тұру.<br>Екі сапқа тұру.<br>Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы<br>дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың шынтақтарын бүкпей, қолдарын түзу ұстауына, мұрын арқылы демалуына назар аудару.<br>Негізгі қимылдарды орындау: | сақтауға үйрету.<br>Арақашықтығы 2 метрлік екі қатарға тұрып, қолды жоғары көтеру әдісімен, бір-біріне доп лақтыруға үйрету. Жұптар арасындағы қышықтық пен допты лақтыру күшін бірбірімен үйлестіру қабілетін дамыту. Қолмен төменге және алға қарай оқыс қимылдар жасау, бір орыннан ұзындыққа секірген кезде аяқты екпінмен алға созу, жерге тізені сәл бүгіп түсу қабілетін дамыту. Көзбен мөлшерлеу қабілетін әрекет ету жылдамдығын дамыту; бұлшық ет тонусын реттеу қабілетін қалыптастыруды әрі қарай жалғастыру.<br>Айналасындағы адамдармен дос болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I.Ойындық сәт:<br>«Айнал, досым, аюға айнал. Балалар енді сендер тентек аюға айналдыңдар».<br>II. Негізгі кезең.<br>Ойын түріндегі жаттығуларды орындауға шақырады.<br>- Сапта бір-бірлеп, табанның сыртқы жағымен жүру.<br>- Аяқтарын жоғары көтеріп жүру.<br>- Бір-бірінің соңынан ақырын жүгіру.<br>- Іштерін сипалайды.<br>-Тыныс алу гимнастикасы: (мәтінге сәйкес орындалады). |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ішінен аңқыған гүлдің иісі шығып тұрсын деп. Ал енді балалар гүл ұғымын түсініп алдық<br>енді ойын ойнап алайық.<br>Ойын: «Көңілді доп»<br>Мақсаты: Ыдыстардың атын атай білуге, жылдамдылыққа баулу.<br>Ойналу шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты<br>ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ойынды<br>қызыға ойнайды.<br>– Енді орындарымызға отырамыз. Осы айтқан ыдыстарымызды асүйге орналастыру<br>үшін дәптермен жұмыс жасаймыз.<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі «Ыдыстың бөліктерін толықтырып сал» тапсырмасын<br>орындау. Балалар дәптермен жұмыс жасайды.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бұрыл.<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп солға бұрыл.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>(Балалар, сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>Тіл ұстарту: Ыс-ыс-ыс<br>Болсын мол ы-рыс,<br>Болып қапты қыс. | дұрыс орындалуын қадағалау.<br>2,5 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқтап секіру. Жаттығуларды орындаған<br>кезде екі аяқпен бір уақытта екпінмен итеріліп, қолдарын сермеп көмектесу қажеттігін балалардың есіне салады.<br>«Қасқыр мен лақтар» ойынын ұйымдастыру.<br>Ойынның тәртібін, қасқыр мен лақтардың<br>жасайтын қимылдарын түсіндіру.<br>Зейін қою қабілетін дамытуға арналған ойын: «Суық-ыстық!».<br>Нұсқау беру. Нұсқаулардың орындалу барысын қадағалау.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең.Эмоционалдық көңіл күйді қалпына келтіру «Сиқырлы күлкі» жаттығуы.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Наша Родина – Казахстан»**<br>**Цели:** Расширять и уточнять знания детей о своей стране, вызвать желание больше узнать об истории ее независимости. Учить правильно называть на русском языке государственные символы, батыров (Махамбет батыр, Богенбай батыр, Наурызбай батыр,Абылай хан).Развивать слуховое и зрительное внимание, долговременную память, | тапқызады.<br>2.Негізгі кезең<br>Балалардың назарларын әліппе-дәптердегі суретке аударады: Суретке қараңдар. Балалар немен айналысып жатыр? Пияздың өсу ретін бейнелеген сурет арқылы әңгіме жүргізеді.<br>Педагог өсімдіктерді егу жұмысы қиын және жауапты іс екенін айтады.<br>Аскөктің тұқымын үлкейткіш әйнек арқылы көрсетеді. Аскөктің тұқымынан не өсіп шығады?<br>Күнбағыстың тұқымынан ше?<br>Пияздың ше?<br>Тұқымдарды зерттеу жұмысына қатысады.<br>Тұқымдардың кішкентай, домалақ, сопақ екенін айтады.<br>Өзекті сұрақ:<br>Өсімдіктің өсуі үшін тағы не қажет? Балалар су, жылу, жарық, ауа қажет<br>екендігін айтады.<br>Тұқым егілген жәшік терезе алдында тұрады. Сондықтан оған жарық<br>міндетті түрде қажет.<br>Топта кішкентай бақша салуға ұсыныс тастайды.<br>– Балалар, ол үшін не қажет? Педагогтің ұсынысына | Қос параллель сызықтың ортасымен, қолын иығына қойып аяқтың ұшымен жүру (ені – 15<br>см, ұзындығы – 3 метр).<br>Денені тік ұстауына назар аудару.<br>Нұсқау: жолдан шығып кетпеуге тырысу қажет.<br>Билингвалды компонент: қолды иыққа қою – руки к плечам<br>Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу.<br>Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт саусақпен астынан ұстау қажет.<br>Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолдап қағып алу. Нұсқау: допты қос қолдап<br>басынан асыра лақтыру, серіктесінің қолына беру.<br>Жаттығудың орындалу барысын<br>қадағалау.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар».<br>Сиқырлы жүйрік жылқы – тұлпарлар жайлы әңгімелесу. Ойын ережелерін түсіндіру.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Көркем әдебиет** | Ойын түріндегі жаттығу: «Өз жұбыңды тап!».<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:<br>Педагог алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына ауысуларын ұсынады. Бұл үшін әрқайсысы сызықтан секіріп өтулері керек.<br>«Кедергіден секіріп өт».<br>Допты бір-біріне бастан асыру тәсілімен лақтыру.<br>Жаттығудың дұрыс орындалуына, лақтыру күшіне, қолды жазып күшпен лақтыруға назар аударады.<br>«Бұлақтан секіріп өт»<br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Нұсқау: жерге түскенде аяқты жартылай бүгіп, аяқтың ұшымен түсу қажет.<br>Ойыншық кірпімен (иглболмен) жасалатын массаж: «Кірпі».<br>1. Қолдың басын уқалау.<br>2. Оң және сол қолды уқалау.<br>3. Кеудесін уқалау.<br>4. Арқаны уқалау.<br>5. Аяқты уқалау.<br>6. Табанды уқалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы: «Қонжықтар»<br>«Қонжықтар ұйықтап жатыр…»<br>«Қонжықтар оянды, керіліп, екінші бүйіріне ауысып жатты».<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аман болсын ту-ыс,<br>Ыдыстарды жу-ыс.<br>(«Ы» дыбысының дауысты дыбыс екендігін айту.)<br>Балалар өлең жолдарын бірге қайталай отырып жаттап алады.<br>3. Қорытынды кезең.<br>Ойында бірінің айтқан ыдысын бірі қайталамау керек екендігін ұсыныс ретінде білдіреді.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Біздің әсем шыршамыз»**<br>**Мақсаты**: Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету.Балалардың шығармашылық ойлау мен қиалын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Тәрбиеші «Табиғи өскен шырша» тақырыбында әңгіме жүргізеді, балалардың естеріне шырша туралы мәлеметтерді түсіріп, толық жауап алады, анық сөйлеуін қадағалайды.<br>Шыршаны ұстап көреді, сезінеді, ерекшеліктеріне көңіл аударады.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жасыл тоның бояуы,<br>Жыл он екі ай тозбайды.<br>Дің, бүршіктер, сояуды,<br>Қысқы аязға тоңбайды.<br>–Осы шыршаға ұқсас тағы қандай ағаш бар? Оның ұқсастығын хош иісі арқылы анықтаймыз.<br>–Балалар, біз шыршаны жақсы білеміз, Жаңа жыл мерекесінде үйде, балабақшада шыршаны | координацию общих движений и мелкую рук, пространственную ориентировку. Обогащать и активизировать словарь, закреплять правильное произношение согласного звука *р*;- воспитывать чувство патриотизма, уважение к культуре и традициям разных народов.<br>-разширять словарный запас детей.Воспитывать у детей чистоплотность, аккуратность и желание быть здоровыми; бережное отношение к природе.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Незнайка предлагает научиться рассказывать о Казахстане.<br>1. «Говорим на русском языке» -работа в рабочей тетради.<br>2. Д/и: «Расскажем Мэри Поппинс о нашей Родине».<br>3. Раскрась нужный квадратик (подобрать к схеме слово,найти местонахаждение звука р,затем его закрасить).<br>4. Итог занятия:<br>-Как называется наша Родина?<br>-Когда отмечается праздник Независимости?<br>-Какое задание было легко выполнять,какое трудно?<br>-Незнайка с учителем хвалять детей (хорошо рассказали гостье о нашей Родине)<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды салыстыру. Алыс– жақын»**<br>**Мақсаты:** 1,2,3,4 цифрларын заттың санымен | қызығушылық танытады. Құрал-жабдықтарды таңдайды: жәшік, топырақ, суқұйғыш, кішкентай күрек, тырма, су, тұқымдар.<br>Балалардың іс-әрекеттеріне бақылап, оларды басшылыққа алады.<br>Педагог бүгінгі күннен бастап аскөктің өсуін бақылайтындарын айтады.<br>1) Топырақ салынған қапшықты ашады.<br>2) Топырақты құмыраға салады.<br>3) Тырмамен тырмалап қопсытады.<br>4) Аскөктің тұқымдарын егуге арналған жерге сызық сызады.<br>5) Аскөктің тұқымдарын абайлап алып, сызық бойына салады.<br>Топырақты жабады.<br>6) Су құяды.<br>Сергіту сәті<br>Оң қолымды көтерем,<br>Оң қолымды түсірем,<br>Сол қолымды көтерем.<br>Сол қолымды түсірем.<br>Оңға қараймын,<br>Аяқты топ-топ басамын,<br>Солға қараймын.<br>Біраз сергіп аламын.<br>Педагог әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындауға шақырады.<br>Балалардан | **Тақырыбы: «Қыс»**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы түсінік беру.Өлеңді жатқа айта білуге үйрету.Сөздік қорын молайту,тіл байлығын дамыту.Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>-Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс)<br>-Қыс мезгілі несімен қызықты?<br>-Адамдар қалай киінген?<br>-Қыста біз не істейміз?<br>-Бүгін сонымен қай мезгіл туралы өтеді екенбіз? (Қыс)<br>Ойын: «Қар жинау»<br>Шарты:Балаларға жасанды қарды шашып жіберіп,белгілі бір белгіден соң тез арада жинату.Шапшаңдығы мен ептілігін дамыту.<br>Сергіту сәті:Боран соғар оң жақтан<br>Боран соғар сол жақтан<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтер қолғаптан .<br>А.Асылбековтың «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып беру.<br>-Қыста табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?<br>-Балалар, «Аяз бетті шымшиды», «құлақшыңды кимесең,құлағыңды тістег ен» дегенді қалай түсінесің? Аяздың қолы бар ма?<br>Қортынды:<br>-Оқылған өлеңде жылдың қай мезгілі туралы | ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Әрдайым дос, тату, қайырымды болу керектігін, бір-бірін ренжітуге болмайтынын айтады.<br>Психофизикалық жаттығу: «Қолымызды ұстайық»<br>***Жапсыру***<br>Тақырыбы: **«Табақты әшекейлейміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының тұрмысымен таныстыруды жалғастыру,ұлттық өнерімен таныстыру,табақты өрнектермен әшекейлеуді үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>- Балалар, мен сендерге ертегі айтып берейін.<br>«Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, Мыстан кемпір болыпты. Ол әдемілікті көрмейтін, сезін бейтін, дүниеде тек жамандық жасайтын жан екен. Зұлымдық жасаудан қолы босамайды. Сол Мыстан кемпір бірде ыдыстардан әдемі ою-өрнектерді үрлеп, өшіріп тастайды».<br>- Балалар, қарандаршы. Ою-өрнектер үстел үстінде жатыр. Ыдыстарға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншықтар іліп, әдемілеп безендіріп қоямыз.<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Әдемі шырша болайық,<br>Балдырғандар билесе,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Бой сергітіп алайық.<br>Жұмыс барысы. Алдымен діңін салуды, төменгі жағы жуандау, жоғары бөлігі жіңішке болып келетінін, бұтақтарын жоғарыдан төмен қарай сызықтармен сызу арқылы салуға болатынын түсіндіреді. Шырша бұтақтарына оның тікенектерін салғанда жоғарыдан төменге қарай сызықты үзбей салу керектігін айтады.<br>Тәрбиеші әр бүлдіршіндермен жеке жұмыс жүргізеді. Жақсы нәтижеге жетуге бағыт береді. Тапсырманы орындау үшін алдымен тікенектердің орнын қылқаламмен жүргізеді, сосын салады.Бояуды дұрыс таңдауға бағыт береді.<br>Қорытынды:Балалар, бәрін де жақсы сурет салдыңдар. Шыршаларыңды Аяз ата көріп, қуанып қалатын болды. Балалардың жұмысына талдау жасайды, жақсы жұмыс істеген балаларды мақтап, мадақтайды.<br>Шырша туралы әндерін қайталап айтады.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Ана тілі»**<br>**Мақсаты:** Өскелең ұрпақты ана тілін құрметтеуге, тіл | сәйкестендіруді әрі қарай Жалғастыру.Санмен берілген жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.«Кеңістік» ұғымын қалыптастыру (алыс, жақын);шеңбер, шаршы, үшбұрыш сынды геометриялық пішіндер туралы ұғымды бекіту.Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>– Балалар, жұмбақтарды мұқият тыңдаңдар. Оны шешуге жұмбақтың ішіндегі сандар көмектеседі.<br>Екі қарауыл,<br>Екі тыңшы,<br>Бір жыршы.<br>Төрт қырлы, өзі аппақ,<br>Тақтадағы ізі аппақ.<br>Екі атым бар тынбайтын,<br>Өзімді ғана тыңдайтын.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді:<br>– Суретте неше шырша бейнеленген?<br>– Төменгі қоршауға сонша дөңгелектің суретін сал.<br>– Тағы бір дөңгелек қосыңдар. Нешеуі артық?<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Педагог балалармен бірге жолақшаларды бір-біріне қойып салыстырады.<br>Педагог балаларға неше жолақша барын анықтауға | «Орындаған тапсырмалар туралы ата-аналарыңа айтып бересіңдер ме?» – деп сұрайды.<br>Сурет арқылы пияздың өсу ретін әңгімелейді.<br>Пиязды бояйды.<br>Пияздың көгөніс әлде жеміс екенін ажыратады (Пияз – көгөніс).<br>«Ол өсе (тыныстайды) алады»: дидактикалық ойыны. Заттың қасиеті мен атқарымын айтады.<br>Өсетін нысандарды атайды.<br>П: Ол өсетін болса, ол не?<br>Б: Гүл, ағаш, шөп…<br>П: Ол тыныс алатын болса, ол не?<br>Б: Өсімдік, жануар, адам…<br>3.Педагог қорытынды жасайды.<br>Қорытындының бір түрін қолданады: дене еңбегі (үлгердім – үлгермедім);<br>сенсорлы (көңіл күйі: қолайлы, қолайлы сезінбедім);<br>интелектілі (Нені түсіндім? – Нені түсінбедім? Қандай қиындықтар болды?).<br>**Музыка-0,5**<br>**Тақырыбы: «Театрға саяхат»**<br>**Мақсаты:** Театр өмірімен таныстыру. Ондағы театр түрлері туралы мағлұмат беру. Музыкадағы дыбыс | айтылған?<br>-Қыс қандай болады екен?<br>-Қыста қандай мерекелер болады?<br>-Қыс туралы қандай жұмбақ білесің?Оқу қызметіне жақсы қатысқан баланы мадақтау. | осы ою-ернектерді желімдеп, өрнектейік.<br>- Бірақ алдымен жан-жағымызға қарап, сұлулықты іздейік. Терезенің ар жағында аспанда ак бүлттар қандай әдемі! Сұлулықты қайдан көріп түрсыңдар? Терезенің ар жағынан ба? Топтан ба? Достарыңнан ба?<br>- Сендердің қолдарың да әдемілікті жасай алады. Сендер қазір ыдыстарды ою-өрнектермен әшекейлейсіңдер.Ұқыпты желімдеңдер, желімнің ізі қалмауы керек.<br>Саусақ жаттыгуы: «Қонаққа барамыз».<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес.<br>- Әдемі әуен бізге жақсы жұмыс істеуге көмектеседі. (Қазақтың әдемі әуені шырқалады.)<br>Сөздік жұмыс: өрнек.<br>Үлестірмелі материалға назарларын аударады.<br>Жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді.<br>- Ыдыстың ортасынан бастап өрнектейміз. Ең үлкен элементтерді таңдап, қошқармүйіз бен құстұмсық оюларын желімдейміз.<br>- Қағаздың түрлі түсті жағын астына қаратып, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мәдениетін сақтауға үйрету. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға,әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Вальс»<br>Жаттығу: «Вальс»<br>Муз.амандасу жат.: «Good morning!»<br>Вал.жат.: «Чеки-чек»<br>Ән тыңдау: «Аманат»<br>Ән айту: «Ана тілім»<br>Муз.дид.ойын: «Ырғақты соқ!» | көмектеседі<br>және олардың көлемі туралы айтып береді. Балалардан сол қолға ең қысқа жолақшаны, ал<br>оң қолға ең ұзынын алуын сұрайды. Содан соң тапсырма береді:<br>– Енді бір-біріне қойып, ең ұзыны қайсысы, ең қысқасы қайсысы екенін анықтаңдар.<br>Сергіту сәті.<br>Біздер санай білеміз,<br>Білмегенге күлеміз.<br>Біреу, екеу, үш, төрт деп,<br>Бес, алты ... деп жүреміз.<br>2-тапсырма.<br>Педагог әр карточкадағы шыршаның ойыншықтарын санап, солардың санына сәйкес<br>келетін цифрды бояуға тапсырма береді.<br>Содан соң мынадай сұрақ қояды:<br>– Әр карточкада қандай цифр боялды және неге ол цифрды бояндыңдар?<br>3-тапсырма.<br>Педагог балалармен бірге суретті қарап шығады және тапсырма береді:<br>– Балалар, Аязата өте асығыс. Ол балабақшаға тез жетуі тиіс. Ол жол айрығында тұр,<br>бірақ қай жолмен жүрерін білмейді. Әрине, тезірек жету үшін ол ең қысқа жолмен жүруі керек. | жоғарлығы,ырғақтың мәнерлігін түсініп,ажырату. Әннің ырғағын сақтау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән тыңдау: «Көңілді саяхатшылар»<br>Д\о: «Театр» | | желімді жағамыз. Өрнекті негізгі бетке әдемілеп жабыстырып, сулықпен басамыз, артық желімді сүртіп тастаймыз. Енді ыдыстардың шетін өрнектейміз. Гүл күлтесі оюының ұшын ыдыстың шетіне қаратып желімдейміз.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Билингвальді компонент: табақ - блюдо, өрнек - орнамент.<br>Педагог балаларды мадақтайды. Жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Менің елім Қазахстан»**<br>**Мақсаты**:Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету.Отанымызға және оның мемілекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімдерін дамыту.Туған жерін,елін сүюге,құрметтеуге тәрбиелеу. |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№ 2**<br>**Қар басуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік | **№ 3**<br>***Желді бақылау.***<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір | **№5**<br>**Күннің көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Тайғанақтың пайда болу | **№ 8**<br>**Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Қыраудың пайда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. Қимылды ойын: «Қармен ойнау » Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек: Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. | екенін түсіндіру. Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. Қимылды ойын: «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу. Еңбек: Жолды қардан тазарту .Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек. Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр» Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек: Құстарды тамақтандыру. Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту. Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында» Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. Еңбек: Жолға құмды төгу Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. | болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: Мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Түскі ас | | | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. ( 2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау . | Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. | Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. | Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. | Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | № 6.Сюжетті-рөлдік ойын. «Аспазшы» Мақсаты: Тағам түрлерімен таныстыру, диалог түрінде сөйлей білуге , үйретуді жалғастыру. | №8 Сюжетті-рөлдік ойын: «Дүкен» Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілігіне үйрету. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»** **Тақырыбы**: «Nur-sultan is the capital city» **Мақсаты:** Балаларға астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыру. Елорда туралы түсініктерін кеңейту, балалардың сөйлеу дағдыларын арттыру. Өз еліне, өз жеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу, бір біріне сыйластық сезімдерін тереңдету **I. Greeting: Амандасу** - Good afternoon children! - Good afternoon! - How are you? - I am good! **II. New word:** Flag, capital, monument, country, building **III. Refreshing moment** «Make a Circle» өлеңін айту **IV. Let`s play: «Find the** | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы:"**Жақсы және жаман істерді тауып көр" **Мақсаты:** Жаман әдеттен аулақ болуға, көргенін ажыратып, әңгімелей білуге үйрету. Экология сабағынан алған білімдерін тиянақтау және бекіту. **Әдіс-тәсілдері:** Ситуациялық жағдай,суреттер,ойын. **Барысы:** А) №1 Шаттық шеңбері. Ә) Ойын: «Мен қандаймын». Мақсаты: Жақсы әдеттерді жаман әдеттерден айыра білуге үйрету. Б) Суреттер арқылы суреттегі балалардың іс-әрекетін талдау. В) Ситуациялық жағдай. Г) **Қорытынды:** Сұрақ-жауап арқылы | №4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын. Мақсаты: Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **picture»**<br>**IV. Бағалау, мадақтау**<br>**V. Қортынды**: «Good bye» өлеңін айту | қорытындылау. | |
| Жеке жұмыс | | Ерсегіз Дарханға таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Елубайқызы Раянаға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Ерсегіз Дарханға денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Өмірзақ Алдиярға әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Елеусіз Надирға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№5**<br>**Күннің көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр»<br>Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>Еңбек: Құстарды тамақтандыру.<br>Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата- | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту.<br>Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»<br>Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>Еңбек: Жолға құмды төгу<br>Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің | **№ 8**<br>**Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>Қимылды | **№ 2**<br>**Қар басуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы аугу. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>Қимылды ойын: «Қармен ойнау » Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>Еңбек: Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. | **№ 3**<br>**Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>Еңбек: Жолды қардан тазарту .Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аналармен бірге ілу. | нәтижесін көруге үйрету. | ойындар: «Бірінші бол» | | |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Тәуелсіздік күніне балалардың дайындықтарын пысықтау. | Ата-аналарға Тәуелсіздік күніне арналған тақпақтарды үйде қайталауды тапсыру. | Балалармен дайындықты жалғастыру. | Ата-аналардан Тәуелсіздік күніне өтетін тәрбие сағатынан балаларды қалдырмауын сұрау. | Ата-аналармен балалардың тәрбие сағатынан алған әсерлерімен бөлісу. |

**Циклограмма**
**3- апта (16-20.12. 2019 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Міндеттері:**
1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | | | Әңгімелесу «Менің Туған жерім!» Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу. | «Қыс» тақырыбына әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. | **01.12.2020** Таңғы жылулық шеңбері. Мақсаты: Балалардың бір-біріне жылы сөздерді айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №8** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз.<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | | | «Менің Туған өлкем» тақырыбында суретпен әңгіме жүргізу. Мақсаты:Балалардың патриоттық сезімдерін ояту.Туған жерін құрметтеуге | «Менің Қазақстаным» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты:Балалардың өз Отанына деген ыстық сезімдерін дамыту | Өлең айту: «Қазақстаным-Отаным!» Мақсаты: Отанын,туған жерін қорғай білуге тәрбиелеу,Отан туралы өлеңді жатқа айта білуге жаттықтыру. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыландыру. | | | |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Екі сараң қонжық» венгр халық ертегісін сахналау**<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін өз сөзімен айтып беруге үйрету.Балаларды таныс әдеби шығармаларды сахналауға атсалысуға ұмтылдыру, ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дамыту. Бауырмашылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі. Қуыршақ театры: «Екі сараң қонжық» ертегі кейіпкерлері қонаққа келеді. Кейіпкерлерді балалар қуана қарсы алады.<br>2. Негізгі кезең<br>Ертегі қуыршақ театрында орындалады. (Ертегі басынан аяғына дейін қуыршақ театрында қойылады). Балалар ертегіні тамашалайды.<br>– Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?<br>Балалар, әрине, ұнады.<br>– Ендеше осы ертегіні сахналайық! Кім ертегі жүргізушісі болады? Кім қонжық болғысы келеді? Кім аю болады? Ал кім түлкі болғысы келеді? Балалар өз еркімен | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біздің шағын стадион»**<br>**Мақсаты:** Биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Дененің дұрыс қалпын сақтап, қолдың көмегімен тартылу қабілетін нығайту, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, күшін арттыру. Балалардың санасына салауатты өмір сүру дағдысын сіңіруге ықпал ету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі. Стадионның қандай мақсаттарда пайдаланылатыны жөнінде әңгімелесу. Жаттығып, шымыр да күшті болу үшін стадионға барып қайтуға шақырады.<br>II. Негізгі кезең.<br>Тізбекте бір-бірден жүру. Баяу қарқынмен жүгіру – стадионды айналып бір минут жүгіру,<br>демін қалпына келтіру. Балалардың назарын мұрын арқылы демалу керектігіне, жүгіргенде қарқын мен ырғақты<br>сақтау қажеттігіне аударады.<br>Шеңбер құрап тұру. Гантельдердің (пластмассадан жасалған конструктор) көмегімен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Балалардың тыныс алуы мен | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «4 саны мен цифры.**<br>**Логикалық есептер»**<br>**Мақсаты:** 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау.Логикалық есептер шығаруға жаттықтыру.Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, шаршы туралы өткенді Пысықтау.Айналадағы заттардан геометриялық пішіндерді ажырата<br>білуге үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту.абиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>«Цифрды тап» дидактикалық жаттығуы.<br>Педагог үстелге 1-ден 10-ға дейінгі сандарды орналастырады. Содан соң балаларды<br>кезек-кезек тақтаға шақырады және бір цифрды қолына алып, ол туралы тақпақ айтып беруін өтінеді.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Педагог балалардан карточкада қандай сан жазылғанын сұрайды. Сол жақтағы цифр нешені білдірсе, сонша тақия мен етікті бояу тапсырылады.<br>4 цифры туралы өлеңді айтып берулерін сұрайды.<br>2-тапсырма.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді:<br>– Шырша қандай геометриялық пішіндерден құралған? | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | рөлдерді алады. Бірі жүргізуші рөлін, бірі қонжық, ал екінші бала екінші қонжық рөлін, ал бірі аю, одан соң түлкі рөлін алады.<br>«Екі сараң қонжық» ертегісі.<br>Жүргізуші: Ерте де бір ну орманда кәрі Аю өмір сүріпті. Аюдың екі ұлы болыпты. Қонжықтар өскен кезде, бақыт іздеуге жолға шығыпты. Олар жолға шықпас бұрын, анасымен қоштасыпты. Ал анасы болса, ұлдарын құшақтап, еш уақытта бір-бірінен айырылыспауды талап етті. Анасының бұйрығын орындауға сөз берген Қонжықтар жолға шықты. Біріншіден олар тоғайдың шетімен, ал ол жерден одан әрі жазыққа кетеді. Сөйтіп бір күн жүрді, міне, екінші күн жүрді. Ақырында бар азықтары таусылды. Ал жолдан табатын ештеңе болмады. Қонжықтар бірінің атынан бірі еріп келе жатты.<br>Сол уақытта кіші Қонжық:<br>– Ей, аға, менің қарным ашты! – деп шағымданады.<br>Ал екінші Қонжық:<br>– Ал менің одан әрі! – деп басын шайқады.<br>Жүргізуші: Солай жүре берді. Кенеттен үлкен | қолдарының қимылына назар аудару.<br>«Стадион» залды түрлі түсті таспа жіптің көмегімен екі бөлікке бөледі (изолента).<br>Негізгі іс-қимылдарды топқа бөлініп ойын түрінде орындау.<br>Бірінші сап.<br>Тепе-теңдік – қолдарын белге қойып, текшелерді аттап өту арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен жүру. Дене сымбатын сақтап, денені тік ұстау.<br>Екінші сап.<br>Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу, қолдарымен тартылу.<br>Орындықты қапталдан дұрыс ұстау тәсілін көрсету – бас бармақпен орындықтың үстінен, қалған төрт саусақпен астынан ұстау қажет.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қорықпаймын».<br>Аяқтың ұшымен, жеңіл әрі ырғақпен секіру қажеттігін ескертеді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең.<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Спортпен бала кезден айналысу қажеттігін ұғындырады. Өз-өзіне массаж жасау, релаксация – музыканың ырғағымен.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Моя Родина-** | – Шыршаны құрап тұрған геометриялық пішіндерді бояңдар.<br>Сергіту сәті: «Санамақ»<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жиналамыз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Секіреміз бәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Отырамыз бәріміз.<br>3-тапсырма.<br>Сурет бойынша барлық балаларға санау тапсырылады. Жасырынып тұрған балаларға да назарларын аудару керек. Содан соң сонша дөңгелекті бояйды?<br>4-тапсырма.<br>4 жолақтың ішінде қандай пішіндер бар екенін айтады. Жолақтың ішіндегі пішіндерді орналасуына қарай салыстырады. Екі бірдей жолақты бір-бірімен сызық арқылы қосады.<br>3. Қортынды.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>– Балалар, сендер қандай цифрлар туралы тақпақ айтып едіңдер? – Шыршаны қандай геометриялық пішіндерден құрастырдыңдар? Педагог балаларды ҰОҚ-не белсенділік танытқаны үшін мадақтайды.<br>**Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Дербестікке үйренеміз»**<br>**Мақсаты:** Заттардың арасымен қысқа-қысқа адыммен «жыланша» жүру. Қолымызды аяғымыздың қозғалысына қарай еркін қимылдату. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту; Тұрақты тепе-теңдік сақтауға және биікте тұрып тапсырмаларды орындаған кезде басты дұрыс ұстауға жаттықтыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Допты | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таңда». Әже сөзінде ә дыбысына. Қыз сөзіндегі қ дыбысына. Тауық сөзіндегі т дыбысына.<br>Қорытынды жасау: Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қорыққанда көзіне әр нәрсе елестейтінің білдіңдер. «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі» деген мақал осындай жағдайда айтылады екен.<br>Балалар «біз батыр боламыз» деген ұранмен бойларына батырлық сезімін ұялатады.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қолғап»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық қиімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту.Сұлбаға сәйкес ою-өрнектерді дұрыс орналастыра алу, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Түрлі пішінде симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге және жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Саулнама жүргізу,жұмыс жолдарын түсіндіру,билингвальді компонент.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларға қыс мезгілі туралы сауал жүргізу:<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атаңдар?<br>-Қыста қалай киінеді?<br>-Қандай киімдер киеміз?<br>-Қолғап бізге не үшін керек?<br>-Қазір біз осы қолғапты түрлі түсті бояуды қолдана отырып саламыз.Ол үшін бояу түстерін таңдап аламыз.<br>2.Қолғапты салу техникасын | шығармасымен таныстық?<br>-А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған?<br>-Қандай дыбыстармен таныстық.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жаңа жыл мерекесі»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін арттыру.Елестету тәсілін қолдана отырып балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту.Жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Жұмбақ шешу,тосын сәт,қорытындылау.<br>ҰОҚ барысы:<br>1.Шаттық шеңбері №5<br>2.Жұмбақ жасыру.<br>«Шанамен зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>2.Жаңа жылдық шыршаны және қысқы орманның суреттерін көрсету,сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.<br>- Балалар, шыршаны қандай мерекеде безендіреді?<br>- Жаңа жыл мерекесіне кімдер келеді?<br>- Шыршаға нелер іледі?<br>- Аяз Ата бізге не алып келеді?<br>3.Тосын сәт: Есікті қағып, шанасын сүйреп Аққала кіреді.(көңілсіз)<br>- Аяз Ата мен Ақшақар мерекелік кешке кетті, шанаға барлық сыйлықтарды салып, алып | -развивающие – развивать слуховое и зрительное внимание, целостное восприятие, долговременную память, координацию общих движений и мелкую рук, пространственную ориентировку. Обогащать и активизировать словарь, закреплять правильное произношение согласного звука р; -воспитательные- воспитывать чувство патриотизма, уважение к культуре и традициям разных народов.<br>Ход занятий:<br>Начинает занятие с исполнения гимна Республики Казахстан.<br>-Что мы с вами сейчас исполнили?<br>-Какие еще символы Казахстана вы знаете?<br>Предлагает прослушать стихотворение К.Идрисова «Мой край»:<br>Казахстан-это край и отар, и пшеницы,<br>Край, и степи, и горы вместивший в границы.<br>Край заоблачных пиков, джайляу широких,<br>Неуемных и пенистых речек протоки,<br>Край батыров, героев порывистых край,<br>Лишь о нем мои думы, о нем мои строки.<br>Предлагает детям познакомиться с нашей Родиной -<br>Казахстан. Предлагает рассмотреть иллюстрации и послушать к ним рассказы, а так же побеседовать. | есте сақтауға қабілетін дамыту.<br>Еңбекқорлыққа,ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері: Жұмбақ жасыру,суретпен жұмыс,тақпақ оқу.<br>ҰОҚ барысы:<br>1.№16 Шаттық шеңбері.<br>2.Саңырауқұлақ туралы өлең ертегілер білеміз бе?<br>3.«Саңырауқұлақ» саусақ ойынын ойнау.<br>Шынашағым, орманға бар!<br>Шылдыр шүмек,саңырауқұлақ тап!<br>Ортан терек, тазалап ал!<br>Балаң үйрек, қуыра сал!<br>Бас бармағым барлығын жеп,<br>Өсіп қапсың томпаңдап.<br>4.Саңырауқұлақты ермексазбен мүсіндеп көрейік.<br>Ермексазды ұқалау арқылы пішінін келтіреміз.<br>5.№12 Сергіту сәті:<br>6.Мүсіндеу жолдарын жалғастыру.<br>Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау. | қарды шашып жіберіп,белгілі бір белгіден соң тез арада жинату.Шапшаңдығы мен ептілігін дамыту.<br>4.№8 Сергіту сәті.<br>5.А.Асылбековтың «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып беру<br>6.-Қыста табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?<br>-Балалар, «Аяз бетті шымшиды», «құлақшыңды кимесең,құлағыңды тістеген» дегенді қалай түсінесің? Аяздың қолы бар ма?<br>Қорытынды: Оқылған өлеңде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?<br>-Қыс қандай болады екен?<br>-Қыста қандай мерекелер болады?<br>-Қыс туралы қандай жұмбақ білесіңдер?Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Аққу»**<br>**Мақсаты:**Балаларды жаңа табиғи материал түрі,ұлу қауашақтарымен таныстыру.Олардың ерекшелігі мен пішіні,көлемі,түсімен және онымен жұмыс жасау әдістерін үйрету.Эстетикалық талғамын дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс жасай білуін және құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Әңгіме жүргізу,қимылды ойындар,жаттығулар жасау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Кіріспе әңгіме:<br>-Балалар, менің қолымда не |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіндіру.<br>3.Сергіту сәті №2.<br>4.Орындалу ретін қадағалау,жұмыстарын жалғастыру.<br>5.Билингвальді комп: қолғап-руковицы (перчатки)<br>6.Қорытындылау: Балалардың жасаған жұмыстарына қарап баға беру,салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Рахмет,саған Отаным!»**<br>**Мақсаты:** Тәуелсіз Қазақстан,Астана,Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. Елі, жері туралы айтылатын әндерді жүрекпен, намыспен орындауға баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Жаттығу: «Приставной шаг»<br>Муз.амандасу жат.: «Сәлем деймін бәріңе!»<br>Дау.жат.: «Санамақ»<br>Ән тыңдау: «Мен-қазақпын»<br>Ән айту: «Туған жер өзің дегенде»<br>«Туған жерім-Қазақстан» | келерсің деген. Бірақ сыйлықтардың барлығын жалмауыз кемпір ұрлап кетті. Енді Аяз Ата мен Ақшақарға не айтамын, көп балалар бізден сыйлық күтіп отыр.<br>- Балалар, Аққалаға қалай көмектессек екен?<br>- Дұрыс, балалар, біз сыйлықтар салатын қорапшалар суретін салып берейік. Ал Аяз Ата сиқырлы таяғымен түртіп қалғанда, олар шын сыйлыққа толы қорапқа айналып кетеді.<br>4.Педагог қорапшаларды салу жолдарын өзі көрсете отырып түсіндіреді.<br>- Сыйлықтарға арналған қорапшалар салу аса қиыншылық туғызбайды, ол үшін алдымен өзімізге таныс пішіндерден қорапшалар саламыз. Тікбұрыш пен шаршы пішіндер қажет. Оларды салғаннан кейін, қылқаламмен бояп, қораптарда әдемі байлауышпен байлап қоямыз. Ол үшін қарындашты қолданамыз.<br>5.Сергіту сәті №24.<br>6.Оқу іс - әрекеті барысында қиналған балаларға бағыт - бағдар беріп отыру.<br>Қорытынды: Өлең оқып беру.<br>Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр!<br>Жасыл шырша жанында,<br>Билеп барлық бала жүр.<br>Дайын болған сыйлықтарды Аққалаға беру. Ол қуанып, | «Президент Казахстана»<br>Показывает портрет Нурсултана Абишевича Назарбаева:<br>-Вы знаете кто этот человек, изображенный на портрете?<br>-В чем заключается служба Президента стране, народу?<br>«Столица нашей Родины – Астана»<br>Используя иллюстрации, фотографии организовывает беседу о столице Казахстана:<br>-Какой город является столицей нашего государства?<br>-Изначально, после образования нашей Республики Казахстан столицей нашего государства был город Алма-Ата, но из-за частых землетрясений ее перенесли в город Астану. Теперь столица нашей Родины называется-Астана.<br>-Кто из вас уже бывал в Астане?<br>-Что вы знаете об Астане и ее достопримечательностях?<br>«Байтерек»<br>Байтерек – это одна из главных достопримечательностей города Астана. Проект разработали по иниативе Президента. Его высота составляет 97 метров, а вместе с шаром, который венчает конструкцию 105 метров.<br>«Хан Шатыр»<br>Хан Шатыр- это фантастический торгово-развлекательный комплекс, расположенный в столице Казахстана. Он был открыт в | | көріп тұрсыңдар? (сиқырлы қапшық)<br>-Оның ішінде не бар деп ойлайсыңдар? (Ойыншық, машина, жеміс, т.б.)<br>Баланы шақырып, қапшыққа қолын салуға, содан соң қолына түскен затты сипаттап беруге ұсыну. Шақырылған баладан қолына қандай зат түскені туралы сұрау. Ол қатты ма, жұмсақ па?<br>-Пішіні қандай?<br>-Енді шығарып балаларға көрсет.<br>-Балалар, бұл не? (Бұл бүршік («шишка» деп жауап беруі мүмкін)<br>-Бұл шырша бүршігі. Бүгін біз шырша бүршіктерінен аққуды мүсіндеп жасаймыз.<br>2.Аққу бейнеленген суретті көрсетеді<br>-Ақ жылы жаққа ұшып кететін құс. Мойыны оның ұзын, иілген. Аққулар жұптасып жүреді.<br>-Аққудың түсі қандай? (Аққу ақ түсті)<br>3.Үлгі жұмысқа назар аудартады.<br>-Бүгін біз аққуды жасаймыз.<br>-Оның денесі неден жасалған? (Денесі шырша бүршіктен жасалған)<br>-Ал басы, мойыны, қанаттары неден жасалған? (Басы, мойыны, қанаттары ермексаздан жасалған.<br>4.Жұмыстың жолдарың көрсету және түсіндіру:<br>- Алдымен ақ түсті ермексазды үш бөлікке бөлеміз. Содан соң бір бөлікті алып, таяқша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | алғысын айтып,балалардың жұмысын мақтап,қоштасып шығып кетеді.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Әуендер»**<br>**Мақсаты:**Түрлі характердегі (мажорлы, минорлы, ашушаң, т.б.) әуендерді бір-бірінен ажыратуға, оларды қабылдауға үйрету. Түрлі әуендегі музыкаға сай еркін қимылдауға дағдыландыру. Ойын әрекеттерінде еркіндік сезімдеріне рұқсат беру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Детский марш» П.Чайковский<br>Муз.амандасу жат.: «Сәлем деймін бәріңе!<br>Шат.шеңбері: «Қайырлы таң!»<br>д\о: «Көңіл-күй»<br>Д\о: «Үш түрлі бұлт» | 2010 году и в настоящее время является одним из самых популярных во всем мире. Здание представляет собой огромный шатер. Хан Шатыр славится тем, что внутри здания на самом верху расположен великолепный аквапарк с искусственным пляжем и несколькими бассейнами.<br>Океанариум «Думан»<br>Океанариум «Думан» занесен в книгу рекордов Гиннеса как единственный в мире океанариум, расположенный от океана на расстоянии 3000 километров. Здесь живут более 2000 морских обитателей.<br>«Дворец Мира и Согласия»<br>Сама идея строительства пренадлежит президенту Нурсултану Назарбаеву. Открытие Дворца Мира и Согласия, ставшего центром объединения самых разных верований и культур, состоялась в 2006 году. | | ретінде есеміз (көрсету).<br>-Бұл мойыны.Содан кейін оның бір жағын, басын шығарып, біраз үшкірлетіп бүгеміз. Ал, екінші жағын бүршіктің жуан жағынан бекітеміз (көрсету).<br>-Үшкірлеткен жағына біраз қызыл түсті ермексазды жағамыз (көрсету). Бұл тұмсығы.<br>-Кішкентай екі қара бөліктен көздерін жасаймыз (көрсету).<br>5.№13Сергіту сәті.<br>- Енді екі қалған бөлікті алып, қанаттарын жасайық. Ол үшін бөліктерді алаканның арасына салып сопақша пішінде есеміз (көрсету).<br>-Содан соң саусақтармен басып, бір жағын үшкілетеміз (көрсету).<br>-Оларды жалпақ жағымен бүршіктің екі жағынан орналастырып бекіте-міз (көрсету).<br>6.Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарына талдау жасаау. |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| **Серуен** | 10.40-11.40 | **№ 30**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**№30 Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды»**<br>**Мақсаты:** Мәтінмен сәйкес | **№ 3**<br>***Желді бақылау.***<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін аныктауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**№3 Қимылды ойын: «Екі** | **№ 5**<br>**Күннің көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің | **№ 12**<br>**Ауа райына қарай кардың өзгеруін байқау.**<br>**Мақсаты:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа | **№ 3**<br>**Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін аныктауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**№3 Қимылды ойын: «Екі** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту»**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжерияларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүл сауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. | **аяз»**<br>**Мақсаты:** Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек: Жолды қардан тазарту.**<br>**Мақсаты:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>**№5 Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр»**<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>**Еңбек: Құстарды тамақтандыру.**<br>**Мақсаты:** Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**№12 Қимылды ойын: «Бәйге»**<br>**Мақсаты:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек:**<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. | **аяз»**<br>**Мақсаты:** Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек: Жолды қардан тазарту.**<br>**Мақсаты:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық (кезекшілікті ұйымдастыру) | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз ( 3- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет) | Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу.<br>«Ауырма» (Нүктелі массаж) - Тамақ қатты ауырмасын, жөтелмейік, түшкірмейік.<br>Батылырақ уқала мұрын тұсын, маңдайды да уқалауға ерінбейік<br>Алақанды маңдайға, | Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Арнайы жолдармен жүру. | Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз | Тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>(жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.) ( 4-5 рет) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Саусақтарды айырлап,<br>Құлақтарды уқала сондайда.<br>Суықтан біз қорықпаймыз,<br>Ия, ия, ия.<br>Суықтан біз қорықпаймыз,<br>Қорықпаймыз, ауырмаймыз.<br>Массажды балалар өз бетімен орындайды. | | | |
| **Бесін ас** | 15.45-16.10 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету | | | | |
| **«Алақай ойын!» Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар.** | 16.10-16.40 | **№11 Сюжетті-рөлдік ойын: «Дүкен»**<br>**Мақсаты:** Сатушының рөлін ойнай білу біліктілігіне үйрету. | **№ 2 Д/о: «Біздің көңіл күйіміз»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл-күйді ажырата білуге үйрету. | **№11 Сюжетті-рөлдік ойын: «Дүкен»**<br>**Мақсаты:** Сатушының рөлін ойнай білу біліктілігіне үйрету. | **В/к: «Ғажайып ел»**<br>**Тақырыбы:** «Plants around us »<br>**Мақсаты:** Балалардың көкөніс атаулармен таныстыруды жалғастыру. Есту қабілеттін дамыту.Сөздік қорын молайту. Жаңа сөздерді қайталау. Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**I. Greeting: Амандасу**<br>- Good afternoon children!<br>- Good afternoon!<br>- How are you?<br>- I am good!<br>**II. New words:** : a garden, a flower, a grow, a tomato, a cucumber,<br>a potato, a onion, a carrot, a cabbage<br>**III. Let`s play:** «What is this» мынау не?<br>**Бағалау, мадақтау**<br>**IV. Қортынды**: «Good bye» өлеңін айту. | **В/К : «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Жерді қалай сақтауға болады?»**<br>**Мақсаты:** Жер және оның таңайғыштығын қалай сақтауға болатыны туралы түсінік беру. Жер астындағы тұрғындарды сақтау керектігін ұғындырып қызығшылығын тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба,шаттық шеңбері,түсіндіру.<br>**Барысы:**<br>А) №12 Шаттық шеңбері.<br>Ә) «Жер асты тұрғындары» бейнежазба тамашалау. Бейнежазбадан жер асты тұрғындарымен таныстыру, талдау.<br>Б) Жерді өнімді, құнарлы ету үшін не істеу керек екендігін түсіндіру.<br>В) Тыңайтқыш ұғымымен таныстыру.<br>Г) **Қорытынды:**<br>Д/Ойын: №8 «Экологиялық тізбек»<br>Мақсаты: Қоректік тізбектің буындары туралы түсініктемелер беру: тірі табиғат, өсімдіктер, жыртқыш аңдар. Табиғат заңымен таныстыру: табиғатта жануарлар да, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | өсімдіктерде өз бетінше тіршілік ете алмайды. |
| **Жеке жұмыс** | | Сағындық Айзереге әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Ізбасқанов Нұрдәулетті қатынас саласы бойынша тілдік дыбыстарды, сөздерді айтуға, сөздік қорын молайтуға, анық сөйлеуге әңгімелерді тыңдауға үйрету. | Нұрсұлтанұлы Нұрасылға қатынас саласы бойынша дыбыстарды дұрыс, анық айтуға, тақпақ өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. | Елеусіз Раянаға таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Мукашев Ахмедке денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | 16.40-16.50 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| **Серуен қимылды ойындар** | 16.50-17.50 | **№ 3**<br>***Желді бақылау***<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**№3 Қимылды ойын: «Екі аяз»**<br>**Мақсаты:** Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Жолды қардан тазарту.<br>**Мақсаты:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету;<br>Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | **№ 1**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:**Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>**№2 Қимылды ойын: «Қармен ойнау »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту.<br>**Мақсаты:**Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. | **№ 5**<br>**Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>**№5 Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр»**<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>**Еңбек:** Құстарды тамақтандыру.<br>**Мақсаты:** Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | **№ 3**<br>**Желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**№3 Қимылды ойын: «Екі аяз»**<br>**Мақсаты:** Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Жолды қардан тазарту.<br>**Мақсаты:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | **№ 13**<br>**Күннің ұзақтығын бақылау**<br>**Мақсаты:** Желтоқсанда күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**№13 Қимылды ойын: «Бермеймін»**<br>Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Өзара еңбек ету.<br>**Мақсаты:** Ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. |
| **«Ертеңге дейін....»** | **17.50-** | Бүгінгі күн қалай өтті?-ата- | Психологтің кеңесі: | Ата-аналарға ескерту | Ата-аналармен | «Демалысты қызықты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу. Балалардың үйге қайтуы | **18.00** | аналармен сұхбаттасу. | «Компютерьдің зияны» | Ералиге, Қайратқа, Серікке үйде тапсырмалар орындату. | әңгімелесу. «Қыс мезгіліндегі шынықтыру әдістері» Дәрігердің кеңесі. | өткізіңіз» ұсыныс.Балалардың еркін ойындары. |

**Циклограмма**
**Бірінші аптаға (30.12.2019- 05.01.2020)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** «Табиғат әлемі»-тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту.

| Күн тәртібі | Уақыт | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма | Сенбі | Жексенбі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00 8.30 | «Табиғат-біздің досымыз» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға табиғат,тіршілік,қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінік беру. | «Төрлет,құтты,Жаңа жыл!» балалармен әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балалармен жаңа жыл ертеңгілігінен алған әсерлерімен бөлісу. | | | | | Табиғат туралы мақал-мәтелдер айту. Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту. |
| Таңғы жаттығу | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені № 9** | | | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын жаттығу:**<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз. | | | | | | |
| Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | 8.50-9.05 | №10 Д/о: «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. | Сұрақ-жауап: «Табиғаттың таңғажайып әлемі» Мақсаты: Балаларды табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету. | | | | | №4 Д/о: «Бұл қай кезде киеді?» Мақсаты: Әр жыл мезгіліне сай киім үлгілерін таңдай білуге үйрету. |
| **«Ойнайық та, ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Сөз, сөйлем. Ажарлы қыс»** **Мақсаты:**«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Ерекше сайыс»** **Мақсаты:** жарыстардың көмегімен балалардың қимылқозғалыс белсенділігін дамытуды | | | | | 03.01.2020 **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Біз өсіп келеміз»** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Сөз» «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру; әртүрлі ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалысын дамыту; балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Сурет арқылы әңгіме құрастыру,сұрақ-жауап.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.- Балалар, мен өлең оқып берейін, сендер өлеңнің қай мезгілге арналғанын айтыңдар.<br>Айналамда ұшып жүр,<br>Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.<br>(З.Шүкіров)<br>- Өлеңде не туралы айтылған екен? Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды?<br>2.Суретке қарап әңгіме құрастыру.Суретке қарап көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып әңгіме құраңдар. Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?Ия, дұрыс айтасыңдар. Сендердің ойларыңды қорыта келе, бұл суреттің тақырыбын «Ажарлы қыс» десек қайтеді, келісесіңдер ме?<br>Балалар, «ажарлы» сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны білдіреді.Енді өздерің осы ажарлы қыс мезгіліне өз қиялдарыңмен әңгіме құраңдар.<br>3.Сергіту сәті №5<br>(Сергіту жаттығуын К.Нүсіпбековтің «Суретші қыс» өлеңімен жасатуға болады).<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық. | жалғастырамыз. Бір орыннан ұзындыққа секірген кезде бастапқы қалыпты сақтау қабілетін нығайту, өзінің қатардағы орнын тез табу қабілетін нығайту, залдағы кеңістікті толық пайдалануға, жүрген кезде бір-біріне кедергі келтірмеуге үйрету. Допты екпінмен итеру және доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін жетілдіру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ептілікке, зейінділікке баулу; төзімді, төптіпті болуға үйрету; күшті, епті болуға деген қызығушылығын ояту.<br>**Әдіс-тәсілдері:** ЖДЖ-ын орындау,балаларды ынталандыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I.Жаңа жылдық жарыстарға қатысуға шақыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Қатарға тұр».<br>II. Негізгі кезең.<br>Қолдарына кубик ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Өкшемен жүргенде текшелерді жоғары көтереді, қапталға, алға созады, иыққа қояды. Екі сапқа тұру. Текшелерді пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Жаттығуларды бірге орындау, арақашықтық сақтау қажеттігін ескерту.<br>Негізгі қимылдарды орындайды:<br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?».<br>Екі аяқпен бір уақытта итерілу қажеттігіне назар аудартады.<br>Допты затқа дәлдеп домалату.<br>Ойын түріндегі жаттығу:<br>«Кегельдерді құлат» (кегельдерге дейінгі қашықтық – 1,5 метр).<br>Жаттығуды орындау тәсілін көрсету: ек.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары:<br>«Мысық пен құстар». | | | | | **Мақсаты:** Шаңғыны киюге және шешуге, дайындық жаттығуларын орындауға үйрету. Бір орында түрегеліп тұрып, қар лақтыру, бүгілген қолдарды екпінмен түзету арқылы қардың лақтыру күшін арттыру. Дұрыс жүру рефлексін қалыптастыру, дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Кеңістікті бағдарлау, қар үйінділерімен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігі.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Жаңа жабдыққа назарларын аударады шаңғылар. Тәрбиеленушілерге олардың неге арналғаны туралы айтып беруді ұсынады.<br>2. Шаңғымен жүру. Тәрбиеленушілерге алдымен шаңғыны тексеріп шығуды, содан кейін ғана киюді ұсынады. Мына ұғымдармен таныстырады: шаңғы, шаңғышы, бекітпе. Оларды қалай қарға қою керек екенін көрсетеді – алдымен оң жаққа бір шаңғыны, сол жаққа екіншісін. Шаңғыларды қарға қою, аяқты шаңғы бекітпесімен бекіту. Шаңғыда тұрып, біресе оң аяқты, біресе сол аяқты кезекпен көтеру. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аунап таза ақ қарға.<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазартып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>- Балалар, мен сендерге «Көңілді қыс»деген өлең оқып беремін.<br>4.Билингвальді компонент: шана-сани, шаңғы - лыжи, ақ мамық - белый пушистый, аққала - снеговик.<br>5. Балалар, сендер құраған әңгімелерің сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады.<br>- Балалар, сөз дегеніміз - айтылатын бір ой. Егер сен «қыс», «қар»,«шаңғы» деген сөздерді ойлап айтсаң,сол сөзді өрбітіп сөйлем құрауға болады.<br>Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады.<br>Мысалы, «Алақай! Алақай!» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады?<br>- «Қайдан келдің?» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады?<br>Тәрбиеші қол көтеріп, әңгіме құрауға қызыгушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды.<br>Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды.<br>- Балалар, сендер құраған әңгімелерің маған ұнады, өздеріңе де ұнады ма?<br>- Енді біз сөз, сөйлем деген не екенін білеміз.<br>6.«Айырмашылығын тап!» дидактикалық ойыны:<br>Ойын шарты: екі аққаланың суреті | Ойын ережелерін түсіндіру. Нұсқау: ойнаған кезде айқайлауға, жүгіргенде бір-бірін итеруге болмайды.<br>III. Қорытынды кезең: Балаларды ынталандыру. Жаңа жылдық жарыстарға қатысқандарды марапаттау.<br>**ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы: «Ауыр, жеңіл»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың салмағы мен өлшеуі туралы ұғым қалыптастыру. «Жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету; кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту; зейін, ойлау дағдысын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Қызығушылық тудыру,жаңа сөздер үйрету..<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1Үлкен арқақоржынды (рюкзак) кіргізіп өте ауыр екен кейіп таныту.Одан кейін жеңіл арқақоржынды шапшаң көтеріп көрсету.Балалардың не байқағанын сұрау.Салмақ туралы әңгімелесу.<br>2.Оқу қызметінің тақырыбын хабарлау.<br>-Бүгін заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз.<br>Сұрақ: Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз?<br>Бөлмеден ауыр және жеңіл затты тауып көрсетіңдер? Балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтау.<br>3.Тапсырмаларды орындау.Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма: «Суреттерді қарап,жағдаяттарды анықтадар?»<br>2-тапсырма: «Жеңіл және ауыр | | | | | Бір шаңғыны алға және артқа қозғау. Шаңғыда тұрып аздап отырып-тұру. Шаңғымен бірнеше адым жасау. Шаңғымен жүру кезіндегі қауіпсіздік техникасына баса назар аудару.<br>Ойын жаттығуы: «Аттар».<br>Тәрбиеленушілер шаңғымен қарды жиі-жиі баса отырып жүгіреді. Педагогтің белгісі бойынша жүгіреді. Педагогтің белгісі бойынша барлығы тоқтайды және ойларындағы тізгінді тартады.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін естеріне салып отыру қажет.<br>3Тәрбиеленушілер қармен жүреді.<br>Педагогтің «Қандай үлкен болдыңдар!» сөздеріне – барлығы шаңғымен тұрып түзеледі және қолдарын жоғары созады. «Мынадай кішкентай болғанбыз» сөздеріне тәрбиеленушілер тоқтайды және сәл отырады.<br>4. Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды.<br>Ойын жаттығуы: «Мен өсемін». Балалардың қалай өскенін көрсетуді ұсынады. Шаңғымен жүрудің биік, батыр болуға көмектесетініне |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беріледі. Суретке қарап аққалалардың айырмашылығын табу керек. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>7.Жаңылтпаш қайталату.<br>Жапалақтап, қаптап ақ қар жауды.<br>Алқапты аппақ ақ қар жапты.<br>Қорытынды: Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>Біз бүгін қандай тақырыпқа сөйлем құрадық?<br>Қандай сөйлем түрлерімен таныстыңдар?<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Аязата»**<br>**(акварель бояу)**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету. Міндеттері: білімділік: Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру; дамытушылық: Аязатаның бейнесін қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуді үйрету.<br>тәрбиелік: жұмысты орындауда ұқыптылық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Аязатаның бейнесін қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуді үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Балалар, сәлемдесу туралы мақалды еске түсірейікші.<br>«Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергенің».<br>Онда жылы шыраймен сәлемдесіп, бір-бірімізге жылу сезімімізді білдірейік. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі сендерге неліктен ұнайды? Балалар, сендер Аязатаның қалай пайда болғанын білесіңдер ме?<br>Онда тыңдаңдар. Біз оны Аязата деп атасақ, басқа елдерде, мысалы көршілес Ресейде – «Дед мороз», ал | заттарды 2-тапсырманың кестесіне жапсыр»<br>Сұрақ қою:<br>-Сол жақта қандай заттар?<br>-Неліктен?<br>-Оң жақта қандай?<br>4.Сергіту сәті №12<br>5. 3-тапсырма: «Жүк көлігі не алып келе жатыр?» Сурет арқылы атау.<br>Қорытындылау: Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.<br>-Қандай жаңа сөздер үйрендіңдер?<br>-Оқу қызметінде не ұнады?<br>Мақтау,мадақтау. | | | | | назар аударады.<br><br>**Шығармашылық саласы бойынша жеке жұмыс:**<br>**Мақсаты:** Балаларды таныс шығармалардан үзінді сахналай білуге,дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстай білуге жаттықтыру. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Америкада «Санта Клаус» деп атаған. Аязата бұғылар жегілген арбаға мініп, жақсы балалардың аяқ киімдері мен шұлықтарына сыйлықтар салып кетеді екен.<br>2. Балалар, енді маған Аязатаның бейнесін суреттеп беріңдерші? Тақтаға ілінген суретке назар аударыңдар. Аязатаның басын, бет бейнесін домалақтап салып аламыз: денесі, сақалы, қолдары, баскиімі. Байқасаңдар, денесі трапеция тәрізді, ал баскиімі мен сақалы үшбұрыш пішінді. Қолдары тік төртбұрыш пішінді екенін байқап отырсыңдар. Ал қолындағы таяғы ұзын сопақша түрінде. Шапаны неліктен көк түсті деп ойлайсыңдар? Себебі ол көк мұз бен көгілдір қар елінен, суық жақтан келеді.<br>Суретті салу жолдарын көрсеткен соң, педагог балалардан суреттің орындалу ретін тағы бір рет қайталап сұрайды. Балалар сурет салуға кіріскен кезде педагог олардың жұмыстарын бақылап, басшылық жасайды.<br>3. Билингвальді компонент бойынша Аязата – Дед Мороз – Santa Claus.<br>4. Сергіту сәті №7.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>5. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>6. Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Қысқы әуен»**<br>**Мақсаты:**Әуен сазына ілесе отырып,қыс көріністерін қимыл қозғалыспен бейнелеуге баулу, әнді әсерлеп айтуға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:** | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Муз. «Вальс»<br>Муз.амандасу жат: «Сәлем деймін бәріңе»<br>Ән айту:«Қыс»<br>Имитация: «Қыс» (Пиццикато)<br>Дау.жат.. «Қыс» Дау.жат.: «Суықторғай»<br>«Гамма» (Лига, стакатто) | | | | | | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25<br>-<br>10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | | | |
| Серуен | 10.40<br>-<br>11.40 | **№ 20**<br>**Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну. Қардың астындағы шөпті бақылау. Кішкентай жасыл өсімдіктердің жерге жабысып жатқандығын, олардың жұқа және нәзік екендігін бақылау.Таныс өсімдіктерді анықтай білуге ұмтылдыру. Қар өсімдік тұқымының үсімеуінен және оларды қорғайтындығын айтып түсіндіру.Табиғатты сүйіп, аялай білуге тәрбиелеу.<br>***№3 Қимылды ойын:* «Екі аяз»**<br>***Мақсаты:***Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>***Еңбек:* Жолды қардан тазарту.**<br>**Мақсаты:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | **№ 16**<br>**Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)**<br>**Мақсаты:** Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.<br><br>***№2 Қимылды ойын:* «Қармен ойнау »**<br>***Мақсаты:*** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту.<br>**Мақсаты:**Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. | | | | | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту.<br>***№7 Қимылды ойын:* «Ұзын жол бойында»**<br>**Мақсаты:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>***Еңбек:* Жолға құмды** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | **төгу**<br>**Мақсаты:** Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40 - 12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00 - 12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20 - 12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету | | | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50 - 13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00 - 15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10 - 15.45 | Ояну жаттығу:<br>Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау)<br>Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау)<br>Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау)<br>Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) | Саусақ жаттығуы:<br>1. Бас бармақ,<br>2.Балан үйрек<br>3. Ортан терек<br>4.Шылдыр шүмек<br>5.Кішкентай бөбек | | | | | «Денсаулық» жолымен жүру.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табаңға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз. |
| Бесін ас | 15.45 - 16.10 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету | | | | | | |
| **«Алақай ойын!»** Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар. | 16.10 - 16.40 | **№5 Сюжетті-рөлдік ойын: «Құрылысшылар»**<br>**Мақсаты:** Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып | **№7. Сюжетті-рөлдік ойын: «Аспазшы»**<br>**Мақсаты:** Тағам түрлерімен таныстыру, диалог түрінде сөйлей білуге , үйретуді жалғастыру. | | | | | **№7 Қимылды ойын: «Мысық пен тышқандар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа,алғырлыққа баулу. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету. Балалардың тілдік мәнерлігін, шығармашылығын, айналаны қоршаған ортамен ойын арқылы жүзеге асыру. | | | | | | |
| Жеке жұмыс | | Мукашев Ахмедке  қатынас саласы бойынша сұрақтарға жауап беруге, ойын арқылы дене мүшелерін атап айтуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға, кейіпкерлердің бейнесін бейнелей білуге үйрету. | Ізбасхан Нұрдәулет пен Бисембаев Камильге  денсаулық саласы бойынша ЖДЖ-ды дұрыс көңілді орындауына, негізгі қимылдар: қос аяқтап секіруге, бақаның қоянның қимылын салуға үйрету. | | | | | Бисембаев Камильге қатынас саласы бойынша дауысты дыбыстарды (а-ә, о-ө) дұрыс анық айтуға, сұраққа жауап бере білуге үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40 - 16.50 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | | | |
| **Серуен қимылды ойындар** | 16.50 - 17.50 | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту.<br>***№7 Қимылды ойын:* «Ұзын жол бойында»**<br>**Мақсаты:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>***Еңбек:* Жолға құмды төгу**<br>**Мақсаты:** Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. | **№ 20**<br>**Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну. Қардың астындағы шөпті бақылау. Кішкентай жасыл өсімдіктердің жерге жабысып жатқандығын, олардың жұқа және нәзік екендігін бақылау.Таныс өсімдіктерді анықтай білуге ұмтылдыру. Қар өсімдік тұқымының үсімеуінен және оларды қорғайтындығын айтып түсіндіру.Табиғатты сүйіп, аялай білуге тәрбиелеу.<br>***№1 Қимылды ойын:* «Кеглiнi құлат»**<br>**Мақсаты:** Кеглiнi құлата отырып, клюшканың көмегiмен нысанаға шайбаны лақтыра бiлудi бекiту. Белсендiлiкке тәрбиелеу.<br>***Еңбек:* Демалыс орнын қардан тазарту**.<br>**Мақсаты:** Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Ынталы еңбек етуге тәрбиелеу. | | | | | **№ 21**<br>**Адам таситын көліктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** Адам таситын көліктерді бақылау, білімдерін кеңейту. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру. Адамдар көлікті арнайы алаңда күтеді, егер алаң болмаса-онда тротуарда күтуі керек.Көлікке міну және түсу тек қана аялдамада рұқсат етілетінін ұғындыру. Көліктердің жүру ережесін естеріне сақтату.<br>***№21 Қимылды ойын:* «Қиын өткел»**<br>**Мақсаты:** Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйрету; өз қалаулары бойынша топқа бөлу ( санамақ арқылы немесе |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | қызығушылықтары бойынша); ойын ережесін сақтау(топ ойыншысы бір реттен сыпырады). Шағын топта іс- әрекетке үйрету.<br>***Еңбек:* «Қардан сырғанайтын төбешік тау жасау»**<br>**Мақсаты:** Аталған тақырып бойынша ұйымдастыра білуге үйрету; еңбек құралдарын пайдалану ( күрек, шелек).Өз еркінше жолдастарына көмек бере білуге тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін....»** Серуеннен оралу. Балалардың үйге қайтуы | 17.50 - 18.00 | Жаңа жылдық топты безендіруге ат салысқан ата-аналарды марапаттау. | Ата-аналарға Жаңа жыл мерекесін жақсы көңіл-күймен қарсы алуға тілек білдіру. | | | | | Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |

**Циклограмма**
**Екінші апта (13.01– 17.01.2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

**Міндеттері:**
1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | | Сұрақ-жауап: «Табиғат дегеніміз не?» Мақсаты: Табиғат әлеміне балалардың танымдық қызығушылығын арттыру. | «Байқашы қар жауды» әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру,табиғатпен,ауа-райы құбылыстарымен таныстыру. | Сұрақ-жауап: «Табиғаттың таңғажайып әлемі» Мақсаты: Балаларды табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету. | Сұрақ-жауап: «Табиғат дегеніміз не?» Мақсаты: Табиғат әлеміне балалардың танымдық қызығушылығын арттыру. | «Менің кішкентай достарым» әңгімелесу. Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 9** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын жаттығу:<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Балалармен Жаңа жыл тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Мейрам,мереке,тойлау туралы түсініктерін кеңейту. | «Табиғат-біздің досымыз» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға табиғат,тіршілік,қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінік беру. | Әңгіме жүргізу: «Құстардың қоректенуі» Мақсаты: Қыста құстар немен қоректенетіні туралы түсінік беру.Құстарға жем шашып,құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | Табиғат туралы мақал-мәтелдер айту. Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту. | «Қысқы спорт түрлері» туралы әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балалардың қысқы спорт туралы түсініктерін кеңейту. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Аязатаны біз қалай қарсы алдық?»**<br>**(Өз тәжірибесінен әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Өз тәжірибесіне сүйене отырып,әңгімелеуге үйрету.Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Мамықтай жұмсақ болады,<br>Ұстасаң қолың | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Наурызым қорығы»**<br>**Мақсаты:** Бөренемен төрт аяқтап өрмелеген кезде аяқ пен қолдың жұмысын үйлестіруге үйрету, 2 метр қашықтықта тұрып, бір-біріне доп лақтырысу қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастыру, доптың ұшу бағытын қадағалау, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп жеңіл қағып алу. Қозғалыс ырғағын, айқындылығын дамыту. Балалардың бойында экологиялық мәдениеттің, жануарлардың табиғат жағдайындағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыруға ықпал ету. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жануарлардың қысқы мекені»**<br>**Мақсаты:** Аңдардың қысқы мекені туралы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың тіршілігіндегі және олардың мекен ету жағдайларындағы өзгерістердің себептерін табуға үйрету. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату. Жануарларға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, қиын жағдайларда оларға қамқорлық жасауға ынталандыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі? | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы асық»**<br>**Мақсаты:** Төбеге қап қойып жүрген кезде арқа мен басты дұрыс ұстауға, дененің дұрыс қалпын бақылауға үйрету. Бөренемен еңбектеген кезде тепе-теңдікті сақтау қабілетін нығайту. Допты басынан асырмай, алға және жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу қабілетін жетілдіру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Волшебный асык» – загадывание желаний.<br>Педагог асықпен қандай ойындар ойнауға | **Денешынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Шаңғымен жүру»**<br>**Мақсаты:** Спорттық жаттығулар арқылы ептілік пен төзімділікті қалыптастыру. Шаңғымен жүру кезінде динамикалық тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Ептілікті, төзімділікті, өз күшіне сенімділікті дамыту. Спортпен айналысу, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тоңады.Ол не?<br>-Ендеше балалар «Р» дыбысына жаттығу жасайық.<br>Қар-қар-қар-қар,<br>Ра-ра-ра-рама.<br>Ро-ро-ро-роза,<br>Ру-ру-ру-қару.<br>Ры-ры-ры-тары,<br>Рү-рү-рү-Рүстем.<br>-Қыс айларын атап беріңдерші?<br>-Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет арқылы әңгімелету.<br>-Күзден кейін қыс келеді.Аязды күндер мен түндер басталады.Даланы қар басады.Желді күні боран соғады.Өзендер мен көлдерді мұз басады.Адамдар қыстық киімдерін киінеді.Балалар қыста коньки,шаша,шаңғы теуіп,аққала жасап ойнайды.<br>-Қыс туралы кім тақпақ айтқысы келеді?<br>Ғажайып сәт. Түлкі келеді.<br>Түлкі,түлкі,түлкімін<br>Біреулерге күлкімін.<br>Кейбіреуді алдаймын,<br>Екіншісін арбаймын.<br>-Салематсыздар ма балалар?<br>-Балалар түлкі бізге орманнан еліп тұр.<br>Түлкі:<br>-Балалар,мен сендерді бүгін алдауға келгенім жоқ.Мен сендерді жаңа жылдарыңмен құттықтауға келдім. | **ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>«Наурызым қорығы» слайдтарын көрсету.<br>Қорықтардың мәні мен оның пайдаланылуы жайында қысқа әңгімелесу. Қорыққа барып, онда қандай аңдар мен жануарлар тұратынын, олардың қандай ойын ойнайтынын білуге шақырады. Немен баратындарын ойластырады.<br>II. Негізгі кезең.<br>Ойын: «Пойыз». Ойын түріндегі жаттығулар.<br>«Орман тұрғындары»: бір-бірден сапта жүру және жүгіру кезінде тапсырмалар орындау. 2 тізбек болып тұру. Шеңберге тұру.<br>Ойындық гимнастиканы орындау. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Жаттығуларды әдемі орындауға тырысу.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау. Бөренеде төрт аяқтап жүру. Ойын түріндегі жаттығу. «Көңілді түлкілер»: қимылдарды балалар көрсетеді. Педагог балалардың бөренеден дұрыс түсуін қадағалайды.<br>2 метр қашықтықта тұрып, бір-біріне допты бастан асырып лақтырады.<br>Өздерін бір-біріне қар лақтырып ойнап жатқан қоян ретінде елестетіп көруді ұсынады. Нұсқау: өзіне қарай ұшып келе жатқан допты шынтақтарын аздап бүгіп, | -Қысқы ай аттарын атайықшы.<br>Дидактикалық ойын: «Шапалақта!»<br>Шарты:егер қыс мезгіліне сай сөздерді естісеңіздер шапалақтаймыз.<br>Қар жауады,жапырақтар сарғайды,аяз.жемістер пісті,күн күркіреді.<br>Ғажайып сәт: топқа қояннан хат келеді, «Сәлеметсіздер ме,балалар.Мен көжегімді таба алмай қалдым, маған көмектесулеріңізді сұраймын!»<br>-Балалар,қоянға көмектесеміз ба?<br>Суретпен жұмыс: Жануарлар – жанды табиғаттың бір бөлшегі, өсіп-өнеді, қоректенеді.<br>Жануарлар екі үлкен топқа бөлінеді: үй жануарлары және жабайы жануарлар.<br>Жабайы жануарлар – тауда, орманда, далада тіршілік етеді. Олар: аю, қасқыр, түлкі, қоян, барыс, жолбарыс, арыстан.<br>Үй жануарлары деп біз үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Олар мы-налар: қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы жатады.<br>-Мына жұмбақтардың жауабын шешуіміз керек.<br>1) Қырда жүрер ол жортып,<br>Іні де жоқ бармайтын,<br>Құйрығымен бұлтарып,<br>Қандай аң ол алдайтын?<br>/түлкі/<br>Түлкі - түлкінің есту қабілеті ерекше жақсы | болатынын еске түсіруді сұрайды.<br>II. Негізгі кезең. Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта»: сапта бір-бірден жүрген және жүгірген кезде тапсырмалар орындау.<br>Шеңбер құрап тұру. Құм толтырылған қапшықпен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Түсіріп алмай өткіз».<br>Шағын топтар бойынша орындату .<br>Қолымен белін таянып, құм толтырылған қапшықты төбесіне қойып гимнастикалық орындық үстімен жүру. Қапшық құлап кетпес үшін балалардың денені тік ұстауына назар аудару.<br>Нұсқаулар: орындықтан асықпай, ақырын түсу қажет, алдымен аяқты ұшынан басады.<br>Билингвалды компонент: түсіріп алмай өткіз – пронеси не урони Допты жоғарыға лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал». Допты алдына шығарып ұстап, алға-жоғары лақтыру қажеттігін, саусақтарының арасын ашып ұстау керектігін балалардың есіне салады. Төрт аяқтап бөрене бойымен жүру (залдың екінші жағында екі бөрене орналастырады). Ойын түріндегі жаттығу: «Көңілді қонжықтар». Балалардың | кезеңі. Шаңғымен жүрген кезде қауіпсіздік техникасына, арақашықтықты сақтауға баса назар аударады. II. Негізгі кезең. I Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1 минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру, шеңберге қайта тұру. II. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау: «Қолымыз қайда?», «Серіппе», «Қолымызбен шапалақ соғамыз, аяғымызбен тарсылдатамыз». Шағын топтар болып шаңғымен жүру. Балалардың шаңғы жолымен қозғалуы – 20 метр: аттай отырып 10 метр жүреді («ат сияқты»), кеңінен сырғанай отырып 10 метр жүреді («аңшы байқап қалмас үшін түлкі сияқты). Педагог тәрбиеленушілердің назарын кәдімгі жүру кезіндегі қозғалыс тәжірибесін пайдалануға; аяқтарының шаңғымен ауырлауы сияқты жаңа сезімді меңгеруге аударады. Денесін тура ұстауға, аяқтарын тізеден сәл бүгуге назарларын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жаңа жылдарыңыз құтты болсын балалар!<br>-Балалар орманда аңдардың бәрі қуанып шулап жүр, «біз жаңа жылды Сұңқар тобы балаларымен бірге өткіздік» деп,сол рас па балалар?<br>Түлкі мұңайып:<br>-Балалар,мен жаңа жыл мерекесінде аурып сендерге келе алмай қалдым.Сендердің жаңа жылды менің достарыммен қалай қарсы алғандарыңды білгім келеді.<br>-Балалар түлкіге жаңа жыл мерекесін қалай қарсы алғанымызды айтып береміз бе?<br>-Ендеше Түлкі кел біздің балалардың қасына отыр .Біздің балалар жаңа жылды қалай қарсы алғандарын айтып берсін.<br>-Ең алдымен мына ертегіні тамашала.<br>Ертегі: «Дос іздеген бота»<br>Ертегі кейіпкерлері:<br>Түйе мен оның ботасы.<br>Құлыншақ,бұзау,қодық,қозы,күшік,мысық,әтеш, қарға, бақа, ара.<br>-Балалар ертегі ұнады ма?<br>-Ал жаңа жыл мерекесінде бізге Ботамен дос болуға нелер келіп еді?<br>Слайдапен жұмыс.<br>-Жаңа жыл мерекесін әдемі шырша жанында қарсы алдық.Мерекеге | саусақтарының арасын ашып қағып алады және оны өзіне қатты қыспайды.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар».<br>Ойын ережесін балалардың есіне салу: белгі берілгеннен кейін залдың қарсы бетіне жүгіріп өту.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең.<br>Орман туралы музыка тыңдау. Қысқы табиғаттың сұлулығын еске түсіруді ұсынады. Бала-бақшаға қайтып келгендерін айтады.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «5 саны мен цифры.Не неге ұқсайды?Кеңістікте бағдарлау»**<br>**Мақсаты:** 5-ке дейін санау қабілетін арттыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету.Түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету;<br>• айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді табуға үйрету.Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі. «Сан және цифр» ойыны.<br>Педагог әр балаға 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар жиынтығын береді.<br>Педагог балаларға саны жағынан әртүрлі заттардың суреті бар (1, 2, 3, 4, 5) | дамыған. Қыста қар астынан тышқанның дыбысын ести салысымен, сол жерді қазып тышқанды ұстап алады. Түлкілер жұптасып өмір сүреді, күн салқындағанда өз беттерімен тарап кетеді екен. Қыста ағаш қуыстарында қыстайды.<br>2)Үстінен тоны түспеген, Сондада араз қыспенен.(аю)<br>- Аю - қыста апанында ұзақ ұйқыға кетеді. Аю жаз бен күз айларында шамадан тыс қоректеніп, денесіне май жинап алады<br>3)Сұрғылт тартқан түсі бар,<br>Аксиған көп тісі бар,<br>Тыным таппай жүгіріп,<br>Сілекейі шұбырған,<br>ауыл маңын торады<br>/қасқыр/<br>Қасқыр күшті әрі шапшаң аң, оның ақылы мен айласы түлкіденде асып түседі. Олар жемтігін аулау үшін бірнеше сағат бойы жорта алады.<br>4)Қалқиып ұзын құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады.<br>Қояндар апаның ешкімге білдіртпеу үшін із жасырады екен.<br>Қояндар көжектерін өзгеше тәрбиелейді. Олар жаңа туған әлсіз көжектерін жауынан қорғау үшін кез келген бұтаның арасына тастап кетеді. Қоян - маусымға байланысты түсін өзгертіп отырады. Жазда қоңырқай түске енеді, ал қыста жылы, аппақ үлпілдек тон | бөренеден дұрыс түсуіне көңіл бөледі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық кімде?». Ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың арқаны тік ұстауына және асықты тез беруіне назар аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең.<br>Ойын түріндегі жаттығу.<br>Топ-топ – топылдатып аяқты,<br>Мен айтамын: «Топ-топ».<br>Шап-шап – шапалақты 1,2,2<br>Алақанмен ұрамыз .<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға беріп отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсінктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу .<br>**ҰОҚ барысы:** -<br>Балалар сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдерме?<br>- Қандай ертегілерді білесіңдер?<br>Ендеше,мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер бұл қандай ертегі екенің тауып аласыңдар. | аударады.<br>«Қарандаршы, мен шаңғыны ұзақ уақыт қардан алмай тұрмын, мен жүріп бара жатқан жоқпын, сырғып барамын. Дұрыс сырғу үшін тізені аздап былай бүгу керек (көрсетеді)». Сосын балаларға осы қимылды баяу қайталауды ұсынады.<br>«бір аяқпен ұзақ сырғымиз, содан кейін басқасымен сырғимыз». Көз бұлшық еттерін қатайтуға арналған жаттығулар Көздерін 2-3 секундтан айналдырады.•<br>Көзбен шеңбер жасайды.• (бір жақтан екінші жаққа). 123 Көздерін жоғары көтереді. Төмен түсіреді. Көздерін оң жаққа, содан кейін сол жаққа• бұрады.<br>1-2 минут ішінде тез-тез көзін ашып жұмады.• Көзді 30 секундтық интервалмен ашу және жабу.• Көзбен геометриялық фигуралардың суретін салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш).•<br>Алдымен сағат тілінің бойымен, кейін сағат тіліне қарсы.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қозылар мен Лақтар,Ақшақарлар,және ормандағы аңдар келді. Жаңа жылда барлық үйге Аязата келеді.Сол сияқты Аязата біздің балабақшаға келді.Қасында әдемі Ақшақар бар.<br>-Олар бізге немен келді?<br>-Ботаның достары тақпақ айтты,би биледі,ойын ойнады.Жаңа жылымыз тауық жылын осылай қарсылап алдық. Аязата балаларға риза болып көп сыйлық берді.<br>Біз жаңа жыл мерекесін әдемі үлкен шыршаның қасында өте тамаша етіп,қызықты өткіздік.<br>Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендірейік»<br>Мақсаты: Шыршаны әдемі етіп безендіру.<br>Шарты: тіл дамыту дәптерімен орындалады.<br>-Балалар шырша туралы,Аязата туралы,Ақшақар туралы кі маған тақпақ айтады?<br>-Балалар Аязата сендерге несімен ұнады?<br>-Ендеше Аязатаны жақсы көретінімізды әнмен жеткізейік.Түлкі де тындасын .«Аязата» әнін орындау.<br>-Балалар осы тамаша әннен кейін мен Аязатаны сондай қатты сағынып кеттім.<br>-Ал сендер сағындыңдар ма?<br>-Олай болса Аққала суретін салып | карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар тиісті цифр жазылған карточканы көрсетуі тиіс. 2. Негізгі кезең. 1-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді.<br>–Әр қатарда сол жақтағы цифрға сәйкес пішінді боя. –Неше сопақша боядыңдар? –Неше шаршы боядыңдар? 2-тапсырма. Педагог суретті мұқият қарап шығуды тапсырады. Содан соң барлық заттардың геометриялық пішіндерге ұқсайтынына балалардың назарын аударады. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді: – Заттардың атын атаңдар. – Геометриялық пішіндерді атаңдар.<br>–Заттарды өздеріне ұқсайтын геометриялық пішіндердің суретімен қосыңдар. Қай пішінді қандай затпен қостыңдар?<br>Сергіту сәті №18.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Педагог тапсырма береді: «Балалар, менің қолымдағы карточкада неше дөңгелек бар екенін санап шығыңдар. Содан соң карточканың жоғарғы жолағына биік 4 шыршаның суретін салыңдар (4 дөңгелегі бар карточка көрсетеді). Сосын 5 дөңгелегі бар карточканы көрсетіп, тағы бір тапсырма береді:<br>– Мына карточкада неше дөңгелек болса, төменгі | киеді. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын - ақ. Қояндар қысқа азық дайындамайды. Олар қыс мезгілінде ағаш қабығымен қоректенеді.<br>- Неліктен оларды жабайы аңдар дейміз?<br>-Далада күн салқын,біз тоңып қалмау үшін қысқы киімдерімізді киіп<br>-Орманға біз сыйқырлы кілемшемізбен барамыз.<br>-Көзімізді жұмып кілемшеге отырайық.<br>Әуен қосылады.<br>- Айналамыз қандай тамаша!Орманнан нелерді көріп тұрмыз?<br>-Таза ауамен тынысталайықшы.<br>Боран борап,жел тұрса,<br>Айналаны қар бораса.<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға.<br>Алдарынан қоян шығады.<br>Қоян:<br>-Келгендерізге көп-көп рахмет.<br>Тәрбиеші:<br>-Біздер тоңып қалдық,орман қандай салқын.Кел балалармен бірге секіріп билеп жылынып алайық.<br>Сосын сенің көжегіңді іздеуге көмектесеміз.<br>Сергіту сәті: Т.Бердияров «Сұр қоян»<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің. | Жұмбақтар.<br>Атай өзі салғанын,<br>Көрді өсіп қалғанын.<br>Ары тартты, бері тартты,<br>Тарта алмады.Бұл қай ертегі? (Шалқан)<br>Апасынан қашып кетті,<br>Атасынан қашып кетті.<br>Кездестіріп біраз аңды,<br>Біраз жолдан асып кетті.<br>Бұл қай ертегі? (Бауырсақ)<br>Айбарлы түсі бар,<br>Қанжардай сұсы бар.<br>Күжірейген жалды<br>Білсең айт бұл аңды?<br>Дұрыс балалар: Арыстан-азулы аң патшасы .Ол орманда өмір сүреді. Арыстан ашуланғанда күркіреген дыбыс шығарады.<br>- Біз бүгін Арыстан туралы қызықты ертегі, «Арыстанмен тышқан»- деген ертегсімен танысамыз. Ендеше мұқият тыңдаймыз.<br>Ерте, ерте, ертеде, орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып:<br>-Тақсыр, мені өлтірмеңізші,бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні менде бір кәдеңізге жарармын-депті.<br>Арыстан оның сөзіне күліп,<br>- Сен кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың-деп жаны ашып, тышқанды қоя | барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. III. Қорытынды кезең. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Белсенді демалыс пен спорттың денсаулыққа оң ықпал ететінін айтады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көрейік.Мүмкін Түлкі орманнан біздің сүйікті Аязатамызды көріп,біздің салған суретімізді берер деп ойлаймын.<br>Шығармашылық жұмыс: «Мен жақсы көретін Аққала»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.Қалдық материлдардан аққала жасауға үйрету.<br>-Міне Түлкі біздің балалар Аязатаны жаңа жыл мерекесінде өз достарымен осылай қарсы алды.<br>Мына суреттерді Аязатамызға берерсің.<br>Түлкі:<br>-Әрине міндетті түрде апарып беремін.Балалар жаңа жыл мерекесін Аязатамен жақсы қарсы алған екенсіңдер.Мен келесі жаңа жыл мерекесінде достарымнан қалмай міндетті түрде келемін. Сау болыңдар балалар!<br>Түлкі кетеді.<br>Қорытынды.<br>-Балалар бізге қонаққа не келді?<br>-Түлкіге не туралы айтып бердік?<br>-Жаңа жылда сендер өз достарың қандай тілек айтар едіңдер?<br>-Балалар Жаңа жылда айтылған тілектер міндетті түрде орындалады сондықтанда сендердің жүректеріңізден шыққан | жолаққа сонша қысқа шырша салып шығыңдар.<br>3-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды: – Жоғарғы жолақта неше шырша бүрі бар?<br>–Төменгіде ше?<br>–Олардың саны туралы не айтуға болады?<br>–Олардың саны тең, яғни бес-бестен болуы үшін не істеуіміз керек?<br>Педагог жоғарғы жолаққа тағы бір шырша бүрінің суретін салуды сұрайды. – Енді олардың саны туралы не деуге болады?<br>Әр қатардағы суреттердің арақашықтығына назар аударады.<br>Педагог былай деп нақтылайды: шырша бүрінің арақашықтығы әртүрлі болғанына қарамастан, олардың саны тең, бірдей.<br>4-тапсырма. Педагог балаларға мынадай тапсырма береді: Шаршының ішіндегі шеңберді сары түспен, шаршының оң жағындағы шеңберді жасылмен, шаршының сол жағындағы шеңберді көкпен бояңдар.<br>Қорытынды: Педагог балаларды мақтайды. | -Ормандағы жануарларды қалай таба аламыз?<br>-Қандай жануарларды кездестіре аламыз?<br>Дидактикалық ойын: «Қай жануардың ізі?<br>Шарты:педогог аңдардың аяқарының ізі салынған суреттер көрсетеді,ал балалар оны қимылмен көрсету керек.<br>Балалар шашылып жатқан жаңғақтарды көреді.<br>-Мынау жаңғақтарды қай жануар жейтін еді?Естерімізге түсірейікші?<br>-Ия,дұрыс айтасыңдар.Яғни осы маңда тиін мекендейді екен.Кәне бәріміз тиінге жаңғағын жинап берейік.<br>Тиін алдарынан шығып оларға рахмет айтады.<br>-Тиін біздің балалар қоянның көжегін іздеп жүр едік,сен көрген жоқсыңба?<br>Тиін:<br>-Ия,ия көрдім.Алдымыздағы бұтаның жанынан көрдім.<br>-Балалар,қар қалың екен,қарды жинап көжектерге жетіп алайық.<br>Балалар қуанып кетеді.<br>Қимылдық ойын: «Қар ашу»<br>Шарты:домаланған қарларды шелекке жинау.<br>-Міне, көжектерің.<br>Қоян балаларға рахмет айтып өз ініне қонаққа шақырады,оларға сәбіз береді.<br>Балаларға топқа қайтатын уақыт болғанын айтып,сыйқырлы | беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым»-деп жүгіріп ойнап кете барыпты.<br>Күндердің күнінде арыстан жортып, ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып, тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты.Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап:<br>- Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты.<br>Тышқан арыстанға:<br>- Мені кішкентайсың,- деп мән бермеуші едің.<br>- Міне, сені бір ажалдан алып қалдым, - депті.<br>Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.<br>Сергіту сәті:<br>Орманға біз барамыз<br>Ағаштарды аралап<br>Арыстан болып ақырып,<br>Тышқанша біз жүреміз.<br>Ертегіні көлеңкелі театр арқылы көрсету.<br>Қорытынды:Сұрақ-жауап:<br>Арыстан қандай екен?<br>Тышқан қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»<br>Мақсаты: Балалар әр түрлі аңдардың дауыстарын тыңдап, қандай жануар | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арман тілектеріңіз орындалсын.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қысқы көрініс»**<br>**Мақсаты:** Балалардың айналадағы қысқы көрініс құбылыстарын бейнелеу кезінде көркем образ салуға үйрету,көз мөлшерін дамыту.Сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу,жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Педагог Е.Елбаевтың «Қыс» туралы өлеңін оқиды.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді<br>Шұнақ аяз шымшылап<br>Ақ бетінен сүйеді<br>Құлақтарын үсіктен<br>Шынықпаған қай бала?<br>Осы болар қыс деген,<br>Айтсақ жауап жай ғана.<br>Балалар өлеңді мұқият тыңдайды.<br>-Балалар суретші қыс мезгілін салғанда қандай көріністі көз алдына елестетеді деп ойлайсыңдар? Суретшіге нені салуға болады?<br>Педагог сұрақ-жауап әдісімен тақырыпты ашады.<br>Сергіту сәті: (саусақ жаттығуы)<br>-Балалар ,бүгін біз қыс көрінісінің суретін саламыз. Көкжиек деген-жер мен аспанның қиылысқан жері.Бәріміз қағазымызды дайындап | | кілемшеге отырып кері оралуды ұсыну.<br>Қорытынды кезең:<br>Балалардан үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылықтарының қандай екенін сұрақ қою арқылы қорытынды жасау.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қоян көжектерімен»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру,қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру.Ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, баланың ойлау қабілетін,тілін дамыту, сөздік қорын молайту.Ұйымшылдыққа, тазалыққа,жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Балалар,қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, кім бірінші жауабын табады екен?<br>Далада жүр шапқылап,<br>Керемет тым сақ құлақ.<br>Тек есектен басқа да,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ.<br>-Балалар, сендер қоян туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>-Кәне, бәріміз орнымызға отырамыз.<br>Апаларың сендерге «Қоянның құлағы неге ұзын?»деген ертегіні айтып беруге келіпті.<br>Мұқият тындайық.<br>Педагог ертегінің желісі арқылы қоянның тіршілігі мен таныстырып, қоянның шөп қоректі, сәбізді жақсы | екенін табады.<br>Балалар ертегі сендерге ұнадыма?<br>- қандай ертегімен таныстық?<br>- сендер тышқанның орнында болғанда не істер едіңдер?<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Шырша бүрлерінен құрастыру»**<br>**Мақсаты:** Табиғи материалдармен таныстыруды жалғастыру және онымен жұмыс жасауды үйрету.Сөздік қорын,қиялын дамыту.Шырша бүрлерінен алуан түрлі бейнелерді жасауға дағдыландыру.Табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Топқа пошташы келіп тәрбиешіге хат пен үлкен қорапты ұсынады.<br>Балалар, бізге сонау алыс Африкадан өздерің сияқты балабақша балалары хат жеберіпті.<br>Тәрбиеші конверттегі хатты ашып оқиды.<br>-Балалар, бізге жіберілген хатта Африка балалары сендерден көмек сұрапты оларды бір түйеқұсы ауырып қалыпты, егер біз сендермен түйеқұстың бейнесін жасап Африкаға беріп жіберсек, онда Түйеқұсқа көмегіміз тиер еді. Балалар, сендерге хатпен мынадай шырша бүрлерін беріп жіберіпті, осы шырша бүрлерінен біз | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алып,ашық көк түспен қағаз бетін толық бояп аламыз, қылқаламның ұшымен,жеңіл сүйкей жағу тәсілімен,солдан оңға қарай дәптер бетінің орта тұсынан түзу сызық жүргіземіз.Бұл сызық көкжиек деп аталады, сызықтың жоғарғы бөлігі аспанды,төменгі бөлігі жерді бейнелейді. Төменгі бөлігіне ағаштар мен шыршаларды саламыз, ақ түспен ағаштар мен шыршалардың бұтақтарына жартылай жеңіл ізбен қар түскенін жүргіземіз,ал жерде аппақ түспен мамық қардың суретін саламыз. Көкжиек сызығының жоғары бөлігіне бұлттарды,жауып тұрған қарды салып көреміз.<br>-Далада қар жауып тұр Шыршаларды қар басқан.<br>Балалар шанамен сырғанап ойнап жүр.Қыс мезгілін сипаттайды.Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.<br>Бояулармен жұмыс істейді,суреттің мазмұнын нақты беруге тырысады.<br>Балалар үлгі бойынша сурет салады.<br>Қорытынды кезең.<br>Балалар біз бүгін қандай сурет салдық? Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?Педагог | | көретінің, оның денесі иілгіш, ұзын, қорғуға, секіруге ыңғайлы юолатынын балаларға сұрақ-жауап арқылы әңгімелейді.<br>- Олай болса, біз бүгінгі сабағымызды әжемізбен бірге көжектерін ертіп серуенге шыққан мүсіндейміз. Қазір екі топқа бөлініп жұмыс істейміз.<br>І топ.«Қояндар» тобы оң жаққа отырамыз (педагогпен).<br>ІІ топ. «Көжектер» тобы сол жаққа отырамыз (әжеймен).<br>-Балалар,қоянның түсі қандай болады?<br>- Иә, қыста ақ. Түсі көктемде, қыста маусымға байланысты өзгеріп отырады екен.<br>Ақ түсті ермексаздан 1топ үлкендеу, ал 2 топ кішірек етіп үзіп аламыз да алақанымызбен домалақтаймыз. Бұл - қоянның ьасы, ал көжектің басы қоянның басынан кішірек болады.<br>Енді қоянның денесін жасаймыз, денесі басынан үлкенрек, сәл сопақша пішінге келтіреміз . Тура осы үлгіде көжектің денесін жасаймыз, бірақ ол кішірек болады. Осы сопақша пішіннің жоғарғы жағынан кескіш көмегімен бас бөлігін орналастыруға ойық жасаймыз.<br>Дидактикалық ойын: "Сөз ойла, тез ойла".<br>Ойын шарты: Бастаушы | сендермен түйеқұсты бейнелейміз. -<br>Құстың бейнесін жасалу жолдарын көрсетіп, түсіндіреді;<br>-шырша бүрлерінен жасалған бейнелерді талдау жасау;<br>-аңдар, құстар, жануарлардың бейнесін жасалу жолдарын көрсетіп, түсіндіру;<br>-орындалу ретін қайталап айтқызу;<br>-шырша бүрлерімен өте ұқыпты жұмыс жасау ескертіледі және оны ермексаз арқылы бекітуді көрсетеді;<br>-әрбір жасайтын заттардың бейнесіне сәйкес шырша бүрлерін дұрыс пайдалануға бағыт беріледі.<br>Қорытындылау.<br>Дайын болған жұмыстарға талдау жасалып, көрме ұйымдастырылады.<br>Жасалынған жұмыстарды әдемі қорапқа салып,безендіріп, балалар тәрбиешінің көмегімен Африка балаларына хат жазады. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балалардың жұмысына талдау жасайды.<br>Балалар салған суреттерін бәрі бірге бағалайды.<br>**3.Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Мажор мен минор»**<br>**Мақсаты:** Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға,музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл- қозғалысын келтіре білуге үйрету. Балаларды ертегіні түсіне отырып,кейіпкерлерді сомдауға үйрету. | | бір сөз айтады, балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.<br>Мен әншімін ...(ән айтамын)<br>Дәрігермін - емдеймін<br>Ғарышкермін - ғарышқа ұшамын | | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | № 12<br>Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау<br>Мақсаты: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>Қимылды ойын: «Бәйге» Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске | № 14<br>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау?<br>Мақсаты: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен | № 17<br>Қардағы іздерді бақылай білу<br>Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту.<br>Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. | № 22<br>Жаяу борасынды бақылау<br>Бақылау : Жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту.<br>Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата» Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту(киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу.<br>Еңбек: Төбешікке су | № 8<br>Ағаштардағы қырауларды бақылау<br>Мақсаты:Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну.<br>Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>Еңбек:<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады.<br>Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Аю апанында» Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. | Қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек: Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. | құю. Су қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады).<br>Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. | қатыра,сөйтіп және қырау болады.<br>Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына тандануға балаларды үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Бірінші бол»<br>. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Ояну жаттығу:<br>Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау)<br>Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау)<br>Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын | Саусақ жаттығу:<br>1. Бас бармақ,<br>2.Балан үйрек<br>3. Ортан терек<br>4.Шылдыр шүмек<br>5.Кішкентай бөбек<br><br>. | Тыныс алу жаттығу:<br>Қолға шарды аламыз,<br>Қатты, қатты үрлейміз.<br>Уф-ф-ф, Уф-ф-ф...<br>Қатты үрленген шарым<br>Жарылып қалды, пах. | Табанды шынықтыру массажы<br>Таяқтарды жылжытып,<br>Массаж жасау білеміз.<br>Оң аяққа 1-2-3,<br>Сол аяққа 1-2-3. | «Денсаулық» жолымен жүру.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сипау)<br>Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) | | | | |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **№5 Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>**«Құрылысшылар»**<br>**Мақсаты:** Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету. Балалардың тілдік мәнерлігін, шығармашылығын, айналаны қоршаған ортамен ойын арқылы жүзеге асыру. | **№ 2.«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойын.**<br>**Мақсаты:** балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту. | **В/к: «Ғажайып ел»**<br>**Тақырыбы: «The world of animals»**<br>**Мақсаты;** Ағылшын тілінде жануарлардың атауларын меңгертіп, оларды сипаттауға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**I. Greeting: Амандасу**<br>Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children<br>- I am OK!<br>**II. Шаттық шеңбері**<br>«Make a Circle» өлеңін айту **Өткенді қайталау: «The world of animals»**<br>Балалар жануарлар екіге бөлінеді: **Wild animals and Domestic animals**<br>**Wild animals:** a panda, a kangaroo, a snow leopard, a bear, an elephant, a parrot, a snake, a giraffe, a penguin<br>**Domestic animals:** a cat, a dog, a mouse, a snake, a hamster, a rabbit, a parrot<br>**Қорытынды**: Good bye! | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:** "Қызыл кітап құпиясы"<br>**Мақсаты:**Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортамен таныстыру, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру.Табиғатты аялауға баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері №7.<br>2. Қызыл кітап туралы түсінік беру.<br>3. Қоршаған ортамен таныстыру, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыландыру.<br>3. Сергіту сәті. №1.<br>4.Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру.<br>5. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | **№ 4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын.**<br>**Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. |
| Жеке жұмыс | | Ерсегіз Дарханға қатынас саласы бойынша сөйлемдердің түрлерін қолдана білуге,дыбыстарды анық айтуға,өзіне ұнайтын шығармалардың аттарын атап беруге талпындыру. | Есен Айдынға таным саласы бойынша қағаздан түрлі пішіндер жасау арқылы саусақ икемділігін дамыту. | Бисембаева Аминаға қатынас саласы бойынша сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ертегі мазмұнын айта білуге,сахналық қойылымдарға қатыса білуге қызығушылық таныту. | Махсутова Нурсияға әлеумет саласы бойынша ұлттық бұйымдар,киіз үйдің құрлысы,ұлттық киімдердің атауларын ажыратып атауға үйретуді жалғастыру. | Ергинов Даниярға денсаулық саласы бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды мұқият орындауға жаттықтыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | № 10<br>Бұрқасынды бақылау.<br>Мақсаты: Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>*Қимылды ойын:* «Өткеншек» Мақсаты: Назарын, ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындауды дамыту (құстар жайлы айтылғанда қолын көтеру, ұшпайтын зат айтылғанда қолын көтермейды).<br>Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>Еңбек: Ағаштарды суару.<br>Мақсаты: табиғатты аялау, бірлесе жұмыс істеу. | № 1<br>Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты:Балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>*№2 Қимылды ойын:* «Қармен ойнау »<br>*Мақсаты:* Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>Еңбек: Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту.<br>Мақсаты:Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу.<br>Қиыншылықтарды жеңе білу. | № 5<br>Күннің көзін бақылау<br>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>*№5 Қимылды ойын:* «Жоғары лақтыр»<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау.<br>Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>*Еңбек:* Құстарды тамақтандыру.<br>Мақсаты: Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | № 17<br>Қардағы іздерді бақылай білу<br>Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту.<br>Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек: Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. | № 3<br>Желді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.<br>Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>*№3 Қимылды ойын:* «Екі аяз»<br>*Мақсаты:*<br>Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету.<br>Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Жолды қардан тазарту.<br>Мақсаты:<br>Балалардыбала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету;<br>Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету |
| **«Ертеңге дейін...»**<br>Серуеннен оралу**.**<br>Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналарға төлемақыны уақытылы төлеуді ескерту. | Ата-аналарға: Үйде баланың өзі киініп,өзі шешінуін қадағалап,талап етіп отыруды түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес: Баланы жыл мезгіліне байланысты киіндіру жөнінде айтып өту.<br>«Рахмет», «кешіріңіз» деген сөздерді балаға үйрету. | Ата-аналармен пікірлесу: Баланыз қандай мультфильм кейіпкерлерін ұнатады.<br>Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Жақсы көңіл-күймен балаларды қарсы алу.<br>Демалыс күндері күн тәртібін сақтау ... туралы әңгімелесу. |

**Циклограмма**
**Үшінші апта (20.01-24.01. 2020 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

**Міндеттері:**

6. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
7. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
8. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
9. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
10. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер me,балалар!»**<br>Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br>Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу.<br>Мақсаты: Суреттер қарастыру арқылы қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгімелесу: «Тазалық-денсаулық кепілі»<br>Мақсаты: Жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру. | «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында әңгіме жүргізу.<br>Мақсаты: Денсаулықты сақтау үшін,денсаулық ережелерін білу. | №4 Д/О: «Киімдер»<br>Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажыратуға үйрету.Ойлау,қиялын дамыту.Киімдерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | «Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары»<br>Балалармен әңгімелесу.<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. |
| Таңғы жаттығу<br>(5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №10** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Тамақ ішіп алайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | №3 Д\ойын: «Жақсы - жаман»<br>Мақсаты:Балалардың логикалық қабілетін дамыту. | №4 Д\ойын: «Көлеңкесін тап<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. | №5 Д\ойын: «Төртіншісі артық»<br>Мақсаты:Балалардың логикалық қабілетін дамыту. | «Қыс» тақырыбына әңгіме жүргізу.<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. | №10Д\ойын: «Табиғат құбылыстарын ата<br>Мақсаты: Табиғатты сүюге,оны құрметтеуге тәрбиелеу |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы»**<br>**(Сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты**: Балаларды сурет бойынша әңгіме | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «1-2-3-ойыншықтарға жан бітті»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға сай әртүрлі ырғақпен түрлі қимылқозғалыстар жасауға үйретуді әрі қарай | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қыстайтын құстар және жыл құстары»**<br>**Мақсаты:**Қыстайтын және жыл құстары туралы жалпы | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы дорба»**<br>**Мақсаты:** Секіру және допты бір-біріне лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше | **Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Шаңғы мен сырғанап жүреміз»**<br>**Мақсаты:** шаңғымен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін және тепе-теңдікті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құруға үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жұмбақ:<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар)<br>– Ол не, балалар? (Қар екенін айтады).<br>– Ендеше қар қай мезгілде жауады?<br>– Қазір қыс мезгілі. Қыс мезгілінде қар жауады.<br>Қар жапалақтап жауады.<br>Қардың түсі ақ.<br>2. Негізгі кезең<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Тақпақ : «Ақша қар»<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып-жылтыр боп жатады.<br>(А.Тоқмағамбетов)<br>Тақпақты балалар мұқият тыңдайды.<br>– Балалар, қар қандай болады? Балалар, қар аппақ, ұлпа, жұп-жұмсақ, мамықтай ұлпа<br>болады деп жауап береді.<br>– Балалар, міне, жаңа қардың түсі ақ дедік, даланың бәрін аппақ қар ақ мамыққа орайды<br>екен. Қардың үстінен жүрсең, қандай дыбыс шығарады?<br>– Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр. | жалғастырамыз: өз төңірегінде айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Тұрақты тепетеңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Алға қарай қос аяқтап секіру жаттығуларын жалғастыру. Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастырамыз.<br>Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойындық сәт: ойыншықтармен танысу, оларды сиқырлы таяқшаның және «1-2-3 – ойыншыққа жан біт!» деген сөздердің көмегімен оларға жан бітіру.<br>Ойыншықтарды демалтып, балаларды ойыншыққа айналдыруды ұсынады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Ырғақты-музыкалық қимылдар: сапта бір-бірден музыканың ырғағымен жүру,<br>тапсырмаларды орындау – айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру.<br>Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша тұруына көмектеседі).<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:<br>Төбесіне қапшық қойып, белін таянып, тізені жоғары көтеріп гимнастикалық орындық | түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Қыстайтын құстарды (қарға, торғай, шымшық ) және жыл құстарын топтастыру (қарлығаш, ұзақ,үйрек,қараторғай), қоректі табу мүмкіндіктері мен олардың сипаты арасында байланысты орнату. Қорек, жыл құстары, қыстайтын құстар сөздерін енгізу арқылы сөздікті байыту. Құстарға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, оларға қыс мезгілінде қамқорлық жасауға баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да,<br>Болған ақ түспенен.<br>А.Асылбеков<br>Балалардың білімдерін белсендіру. Қандай құстарды білесіңдер? Ал қандай құстарды қыста даладан көрдіңдер? Кейбір құстар жылы жаққа | сызықтан керекпен секіруді, бір уақытта екі аяқпен екпінмен итерілуді, денені алға еңкейтпей, жерге аяқтың ұшымен түсуге үйетуді жалғастыру. Музыкаға сай түрлі ырғақпен әртүрлі қозғалыстар жасау қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастырамыз: тізені жоғары көтеріп ырғақпен жүру, бірқалыпты отырып-тұру жаттығуларын орындау. Допты бастан асыра ұстап, қос қолдап лақтыруға жаттықтыру. Ойлау қабілетін, зейінін, есту арқылы қабылдау және көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Ынталылық пен ыждағаттылыққа, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойындық сәт: балалардың назарын сиқырлы дорбаға аударады.<br>Дорба – сыйлық салатын сөмке. Дорбадан ерекше бір конверт алып шығады. Онда тапсырмалар жазылған карточкалар жатыр.<br>Күшті әрі епті болу үшін осы тапсырмаларды орындау қажет.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Ырғақты-музыкалық қимылдар: – тізбекте музыканың ырғағымен бір-бірден | қалыптастыру. Шаңғымен адымдап жүруге үйрету. Жолмен сырғанау дағдысын бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Гигиеналық талаптарға баса назар аударады (шаңғымен жүрген кезде мұрынмен тыныс<br>алу, сабақтан кейін суық су ішпеу).<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>І . Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1 минут. Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>Жүру,<br>шеңберге қайта тұру.<br>ІІ. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау:<br>1. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып, шаңғының ұшын жоғары және төмен қозғалту.<br>2. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып шаңғыны оңға, солға қозғау.<br>3. Шаңғыны параллель қоя отырып, оңға, солға нық қадам жасау.<br>Шағын топтар болып шаңғымен жүру.<br>Шаңғы жолымен қозғалу – 30 метр: аттай отырып, 10 метр жүреді, («ат сияқты»); кеңінен<br>сырғанай отырып 10 метр жүреді («аңшы» байқап қалмас үшін түлкі сияқты), 1-адым<br>екпіндеп барып жүгіреді және 10 метр сырғанайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – Иә, дұрыс айтасыңдар. Балалар, сендерге қар жауған ұнай ма? (Әрине).<br>– Ендеше, қармен қандай ойындар ойнауға болады? Қарды домалатып, аққала жасауға болады. Қарды домалатып ойнауға да болады.<br>– Иә, тағы қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>– Шанамен сырғанау, конъки тебу, шаңғы тебу. (Шаңғышының, конькишінің қимылдарын жасайды).<br>– Балалар, қар күн жылынып кетсе, не істейді? (Қар күн жылыса, еріп кетеді).<br>– Ал қар күн суытса неге айналады? (Қар күн суыса, мұзға айналады).<br>– Кәне, бәріміз бірге «М»-«Н» дыбыстарына жаттығу орындайық.<br>М-м-м – мұз,<br>Ма-ма-ма – марал,<br>На-на-на – нан,<br>Н-н-н – нар.<br>«М», «Н» дыбыстарының дауыссыз дыбыс екенін айтып өту.<br>м-мұз,<br>Ма-ма-ма – марал,<br>На-на-на – нан,<br>Н-н-н – нар.<br>Дыбыстарды анық айтуға тырысады.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Ал, балалар, келіңдер,<br>Бой жазайық бәріміз.<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Аяқтармен топ-топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>(Сергіту сәтін өлең | үстімен жүру.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Түсіріп алмай өткіз».<br>Орындықтан асықпай, аяқтың ұшымен түсу.<br>Алға қарай жылжып, 3 метр қашықтыққа секіру,<br>Бір уақытта қос аяқпен серпіліп секіру, қолын сермеп көмектесу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарлар мен бағандар».<br>Ойын тәртібін түсіндіру: шарды бағанға тигізу қажет, шарды асықпай, ақырын домалату.<br>Орындау тәсілін көрсету.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.Ойыншықтарды күтіп ұстау қажеттігін балалардың есіне салады.<br>Релаксация: «Бұзылған қуыршақ». Балалардың тыныс алуы мен демін сыртқа шығаруына назар аударады.<br>Ойыншықтарды қайтадан балаларға айналдырады.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Дикие птицы»**<br>**Цели:**Закреплять знания детей о птицах, обитающих в Казахстане, учить правильно называть их на русском языке. Обогащать словарь детей новыми слова и фразами: перья, клюв, крылья, хвость, клевать, летать; лебедь- | ұшып кетеді? Ондай құстарды қалай атайды?<br>Жұмбақтар шешеді:<br>Қара түсті қарқылдақ<br>Ұшып-қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға)<br>Жем көрсе,<br>Шықылықтап қалтаңдайды,<br>Сескенсе,<br>Жыпылықтап жалтаңдайды.<br>(Сауысқан)<br>Бұл құсты бәрі білер,<br>Ауламызда шырылдап,<br>Шиқ-шиқ етер,<br>Қоңыр ... (торғай).<br>Кеудесі сары<br>Жем шоқыр.<br>Жып-жып етіп ұшар,<br>Бұл қай құс? (Сарышымшық)<br>«Еркін самғап ұшсын», – деп,<br>Мәпелейміз баптаймыз.<br>«Бейбітшілік құсы», – деп<br>Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін)<br>Сұрақтарға жауап алу арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын және мақсатын болжамдап тапқызады.<br>2.Негізгі кезең<br>Суреттермен жұмыс.<br>Суретші қандай құстардың суретін салды?<br>Құстар туралы білетіндерін әңгімелейді.<br>Суықторғай – жотасы | жүру, тапсырмаларды орындау.<br>Ырғақты гимнастиканы орындау (денесін тік ұстау, музыканың ырғағымен үйлесімді қимылдау)<br>Карточкаларды пайдаланып негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау.<br>Төрт сызықтан (бір-бірінен 0,5 метр қашықтыққа қойылған төрт таяқша арқылы) екі аяқтап секіру, бір уақытта екі аяқпен екпінмен секіру, қолын сермеп көмектесу. Секірудің<br>ізбе-із орындалуын қадағалау.<br>2 метр қашықтықта тұрып, бастан асыру тәсілі арқылы допты бір-біріне лақтыру. Нұсқау: өзіне қарай ұшып келе жатқан допты шынтағын аздап бүгіп, саусақтарының арасын ашып<br>қағып алу керек.<br>«Қасқырға арналған қақпан» ойынын ұйымдастырады.<br>Ойын ережелерін түсіндіру. Қасқырлардың қимылдарына және аңшылардың үйлесімді әрекет етуіне назар аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең. | («түлкілер аңшыдан қашып барады»).<br>Педагог адымдарының ырғақтылығына назар аударады.<br>Сырғанау дағдысын бекіту.<br>«Кім алысқа барады?» – тәрбиеленушілер жан-жаққа қашады, кім сызықтан алысқа сырғанайды.<br>Педагог тепе-теңдіктің сақталуына және қол мен аяқтың үйлесімділігіне баса назар<br>аударады, ең ептілерді мадақтайды.<br>Шаңғының айналасында жүру және жүгіру.<br>III. Қорытынды кезең.<br>Педагог қорытындысын шығарады, балаларды мадақтайды. Шаңғы жолындағы<br>жетістіктері туралы айтып беруді ұсынады.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Ақшақар»**<br>**Мақсаты:** Инновациялық технологияны қолдану арқылы сюжеттік жапсырманы бейнелеуге жаттықтыру. Қыс туралы түсініктерін кеңейту.Шаршыдан дөңгелектерді<br>қиюды үйрету.Қайшымен және желіммен жұмыс істеу дағдыларын<br>дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Қане балалар көзімізді жұмып «Жаңа жыл» әнін орындайық.<br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн бүгін<br>Күліп шықты күніміз, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | – Гаражға барлығы неше көлік кірді?<br>Педагог гараждан шыққан кезде соңғы көліктің бірінші, ал бірінші көліктің соңғы болатынын айтады.<br>Педагог гараждан шығып келе жатқан көліктерді бояуға тапсырма береді.<br>–Жасыл көлік гараждан нешінші болып шықты?<br>–Ал қызыл ше?<br>–Екінші қатардағы сары көлік нешінші?<br>–Бірінші қатардағы қызыл көлік ше?<br>– Бірінші қатардағы жасыл көлік нешінші?<br>Сергіту сәті.<br>Оңға бір қадам,<br>Солға бір қадам.<br>Айналып билейміз,<br>Алға бір қадам.<br>Артқа бір қадам,<br>Айналып билейміз.<br>2-тапсырма.<br>Педагог сұрақ қойып, тапсырма береді:<br>– Үшбұрышта неше дөңгелек бар?<br>– Шеңберде неше шаршы бар?<br>– Үшбұрыш пен шеңбердегі пішіндердің саны туралы не айтар едіңдер?<br>– Үшбұрыштағы, шеңбердегі пішіндерсанына сәйкес келетін цифрды бастырып жазыңдар.. | | | шарты бойынша бірнеше мата түрлерінің қиындыларын алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатынын тауып,суретте бейнеленген киімдердің тұсына қояды.<br>Балалар қыс мезгілі екендігін, далада күнсуйық екендігін айтады.<br>Суретке қарап,суретшінің жіберген қателігін айтады.<br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарын жауап береді.<br>Балалар қыстық киімдердің түрерін ұстап көріп,жасаған материалдарының жұқа,қалың өрнектеріне назар аударады. Олар бір-бірімен салыстырып,ұқсастықтарымен ерекшеліктерін айтады.<br>Балалар сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.<br>Қорытынды кезең.<br>Тәрбиеші бүгінгі сабақтан алған әсерлерін көңіл-күйлерін,немен айналысқандарын сұрайды.<br>Балалар алған әсерлерімен бөліседі. |
| **«Табиғат аясында»** | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | | | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№ 2**<br>**Қар басуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>Қимылды ойын: «Қармен ойнау » Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>Еңбек: Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. | **№ 3**<br>**Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Флюгердің айналуы, ағаш бұтағының қозғалысынан желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлуге тәрбиелеу.<br>Еңбек: Жолды қардан тазарту .Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды қардан тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана білуін, оларды тазалықта және ретімен пайдалануға үйрету. | **№5**<br>**Күннің көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр»<br>Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>Еңбек: Құстарды тамақтандыру.<br>Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту.<br>Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»<br>Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>Еңбек: Жолға құмды төгу<br>Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. | **№ 8**<br>**Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Бірінші бол»<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. |
| Серуеннен оралу<br>Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Түскі ас | | | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.<br>Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.<br>Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. | Тыныс алу жаттығуы:<br>Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. | Табанды шынықтыру массаждары:<br>Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. | Жуыну жолдары.<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды<br>Күнде жуып жүремін. | «Денсаулық» жолымен жүру. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | № 2.«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойын.<br>Мақсаты: балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын | № 4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын.<br>Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. | **В/к: «Ғажайып ел»**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Winter is fun»**<br>**Мақсаты;**<br>Қыс мезгілі туралы тақпақ жаттау. Дыбыстарды, сөздерді анық айтуға үйрету.<br>I. Greeting: Амандасу<br>- Good afternoon children!<br>- Good afternoon!<br>- How are you?<br>- I am good!<br>II. New words: cold, snow skate, ski, snowman, snowballs, snowflakes, Father frost, Canto Close, New Year, New Year Tree<br>III. Sing a song: «My little snowman»<br>IV. Бағалау,мадақтау<br>V. Қортынды:<br>«Good bye» өлеңін айту | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:**«Қыстайтын құстар»<br>**Мақсаты:**Құстар тіршілігі туралы ұғымдарын нақтылау. Баладаның құстарға ұқыпты және қамқорлы көзқарастарын тудыру, оларды жүйелі түрде көректендірі отырудың керектігін түсінуге жетелеу. Құстарға қамкорлық қасиетін тәрбиелеу.<br>Қыстайтын құстардың суреті<br>Жем салғыш жасау, іл, жем салу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер №9.<br>2. Құстар тіршілігі туралы | №6.«Жол полициясы» сюжетті рөлді ойын<br>Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы-заттарды қолдануға үйрету. Транспортшылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтарын тәрбиелеуге, олардың еңбек пен «инспектор-жүргізуші», «инспектор-жаяу кісі» өзара қатынасы арасындағы еңбек жағдайларда қала тіршілігіндегі маңызы туралы ұғымдарын бекіту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту | | | ұғымдарын нақтылау.<br>3. Балададың құстарға ұқыпты және қамқорлы көзқарастарын тудыру.<br>4.  Құстарға қамқорлық қасиетін тәрбиелеу.<br>5. Қыстайтын құстардың суреттерін көрсету, таныстыру.<br>6.Жем салғыш жасау, іл, жем салу.<br>7.Қорытынды. | |
| Жеке жұмыс | | Еркебұланқызы Ариянамен шығармашылық саласы бойынша түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. | Жаналин Алиді қатынас саласы бойынша әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру арқылы сахналық қойылымдарға қатыса білуді қалыптастыру. | Есен Айдынның денсаулық саласы бойынша спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын ояту. | Жанай Нұрасылдың шығармашылық саласы бойынша қазақ оюының бөліктері туралы ұғымды игерту.Би сипатындағы музыканы эмоционалды түрде қабылдауын қалыптастыру. | Жаукенова Іңкәрға әлеумет саласы бойынша қоршаған орта және экология негіздері туралы түсінік қалыптастыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен  киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 6**<br>**Қардың тереңдігін бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну.<br>*Қимылды ойын:* **«Ақшақарды ізде»**<br>**Мақсаты:** Мәтінге сәйкес қозғалысты орындай білуге бекіту, алаіда бір-біріне соктықпай орын ауыстыру дағдыларын үйрету.<br>*Еңбек:* **Гүлзарың орнына жинастыруды ұйымдастыру.**<br>Қар тоқтату жөніндегі | **№5**<br>**Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Қимылды ойын: **«Жоғары лақтыр»**<br>Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, | **№ 10**<br>**Бұрқасынды бақылау**<br>**Мақсаты:** Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>*Қимылды ойын:* **«Әткеншек»** Мақсаты: Назарын, ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындауды дамыту (құстар жайлы айтылғанда қолын көтеру, ұшпайтын зат айтылғанда қолын көтермейды).<br>**Мақсаты:** қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаштарды суару. | **№ 7**<br>**Тайғанақты бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда, ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыстайғанаққа айналады.<br>*Қимылды ойын:* «Ұзын жол бойында»<br>Мақсаты:Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.<br>*Еңбек:* **Жолға құмды төгу**<br>Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. | **№ 17**<br>**Қардағы іздерді бақылай білу**<br>**Мақсаты:**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу.<br>*Қимылды ойын*: **«Нысанаға тигіз»**<br>**Мақсаты:**Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек:** Ауладығы жұмыс<br>Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау, гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. | ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек: Құстарды тамақтандыру. Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. | Мақсаты: табиғатты аялау, бірлесе жұмыс істеу. | | |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Балалардың тазалығы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың сырт киімдерін дұрыс киіндіріп алып келуін ескерту. | Алдияр мен Дарханның ата-аналарына тақпақтарын жаттатуға көмектесуін сұрау. | Балалардың себепсіз келмей қалуын ескекрту. | Балалардың тазалығына көңіл бөлуді сұрау. |

**Циклограмма**
**Бірінші апта (03-07ақпан 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

**Міндеттері:**

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;
2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | №8 Д/о: «Қуыршақты серуенге киіндіріп,шығарайық!» Мақсаты: Ауа-райына сәйкес қуыршаққа киім таңдай білуді үйрету. | Жұмбақтар шешу:<br>1.Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұр шашады. (Күн)<br>2.Көктен түседі,<br>Жер ішеді. (Жаңбыр)<br>3.Аяқсыз жетіп барады,<br>Қолсыз есік қағады. (Жел) | «Табиғат-біздің досымыз» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балаларға табиғат,тіршілік,қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінік беру. | Жұмбақтар шешу:<br>1.Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұр шашады. (Күн)<br>2.Көктен түседі,<br>Жер ішеді. (Жаңбыр)<br>3.Аяқсыз жетіп барады,<br>Қолсыз есік қағады. (Жел) | Сұрақ: «Бүгінгі ауа-райы қандай?» Мақсаты: Балаларды ауа-райының ерекшелігін байқауға талпындыру. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 11** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын жаттығу:<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Тамақ ішіп алайық. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | «Үй жануарлары» туралы әңгімелесу.<br>Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. | Табиғат туралы мақал-мәтелдер.<br>1.Қыстың көзі қырау.<br>2.Жаңа айдан жақсылық.<br>3.Таң атпайын десе,<br>Күн қоймайды.<br>4.Судың да сұрауы бар.<br>5.Күркіреген бұлттың жаңбыры аз. | №7 Д/о: «Суретшінің қателігін тап»<br>Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа баулу. | №5 Д/о: «Кімге не керек?»<br>Мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. | Әңгімелесу: «Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты: Балалармен жыл мезгілдерінің ерекшеліктерімен қоршаған әлеміндегі табиғат құбылыстары туралы әңгіме жүргізу. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті үй жануарларым» (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Жұмбақты шешу арқылы, балаларды өз тәжірибесінен әңгіме құруға,сөйлеу барысында сын есімдер мен етістіктерді (жануарға сипаттама беру арқылы, қайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні) қолдана білуге үйретуді жалғастыру.Сұрақ-жауап арқылы жануарлардың түрлерін білуге,төлдерінің қалай аталуын, еркелету арқылы қалай айтатынын үйрету. Жануарларға қамқорбола білуге тәрбиелеу, жанашырлық сезімдерін ояту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жұмбақ:<br>Иір-иір денесі –<br>Сахараның кемесі.<br>Ащы шөптер – тамағы, | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз-кішкентай спортшылар»**<br>**Мақсаты:** Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеуді үйрету, қол мен аяқтың жұмысын үйлестіруге дағдыландыру. Доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып артқа қарай ұстау және бүгілген қолды жазып, доптың алға және жоғары қарай ұшу бағытын қамтамасыз ету; қимылдардың орындалу ретін сақтау қабілетін нығайту. Үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға дағдыландыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Олимпиада ойындарының жеңімпазы атанған спортшылар туралы слайдтарды көру.<br>Спортшыларды ата-аналары ғана емес, күллі еліміз мақтан тұтады.<br>«Спортшылар да біз сияқты кішкентай болды және дене тәрбиесімен | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қыс туралы суреттер мен бейнефильмдерді қарастыру»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Сұрақ-жауап:<br>-Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші?<br>-Қыс мезгілінің айларын атап берші Сезім?<br>-Балалар, қыс бізге несімен қызықты? Қыста қандай ойындар ойнаймыз Айдын айтып берші?<br>Д/ойын: «Не артық?»<br>Билингвалдық компонент: Қыс-зима, қыс-winter<br>Тәрбиеші экранға назар аударуларын сұрайды<br>Бейнефильм қосылып тәрбиеші қыс мезгілі туралы толық мағлұмат беріп, тақырыпты аша түседі.<br>Қолғап, бас киім, мойынорағыштарын | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз әскерміз сап түзеген»**<br>**Мақсаты:**қырлы тақтаймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау (жалпақтабанның алдын алу) қабілетін жетілдіру. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен жанаспай еңбектеуді, еңбектеген кезде бағытты солға және оңға қарай жылдам өзгертуді үйрету. Шектеулі алаңда қос аяқтап секіріп жаттығу. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; отансүйгіштікке баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Фотосуреттерді немесе картинаны қарап шығу.<br>Балалардан өздері білетін әскер түрін айтып беруді сұрайды.<br>Күшті, батыл болу үшін бала күнінен дене шынықтырып, спортпен айналысу қажет деген тұжырым жасайды.<br>II. Негізгі кезең.<br>Ойын түріндегі жаттығу:<br>«Кім зейінді?»:<br>тәрбиеленушілер бір-бірден тізбекке тұрады.<br>Алдымен «шашырап» | **Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Хоккей ойнауды үйренеміз»**<br>**Мақсаты:**балаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету.<br>Ептілікке баулу, организмнің төзімділігі мен күшін арттыру. Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>IҰйымдастыру кезеңі.<br>Педагог доптаяқтар мен шайбаларға назарларын аударады.<br>Тәрбиеленушілерге доптаяқтар мен шайбаларды қарап көруді ұсынады.<br>Шайбалы хоккейге арналған доптаяқ – шайбалы хоккейде шайбаны соғуға, пас |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Шөлге шыдап бағады.<br>– Бұл не?<br>Балалар өз жауабын айтады. (Түйе)<br>– Қандай үй жануарларын білесіңдер? (Жылқы, түйе, ит, мысық, қой т.б.).<br>– Түйе үй жануары ма, әлде дала жануары ма? (Түйе үй жануарына жатады).<br>– Түйе сүті мен төлін қалай атаймыз? (Түйе сүтін шұбат, төлін бота деп атаймыз).<br>– Түйе бізге сүтін береді. Жүнінен мата, киім жасалынады.<br>– Балалар, жануарларды тебуге немесе таяқпен ұруға болады ма?<br>Балалар: Жоқ, ұруға да, тебуге де болмайды. Себебі оларға батады. Оларды ешуақытта қорлауға болмайды.<br>Педагог: Иә, оларға біз қамқор болуымыз керек.<br>2. Негізгі кезең<br>Тіл ұстарту<br>Ие-ие –ие Шөгіп жатыр түйе,<br>Құлындайды бие,<br>Табылар саған ие.<br>(«И» дыбысының дауысты дыбыс екендігін, ауаның ауыздан еш кедергісіз шығуын түсіндіру).<br>Балалар: Дыбысты анық айтуға тырысады.<br>И- и – ине<br>И- и – инелік<br>Балалар «И» дыбысынан басталатын сөздерді | шұғылданды».<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Доппен жасалатын түзеу жаттығулары: қолына доп ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асыра көтеріп ұстайды, өкшемен жүру – допты алдына шығарып ұстайды (музыканың ырғағымен).<br>Шеңбер құрап тұру.<br>Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.<br>Жаттығулардың ырғақпен орындалуына назар аударады.<br>Ойын түріндегі жаттығуды ұйымдастырады: «Доппен фигура жаса».<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау.<br>Түрегеп тұрған күйі допты екі қолмен бастан асырып лақтыру. Екі қатарға тұру. Түсіндіру және көрсету – доптың ұшы траекториясы қолды екпінмен түзеуге тікелей байланысты.<br>Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеу.<br>Нұсқау: бала өзіне қарсы тұрған терезеге қарай еңбектейді, өзге балаларға кедергі келтірмеуі тиіс.<br>Бір сапқа тұру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жапалақ».<br>Ойын тәртібін түсіндіреді.<br>Жапалақтың көзі нашар көретінін, бірақ кішкентай сыбдырдың өзін жақсы еститін | таққызып, шаңғы таяқшаларын ұстатып, орамаңға саяхатқа шығады. Тәрбиеші шаңғының тебілу тәсілін айта кетеді.<br>Орманға келіп, орман табиғатына тоқталып жатырғанда інінде ұйықтап жатқан аю ренжип оянады: Мені ұйқымнан оятқан кімдер а, шулап жатқан дейді.<br>Тәрбиеші балабақшадан балалар орман табиғатын тамашалауға келгенін айтады.<br>Аю орман және өзі туралы әңгімелеп кетеді. Аю өзінің сергігісі келіп тұрғанын айтып ойын ойнатады.<br>Қимылды ойын ойнайды: «Қарды дәл белде!»<br>Аюмен қош айтысып, шаңғыларын теуіп балабақшаға оралу.<br>Тәжірбие жасау:<br>Қарандаршы, бұл қар ия, қазір бірнеше минутқа қалдрайық, ол суға айналады. Күтейік!<br>Ерімесе қардың үстіне аздап су тамызсақ тез еруі керек, солай болама екен көрейік жасапн<br>-Енді біз еріген қардан яғни судан түрлі түсті су жасаймыз. Әр банкідегі суға түрлі бояуларды араластырамыз.<br>Тәрбиеші банкілердегі суға қызыл ,көк және сары бояуды қосып араластырады.<br>-Енді түрлі түсті судан түрлі түсті мұз сүңгілерін жасаймыз.<br>-Суды мұзға айналдыруға | жүреді, сосын «шашырап» жүгіреді де, педагогтің жанына бір-бірден тізбекке тұрады.<br>Балалар қозғалыс кезінде бір-біріне соқтығыспауға тырысады.<br>Ойын түріндегі гимнастика жасау:<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау.<br>Еденде жатқан қырлы тақтайдың үстімен жүру.<br>Қырлы тақтайдың үстімен жүрген кезде денені түзу ұстау, аяқты өкшеден басып, аяқтың ұшына ауыстыруға назар аудару.<br>Еденде жатқан тақтайдың үстімен қос аяқтап секіру.<br>Қимылдарды ізбе-із орындау тәртібін түсіндіру және көрсету.<br>Тәрбиеленушілер еденге қойылған тақтайшаның үстімен қатарынан бірнеше рет секіріп өтеді. Аяқтарының ұшымен түседі. Тынысты тоқтатпай жеңіл түсуге тырысады.<br>Тақтайдың шетіне шықпайды.<br>Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеу. Ойын түріндегі жаттығу: «Маған қарай еңбекте!»: алақаны мен тізесін тіреп төрт аяқтап еңбектеу, баспалдақ тепкішектерінің арасындағы саңылауға қарай еңбектеу, белгіленген сызыққа дейін еңбектеп, қатарға | беруге және шайбаны алып жүруге қолданылатын спорттық снаряд.<br>Имек – доптаяқтың шайбамен жанасатын бөлігі.<br>Мұзда қозғалған кезде, ойын кезінде қауіпсіздік техникасына баса назар аударады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден тізбекке тұру, өкшемен жүру, қолды әртүрлі қалыпта ұстау – жоғары көтеру, қапталға созу, иыққа қою, алға созу.<br>Заттардың көмегімен жаттығулар жасайды.<br>Мынау – Су-Джок шаригі. Ол алуан түсті. Оны алақанға салып домалатамыз. Шарикті оң қолмен айналдырамыз. Енді сол қолмен айналдырамыз. Оны әрбір саусақтармен қатты басамыз.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қайталайды.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Мен өркешті түйемін,<br>Басымды жерге иемін.<br>Маң-маң басып далада,<br>Жантақ жеуді сүйемін.<br>(Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау).<br>Дәптермен жұмыс: «Үй жануарларына жатпайтын жануарларды анықтап, оларды қорша» тапсырмасын орындау.<br>Балалар сергіту жаттығуын қайталап, түйенің қалай жүретінінен хабардар болады.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Үй жануарлары»<br>Ойын мақсаты:Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.<br>Ойын шарты: үй жануарларына байланысты суреттер алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мө-мө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.б<br>Балалар суреттің қайсысы екенін белгілеп қояды. Балалар ойын шартын түсініп, ойынды ойнайды.<br>3.Қорытынды кезең (рефлексия). Балалардан үй жануарларынын анықтап, олардың көңіл күйлерін, олардың | жыртқыш құс екенін балалардың есіне салады. Санамақтың көмегімен жапалақты таңдап алады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең .<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Балаларды ата-аналарымен бірге<br>дене тәрбиесімен айналысуға жетелейді.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Шеңбердегі би».<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен цифрды сәйкестендіру.Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету.Екі топтағы заттарды салыстыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру.»Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы<br>сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.Шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы<br>өткенді пысықтау.Шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру.Оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру.<br>**ҰОҚ барысы:** | бізге аяз көмектеседі. Өйткені су аязда қатады.Мына қалыптарға суды құйып ,сыртқа шығарып қоямыз.Ал серуенге шыққан кезде біздің суымызға не болғанын көреміз.<br>Қалыптарға суды құйып сыртқа шығарып қою.<br>Қатып үлгергендей кейіп танытып, алдын-ала қатырылған түрлі-түсті мұз кесектерін көрсету. Ал, қалған балалардың әдемі түрлі түсті суларын қазір серуен кезінде өзіміз шығаратын боламыз деу.<br>Қорытындылау.<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы алған білімдерін қорытындылау.<br>-Қайда саяхатқа бардық?<br>-Нені көрдік?<br>-Немен тәжірбие жасадық?<br>-Не туралы әңгімелестік?<br>Мадақтау.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Тиін жаңғақ кеміреді»**<br>**Мақсаты:**Тиін.Тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру.Тиіннің мүсінін жасай білуге,дене бөліктерін біріктіріп қосу,шымшып қысу,дөңестеу тәсілдерін үйрету.Саусақ моторикасын дамыту.Баланың ойын,тілін,шығармашылық қабілетін,көркемдік талғамын дамыту.Ұқыпты жұмыс істеуге,бір-біріне көмектесе білуге баулу,эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:** | тұру.<br>Тәрбиеленушілер тізбекке тұрады, төрт адамнан жаттығу жасайды. Қозғалыс басталған<br>сызыққа жақындайды, алақаны мен тізелерімен тіреп, төрттағандап еңбектейді,<br>баспалдақтың керме ағаштары арасымен еңбектейді.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!».<br>Тақтайларды залдың периметрі бойынша орналастырып шығады.<br>Балаларды орын<br>таңдауға шақырады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең .<br>Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды.<br>Тәрбиеленушілерге қай тапсырманың<br>ең қиын болғаны туралы әңгімелеп беруді ұсынады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қағаз кеме» (өлеңді жаттау)Т.Әбдірахманов**<br>**Мақсаты:** Көлік түрлерімен таныстыру, жүргізушілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Өлеңді жаттату арқылы балалардың сөздік қорын дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жылулық шеңбері<br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Ренжуді білмейміз. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дауысын келтіріп, не<br>үйренгендерін сұрайды.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Атама**<br>**арналған тымақ»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты**: Балаларды ер<br>адамға арналған<br>баскиімнің түрлерімен,<br>олардың<br>ерекшеліктерімен,<br>баскиімнің басқа да<br>киімдерден<br>өзгешелігімен<br>таныстыру.Балаларға<br>нұсқау бойынша жұмыс<br>жасауды үйрету.Қазақ<br>халқының салт-дәстүрін<br>сыйлап, қадірлеуге<br>тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Шаттық шеңбері.<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап.<br>Жүрейікші жараса.<br>Балалар, қазір жылдың<br>қай мезгілі?<br>- Дұрыс, қазір жылдың<br>қыс мезгілі.<br>Бүгін аптаның қай күні,<br>балалар?<br>- Дүйсенбі.<br>ІІ. Жаңа сабақ.<br>Тымақ биік төбелі,<br>маңдайы, екі құлағы бар,<br>желке, жотаны жауып<br>тұратын артқы етектен<br>тұратын, аңның, малдың<br>терісінен тігілген қысқы<br>бас киім.<br>Тымақ суретін балаларға<br>көрсету.<br>Осы суретке қарап<br>отырып, әдемі етіт сурет<br>салу. Суретті салып | 1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сандар қатарымен жұмыс<br>істейміз (1-ден 5-ке дейінгі<br>сандарды қойып шығу<br>керек).<br>Педагог балалардан 1-ден<br>5-ке дейінгі цифрларды<br>рет-ретімен үстелдеріне<br>қойып шығуды<br>сұрайды.<br>2.  Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Педагог балаларға сұрақтар<br>қояды және тапсырма<br>береді:<br>–Жоғарыдағы<br>тіктөртбұрышта неше кесе<br>бар?<br>–Төменгі тіктөртбұрышта<br>неше кесе?<br>–Олардың саны туралы не<br>айтасыңдар?<br>–Әр тіктөртбұрыштағы кесе<br>санын білдіретін санды<br>бастырып жазыңдар.<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Солға-солға түзу тұр,<br>Оңға-оңға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>«Сөйлемді аяқта» ойыны.<br>Педагог балалардан<br>сөйлемді аяқтауды<br>сұрайды:<br>–  Таңғы асты таңертең, ал<br>кешкі асты ... ішеміз<br>(кешке).<br>–Түнде ұйықтаймыз, ал ...<br>жаттығу жасаймыз<br>(таңертең).<br>–Күндіз Күн шығады, ал Ай<br>...шығады (түнде).<br>–Кешкі асты кешке, түскі<br>асты ....ішеміз (күндіз). | І.Ұйымдастырушылық<br>кезеңі.<br>Балалар сендер жабайы<br>аңдарды білесіңдер ме?<br>Барлығың маған<br>қараңдаршы.<br>Олар далада емін-еркін<br>тіршілік етеді.Бүгінгі<br>біздің оқу қызметіміздің<br>тақырыбы Жабайы аңдар.<br>ІІ. Негізгі бөлімі<br>1.Әңгімелесу<br>Жануарлар тірі табиғаттың<br>негізгі бөлігі. Жануарлар<br>екіге бөлінеді: Үй<br>жануарлары және жабайы<br>жануарлар. Жануарлардың<br>табиғаттағы тіршілігі<br>ерекше әрі қызықты.<br>Жабайы аңдар - табиғи<br>жағдайда өз бетімен тамақ<br>тауып, тіршілік ететін<br>жануарлар. Жабайы<br>жануарлардың түрлері өте<br>көп.<br>Жұмбақ жасыру арқылы<br>жабайы аңдармен<br>таныстыру.<br>1.Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады.<br>Мынау-қоян.Ол орманда<br>тұрады. Қоянның баласын<br>көжек деп атаймыз.Орыс<br>тілінде заяц деп | Педагог балаларға жұмбақ<br>жасырады.<br>Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді<br>«Қарап ал маңайға» дейді.<br>Педагог балаларға<br>бағдаршамның суретін<br>көрсетіп, әңгімелейді.<br>-Мынау не?<br>-Бағдаршам не істейді?<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайымжауып жүр.<br>Ауылды жалғар қалаға,<br>Қаланыжалғар ауылға<br>(автобус)<br>Үйрекше мойнын созады.<br>Құсша қонады.<br>(ұшақ)<br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>(қайық)<br>Үлкен темір балық,<br>Суда жүзер шалқып<br>(кеме)<br>Педагог әртүрлі көліктердің<br>суретін көрсетеді.<br>-Адамдар машинамен,<br>автобуспен жерде жүреді,<br>ұшақпен, тікұшақпен әуеде<br>ұшады, кемемен, қайықпен<br>суда жүзеді. Бұларды бір<br>сөзбен *көліктер* дейміз.<br>Педагог жүк машинасын<br>көрсетіп, ат арба,ат-түйе<br>жегілген арбаның суретін<br>көрсетіп<br>әңгімелейді.Оларда көлік<br>түрлеріне жатады.Оларды<br>бұрын техника дамымай<br>тұрған кезде мал бағу,жүк<br>тасуға мінген.Қазіргі кезде<br>ауылдық жерлерде<br>пайдаланады.<br>-Мынау қандай машина?<br>-Жүк машинасы не тасиды?<br>-Машинаның қорабы, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | болған соң краскамен бояу.<br>III. Сергіту сәті.<br>Жылы таза суда,<br>Балық жүзіп ойнауда.<br>Біресе керіледі,<br>Біресе жиырылады<br>Біресе құмға тығылады.<br>IV. Бекіту.<br>Бүгін қандай сурет салдық?<br>Сендерге не ұнады?<br>V. Қорытынды.<br>Бағалау.<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Біздің қала»**<br>**Мақсаты:** Әнді сезіммен,нақышына келтіріп айтуға,әуенді тыңдап,әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге,еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жат.: «Доброе утро!»<br>Жаттығу: марш, полька, вальс ырғақтары<br>Дау.жат: «Гамма»<br>Ән айту: «Біздің қала»<br>Муз.дид.ойын:<br>Муз.ырғ.қим.: «Ищи» | 2-тапсырма.<br>Педагог сұрақ қояды:<br>–Бұл өлеңде тәуліктің қай бөлігі туралы айтылған?<br>–Бұдан басқа тәуліктің қандай бөліктері бар?<br>Педагог тәуліктегі уақыттың бірінен кейін бірі тұрғанын және олардың ешқашан өзгермейтінін айтады.<br>Педагог әр суреттің қасындағы тәулік бөлігінің ретіне сәйкес келетін цифрды бастырып сызады. Педагог балаларға сұрақ қояды<br>– Сендер 1 деген цифрды қай суреттің қасына жаздыңдар?<br>– 2 цифрын ше?<br>– 3-ті ше?<br>– 4 цифрын ше?<br>Демонстрациялық материалдың №6 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.<br>3-тапсырма.<br>Педагог суреттегі барлық ленталарды мұқият қарап шығып, ені бірдей ленталарды бір-біріне қосу жөнінде тапсырма береді.<br>–Балалар, ленталарды қалай қостыңдар?<br>4-тапсырма.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Қасқырдан да құтылды,<br>Аюдан да құтылды.<br>Ақыр соңында Қу түлкіге тұтылды.<br>Ол не?<br>Педагог балалардан суретті мұқият қарап шығып, суретшінің қатесін табуларын сұрайды. | айтады.Қоянның сүйікті асы-сәбіз<br>Қоян туралы қандай тақпақ білеміз?<br>Мақал-мәтел: Еркекті намыс өлтіреді,қоянды қамыс өлтіреді.<br>2.Қыс бойы жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>Аю орманды мекен етеді.Ол апанда тұрады.<br>Жаздай денесіне май жинап,қыстай ұйықтайды.<br>Баласын-қонжық деп атайды.<br>Орыс тілінде медведь.<br>Аю туралы тақпақ айту.<br>Аю жеміс-жидектермен қоректенеді.<br>3.Өзі айлакер,өзі қу,<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>Түлкі де орманда тіршілік етеді.Ол тамағын жортып жүріп табады.Баласын-түлкішек деп атайды.Орыс тілінде лиса деп атайды.<br>Түлкі тауық етін жақсы көреді.<br>Түлкі туралы тақпақ айту. | кабинасы, дөңгелегі, моторы бар.<br>-Машинаны кім жүргізеді?<br>-Суда жүзетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>-Кемелер жүзу үшін не керек?<br>-Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді.<br>-Кеме тез жүру үшін, үрлеп толқын жасайық.Енеді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те,<br>Е.Өтетілеуұлының «Кеме» өлеңімен танысайық.<br>Міне, кеме,<br>Міне, мен де.<br>Сапарға алыс шығамын.<br>Теңіз сырын ұғамын.<br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай,<br>Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады.<br>Сағымданған, бұлдырлаған түзде шалғай.<br>Кемемізді жағалаулар шақырады.<br>-Өлең не туралы?<br>-«Кемеге жолсерік»,-деп нелерді айтып отыр?<br>-Алыстағы шалғайда не көрінеді?<br>Дидактикалық ойын. «Не қайда жүреді?»<br>Шарты:Көлемді бейнелі сурет арқылы көліктердің жүру жолдарын тауып,көліктерді орналастырады.<br>Билингвальды компонент: көліктер-транспорт, бағдаршам-светофор, жүк машинасы-грузовая машина.<br>Сергіту сәті: | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Содан соң сұрақ қояды:<br>– Бауырсаққа кездескен аңдарды рет-ретімен атап беріңдерші, балалар?<br>Педагог балаларға тапсырма береді және мынадай сұрақтар қояды:<br>–Бауырсаққа бірінші кездескен аңды боя. Қай аңның суретін боядың?<br>–Бауырсаққа үшінші жолыққан аңның суретін боя? Қай аңды боядың?<br>–Бауырсақ кімді үшінші кездестірді? Суретін боя.<br>– Бауырсақ орманда неше аңға жолықты?<br>3. Рефлексия.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Педагог ҰОҚ-не белсенді қатысқаны үшін балаларды мақтайды. | 4.Аузы бейне,шалғы орақ,<br>Шөп емес бірақ малды<br>орады.<br>Қасқыр да орманда тұрады.<br>Ол- жырткыш аң.Жемін<br>жортып жүріп табады.Ұсақ<br>жануарлармен<br>қоректенеді.Қасқыр-волк.<br>5. Шырша саясы – күркесі,<br>Өзі орман еркесі.<br>Қарғып жүрер жан-жаққа,<br>Өте құмар<br>жаңғаққа. (Тиін)<br>Бұл – тиін. Ол жаңғақты сүйіп жейді.<br>2.Сергіту сәті<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен<br>Теріп - теріп алайық<br>Қалтамызға салайық.<br>3.Дыбыстық жаттығулар:<br>- Ыр – ыр – ыр ырылдайды қасқыр,<br>- кі – кі – кі бұлаңдайды түлкі,<br>- Ян – ян – ян жүгіріп жүр қоян.<br>- Ю – ю – ю қорбаңдайды аю.<br>4.Сөздік жұмыс: Жабайы аңдар - табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар.<br>Балалар, қазір біз сендермен тиінді мүсіндейміз.<br>Тиін қайда өмір сүреді?<br>Немен қоректенеді?<br>Ол қандай аң? | «Пойыз»<br>Кәне, кімнің бойы ұзын<br>Паровозы сол пойыздың<br>Қатар-қатар тұрайық<br>Пойызды біз құрайық.<br>Ал, паровоз, баста алға<br>Бәрімізді басқар да.<br>Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік.<br>Жүрісті тым үдеттік<br>Гу-гу, гу-гу гуілде<br>Қалып қойма бәрің де.<br>Ж.Смақов.<br>Сұрақ-жауап арқылы балалардың оқу қызметі арқылы алған білімдерін қорыту.<br>-Бүгін қандай өлеңмен таныстық?<br>-Балалар, сонымен көлік түрлерін атап айтып беріңдерші? Көліктер адамдарға не үшін керек?Балаларды шеңберге тұрғызып,оқу қызметіне белсене араласқан балаларды мақтап,мадақтау.<br>Қол ұстасып тұрайық.<br>Шеңберді біз құрайық.<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау-саламат болайық.<br>Сау болыңыздар !<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Ұшақ»**<br>**Мақсаты:**Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру (жерде,суда,аспанда, ұшатын көліктер),таңдап алған үлгі бойынша ұшақтарды құрастыруға үйрету.Ой-қиялын дамыту,олардың негізгі бөліктері мен ұшақ бөлшектерін ажырата алуға және өздерінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлап,дамыта алу | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Үлкен бе, кіші ме?<br>4.Үлгі көрсету<br>1. Тиінді мүсіндеу үшін қоңыр немесе қызғылт сары түсті ермексазды алып, кішірек және үлкен етіп екі бөлікке бөлеміз.<br>2. Үлкен бөлігін алақан арасына салып, сопақша пішінге келтіріп, артқы бөлігін дөңестеу қалыпқа келтіреміз.<br>3 Ермексаздың кіші бөлігінен басын домалақтап жасап, созу арқылы тұмсығын шығарамыз.<br>4. Ермексазды созу әдісімен аяғын, қолын жасаймыз.<br>5. Ермексазды жалпақтау арқылы кескішпен құйрығын бастырып кесіп алып, денесіне жапсырамыз.<br>6. Көзін, мұрынын жасаймыз,<br>орналастырамыз. | дағдыларын қалыптастыру<br>Ой-өрісін,қиялын дамыту.Әдемілікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Құс сияқты- құс емес<br>Самғап ұшқан биікке.<br>Қанаты бар қақпайды.<br>Жүрсе де сондай биікте.<br>Назарларын тақтаға аудару.<br>Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Дұрыс,ал ұшақ қандай транспорт түріне жатады?<br>Содан соң ауада, жерде, суда жүретін көлік түрлерін сұрау.<br>Сергіту сәті.<br>Біз бүгін сендермен ұшақты қағаздан жасап үйренеміз.Жасамас бұрын тақтадан ұшақты арнайы үлгі арқылы көреміз.<br>Жасалу жолдарын көрсету.<br>ҰОҚ-не қорытынды жасау.<br>Балаларды мақтау.<br>Жасаған ұшақтарымен ойнауға рұқсат беру. | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№ 7** | **№ 21** | **№ 12** | **№ 17** | **№ 21** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тайғанақты бақылау.<br>Мақсаты:Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында түзіледі. Тайғанақпен қалай күресуді ескерту. Тайғанақ кезінде өзінің қауіпсіздік шараларын білуге үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылау ынтасын дамыту.<br>*Қимылды ойын:* «Ұзын жол бойында»<br>Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>*Еңбек:* Жолға құмды төгу<br>Жолға құм төгу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. | Адам таситын көліктерді бақылау<br>Мақсаты:Адам таситын көліктерді бақылау, білімдерін кеңейту. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру. Адамдар көлікті арнайы алаңда күтеді, егер алаң болмаса-онда тротуарда күтуі керек.Көлікке міну және түсу тек қана аялдамада рұқсат етілетінін ұғындыру. Көліктердің жүру ережесін естеріне сақтату.<br>*Қимылды ойын:* «Қиын өткел» Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйрету; өз қалаулары бойынша топқа бөлу ( санамақ арқылы немесе қызығушылықтары бойынша); ойын ережесін сақтау(топ ойыншысы бір реттен сыпырады). Шағын топта іс- әрекетке үйрету.<br>*Еңбек:* «Қардан сырғанайтын төбешік тау жасау» Аталған тақырып бойынша ұйымдастыра білуге үйрету; еңбек құралдарын пайдалану ( күрек, шелек).Өз еркінше жолдастарына көмек бере білуге | Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.<br>Мақсаты:Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>*Қимылды ойын: «Бәйге»* Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>*Еңбек:*<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>*Тәжірибе. Қардың қасиеттері.*<br>Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | Қардағы іздерді бақылай білу<br>Мақсаты:Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту.<br>*Қимылды ойын*: «Нысанаға тигіз» Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br>*Еңбек:* Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. | Адам таситын көліктерді бақылау<br>Мақсаты:Адам таситын көліктерді бақылау, білімдерін кеңейту. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру. Адамдар көлікті арнайы алаңда күтеді, егер алаң болмаса-онда тротуарда күтуі керек.Көлікке міну және түсу тек қана аялдамада рұқсат етілетінін ұғындыру. Көліктердің жүру ережесін естеріне сақтату.<br>*Қимылды ойын:* «Қиын өткел» Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйрету; өз қалаулары бойынша топқа бөлу ( санамақ арқылы немесе қызығушылықтары бойынша); ойын ережесін сақтау(топ ойыншысы бір реттен сыпырады). Шағын топта іс- әрекетке үйрету. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| кезекшілікті ұйымдастыру | | | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып орындалатын жаттығулар. ( 2-3 минут) Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | Майтабанның алдын алу: Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға тербелу ақырын сосын жылдам. | Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяуууу Фррр фрррр фрррр | Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз, сарымсақты сумен ауыз қуысын шаю. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **Луллия сақиналары «Өлі және тірі табиғат»** **Мақсаты:**Балаларды өлі және тірі табиғат түрлерімен таныстыру, ойын арқылы балалардың логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.Сөздік қорын байыту, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. | **№5 Сюжетті-рөлдік ойын: «Шаштараз»** **Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»** **Theme: «Wonderful world»** **Aim:** Өлі табиғат құбылыстары мен таныстырып, оларды атай білуге үйрету. Сұрау есімдіктерін: what, who, where, when, how қолданып, сұрақтар қоюға үйрету. **ҰОҚ барысы:**<br><br>**1.**Greeting: Амандасу<br>- Good day, Good day,<br>- Good day, too you<br>- Good day to sun<br>- Good day for you!<br>- How are you children?<br>- I am OK! | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары»** **Мақсаты:** Жалпы жануарлар туралы білімдерін тиянақтау,тереңдету.орман-жануарлардың үйі екенін есінен шығармауға және үй жануарлары адамның қамқорлығына зәру екенін ұғындыру. **Әдіс – тәсілдері:** Үй жануарлары мен жабайы аңдардың суреттерін пайдаланып ойындар ұйымдастыру. **ҰОҚ барысы:**<br>А) Шаттық шеңбері №26 | ***Луллия сақиналарыандарды сәйкестендір»*** ***Мақсаты:*** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету.<br>. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шаттық шеңбері<br>«Make a Circle» өлеңін айту 1) Ask a questions? What, who, where, when, how қолданып, сұрақтар қоюға үйрету.<br>III. Жаңа сөздер қайталау: forest, jungles, waterfall, iceberg, canyon, volcano, lake. Дидактикалық ойын: What is it?<br>Ойын шарты: Суреттердің кішкене бөлігі көрінеді, балалар соны тауып, қандай сурет жасырылып тұрғанын айту керек. « What is it?» сұрақ арқылы.<br>IV. Бағалау,мадақтау<br>V. Қортынды:<br>«Good bye» өлеңін айту | Ә) Ғажайып сәт<br>Б) Үй және жабайы жануарлардың суреттерін көрсету арқылы олардың айырмашылықтарын табу<br>В) Сұрақ-жауап<br>Г) Қорытынды. Балаларды мадақтау | |
| Жеке жұмыс | | Бақтығали Ибрахимге «әлеумет» саласы бойынша бағдаршамның белгілері,көшеде өзін дұрыс ұстауды және табиғаттағы ауа-райының маусымдық өзгерістерін ажыратып атай білуді үйретуді жалғастыру. | Бисембаева Аминаны «денсаулық» саласы бойынша түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. | Дархан Сезімді «шығармашылық» саласы бойынша өкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. | Ергинов Даниярды «қатынас» саласы бойынша сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру. | Ерсегіз Дарханға «таным» саласы бойынша 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,геометриялық пішіндерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 5**<br>Күннің көзін бақылау.<br>Бақылау: Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ | **№ 10**<br>Бұрқасынды бақылау.<br>Бақылау: Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>Қимылды | **№ 12**<br>Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.<br>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың | **№ 22**<br>Жаяу борасынды бақылау<br>Бақылау : Жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту. | **№ 23**<br>Мұзды бақылау<br>Бақылау: Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.Мұз бұл – қатты су құрамы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр» Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>Еңбек: Құстарды тамақтандыру.<br>Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу,оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу. | ойын: «Әткеншек»<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек: Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазалауға және тазалауға үйрету.Еңбексүгіштікке тәрбиелеу. | өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>Қимылды ойын: «Бәйге» Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>Еңбек:<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | Қимылды ойын: «Ибрахимнің киімін ата» Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту(киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу.<br>Еңбек: Төбешікке су құю Су қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. | екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>Қимылды ойын: «Мұзды аулаға кіргіз» Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.<br>Еңбек: Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналарға кеңес: «Тұмаудан сақтану жолдары» | Ата-аналарға кеңес: Балалардың көшеде абай болуын қадағалау,жол белгісі ережелерін қатаң сақтау. | Ата-аналарға баланы балабақшадан себепсіз қалдырмауына өтініш білдіру. | Медбике кеңесі: «Санитарлық шараларды қатаң сақтау» Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Ата-аналарға демалыс күндері балалармен бірге спорттық жаттығулар жасауына өтініш білдіру. |

**Циклограмма**
**Екінші апта (10-14 ақпан 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

**Міндеттері:**

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;
2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | №13 Д/о: «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту.Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін арттыру. | Жұмбақтар шешу:<br>1.Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұр шашады. (Күн)<br>2.Көктен түседі,<br>Жер ішеді. (Жаңбыр)<br>3.Аяқсыз жетіп барады,<br>Қолсыз есік қағады. (Жел) | «Табиғат-біздің досымыз» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балаларға табиғат,тіршілік,қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінік беру. | №8 Д/о: «Қуыршақты серуенге киіндіріп,шығарайық!» Мақсаты: Ауа-райына сәйкес қуыршаққа киім таңдай білуді үйрету. | Сұрақ: «Бүгінгі ауа-райы қандай?» Мақсаты: Балаларды ауа-райының ерекшелігін байқауға талпындыру. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 11** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | Ойын жаттығу:<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Тамақ ішіп алайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Сұрақ: «Қандай ертегілерді және ертегі кейіпкерлерін білесіңдер?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту,тіл байлығын жетілдіру. | Табиғат туралы мақал-мәтелдер.<br>1.Қыстың көзі қырау.<br>2.Жаңа айдан жақсылық.<br>3.Таң атпайын десе,<br>Күн қоймайды.<br>4.Судың да сұрауы бар.<br>5.Күркіреген бұлттың жаңбыры аз. | №7 Д/о: «Суретшінің қателігін тап» Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа баулу. | №5 Д/о: «Кімге не керек?» Мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. | Әңгімелесу: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалармен жыл мезгілдерінің ерекшеліктерімен қоршаған әлеміндегі табиғат құбылыстары туралы әңгіме жүргізу. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіні тауып айт» (Сурет бойынша әңгімелеу)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алақанмен шапалақтап, аяқпенен топылдатамыз» Мақсаты:** Қарағай | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақбақты қарастыру» Мақсаты:** Өсімдіктердің түрлі экологиялық | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшқыштар» Мақсаты:** 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Біз аяздан қорықпаймыз»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы,толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру.Ертегіні айта білу біліктілігін дамыту.Бір-бірін алдамауға және достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі Үнтаспа арқылы әтештің таңды шақырған дауысы шығады. Балалар естіген дауысын салу керек. Ку-ка-ре-ку, Ку-ка-ре-ку, Ку-ка-ре-ку. Балалар қызығушылық танытады.<br>Балалар естіген дауысын салуға тырысады: Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку.<br>2. Негізгі кезең<br>– Балалар, бұл ненің дауысы?<br>– Бұл – әтештің дауысы.<br>– Әтеш үй құсы ма әлде дала құсы ма?<br>– Әтеш – үй құсы.<br>(«Ә» дыбысына жаттығу орындау:<br>ә-ә-ә-ә – әтеш<br>ә-ә-ә-ә – әтір<br>ә-ә-ә-ә – әк<br>әт-әт-әт – әткеншек<br>«Ә» дыбысының дауысты дыбыс екендігін, ауыздан еркін шығатындығын түсіндіріп өту). Балалар тәрбиеші соңынан қайталайды.<br>Ертегі оқылу: «Әтеш пен Тоты»<br>Ерте, ерте, ерте де | бүрлерін (ойыншық текшелерді) 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Адымын кең ашып, жылдам қарқынмен жүгіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін жетілдіру. Табанды өкшеден аяқтың ұшына дейін тигізу, тепетеңдік сақтау қабілетін нығайту (жалпақтабанның алдын алу, табандағы бұлшық еттерді нығайту). Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету, қозғалыстарды орындау ізбе-ізділігі мен тәртібін сақтау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ойын түріндегі жаттығу Топ-топ – топылдатып аяқты, Мен айтамын: «Топ-топ». Шап-шап – шапалақты Алақанмен ұрамыз.<br>2.Негізгі кезең. Бір-бірден сапта жүру, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстау, тізені жоғары көтеру, аяқтың ұшымен жүру; 3х5 метрге қайталама жүгіру. Жүгіргеннен кейін демді қалпына келтіру.<br>3.ЖДЖ №12.<br>4.Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: Еденге тасталған қырлы тақтай үстімен жүру.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт» – | факторлармен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің бөліктері (құрылысы) және атқаратын қызметі, маусымдық дамуы туралы түсінік беру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балалар бүгін бізге қонаққа күн келді амандасайықшы<br>2. Жұмбақты шешеді: Шалғында тұр аппақ, Үлбіреген ... (бақбақ).<br>3.Педагог балаларға көктемнің алғашқы гүлдері жайлы әңгімелеп береді. Көктем келгеннен кейін орманда, шалғында ғажайып өзгерістер болады: көктемнің алғашқы гүлдері пайда болады. Балаларды бақбақ туралы әңгіме құрастыруға шақырады.<br>4.Әңгімені үлгімен сүйемелдеп отырады. Бақбақтың күлтелері қандай? Ол неге ұқсайды? Бақбақтың сабағы ұзын, жіңішке, тегіс, түтікшеге ұқсас. Ол сынғыш келеді. Бақбақтың жапырақтары жасыл түсті, жұмсақ. Пішіні шыршаға ұқсайды. Жапырақтарының шеті кесілген. Бақбақ гүлінің пішіні мен түсін анықтайды. Гүлдің бөліктерін еске түсіреді: тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі.<br>5.Сергіту сәті №6.<br>6. «Гүл құрастыр» дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Балалар | мөлшерлеу, лақтыратын қолға сәйкес келетін аяқты жылжытып қою қабілетін дамыту.<br>Құрсаудан-құрсауға қос аяқтап секіру, қолды төменге және алға қимылдатып, аяқтың қозғалысымен үйлесімді әрекет ету, жерге тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Жүру мен жүгіруді бір-бірімен кезектестіріп орындау, тез қарқынмен жүгірген кезде дене корпусын дұрыс ұстау қабілетін (денені қозғалыс бағытына қарай аздап еңкейту, иықтарды бос ұстау және алға қарау) қалыптастыру. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту жалғастыру.<br>отансүйгіштікке баулу, жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ойын түріндегі жаттығу: «Ұшақ». Ұшаққа отырдым. Оң қанатына қарадым. Сол қанатына қарадым.<br>Моторы зырылдап айналып жатыр – ж-ж-ж. Аспанға көтерілдім – Қалықтап ұшып келемін.<br>2. Негізгі кезең. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірден сапта жүру; аяқтың ұшымен жүру; жүгіру мен тізені жоғары көтеріп жүру жаттығуларын кезектестіріп орындау. Екі сапқа тұру. Пластмасса гантельдерді | **Мақсаты:**Хоккей ойнауға үйрету, қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету. Соғатын қолға аттас аяқты сәл артқа қою білігін бекіту. Ептілікті, төзімділікті дамыту. Мейірімділікке, дербестікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Доптаяқтарға, шайбаларға назарларын аударады. Тәрбиеленушілерден хоккей ойнаудың пайдасы туралы әңгімелеп беру туралы ұсынады. Доптаяқпен алаңда қозғалған кезде, шайбаны алып жүрген кезде қауіпсіздік техникасына баса назар аударады.<br>2. Негізгі кезең. Бір-бірден бір тізбекке тұру, қолға арналған түрлі тапсырмалармен жүру – жоғары, жанжаққа, иыққа, алға. Екі тізбекке қайта тұру. Шайбаны тура бағытта алып жүру (6 рет). Тәрбиеленушілерге шайбаны доптаяқпен алаңның қарама- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ешкі құйрығы келтеде, аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы Әтеш болыпты. Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Жүріп-тұрса да маңғазданып, сыландай басады екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір аңмен, не құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі Тоты құс болыпты. Тоты байғұстың үстінде жөні түзу киімі де жоқ екен. Бір күні Тоты әлгі кербез Әтешке келіп:<br>– Досым, мен бүгін қонаққа бармақ едім. Жөнді киімім де жоқ. Мына түріммен қалай барамын. Мені сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіндегі әдемі киіміңді бере тұршы, – деп қиыла жалыныпты.<br>Әтеш досыңнан сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп Тоты құс жасанып тұрып киініп алады. Қай мезгілде келетінін айтады.<br>– Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр. Келмей жатсам, тағы да шақыр, дауысыңды естиін, – дейді. Сөйтіп, Тоты құс әсем киініп, тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш ол естісін деп үсті-үстіне шақырады. | жалаушаларды ұзын жолмен алып өту. Балалардың табанын тақтайдың үстіне дұрыс қою қабілетіне назар аударады.<br>2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға көздеп лақтыру. Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады.<br>5.Тәрбиеленушілер екі тізбек болып тұрады. Әр тізбектен бір баладан белгіленген лақтыру сызығына жақындайды. Себеттен бүрді алып, құрсауға лақтырады. Лақтырғаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю мен қояндар».<br>6.Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>7. Қорытынды кезең. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Оқиғаның ретін анықтау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету.Екі топтағы заттарды салыстыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. «Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге | бөлінген бөліктерден тұтас сурет құрастыруы тиіс.<br>7.Балалардан сұрайды: Кейін бақбақтың неге айналатыны кімнің есінде қалды?<br>8.Оқу іс-әрекетін қорытындылау.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Шана»**<br>**Мақсаты:** Қысқы табиғат әсемдігін сезініп,шананы мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту,түстерді сәйкес дұрыс таңдау іскерлік дағдыларын жетілдіру.Қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп,әңгімелей білу дағдысын арттыру,достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері №18.<br>Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар ?<br>Олар: (Қыс,көктем,жаз,күз)<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Кім шешуін табады?<br>Аяз қысып,өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,бет домбығып<br>Балдырғандар ойнайды.<br>Кейде ұлып,кейде ысқырып<br>Ұйтқып боран соғады<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қазір жылдың қыс мезгілі.<br>-Қыс мезгілінде көптеген өзгерістер болады,күн суытып аяз,боран болады, | пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды. Дұрыс тыныс алуға және демді дұрыс шығаруға назар аударады.<br>3.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Шеңберден-шеңберге секіру. Қимылдарды ізбе-із орындау тәртібінің сақталуына назар аударады: бірінші шеңберге барып, екінші шеңбердің орта тұсына секіру, шеңберден секіріп шығу. Тәрбиеленушілер жартылай бүгілген аяқтарының ұшымен түседі, орындағаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға көздеп лақтыру. Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады.<br>4.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Белгіге құлақ сал»: ұшқыштардың зейінін тексеру.<br>5.Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>6. Қорытынды кезең. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын» (өлеңді жаттау) Жақан Смақов**<br>**Мақсаты:** Өлеңді мәнерлеп оқу, мағынасын түсіндіру арқылы ойлау, қиялдау | қарсы жағына алып жүруді ұсынады. Нұсқау – доптаяқты имегінің төменгі қыры алаңның бетіне толықтай тиіп тұратындай етіп алып жүру керек. Доптаяқты екі қолмен дұрыс ұстау – бір қолымен таяқтың ұшынан жоғарыдан қармап ұстау, ал екінші қолымен (мықты) сәл төменірек – астынан қармап ұстау (сонымен шайбаны бағыттайды) білігіне назар аударады.<br>3. Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (6 рет) Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына педагог текшелерді қояды. Балалар 2 метр қашықтықтан оған қарды тигізуге тырысады. Бастапқы қалыптың дұрыс болуына назар аударады, оң қолмен лақтырғанда – сол аяқ алға қарай қойылады, сол қолмен лақтырғанда – оң аяқ алға қарай қойылады.<br>4.Қимылды ойын: «Аязата» (4 рет). Тәрбиеленушілер Аязатаның орманда тұратынын және қыста балаларға сыйлықтар алып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ешқандай хабар болмайды.<br>Содан күні бүгінге дейін Әтеш Тоты құс пен әдемі киімін іздеп, таң атысымен, күн батқанға дейін айғайлап шақыра береді екен.<br>– Балалар, ертегіден нені түсіндік?<br>– Тоты дегеніміз не?<br>– Тоты қандай құс?<br>Әтеш қандай екен?<br>Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>– Балалар, құстар жүзе ме? Әлде ұша ма?<br>– Құстар ұшады.<br>Балалар қимылмен қолдарын жайып құстарша қанат қағады.<br>– Ал ендеше, біз құстарды көз алдымызға елестетіп, сергіту жаттығуын орындайық.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Қанатымды жазамын,<br>Жоғары-төмен қағамын.<br>Биік көкте айналып,<br>Жұлдыздай жылдам ағамын.<br>(Балалар сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>– Балалар, құстар өзі немен қоректенеді?<br>– Құстар жеммен, құрт-құмысқалармен, нан қиқымдарымен қоректенеді.<br>– Ал қандай құстардың түрлерін білесіңдер?<br>– Қарлығаш, қарға, торғай, тырна, аққу т.б. | және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.Шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау.Шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру.Оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сандар қатарымен жұмыс істейміз. Педагог балалардан 1-ден 5-ке дейінгі сандарды рет-ретімен қатарға қойып шығуды сұрайды.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Балаларға кірпілер мен саңырауқұлақтарды санап, оларды теңестіруді тапсырады.<br>Балалар қанша кірпі болса, сонша саңырауқұлақтың суретін салуы тиіс.<br>Балалардан сұрайды:<br>–Неше саңырауқұлақ салуларың керек?<br>–Неге?<br>–Кірпілер мен саңырауқұлақтардың саны туралы не айтуға болады?<br>2-тапсырма.<br>Педагог балалардан 1–5 сандары туралы өлеңдерді еске түсіріп, қайталауды өтінеді<br>(бұрынғы ҰОҚ қарау).<br>– Балалар, дөңгелектерінің саны мен қызыл қоңыздың үстіндегі нүктелері сәйкес келетін карточкаларды цифрмен | құстар жылы жаққа ұшып кетеді.<br>Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнағанды жақсы көресіңдер .<br>Қыста шанамен сырғанаймыз,аққала жасаймыз,қармен ойнаймыз.<br>Ендеше тақтадағы суреттерге қарайықшы.Тақтадағы қандай ойындар көріп отырсыңдар балалар шанамен ойнап жатыр ,аққала жасапты.<br>Аққаланы жасау үшін қарды дөңгелек үлкен,орташа және кішкентай дөңгелектер жасап бір-бірінің үстіне қойып жасайды екен.<br>Балалар бізге қонаққа аққала келіпті.<br>Аққаламен амандасайық.<br>-Сәлеметсіңдерме балалар?<br>-Менің кіммін білесіңдерме?<br>Өте жақсы балалар.<br>Балалар менің мұрным неден жасалатынын білесіңдерме?<br>Ал, сәбіз неге жатады?<br>Сәбіз көкөністерге жатады Балалар білесіңдерме?<br>Мен көкөністер мен жемістерді жақсы көремін.<br>Ал күн жылып қар еріп көктем шыға бастағанда мен әлсізденемін сондықтан күш жинау үшін дәрумендер жеу керекпін .Сол үшін мен дәрумендер еліне кетіп бара жатырмын.<br>Балалар бірақ менің шанам | қабілеттерін дамыту.<br>Өлеңді қайталау арқылы жаттату.Ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін ояту.<br>Отанымыздың адал азаматы болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер. №5.<br>2.Балалараға жұмбақ жасыру:<br>Аспанда бір алып құс<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң, ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>3.Зымыран (ракета) не үшін қажет?<br>-Ғарышқа кімдер ұшады?<br>4.Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз.<br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын.<br>Мен ғарышкер боламын.<br>5.Сөздік жұмыс:<br>Ғарышкер – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>6.Билингвальді компонент:<br>Ғарыш – космос;<br>Ғарышкер – космонавт;<br>Зымыран – ракета.<br>7.Сергіту сәті. №9.<br>8.«Ұшақ» ойыны<br>-Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>Музыка әуені ойнайды.<br>Балалар ұшады, музыка аяқталағанда қонады<br>Қорытынды кезең.<br>Ғарышкерлер туралы | келетінін естеріне түсіреді. Педагог жуан дауысымен былай дейді: – Мен – Аязатамын. Орман ішінде жүрмін. Кәне, аңдар, шығыңдар! Қояндар, қайдасыңдар?<br>(Балалар қояндар сияқты педагогке қарай секіріп барады).<br>– Әп-бәлем! Мен сендерді қатырып тастаймын! Қатырып тастаймын! Педагог балаларды ұстап алмақшы болады. Барлығы жан-жаққа қашады. Ойын қайталанады. Аязата әр кезде орманнан жаңа аңдарды (қонжықтарды, түлкілерді), орман құстарын шақырады. Тәрбиеленушілер олардың қимылдарын келтіреді, сосын Аязатадан белгіленген сызықтан асып қашады.<br>5. Аланда ирелеңдеп жүру.<br>6. Қорытынды кезең.ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Заттар әлемі» (ойыншықтар, ыдыстар)**<br>**Мақсаты**: Қоршаған заттар, олардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – Сол құстардың ішінде қайсысы адамға дос?<br>– Қарлығаш – адамға дос.<br>– Құстардың адамға тигізер пайдасы мол. Олар зиянкес құрттармен қоректенеді. Сөйтіп табиғатқа көмек береді. Егер зиянкес құрттар көбейіп кетсе, не болады?<br>Дәптермен жұмыс: «Қай сурет артық?» тапсырмаларын орындау.<br>Ойын: «Ұшты-ұшты не ұшты?»<br>Мақсаты: Баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.<br>Ойналу шарты: Ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек.<br>Мысалы: Ұшты, ұшты – қарға ұшты!<br>Ұшты, ұшты – қалам ұшты!<br>Ұшты, ұшты – кітап ұшты!<br>Ұшты, ұшты – сауысқан ұшты!<br>Ұшты, ұшты – торғай ұшты!<br>Балалар ойын шартын мұқият тыңдап алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді.<br>3.Қорытынды кезең.<br>Ертегіні әңгімелеген уақытта өз ойын толық жеткізіп,толық сөйлем құрауға кеңес беру.<br>**Сурет салу** | қосындар.<br>Сергіту сәті.<br>Педагогтің қалауы бойынша.<br>3-тапсырма.<br>Педагог алдымен балаларға плакатты көрсетеді. Мұқият қарап, қайсысының «бірінші», қайсысының «кейін» пайда болғанын айтып беру керек.<br>Егер балалар қиналып жатса, педагог оларға көмектеседі.<br>Содан соң педагог дәптердегі жанып тұрған шырағдандарды мұқият қарап шығып, олардың қайсысы бірінші, қайсысы екінші, қайсысы үшінші, төртінші жағылғанын тауып сызып қосуларын тапсырады.<br>Демонстрациялық материал. №11 кесте бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.<br>Геометриялық пішіндермен жұмыс.<br>Педагог балаларға геометриялық пішіндерді көрсетіп, атын атауды сұрайды. Пішіндерді тақтаға қойып, олардың жазық пішін екенін түсіндіреді.<br>Педагог бұған көз жеткізу үшін пішіндерді балалардың қолдарына береді. Содан соң педагог балаларға көлемді пішіндер – шар, цилиндр, текшені көрсетеді.<br>Олардың атауымен таныстырып, | сынып қалыпты.Сендер маған шананы ермексаздан жасапココбересіңдер ме?<br>-Енді бәріміз, сәнді шананы мүсіндеп көрейік.<br>Балалар біздер мүсіндеу жұмысын бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін есімізге түсірейік.<br>Ермексазбен жұмыс жасаған кезде ермексазды ауызға салуга болмайды.<br>Шананың жасалу жолдарын түсіндіру.<br>-Алдымен шананың екі жолағын жасап аламыз,бұл шананың сырғанайтын табаны болады.<br>Енді орнымыздан тұрайық сергіту сәтін жасайық.<br>Сергіту сәтін қимылмен жасайды.<br>Қыстың күні көңілді<br>Көп қызықты көреміз.<br>Шығып алып далаға<br>Сырғанақта тебеміз.<br>Қорықпаймыз аяздан<br>Шымшыса да бетімді<br>Аппақ қарды кешеміз<br>Киіп алып етікті<br>Шанамызға мінеміз<br>Мәз- мейрам болып күлеміз<br>Жарысамыз бәріміз.<br>Балалар орыс тілінде Қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик деп атайды екен, кәне бәріміз қайталайық.<br>- Енді балалар ойын ойнайық<br>Д.о: «Ойлан тап»<br>Шарты: Суреттердің ішінен қыс мезгіліне байланысты суреттерді тауып көрсету.<br>Аққаланың балалармен қоштасуы. | бейнефильм тамашалау арқылы оқу қызметін аяқтау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды «лего»конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету,көлемі,түсі,пішіні әртүрлі құрылыс материалдарын пайдалана отырып танымдық белсенділігін,қолдың,саусақ тың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер. №4.<br>2.Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.<br>- Көлік дегеніміз не?<br>- Ол адамға неге қажет?<br>- Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?<br>3. *Жұмбақтар:*<br>а. Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер. (поезд)<br>ә. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте (ұшақ)<br>б. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (қайық)<br>в. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. (машина)<br>4.Балалар, мына суреттерге қараңдаршы. Көліктердің қандай түрлері болады?<br>Әңгіме: «Көліктер».<br>Адамдар көліктерді алыс | қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізу, қарапайым себеп салдарлық байланыстарды орнату.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Жұмбақ жасыру.<br>1. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? (Ыдыс-аяқ)<br>2. Аяғы бар жүрмейді Ауызы бар күлмейді, Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)<br>2. Суға салсаң батпайды, Ыршып жерге жатпайды. (Доп)<br>– Балалар, қуыршақ, доп, мәшине, сылдырмақты бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық).<br>2. Негізгі бөлім<br>Қонаққа Алматы қаласының белгісі – кейіпкер Барыс келеді. Үстел үстінде тұрған бірнеше ойыншықтарды көріп таңырқайды.<br>Балалар, мына үстел үстіндегі жатқан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы: «Қаршақыздың сүйікті достары: мысық,күшік» (Акварель бояу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың достық туралы түсініктерін кеңейту,жануарлардың суретін салуға үйрету.Қағаз бетінде жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, ой қиялын дамыту.Жануарларға қамқорлық сезімдерге және қайырымдылық пен достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларға қонаққа Қаршақыз келеді. Ол өте көңілсіз еді, себебі өзіне серік болатын достарынан адасып қалған екен. Балалар, Қаршақыздың достары кім екенін білесіңдер ме? Қаршақызға қалай көмектессек екен, мүмкін достарын табуға көмектесерміз?!<br>Балалар, алдымыздағы үлгі суретке назар салайықшы, онда Ақшақардың достары бейнеленген.<br>2. Енді осы Қаршақыздың достарын күшік пен мысықтың суретін салайық.<br>3.Демонстрациялық материалда берілген үлгі суретке қарап талдау жасай отырып, суретті салу реті түсіндіріледі.<br>4.Билингвальді компонент: Қаршақыз – | оларды геометриялық жазық пішіндермен салыстырады. Олардың көлемді дене екеніне көздерін жеткізеді. Бұлардың геометриялық денелер деп аталатынын айтады. Балалардан шар, цилиндр, текшенің қандай заттарға ұқсайтынын сұрайды.<br>4-тапсырма.<br>Педагог балаларға тапсырма береді: Шеңберді, текшені, цилиндрді тауып, оларды бояңдар.<br>3.Қорытынды.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>ҰОҚ қорытындылайды:<br>– Сендер бүгін қандай геометриялық денелермен таныстыңдар?<br>Педагог балаларды мақтайды. | -Рахмет сендерге балалар, тамаша шана жасап бердіңдер.<br>Қорытынды кезең.Балалардың ұқыпты жұмыс жасауларын қадағалау.<br>Балалардың жауаптарын толықтыру,балаларды мадақтау,жұмыстарын бағалау,оқу іс-әрекетін тәмандау. | жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар:<br>1. Әуеде ұшатын көліктер:<br>2. Суда жүзетін көліктер:<br>3. Жерде жүретін көліктер:<br>4. Темір жол көліктер:<br>Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық.<br>5.Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап апқан.<br>- Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты.<br>- Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме?<br>- Ал қайықпен ше?<br>- Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте ойластырып тапқан.<br>-Ал енді, балалар, сергіту сәтін жасап бір сергіп алайық.<br>6. *Сергіту сәті. №3.*<br>Дидактикалық ойын:<br>*«Бағдаршам» ойыны*<br>Көшедегі қимыл-қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? | заттар не? Ойыншықтарды жеуге бола ма? (Жоқ жеуге болмайды).<br>Ал мына қарбызды қараңдар, қызық, өзі жеп-жеңіл екен (допты көрсетеді). (Ол қарбыз емес, ол доп, бірақ қарбызға ұқсастығы бар. Өйткені ол домалақ. Бірақ қарбызды жерге ұрсаң, жарылып кетеді, ал допты жерге ұрсаң ыршиды).<br>Доппен қалай ойнауға болады? Ол неге секіреді?<br>Балалар доппен ойнап көрсетеді.<br>Доптың секіретін себебі, оның ішінде ауа бар, ал жеңіл болатын себебі, оны резеңкеден жасаған.<br>Барыс қолына енді қуыршақты алады. Мына қыз менің қуыршақ Гауһар деген досыма ұқсайды екен (Ол қуыршақ, оның аты Әйгерім..Қуыршақтың қыздан айырмашылығы сол ол сөйлемейді, өзі жүріп, тұра алмайды, киімін өзі кие алмайды).<br>Қуыршақ сонда ауырып қалған ба? (Жоқ, ол ауырып қалған жоқ. Ол |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Снегурочка, мысық – кошка , қоян – заяц. ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>5.Сергіту сәті. №7.<br>6.Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Егер суретімізді аяқтасақ, онда Қаршақызға достарын көрсетіп, бір қуантып алайық. Қаршақыз достарының суретін көріп, қатты қуанып, балаларға алғысын айтады<br>7. Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды.Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»**<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға, қамқор болуға тәрбиелеу. Әуенді соңына дейін тыңдауға,таныс әуендерді ажырата білуге,әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жат.: «Саламат па?»<br>Ән тыңдау: «Құстар келді»<br>Дау.жат.: «Құстар» | | | Слайд арқылы көрсетіледі.<br>-Балалар, жедел жәрдем көлігі кімдерге қызмет етеді.<br>-Жол полициясы қандай қызмет атқарады?<br>-Өрт сөндіретін машина қандай қызмет көрсетеді?<br>-Автобус, пойыз, ұшақ не үшін керек?<br>-Дұрыс айтасыңдар, машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады?<br>-Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз?<br>-Ұшақты кім басқарады?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>7. Балаларды «лего»конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету.<br>8.Қорытынды:<br>-Көліктің қандай түрлері болады?<br>-Адамға көлік не үшін қажет?<br>-Жолда жүру тәртібі не үшін қажет?<br>-Не құрастырдыңдар, балалар?<br>Жарайсыңдар, балалар! Осымен бүгінгі іс-әрекетіміз аяқталды. Балаларды мақтау-мадақтау. | ойыншық қой. Сол себепті сөйлей алмайды).<br>Сонда оны кім шомылдырып киіндіреді?<br>(Қуыршақты қыздар ойнаған кезде шомылдырады және киімдерін де жуып, үтіктеп киіндіреді).<br>Бәсе, киімдері тап-таза, өзі де мұнтаздай. Бірақ түкке түсінбей тұрғаным, сонда қуыршақты сендер өздерің жасап қойдыңдар ма? Неден жасадыңдар? (Біз жасаған жоқпыз, қуыршақты барлық ойыншықтарды жасағандай арнайы зауыт, фабрикаларда үлкен ағалар мен тәтелер пластмассадан жасайды).<br>Барыс өзіне ұқсайтын жұмсақ ойыншықты көреді.<br>Балалар, мынау маған ұқсайды екен. Бірақ денесі, мұрны барлығы да жұп-жұмсақ. Міне, ұстап көріңдерші.<br>(Балалар жұмсақ ойыншықты ұстап көреді, зерттеу жүргізеді, аяқ-қолын, денесін, мұрнын барлығын ұстап матадан жасалғандығын, ал ішіне мақта салғандығын, сол |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ән айту: «Қарлығаш»<br>Муз.ырғ.қим.: «<br>Релаксация: «Табиғат әуені» | | | | себепті жұмсақ болатындығын айтады).<br>Енді түсіндім, допты резеңкеден, қуыршақты пластмассадан, ал ойыншық барысты мата<br>мен мақтадан жасайды екен. Дұрыс айттым ба?<br>Педагог:<br>Кішкене қателестің. |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№21** | **№7** | **№12** | **№21** | **№17** |
| Серуеннен оралу<br>Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып орындалатын жаттығулар. ( 2-3 минут)<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу.<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | Майтабанның алдын алу:<br>Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру.<br>Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу<br>.<br>Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға тербелу ақырын сосын жылдам. | Демалу жаттығулары:<br>Мяууу мяууу мяуууу<br>Фррр фрррр фрррр | Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз, сарымсақты сумен ауыз қуысын шаю. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **Луллия сақиналары «Өлі және тірі табиғат»**<br>**Мақсаты:**Балаларды өлі және тірі табиғат түрлерімен таныстыру, ойын арқылы балалардың логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.Сөздік қорын байыту, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. | **№5 Сюжетті-рөлдік ойын: «Шаштараз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»**<br>**Theme: «Vehicles»**<br>**Aim:** Көліктің 2-3 түрін суреттей білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Көлік түрлерін дидактикалық ойын арқылы бекіту, есте сақтау қабілеттін дамыту.<br>A car, a train, a plane, a ship,<br>a bike, a bus, a car, a tram лексикалық бірліктерін енгізу арқылы, жаңа It’s…a.. дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>ҰОҚ барысы:<br>I. Greeting: Амандасу.<br>- Good day, Good day,<br>- Good day, too you<br>- Good day to sun<br>- Good day for you!<br>- How are you children?<br>- I am good!<br>II. Шаттық шеңбері «Make a Circle» өлеңін айту 1) Ask a questions? It’s…a.. сұрағы арқылы көлік түрлерін қайталау<br>III. Жаңа сөздер қайталау<br>A car, a train, a plane, a ship, a bike, a bus, a car, a tram<br>Дидактикалық ойын:<br>I go to by train<br>Ойын шарты: Балалардың ағылшын тілінде көлік түрлерін есте сақтауы. Әртүрлі көлік түрлерімен саяхатқа шығуға болатынын айту.<br>IV. Бағалау,мадақтау<br>V. Қортынды:<br>«Good bye» өлеңін айту | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Қояндар» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу.<br>Ертегі бойнша сюжетті сурет.<br>Барысы:<br>1. Шаттық шеңбер. №3.<br>2. Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру.<br>3. Сергіту сәті. № 8.<br>4. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу.<br>5. Қорытындылау. Ертегі бойнша балаларды рөльдерге бөліп ойнату. | **Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»**<br>**Мақсаты:** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету.<br>. |
| Жеке жұмыс | | Ерсегіз Дарханға «таным» саласы | Өмірзақ Алдиярды «денсаулық» саласы | Бақтығали Ибрахимге «әлеумет» саласы бойынша | Ергинов Даниярды «қатынас» саласы бойынша | Дархан Сезімді «шығармашылық» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,геометриялық пішіндерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. | бойынша түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. | бағдаршамның белгілері,көшеде өзін дұрыс ұстауды және табиғаттағы ауа-райының маусымдық өзгерістерін ажыратып атай білуді үйретуді жалғастыру. | сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру. | саласы бойынша өкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№5** | **№10** | **№12** | **№22** | **№23** |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Медбике кеңесі: «Жұқпалы аурулардан сақтану жолдары» | Осы аптада өтетін ертегілер апталығына балалардың дайындығын пысықтау. | Ата-аналарға баланы балабақшадан себепсіз қалдырмауына өтініш білдіру. | Медбике кеңесі: «Санитарлық шараларды қатаң сақтау» Дәрумендерді жиі қолдану туралы кеңес. | Ата-аналарға демалыс күндері балалармен бірге спорттық жаттығулар жасауына өтініш білдіру. |

**Циклограмма**
**Үшінші апта (17.02-21.02. 2020 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту.Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

**Міндеттері:**

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;
2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Суреттер қарастыру арқылы қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | №4 Д\ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты:Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. | №3 Д\ойын: «Жақсы - жаман» Мақсаты:Балалардың логикалық қабілетін дамыту. | №4 Д/О: «Киімдер» Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажыратуға үйрету.Ойлау,қиялын дамыту.Киімдерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | «Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары» Балалармен әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №12** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тамақ ішіп алайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | №8 «Мекенін тап»<br>Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың мекен ететін ортасы туралы түсінік беру. | №5 Д\ойын: «Төртіншісі артық»<br>Мақсаты:Балалардың логикалық қабілетін дамыту. | Әңгіме: «Сылдыр-сылдыр мөлдір су»<br>Мақсаты: Қыстағы табиғат көрінісі мен судың ерекшелігі туралы түсінік беру. | №4 Д\ойын: «Көлеңкесін тап<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. | №10Д\ойын: «Табиғат құбылыстарын ата<br>Мақсаты: Табиғатты сүюге,оны құрметтеуге тәрбиелеу. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары»**<br>**(Сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары мен олардың төлдерін білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту. Сөйлеу барысында жануарлар мен олардың төлдерінің атауын білдіретін зат есімдердің жеке және көпше түрлерін (үйрек-үйректің балапаны, түйе-түйелер-бота-боталар) қолдана білу іскерлігін дамыту және оларды топтарға қарай жіктелуін ұғындыруды жалғастыру.Жануарларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Шеңбер: «Жылы сөздер»<br>Шарты: Балалар шеңбер бойымен тұрып өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады. Балалар шеңберге тұрады. Жылы сөздер айтады:<br>Мені анам «ботақан», – дейді,<br>Мені анам «қошақан», – дейді, | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Отбасындағы ағаларым сияқты жаттығамын»**<br>**Мақсаты:**Еденде отырған күйі доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып алысқа лақтыру, бүгілген қолды жазу арқылы допты лақтыру күшін арттыру қабілетін қалыптастыруды жалғастырамыз. Құрсаудан-құрсауға кезекпен қос аяқтап секіру, бір уақытта екі аяқпен күшпен итерілу, денені алға еңкейтпей, тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту. Күш пен жылдамдықты арттыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Әлеуметтік қабілеті жоғары тұлға ретінде тәрбиелеу, отбасын сыйлауға баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалардың назарын гантельдерге аударады.<br>Жаттығып, әкелері сияқты күшті болуға шақырады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер». Тәрбиеленушілер еркін тәртіппен | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мұздың қасиеті»**<br>**Мақсаты:**Балалардың мұздың қасиеті: жылы болса еритіні, суықта мұзға айналатыны туралы түсініктерін кеңейтуге жағдай жасау.Балалардың қорытынды шығара білулерін қолдау. Ұқыптылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды<br>Қайырлы күн!<br>Біз нәзік қыздармыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз!<br>Сәлеметсіздерме қонақтар<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен<br>Бүгінгі күнді бастайық.<br>-Балалар қазір бізде жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшелігін кім айтады? Дұрыс | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бізге қонаққа маймыл келді!»**<br>**Мақсаты:**Кермені дұрыс ұстауға үйрету (4 саусақ үстінен, үлкен саусақ астынан), аяғын кезекпен басып гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетін нығайту. Балаларды доп көтерген қолдарын басынан асырып лақтыру, бүгілген қолдарды жазып, жоғары қарай көтергеннен кейін екпінмен лақтырылған доптың ұшу траекториясының дұрыс болуын қамтамасыз ету. Ойын түріндегі жаттығулардың көмегімен балалардың қимылқозғалыс тәжірибесін байытуды, кеңістікте бағдарлау қабілетін, ырғақпен әрі айқын қимылдау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Балалардың бойында жануарлардың табиғаттағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыру; жануарлардың тіршілігі | **Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай шаңғышылар»**<br>**Мақсаты:** төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілуге үйрету. Шаңғы жолымен бірінің артынан бірі сырғымалы қадаммен жүру білігін бекіту. Шаңғы жолымен бір-бірінің артынан сырғанай адымдап қозғалу біліктерін бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог шаңғыға назарларын аударады. Гигиеналық талаптарға көңіл бөледі. (Шаңғымен жүргенде мұрынмен тыныс алу, одан кейін суық су ішпеу).<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>1. Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру,<br>шеңберге қайта тұру.<br>2. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау:<br>Бір орында шаңғының табанын қарға басып тұрып, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мені анам «құлыным», – дейді,<br>Мені анам «балапаным», – дейді.<br>2. Негізгі кезең<br>Дидактикалық ойын:«Үй жануарларының төлдерін тап!».<br>Ойын жұмыс дәптеріндегі<br>тапсырма арқылы орындалады. Суреттегі үй жануарларының бір-бірімен сәйкестендір.<br>Сұрақ-жауап (жекеше-көпше түрді үйрету)<br>Аз-көпті ажыратататын суреттер арқылы ( жанулар суреті)<br>– Бір түйе, ал егерде олар көп болса не деп атаймыз?<br>Балалар: Түйелер.<br>– Бір жылқы, ал олар егер де көп болса?<br>– Жылқылар.<br>– Бір сиыр, ал көп сиыр болса ше?<br>– Сиырлар.<br>– Бір қой, ал көп болса ше?<br>– Қойлар.<br>– Бір ешкі, ал олар көп болса?<br>– Ешкілер.<br>– Балалар, жануарлар нені жеуші еді?<br>– Шөп жейді, су ішеді.<br>– Түйенің төлі – бота, көп болса боталар.<br>– Жылқылар, оның төлі – құлын. Ал олар көп болса, құлындар.<br>Сиырлар, сиырдың төлі-бұзау, олар көп болса – бұзаулар.<br>Көп қой болса – қойлар, ал төлі – қозы, оларда көп болса – қозылар болады. | гантельдердің жанына тұрады. Айнала жүреді, «Тез ал – тез көтер» деген белгі бойынша<br>өз гантельдеріне жақындап, оларды жоғары көтереді. Сосын айнала жүгіреді.<br>Пластмасса гантельдерді пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды.<br>Дұрыс тыныс алуға және демді дұрыс шығаруға назар аударады.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:<br>Шеңберден-шеңберге секіру (5 шеңберден құралған жол).<br>Секіргенде ізбе-ізділікті сақтап,<br>жерге аяқты жартылай бүгіп түсу қажеттігін ескертеді.<br>Отырған күйі допты бастан асыра ұстап, қос қолмен лақтыру.<br>Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, сонда ол<br>алысқа ұшады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құстар мен мысық».<br>Ойын ережелерін түсіндіру.<br>Нұсқау: ойын кезінде айқайлауға, бір-бірін итеруге болмайды.<br>Санамақтың көмегімен мысықты таңдап алады.<br>Педагог ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Дене шынықтыру | айтасыңдар, қыс мезгілінің ерекшелігін дұрыс таптыңдар.<br>-Балалар, ал сендер білесіңдер ме, мұз неден пайда болады?<br>Қане,ендеше біз мұз туралы бейнеролик тамашалайық.<br>Балалар мұз демек судан пайда болады. -Мұздың түсі қандай? (Түссіз) -Мұз қай жерлерде кездеседі? (өзендерде, көлдерде).<br>Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан)<br>Күтпеген сәт: Осы кезде есік қағылып Қар ханшайымы келеді. Қар ханшайымы:-Сәлеметсіңдер ме,балалар! Балалар мен сендерге сонау Мұз патшалығынан келдім. Мұз патшалығында тек мұздан ғана жасалған үйлерде тұрамыз. Мен сендерге жай келмей өз елімнен мұз бөліктерін ала келдім Балалар менің елімде тек қыс мезгілі ғана болады.Мен сендерге қыс мезгілінің белгілері жайлы жұмбақ жасырамын,шешуін тауып көріңдерші.<br>1.Қолы жоқ сурет салады Тісі жоқ тістеп алады? (аяз) 2.Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады? (қар)<br>3.Өзі судан жаралған, бірақ судан қорқады. | туралы мәлімет беру; қайырымдылыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаны позитивті тұрғыдан қабылдау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойындық сәт: алыстағы Африка елінен қонаққа келген маймылмен танысу.<br>Балаларды маймылға осы күнге дейін үйренгендерін көрсетіп, білгендерін оған үйретуге шақырады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз».<br>Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру.<br>«Билеп үйретеміз»<br>Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу.<br>Негізгі қимылдарды жасау:<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді).<br>Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді | шаңғының ұшын жоғары және<br>төмен қозғалту.<br>Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып, шаңғыны оңға, солға қозғау.<br>Осыдан кейін балалар қардың үстінде жан-жақта жатқан гимнастикалық таяқшалардан кезек-кезек аттап өтеді.<br>Педагог балалардың назарын олар әр таяқшаны аттаған сайын<br>шаңғыны тура, бір-біріне параллель қоюына аударады.<br>Сосын балалар осы жаттығуларды<br>таяқшасыз оңға және солға қарай орындайды.<br>Төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілу (жатық еңістің ылдиының ұзындығы<br>– 3 метр). Шағын топтар бойынша шаңғымен түсу (3 рет).<br>Тәрбиеленушілерді еңістен түсуге үйрету кезінде педагог дұрыс бастапқы қалыпты көрсетеді және өзі түседі.<br>Балалардың белгілі бір интервалдан кейін кезек-кезек түскені<br>дұрыс.<br>Нұсқау: түскен кезде аяқты тізеден сәл бүгу керек («аяқ серіппелі сияқты»).<br>Шағын топтар бойынша шаңғымен жүру.<br>Шаңғы жолымен жылжу – 20 метр.<br>Педагог адымдардың ырғақтылығына, шаңғымен жүрген кездегі қол мен аяқтың<br>айқаспалы жұмысына назар аударады (сол қол-оң аяқ, оң |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сергіту сәті №10.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады.<br>Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы: «Шулы және музыкалық дыбыстар»**<br>**Мақсаты:**Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді тыңдауға үйрету.Таныс әуендерге салып музыкалық аспаптарда ойнау. Шулы және музыкалық дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жат.: «Үш тілде»<br>Жаттығу: полька ырғағы<br>Дау.жат: «Жәй және жылдам»<br>«Шулы дыбыстар»<br>Өн айту: «Тоқылдақ»<br>Муз.дид.ойын: «Шулы және муз.дыбыстар» | –Себетте қандай сан жазылған? Педагог себетті төрт заты бар аңмен сызық арқылы қосуды сұрайды (тиінмен).<br>Нақтылайды:<br>–Неліктен тиінмен қостыңдар?<br>2-тапсырма.<br>Педагог сол жақтағы цифр қандай санды көрсетіп тұрса, жолақтың ішіне сонша заттың суретін салуды тапсырады.<br>Педагог орындалған тапсырманы тексереді және мынадай сұрақ қояды:<br>– 5, 4, 3 цифрларының қасына неше заттың суретін салдыңдар?<br>Себебін түсіндіріп беріңдер.<br>Сергіту сәті.<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым» деп ат қоям.<br>3-тапсырма.<br>Педагог оң қолына қоянның, сол қолына тиіннің ойыншығын ұстап тұрады. Балалардан тиін мен қоянды қай қолына ұстап тұрғанын сұрайды.<br>Содан соң теріс қарап, балаларға арқасын беріп тұрады және ойыншықтардың қай қолда тұрғанын табуды сұрайды.<br>Осыдан қорытынды жасайды:<br>–Егер адам сендерге қарап тұрса, оның «оңы» сендердің «сол жағың» болып табылады.<br>Педагог балаларға | | Сұрақ қою арқылы қорытынды жасау.<br>1. Қандай аңдарды білесіңдер?<br>2. Қоян қандай аң?<br>3. Аңдар қайда мекендейді?<br>4. Түлкі қандай аң?<br>5.Қоянның түсі қыста қандай болады?<br>6.Қыс бойы аю қайда болады?<br>7.Қасқырды аңшылар тағы не деп атайды?<br>Бағалау.<br>Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз<br>Әлемдегі бар адамға<br>Тек жақсылық ойлаймыз. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тапсырманы дәптерге орындау керектігін айтады.<br>Содан соң сұрайды:<br>–Бала бетімен қарап тұр ма, әлде арқасын беріп тұр ма?<br>–Оның «оң жағы» қайсы, «сол жағы» қайсы?<br>–Жалауша оның қай қолында?<br>–Шар баланың қай қолында?<br>Педагог баланың оң қолындағы затты көк қарындашпен бояуды тапсырады. | | | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№ 25**<br>**Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Мақсаты*:*** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>*Қимылды ойын:* «Бірінші болу»<br>Мақсаты: Бір бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина)<br>Мақсаты:Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. | **№ 19**<br>**Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудартү. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу<br>*Қимылды ойын:* «Кім күшті?» *(*қазақтың ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. | **№ 23**<br>**Мұзды бақылау**<br>**Мақсаты:**Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>*Қимылды ойын:* «Мұзды аулаға кіргіз»<br>Мақсаты:Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. | **№5**<br>**Күннің көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қысқы мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр»<br>Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>Еңбек: Құстарды тамақтандыру.<br>Мақсаты:Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. | **№ 30**<br>**Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару. Балаларға баған түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру. Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі. Өз зерттеулері бойынша тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын арттыру.<br>*Қимылды ойын:* «Кім шапшаң?»<br>Мақсаты: Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру. Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Табиғат бұрышына жуа отырғызу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.<br>*Еңбек:* Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты:Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). | Еңбек:Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру.<br>Мақсаты:Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | | *Мақсаты:*Балаларға табиғат бұрышына, жәшікке жуа отырғызып үйрету,жуаның құрамында ағзаға пайдалы дәрумендердің барын айту. Өсімдіктерді табиғи-іс-әрекет қатынасы ретінде қарауға тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсек үсті жаттығулары: Шаңғы жаттығуы: Екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып жинау. (3-4 рет) | Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. | Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. | Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. | Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | ***Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»***<br>***Мақсаты:*** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. | **Луллия сақиналары «Өлі және тірі табиғат»**<br>**Мақсаты:**Балаларды өлі және тірі табиғат түрлерімен таныстыру, ойын арқылы балалардың логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.Сөздік қорын байыту, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. | **В/к : «Ғажайып ел»**<br>**Theme:** «All professions are good»<br>**Aim:** Мамандықтармен таныстыру. Ағылшын тілінде мамандық атауларын атай білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Greeting: Амандасу. | **В/к :«Таза болса табиғат аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары»**<br>**Мақсаты:** Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру. Халық | **Луллия сақиналары «Өлі және тірі табиғат»**<br>**Мақсаты:**Балаларды өлі және тірі табиғат түрлерімен таныстыру, ойын арқылы балалардың логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.Сөздік қорын байыту, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Good day, Good day,<br>- Good day, too you<br>- Good day to sun<br>- Good day for you!<br>- How are you children?<br>- I am good!<br>II. Шаттық шеңбері «Make a Circle» өлеңін айту | болжамдарын өз тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>1.Шаттық шеңбері. №6.<br>2. Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру.<br>3.Халық болжамдары, суреттер.<br>4.Сергіту сәті. №9.<br>5.Халық болжамдарын өз тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>6.Қорытынды. | |
| Жеке жұмыс | | Қатынас саласы бойынша Елубайқызы Раянаның таныс ертегілерді мазмұндап айтып беру,сахналау,ойдан әңгіме құрастыру арқылы сөздік қорын молайту. | Еркебұланқызы Ариянаға шығармашылық саласы бойынша түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. | Жаналин Алиге таным саласы бойынша теңдік және теңсіздік ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру,табиғатта өзін ұстау ережелерін одан әрі түсіндіру. | Жанай Нұрасылды қатынас саласы бойынша әртүрлі қарқында дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстай білуге,сахнаны,алаңды бағдарлай білуге жаттықтыру. | Жаналин Алидің әлеумет саласы бойынша кейбір табиғат құбылыстарын,табиғаттағы және ауа-райындағы маусымдық өзгерістерді ажырату арқылы есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№ 19**<br>**Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудартy. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен | **№ 23**<br>**Мұзды бақылау**<br>**Мақсаты:** Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.Мұз бұл –қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>*Қимылды ойын:* «Мұзды | **№ 27**<br>**Көшені бақылау**<br>**Мақсаты:** Қалада көшенің көп екенін, олардың атауы әр түрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу.(дүкен, дәріхана, банк, почта,колледж, кітап баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар | **№ 30**<br>**Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару. Балаларға баған түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру. Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі. Өз зерттеулері бойынша | **№ 25**<br>**Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Мақсаты***:* Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>*Қимылды ойын:* «Бірінші болу»<br>Мақсаты: Бір бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу<br>*Қимылды ойын:* «Кім күшті?» (қазақтың ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.<br>*Еңбек:* Аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты:Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). | аулаға кіргіз»<br>Мақсаты:Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.<br>Еңбек:Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру.<br>Мақсаты:Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>*Қимылды ойын:* «Бірінші бол»<br>Мақсаты: Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>*Еңбек:* Алаңдағы құралдарды қардан тазарту(сырғанайтын жер)<br>Мақсаты: Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын арттыру.<br>*Қимылды ойын:* «Кім шапшаң?»<br>Мақсаты: Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру. Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Табиғат бұрышына жуа отырғызу.<br>*Мақсаты:*Балаларға табиғат бұрышына, жәшікке жуа отырғызып үйрету,жуаның құрамында ағзаға пайдалы дәрумендердің барын айту. Өсімдіктерді табиғи-іс-әрекет қатынасы ретінде қарауға тәрбиелеу. | күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>*Еңбек:* Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина)<br>Мақсаты:Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Ата-аналарға балалардың күн тәртібін бұзбай,таңғы жаттығуға үлгеріп келулерін ескерту. | Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің балаға ықпал ететінін түсіндіру, отбастарында қазақша сөйлеуді ұсыну. | «Рахмет», «кешіріңіз», «өтінем» деген сөздерді балаға үйрету. | Ата-анамен жұмыс: Балаңыз қандай мультфильм кейіпкерлерін ұнатады. | Ата-аналарға демалыс күндері балалармен бірге спорттық жаттығулар жасауына өтініш білдіру. |

**Циклограмма**
**Бірінші апта (02-06 наурыз 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Салт-дәстүрлер және фольклор»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып,қызуын өлшеп қабылдау.Ертеңгілік жаттығу. Балаларды «Алғыс айту» мерекесімен құттықтау. | Дене қызулары мен тазалығын тексеру.Дене шынықтыру шаралары.Жағымды жағдай орнату. | «Бүгінгі ауа-райы қандай?» Мақсаты: Табиғаттағы ауа-райының өзгерістерін ажырата білуге үйрету. | «Қай мезгілде киеміз?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Киімдерді атау,жыл мезгіліне сәйкес қуыршақты киіндіру. | Фотосуреттер қарастыру. «Менің анам қандай?» Мақсаты: Фото суретте бейнені сипаттау, ойлау қабілеттін, еске түсіру қабілеттерін дамыту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығу кешені № 13** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | «Астарыңыз дәмді болсын»<br>Асың-асың-асыңа.<br>Береке берсін басыңа<br>Алла бізді қолдасын<br>Еш жамандық болмасын. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Сұрақ: «Наурызда қандай мерекелер бар?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту. | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. «Көктем» (сурет қарастыру) Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. | Сұрақ: Көктем мезгілінің ұнайтын және ұнамайтын жақтарын ата? Мақсаты: Балаларды жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге дағдыландыру. | «Салт-дәстүрді білемін» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту. | «Табиғаттың көктемде оянуы» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анама сыйлық» (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Достармен ойнаймыз» Мақсаты:** Орындықтан секірген кезде табанды | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы» Мақсаты:** Табиғаттың, | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тұлпар» Мақсаты:** 2 метр жерде тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Ойнаймыз денсаулықты** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Әңгіме құрастыра білу, сөздерге тиісті қосымшаларды жалғай білу білігін дамыту, балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғы-нуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамытуБалаларды бірлікке тарту және ойыншықты ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Қуыршақ театры: қонаққа қонжық келеді.Балалар қонжықпен сәлемдеседі.<br>Балалар: Қонжық сен қайдан жүрсің? Қонжық:<br>– Мен орманнан келдім. Анама сыйлық іздеп жүрмін.<br>2.Негізгі кезең<br>Қонжық: Мен анама бал сыйлағым келеді. Ал сендер аналарыңа не сыйлайсыңдар?<br>(Балалар өз ойларын айтады:<br>– Менің анам раушан гүлін ұнатады. Сол себепті мен анама раушан гүлін сыйлаймын.<br>– Мен де анама гүл сыйлаймын. Анам қызыл түсті гүлдерді ұнатады т.б.<br>– Балалар,кей уақытта да, де – сөздерін дұрыс қолдана білуіміз керек. Мысалы: «Мен да» деген дұрыс па әлде «Мен де» | белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Солға қарай қосалқы адым жасау тапсырмасын тізені қатты бүкпей, иықты бұрмай ырғақпен орындау қабілетін қалыптастыру. «Жыланша» жүгіріп жаттығу, заттардың арасымен жүгіргенде бағытын өзгерту қабілетін жетілдіру. Ептілікке баулу, кеңістікте бағдарлау және әрекет ету жылдамдығын дамыту. Бір-іріне қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойындық сәт. Қоянның жіберген шақыртуын көрсету: қоян балаларды ойнау үшін достарымен бірге орманға шақырыпты.<br>II. Негізгі кезең.<br>Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан»<br>аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт».<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Орман жұмбақтары».<br>Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр)<br>Қырда жүрер ол жортып,<br>Іні де жоқ бармайтын.<br>Құйрығымен бұлтартып,<br>Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі)<br>Үстінен тоны түспеген<br>Сонда да араз қыспенен. (Аю)<br>Нұсқау: жабайы аңдарға | яғни өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту.ҰОҚ барысында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Педагог балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.<br>– Ата, Қызыл кітапқа<br>Жолбарыс та тіркелген.<br>Дейді соны бірақ та<br>Түсінбедім бірден мен...<br>– Жолбарыс– бір қызық аң,<br>Кезікпейді әр елде.<br>Терісіне қызығар<br>Аңшылар көп әлемде.<br>«Қызыл кітап» шындықты<br>Айтуға да арналған.<br>Жою керек сұмдықты,<br>Жойылмасын бағалы аң.<br>Қорғау керек аңдарды<br>Бара жатқан сиреп көп.<br>«Қызыл кітап» ал мына<br>Жұртты соған үйретпек.<br>Н.Хасенов<br>Педагог өлеңде қандай кітап туралы айтылғанын сұрайды.<br>Қызыл кітап деген не? Ол не үшін қажет? Қызыл түс нені білдіреді? (Қызыл түс – тыйым салуды білдіретін түс) «Тоқта!», «Бұлай болмайды!» дегенді білдіреді. | тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Қазақтың ұлттық әуендерін тыңдау. Ертегідегі пырақ – «Тұлпардың» суретін көрсету.<br>Тұлпарға мініп шабу үшін ептілікке үйреніп, жаттығуға шақырады.<br>Қамшы мен сандықты көрсетеді.<br>II. Негізгі кезең.<br>«Епті саусақтар»<br>Допты пайдаланып түзету жаттығуларын орындау: аяқтың ұшымен жүру – допты жоғары көтереді; өкшемен жүру – допты алға шығарып ұстайды.<br>Денесін тік ұстап, алға қарап жүреді.<br>Үш сап түзеп тұру.<br>Допты пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың анық орындалуын, балалардың денесін тік ұстауын қадағалайды.<br>Негізгі қимылдарды | **нығайтамыз»**<br>**Мақсаты:** Қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Доптарға назар аударады. Бұрын доппен жасалған жаттығуларды еске түсірулерін сұрайды. Доптың көмегімен денсаулығын нығайтуға шақырады.<br>II. Негізгі кезең.<br>Тізбекте бір-бірден жүру және жүруді жүгірумен алмастыру; шашырап жүру және жүгіру. Екі тізбек болып сапқа тұру.<br>Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар. Доппен орындалатын жаттығулар.<br>1. Б.қ.: отыру. Допты табанмен домалату – өкшеден аяқтың ұшына дейін, оң/сол |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | деген дұрыс па? Әрине «мен де» сөзі қолданылады. Сонда «Мен де анама раушан гүлін сыйлар едім» деген сөйлем дұрыс.<br>Педагог балалардан қандай гүлдердің атын білетіндерін сұрайды. (Раушан, қызғалдақ, түймедақ бәйшешек т.б.).<br>Гүлдердің иісі хош иісті, жұпар иісті болатындығын жеткізу.<br>Қонжық: балалар, мен анама сыйлайтын балымды іздейін, ал сендер де аналарыңа сыйлайтын гүлдеріңді ұмытпаңдар.<br>Сергіту сәті.<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы<br>Желге ырғалып шайқалған.<br>Сұрақ-жауап әдісі:<br>– Гүлдер қайда өседі? (Тауларда да, аулаларда да, көшелерде де өседі).<br>Әңгіме құрау: «Анама сыйлық»<br>Мысалы. Мен аналар мерекесінде, әкемнің көмегімен анама сыйлық алып бердім.<br>Алдымен әкем екеуміз киім дүкеніне бардық. Онда әртүрлі әдемі көйлектер көрдік. Соның ішінде қызыл түсті көйлекті таңдап алдық. Біз оны сол дүкеннен әдемі бір қорапқа салдыртып алдық. Содан әкем екеуміз анама дайындаған | тән ерекшеліктерін салып көрсету.<br>Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға<br>бұрмау.<br>«Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға<br>бұрылу.<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде оранду:<br>20 см биіктен тереңге секіру.<br>Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады.<br>Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру.<br>«Кім епті?».<br>Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр.<br>Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін<br>қадағалайды.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал».<br>Балалардың допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтыруын қадағалайды.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, | Сұрақтарға жауап алу арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын және мақсатын болжамдап тапқызады.<br>2.Негізгі кезең<br>Қазақстанның Қызыл кітабы туралы әңгіме.<br>Қызыл кітап – сирек кездесетін және<br>жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер туралы анықтамалар, қызықты әңгімелер<br>және олардың түрлі түсті суреттері бар кітап. Қызыл кітаптың маңызы зор. Ол жойылып<br>бара жатқан аң-құстарды, өсімдіктерді қорғауға, оларды аулауға, бейберекет жасауға тыйым салады.<br>Жануарларды рұқсатсыз ататын адамдарды сұғанақ аңшы деп атайды.<br>Балалар суреттерді немесе слайдтарды көреді: жануарлар: барыс, сұңқар, гепард, бүркіт,<br>қызыл қасқыр т.б.;<br>өсімдіктер: бәйшешек, селеу, інжугүл, емен, қызғалдақ, тұңғиық)<br>Жануарлардың аттарын қайталап айтады. Олардың дене мүшелерінің атауларын айтады.<br>Өсімдіктердің құрылысын естеріне түсіреді (тамыр, сабақ, жапырақ, гүлі, жемісі).<br>«Жануар құрастыр» дидактикалық ойыны.<br>Кесілген суреттерден жануарлардың суреттерін құрастырады. | орындау: «Ең күшті».<br>Допты жіп арқылы лақтыру (кеудесінен қос қолдап лақтыру).<br>Жіпке дейінгі қашықтық – 2 метр. Қимылдарды көрсету және түсіндіру.<br>«Ең жылдам».<br>20 см биіктен тереңге секіру.<br>Орындықтар залдың периметрін бойлай қойылған.<br>Балалардың жерге түскеннен кейін тепе-теңдік сақтауына, денесін тік ұстап, алға қарап<br>тұруына назар аударады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар».<br>Әр балаға сиқырлы қамшы береді.<br>Дем алысын қалпына келтіру. Тыныс алу-тыныс шығару барысын қадағалайды.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>Шапқаннан кейін жақсылап тынығып алуға шақырады.<br>Атқа мініп шабу қиын, сондықтан жаттығып, спортпен шұғылдану қажеттігін ескертеді.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Наурызкөже» (өлеңді жаттау) Ақылбек Шаяхметов**<br>**Мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып | аяқпен<br>кезекпен қайталау, допқа қатты салмақ салмай жеңіл домалату.<br>2. Б.қ.: отыру. Допты табандарымен екі бүйірден қысып 5–10 секунд ұстап тұра, арасында<br>босату.<br>3. Б.қ.: отыру. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта, өкшеден башпайларға қарай домалату.<br>4. Б.қ.: отыру. Табандарын допқа қояды. Допты қатты баспай, оңға/солға айналдырады.<br>5. Б.қ.: отыру. Өкшені доптың үстіне қояды. Аяқтың ұшы жерге тиіп тұрады. Өкшемен<br>допты басады, екі аяқпен бір уақытта немесе бөлек-бөлек жасауға болады.<br>Негізгі қимылдарды орындау:<br>Оң және сол қолмен алысқа лақтыру.<br>Екі сап түзеп тұру.<br>Жаттығуларды түсіндіру және орындалу тәсілін көрсету: доптың ұшу траекториясы бүгілген қолдарды белсенді жазуға тікелей байланысты.<br>Тәрбиеленушілер оң, сосын сол қолдарымен лақтырған кезде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сыйлығымызды<br>сыйладық.<br>«Г» дыбысына жаттығу<br>орындату.<br>Г-г-гүл<br>Дидактикалық ойын:<br>«Гүл»<br>Мақсаты: балаларға гүл<br>күлтелерінің түстерін<br>атату. Сөз, сөйлем<br>құрастырту арқылы<br>баланың ойлау, есте<br>сақтау қабілеттерін<br>дамыту.<br>3.Қорытынды кезең<br>(рефлексия)<br>Педагог балаларға<br>сыйлықтың әртүрлі<br>болатындығын,гүлдің<br>суретін салып немесе<br>түрлі<br>түсті қағаздан гүл жасап,<br>сыйлауға болатын да<br>айтып түсіндіреді.Алған<br>білімдерін<br>пысықтайды.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «8-наурыз**<br>**ашық хаты»**<br>**(Акварель бояу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың 8<br>наурыз мерекесі<br>жайында білімдері мен<br>түсініктерін<br>нығайту.Ашық хаттарды<br>шығармалықпен<br>безендіруді<br>үйрету.Жұмысты<br>сүйіспеншілікпен<br>жасауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Түсіндіру,<br>сұрақ–жауап:<br>Балалар қазір жылдың<br>қай мезгілі?<br>Иа. Көктем мезгілі.<br>Көктемнің алғашқы | балаларды ынталандырады.<br>Орманда ойнаған көңілді!<br>Достарыңның көп болғаны<br>және олармен бірге<br>шынықкан<br>қандай жақсы!<br>Балабақшаға оралады.<br>«Күлкі сыйла» – басын<br>бұрады және қасында<br>отырған балаға қарап<br>жымияды.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік**<br>**санау.Заттың санын**<br>**цифрмен сәйкестендіру.**<br>**Солға,оңға»**<br>**Мақсаты:** Реттік санауға<br>машықтандыру (5 саны<br>көлемінде), санды және<br>реттік санауды айыра<br>білуге, «қанша?»,<br>«нешінші?» деген<br>сұрақтарға дұрыс жауап<br>беруге үйрету.Заттың<br>санын цифрмен<br>сәйкестендіруді үйрету,<br>«солға», «оңға» ұғымдарын<br>айыруға үйрету,оқиғаның<br>ретін анықтауға үйрету<br>арқылы зейінділіктерін<br>дамыту.Еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>1-тапсырма.<br>Педагог балалардан<br>ойыншықтардың қандай<br>ретпен орналастырылғанын<br>айтып беруін<br>сұрайды.<br>Педагог есептік және реттік<br>санаудың бір-бірінен<br>айырмашылығы барын<br>балалардың<br>есіне салады. Оған көз<br>жеткізу үшін тапсырманы<br>дәптерге орындауды | Құрастырған жануардың<br>атын атайды, оны<br>сипаттайды.<br>Сергіту сәті.<br>П: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Аю қалай жүреді?<br>Б: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Аю былай жүреді. (Аю<br>сияқты қорбаңдап жүреді).<br>П: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Қоян қалай секіреді?<br>Б: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Қоян былай секіреді. (Қоян<br>сияқты секіреді).<br>П:Көлбең, көлбең көлеңке<br>Құстар қалай ұшады?<br>Б:Көлбең, көлбең көлеңке<br>Құстар былай ұшады.<br>(Құстар сияқты ұшады).<br>П: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Түлкі қалай жүреді?<br>Б: Көлбең, көлбең көлеңке<br>Түлкі былай жүреді. (Түлкі<br>сияқты бұлғаңдап жүреді).<br>Қызыл кітапқа енген бір<br>өсімдікті сипаттауға<br>тапсырма береді.<br>«Менің достарым» ойыны:<br>балаларға суреттер<br>таратады. Олар суреттегі<br>жануардың атын<br>атайды. Балалар үй<br>жануарларының суреттері<br>бейнеленген суреттерді<br>алып, педагогтің<br>жанына келеді.<br>П: Менің достарым – бұлар<br>жанды ағзалар.<br>Б: Менің достарым –<br>мысық, ағаш, гүл, құс, ...<br>П: Менің достарым – бұлар<br>құйрықтары бар<br>жануарлар.<br>Б: Менің достарым –<br>қасқыр, түлкі, барыс,<br>қыран, алабұға, ...<br>П: Менің достарым – бұлар | жеткізу.Салт-дәстүр, әдет-<br>ғұрыптар туралы ұғындыру,<br>оны бағалап, құрметтей<br>білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері №14<br>Сурет бойынша әңгіме<br>құрастырту.<br>Ақылбек<br>Шаяхметовтың «Наурызкө<br>же» өлеңін жаттату.<br>Сөздік жұмыс: Көгерсін,<br>теңелді.<br>*Көгерсін – көгалдандыру.*<br>*Теңелді – тең, теңесті.*<br>Наурызда күн мен түн<br>теңеледі. Байырғы қазақ<br>күнтізбесі бойынша,<br>наурыздың алғашқы күнін<br>жаңа жылдың басы деп,<br>ұлыстың ұлы күні деп<br>атаған.<br>Тыныштық сәті.<br>Көздерін жұмғызып, көктем<br>мезгілін елестеткізу. Жер-<br>әлем, жап-жасыл. Күн<br>шуағын төгіп тұр.<br>Сылдырап су ағып жатыр.<br>Киіз үйлер қаз-қатар тізіліп<br>тұр. Балалар алтыбақан<br>ойнап, аналар наурызкөже<br>пісіріп жатыр. Наурыз тойы<br>басталды.<br>Д/о: «Бұл қай салт-дәстүр?»<br>Ойын шарты: Қазақ<br>халқының бірнеше салт-<br>дәстүрінің суреттері<br>көрсетіледі. Балалар бұл қай<br>салт-дәстүр екенін табуы<br>керек.<br>Сергіту сәті:<br>*Қардыерітіп жылғасы,*<br>*Наурыз келді – жыл басы.*<br>*Шуақ төкті жарық күн*<br>*Мейрамында халықтың.*<br>Наурыз көжеге қосылатын<br>дақылдарды атау. | шынтақтан бүгілген<br>қолын<br>екпінді түрде жазады.<br>Алға, жоғары, алысқа<br>лақтыруға тырысады.<br>Педагогтің белгісі<br>бойынша бірінші<br>қатар текшені<br>белгіленген сызықтан<br>асыра лақытруға<br>тырысады, содан<br>кейін екінші қатар<br>лақтырады.<br>Тепе-теңдік –<br>қолдарын түрлі<br>қалыпта ұстап,<br>толтырмалы<br>шарлардан аттап<br>жүру<br>(лекпен).<br>Доптарды бір-бірінен<br>1 метр<br>арақашықтықта бір<br>қатарға орналастыру.<br>Нұсқау – тізені<br>жоғары көтеріп,<br>аяқты ұшына қою,<br>қолдың қалыбын<br>өзгерту. Толтырмалы<br>шарлардан аттап өту<br>кезінде тепе-теңдікті<br>және ырғақтылықты<br>сақтауға назар<br>аударады.<br>Педагогтің белгісі<br>бойынша<br>тәрбиеленушілер бір-<br>бірден қозғалыс<br>басталатын сызыққа<br>жақындайды,<br>толтырмалы доптан<br>аттап өтеді, конусты<br>айналып өтеді және<br>жүгіріп<br>сызыққа оралады.<br>Тәрбиеленушілер<br>қозғалыс кезінде бір- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мерекесі қандай?<br>2. Олай болса біздің бүгінгі жаңа сабағымыз Ашық хаттарды безендіру өнері деп тақырыппен таныстыру.<br>3. Ерте кезден адамдардың мереке қарсаңында бір-бірін ашық хаттар (открыткалар) арқылы құттықтау дәстүрі бар.Ашық хаттар әр алуан мереке, мейрамдарға атап айтқанда,наурыз,жаңа жыл,туған күн ,8-наурызға арналып жасалынады.Ізгі тілектер жазылған әдемі ашық хатты жанында жүрген досыңнан алынғанның өзі ғанибет.<br>4. Алғашқы ашық хаттар 1765 жылы Жапонияда пайда болған.Жапондар бір-бірін алғашқы қар және айдың толуымен ,т.б. себептермен құттықтайды.<br>Билинг.комп. ашық хат-открытка<br>5.Өзара жұмыс<br>6.Сергіту сәті №6<br>7. Қорытындылау.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінің құбылыстарын музыка әуендерінен сезіну. Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен | тапсырады.<br>–Үшінші орында қандай ойыншық тұр?<br>–Қоян нешінші тұр?<br>–Аю нешінші тұр?<br>–Қайсы ойыншық бесінші орында?<br>– Ал маймыл нешінші орында орналасқан?<br>Өткенді бекіту үшін педагог екінші және төртінші ойыншықты бояуға тапсырма береді.<br>2.Негізгі кезең.<br>Педагог екі баланы тақтаға шығарып, біріне мәшинелерді, екіншісіне пирамидаларды<br>санауды тапсырады.<br>Заттарды санап болған соң, бала сол заттың санына сәйкес келетін<br>цифрды алуы тиіс. Содан соң балалар өз цифрларын топқа көрсетеді. Ал топтағы балалар<br>кімнің нені санағанын табуы тиіс.<br>Бұл жаттығуды бірнеше рет өткізіп, оған сыныптағы балаларды түгел қатыстыруға болады.<br>1-тапсырма.<br>Пысықтау үшін балаларға дәптерден осыған ұқсас тапсырма беріледі.<br>–Марат нені санады, Айгүл нені санады?Нақтылайды:<br>– Сендерге балалардың қолындағы цифрлар көмектесе алады.<br>Педагог балалар мен заттарды сызық арқылы қосуды өтінеді. Марат санағанды жасыл, ал Айгүл санағанды көк түске | сабағы барлар.<br>Б: Шөп, гүл, …<br>3.Қорытынды.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Педагог суреттер, музыканы пайдаланып, ҰОҚ-ны көтеріңкі көңіл күймен қорытындылайды.<br>Балаларға көңіл күйлерін қандай да бір жануар немесе өсімдіктің суретімен көрсетуге болатындығын айтады.<br>Ауызекі тілмен жеткізуге де болады.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «8-Наурызға арналған сыйлықты әшекейлеу»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қол-қимыл әрекетін жетілдіру,шығармашылық пен жұмыс істеуге үйрету.Бірлесіп әрекет етуге,өз жұмыстарының нәтижесін салыстырып бағалай білуге жетелеу.Үлкендерді құрметтей білу дағдыларын дамыту.Ананы сыйлап,сүюге әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.Жұмыстарын ұқыпты,таза істеуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері №7.<br>Балалар қазір жыл мезгілі қандай?<br>Қыс мезгілінің айлары аяқталды,қазір бізде көктем мезгілінің алғашқы айы басталды.<br>Көктем мезгіліне арналған видеоролик тамашалау. | Ұлттық ойын: «Қамшы алу»<br>Ойын шарты: Балалар арқаларын тіреп тұру керек. Қамшы еденде жату керек. Белгі беріл-генде қамшыны жылдам алып, жоғары көтеру керек.<br>Қорытынды.<br>- Наурыз мерекесі қандай мереке?<br>- Наурыз көжені кімдер пісіреді?<br>- Наурыз тойы сендерге несімен ұнайды?<br>Бағалау, мадақтау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Домбыра»**<br>**Мақсаты:**Ұлттық ойыншықтар кешені бойынша домбыраны құрастыру арқылы ұлттық аспап туралы түсініктерін дамыту.Ойыншық домбыраны құрастыру іскерлік дағдыларын үйрету.Ұлттық аспаптарға деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын сол жұмбақтың жауабын шешсеңдер ғана бүгінгі оқу іс- әрекетіміздің тақырыбы ашылады.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Құлағын бұрап тартқаным не?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар!<br>Бүгінгі біздің оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Домбыра» деп аталады.<br>Кіріспе сөз<br>Екі ішектің бірін қатты<br>Бірін сәл-сәл кем бұра<br>Нағыз қазақ,қазақ емес<br>Нағыз қазақ домбыра.<br>Біз бүгін ең жетілген ,әрі | бірден кедергі келтірмеуге және арақашықтықты сақтауға тырысады.<br>Шеңбер құрып тұру.<br>Қимылды ойын: «Соқыртеке» (3 рет).<br>Педагог ойынның ережесін түсіндіреді.<br>Санамақ арқылы «Соқыртекені» таңдайды, оның көзін байлайды.<br>Соқыртеке балалардың дауыстарымен бағдарлай отырып алаңмен қозғалады, біреуін ұстап алуға тырысады. Балалар түрлі бағытта жүгіреді, Ортекеден қашады.<br>Нұсқаулар: ортекеге берілмеу, бір-бірімен соқтығыспау.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық»: допты зырылдауық сияқты айналдыру үшін саусақтармен бұрап айналдырады.<br>«Кім бәрінен епті»<br>Қолына доп ұстап, 40 см биіктікке тартылған арқанның астымен еңбектеп өтеді.<br>Нұсқау: допты еденге тигізуге болмайды.<br>Өзіне-өзі массаж жасау: «Шапалақ».<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таза орындауға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жат: «Здравствуйте!»<br>Дау.жат.: Ерзакович «Көктем»<br>Өн айту: Гусинцев «Көктем»<br>«Веселая песенка»<br>Б.Бейсенова «Көктем келді»<br>Муз.ырғ.қим.: «Кәмпиттер» | боя.<br>Сергіту сәті: «Күшік».<br>Мен – күшік, саққұлақ,<br>Ойнаймын шапқылап.<br>Серікпін қашан да<br>Малшыға, шопанға.<br>3-тапсырма.<br>Алманың бір рет, екі рет тістелген, т.б суретін көрсету.<br>– Алма бастапқыда қандай болып еді, кейін қандай болды?<br>Педагог балаларға алмада болған өзгерістерді (оның бастапқыда қандай, кейін қандай<br>болғанын) бағыт сызықтары арқылы көрсетуді тапсырады.<br>Демонстрациялық материалдың №13 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.<br>4-тапсырма.<br>Педагог оңға қарай жүзіп бара жатқан балықтарды қызыл қарындашпен, солға қарай<br>жүзіп бара жатқандарын сарымен бояуды сұрайды.<br>Содан соң сұрақ қояды:<br>– Неше балық оңға жүзіп бара жатыр?<br>–Неше балық солға жүзіп бара жатыр? Егер балалар тапсырманы тез орындаса, оң<br>жақтағы мысықты қара, ал сол жақтағы мысықты қоңыр түске бояуды тапсырады.<br>3.Қорытынды.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Педагог балалардан | Сұрақ-жауап.<br>Балалар көктемде қандай табиғат өзгерістері болады?<br>Күн жылынады, қар ериді, ағаштар бүршік жарады, құстар ұшып келеді.<br>Балалар көктем мезгілімен бірге қандай мереке келетінін білеміз бе?<br>Аналар, әжелер, қыздар мерекесі.<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Балалар, сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме?<br>Иә, жақсы көреміз.<br>Ана –деген кім екенін білеміз бе?<br>Өз аналары туралы айтады.<br>Біз балалар бүгінгі мүсіндеу оқу қызметімізде анамызға арнап сыйлық дайындаймыз, өйткені алда анамыздың, әжеміздің мерекесі келе жатыр.<br>Балалар, сендер гүлдердің не екенін білесіңдер ме?<br>Қандай гүлдер болады ?<br>Атап беріңдерші, кім қанша гүлдің атын біледі екен?<br>Балалар бүгін біз сендермен, мүсіндеу оқу қызметімізде әркім өз анасына арнап түймедақ гүлін жасап берсін.<br>Сергіту сәті:<br>Жолдарына үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп.<br>Ағаштардан аттап,<br>Секіреді бақ-бақ.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті қолын жуады<br>Оңға шалқайады,<br>Солға шайқалады,<br>Жерден шіркей тауып ап, | нағыз табиғи ұлттық аспабымыз-домбыраның құрылысымен және оның шығу тарихымен танысамыз.<br>Бұрынғы уақытта көшіп қонып жүрген қазақтың қай-қайсысы да домбыраны шаңырағында қастерлеп төрге іліп,ұрпаққа жалғастырушы ретінде сақтап келген өнер киесі.<br>Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы қасиетті аспабы-домбыра.Оның сымдай тартылған қос ішегінде сан ғасырлардың ақыл ойы,көңіл-күйі жатыр.<br>Домбыра елдің көне көз шежіресі,көпті көреген қарияның көңіл-күйі екен.<br>Теледидардан «Домбыра» туралы аңыз тамашалау.<br>Өнер туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?<br>Ендеше алдымыздағы Домбыраның бөліктерін құрастырайық.<br>Қорытынды.<br>1. Күй немен орындалды?<br>2.Не жасырдым?<br>3.Домбыра туралы не айттық?<br>4.Ненің құрылысымен таныстық?<br>5.Теледидардан не тыңдадық?<br>Олай болса балалар оқу қызметіміздің соңында біз XIX ғасырдың аса көренекті композиторы,күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының "Балбырауын"күйін тыңдайық. | барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Спортпен шұғылданған адамның дені сау болатынын еске салады.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Аналар мерекесі»**<br>**Мақсаты:** Аналар мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету.Аналары мен апа,әжелеріне сүйіспеншілігін арттыру.Мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>-Қайырлы таң балалар!<br>Кәне,бәріміз бір-бірімізге жылы сөздер айтып,көңілімізді көтеріп,оқу қызметімізді бастайық. Біздің топқа торғай ұшып кірді,тұмсығында хат бар сияқты.Бұл хатта не жазылғаны туралы торғай<br>білмейді,торғайға көмектесеміз бе?<br>Сенен өскен балалар,<br>Батырлар мен даналар<br>Құттықтаймыз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сұрайды:<br>– Бірінші тапсырмада неше ойыншықты боядыңдар?<br>– Кім қамзолдарды санады?<br>–Оңға жүзіп бара жатқан балықтардың түсі қандай?<br>Педагог балаларды мадақтайды. | Үлкен болып өседі.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біз айтамыз тақпақ<br>Енді балалар орнымызға жайғасайық<br>Балалар біз бүгін не жасаймыз?<br>Кімге арнап жасаймыз? Не үшін жасаймыз?<br>Ендеше балалар жұмысымызды бастайық.<br>Жұмыстың жасалу жолдарын түсіндіру.Жасаған гүліміз әдемі, сәнді көріну үшін жан-жағына рамка жасап жиектейміз.<br>Қорытынды.<br>Балалар біз немен жұмыс жасадық?<br>Не жасадық?<br>Жасаған гүліміз қалай аталады?<br>Кім үшін жасадық?<br>Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. | | мейраммен ,құрметті аналар!<br>Білімділік өзектендіру. -қандай мереке жақындап келе жатыр? -Торғайға осы мереке жайлы толығырақ айтып берейік. |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№8** | **№7** | **№3** | **№11** | **№10** |
| Серуеннен оралу<br>Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, | 15.10-15.45 | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>Балалар төсекте жатып, | Тыныс алу жаттығуы:<br>Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. | Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. | Тыныс алу жаттығулары:<br>Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне | Тамағымызды тұзды сумен шаю. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| шынықтыру шаралары | | бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. | Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. | Балалар кәне жарты шеңберді құрайық:<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық. | қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. | |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **№4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлдік ойын**<br>**Мақсаты:** Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. | **Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»**<br>**Мақсаты:** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»**<br>**Theme: « The Tradition of Kazakhstan »**<br>**Aim:** Ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсінік бере отырып, сөздік қорды кеңейту. Күнделікті берілетін қарапайым бұйрықтарды түсінуге және орындауға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Greeting: Амандасу<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children?<br>- I am OK!<br>II. Шаттық шеңбері «Make a Circle» өлеңін айту 1) Ask a questions?<br>2) «The Tradition of Kazakhstan » тақырыбы бойынша: wedding, running after the girl horse ricing, first step ball, ringing ball, Kazakh clothers<br>3) This is,/These are тіркесін | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**"Егер орманнан.... жоқ болып кетсе, не болар еді?"**<br>**Дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** Орман бәрін бекер жиналмағандығын түсіндіру. Өсімдіктер мен жануарлардың өмірі бір-бірімен байланысты екенін үйрету. Экологиялық мәдениетін тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>А) Орман тұрғындары туралы жұмбақтар жасыру.<br>Ә) «Егер орманнан ... жоқ болып кетсе, не болар еді?» экологиялық ойын.<br>Шарты: тәрбиеші орманнан бүкіл жануарларды алып тастауды ұсынады.<br>Мақсаты: Орманда бәрінің өз орны, бекерге жиналмағанын, бір-бірімен байланысты екенін түсіндіру.<br>Б) №19 Сергіту сәті.<br>В) «Үйін көрсет» ойыны.<br>Мақсаты: әр жануардың өз ерекшелігіне сай мекені болатынын түсіндіру.<br>Г) Қорытынды. Сұрақ-жауап арқылы түсіндіру. | **Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»**<br>**Мақсаты:** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету.<br>. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қолдану. | | |
| Жеке жұмыс | | Бақтығали Ибрахимге «әлеумет» саласы бойынша бағдаршамның белгілері,көшеде өзін дұрыс ұстауды және табиғаттағы ауа-райының маусымдық өзгерістерін ажыратып атай білуді үйретуді жалғастыру. | Бисембаева Аминаны «денсаулық» саласы бойынша түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. | Дархан Сезімді «шығармашылық» саласы бойынша өкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. | Ергинов Даниярды «қатынас» саласы бойынша сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру. | Ерсегіз Дарханға «таным» саласы бойынша 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,геометриялық пішіндерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№7** | **№11** | **№8** | **№10** | **№13** |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Балаларды киінгенде киіміндегі олқылықтарды байқап,оны дұрыстай білулерін қадағалау. | Ата-аналардан балалардың тақпақтары мен өлеңдерін үйде қадағалауына өтініш білдіру. | «Үйдегі бала өміріне зиянды заттар» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.(балаларға ұялы телефоннан аулақ болуды үйрету) | «Шебер қолдар» қолөнер көрмесіне ата-аналардан қолдан бұйымдар жасап беруіне өтініш білдіру. | Ата-аналарға балалармен демалыс күндері үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті таза бояуға,әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру. |

Циклограмма
Екінші аптаға (02-06 наурыз 2020 ж.)
ересек тобы
Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер және фольклор»

**Мақсаты:**«Салт-дәстүрлер және фольклор» Қазақстан Республикада тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне тәрбиелеуге, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынастық қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)** | **8.00-8.30** | «Мақал-мәтелдер»<br>Мақсаты: Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. | «Салт-дәстүрді білемін» тақырыбында әңгіме жүргізу.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту. | Сұрақ-жауап: «Наурызда қандай мерекелер бар?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту. | Суретпен жұмыс «Ұлттық аспаптар»<br>Мақсаты: Балаларға ұлттық аспаптар жайлы мағлұмат беру. | Музыкалық аспаптар туралы жұмбақтар шешу.<br>Мақсаты: Ұлттық аспаптарды ажырата білуге үйрету. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **8.30-8.35** | **Жаттығулар кешені № 13** | | | | |
| **Таңғы ас** | **8.35-8.50** | Ойын-жаттығу:<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық. | | | | |
| **Серуен** | 16.50<br>17.50 | | **№ 11**<br>**Тамшыны бақылау**<br>**Мақсаты:** Көктем құбылысы – тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Табиғат құбылысының «күн қыздырады» **-** «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>*Қимылды ойын:* **«Кім жоғары секіреді»**<br>Бір орында секіру, қимыл – қозғалысын шапшаңдықтарын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.<br>*Еңбек:* **Табиғат бұрышындағы жұмыс**<br>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру.Өздігінен балықтарды тамақтандыруды қалыптастыру. Еңбекке деген сүиіспеншілігін дамыту. | **№ 8**<br>**Қар суын бақылау**<br>**Мақсаты:** Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің ұзақ жарығында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған бірінші шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>*Қимылды ойын*: **Горелки** (орыс халқының ойыны)<br>Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. | **№ 9**<br>**Жылғаны бақылау**<br>**Мақсаты:** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>*Қимылды ойын:* **«Қармақ»** Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.<br>*Еңбек:* **Аула маңын қоқыстан тазарту** | **№ 5**<br>**Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты:** Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>*Қимылды ойын*: **«Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.<br>Қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек:** Ауладығы жұмыс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру.Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. | Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау, гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 17.50 18.00 | | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Балаларды жыл мезгілдеріне сәйкес киінуді айту. | Ата-аналармен әңгімелесу.Балалардың тәртібі туралы айту. | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу |

**Циклограмма**
**Төртінші аптаға (16-20 наурыз 2020 ж.)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып:** «Салт-дәстүрлер және фольклор»

**Мақсаты:**«Салт-дәстүрлер және фольклор» Қазақстан Республикада тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне тәрбиелеуге, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынастық қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)** | **8.00-8.30** | Көктем мезгілінің атауын және айларын қазақша,орысша,ағылшын тілінде қайталау. Мақсаты: Балалардың үш тілде айта білуге тілдерін жаттықтыру. | Тапсырма: «Кім көктем мезгілі туралы тақпақ біледі?» Мақсаты: Балаларды тақпақтарды жатқа айта білуге жаттықтыру. | Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдер жаттау. Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты мақал-мәтелдерді жатқа айта білуге жаттықтыру. | «Жыл басы-Наурыз!» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. | Тапсырма: «Кім көктем мезгілі туралы тақпақ біледі?» Мақсаты: Балаларды тақпақтарды жатқа айта білуге жаттықтыру. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **8.30-8.35** | **Жаттығулар кешені № 14** | | | | |
| **Таңғы ас** | **8.35-8.50** | **Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз. | | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | **8.50-9.05** | Фотосуреттер қарастыру «Менің анам қандай?» Мақсаты: Фото суретте бейнені сипаттау, ойлау қабілеттін, еске түсіру қабілеттерін дамыту. | Қазақтың ұлттық ойыны «Асық ату» Мақсаты: Балаларды асық ойынымен таныстырып,ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін түсіндіру. | Көктем мезгілінің атауын және айларын қазақша,орысша,ағылшын тілінде қайталау. Мақсаты: Балалардың үш тілде айта білуге тілдерін жаттықтыру. | Қазақтың ұлттық ойыны «Асық ату» Мақсаты: Балаларды асық ойынымен таныстырып,ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін түсіндіру. | Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдер жаттау. Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты мақал-мәтелдерді жатқа айта білуге жаттықтыру. |
| **«Ойнайық та,** | **9.05-10.25** | **Сөйлеуді дамыту** | **Дене шынықтыру** | **Жаратылыстану** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру (таза** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | | **Тақырыбы: «Наурыз-көктем мерекесі»**<br>**Мақсаты:**Наурыз мерекесі туралы түсінік береу; балалардың ойлау қабілетін дамыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру; салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. қызығушылықты ояту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Тәрбиеші балаларға өнер туралы түсінік беріп өтеді.<br>-Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі-айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі-жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың жолын қуған Кәмшат атты қыз жұмбақ айтысымен келіп отыр. Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым-Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп, қонаққа келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады.<br>-Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса, жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.<br>Жұмбақ.<br>1.Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне.<br>Көлемі болар әртүрлі,<br>Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне. | **Тақырыбы: «Асық ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ойөрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Балалардың назарын дорбаға аударады. Ойнау үшін асық таңдап алуға шақырады.<br>2.Билингвалды компонент: Асық ойнаймыз – Играем в асыки<br>3. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықты айналып жүру, жүгіру. Педагогтің белгісі бойынша асықтарды көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» – («Брось дальше») – екі қатарға тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, асықты | **Тақырыбы: «Көрікті көктем»**<br>**Мақсаты:**Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу (күн ұзарады, күннің көзі қатты қыздырады, қар ериді, су қоймасындағы мұз ериді, шөп өседі, ағаштар мен бұталар бүршік жарады, жәндіктер шығады, құстар ұшып келеді). Өлі табиғат құбылыстары мен еңбектің маусымдық түрлері арасындағы байланысты түсінуге үйрету. Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Балалар,мына бір тамаша әуенді тыңдап,күлімсірейік.Бүгін күн ашық,жылы екен.Өйткені көктем келді.Қандай ғажайып күн!<br>2.Релаксация сәті («Көктем үні» үнтаспадан ойналады) Балалар,карандаршы,мен орманда қандай фотосурет жасап келдім, неге орман өзгеріп кеткен?Қалың қар қайда кеткен?<br>-Шынымен де қар еріп кеткен.қазір қай жыл мезгілі? Көктем және оның белгілері туралы әңгіме.<br>-Мынау суреттердің ішінен көктем мезгілі бейнеленген суреттерді таңдап алыңдар.Көктем мезгілі екенін қандай белгілері арқылы білдіңдер?<br>-Дұрыс айтасыңдар.Қар еріп,жылғалардан су ағады.Жылы жаққа ұшып | **Тақырыбы: «Асық толы қоржын»**<br>**Мақсаты:** Мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ойын түріндегі жаттығу: «Қоржынды тап». Асық таңдап алуға шақырады.<br>2. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» – | **ауада)**<br>**Тақырыбы: «Біз күштіміз әрі ептіміз»**<br>**Мақсаты:**Велосипед тебуге үйрету. Баяу қарқында жүгіруге – 1 минут, қол мен аяқтың үйлесімді жұмысына жаттықтыру. Жерге түсу, аяқтарын тізесінен сәл бүгу біліктерін бекіту. Денешынықтыру жаттығуларымен айналысуға дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, епті әрі жылдам болуға ынталарын қалыптастыруға ықпал ету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Қалпақтарға назар аударады. Олармен мұқият танысуға шақырады.<br>2. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер». Балаларды ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «1-2-3 – ал!» – шеңберді айналып жүреді, қалпақтарды алып қоюға тырысады. Вестибулярлық аппаратқа арналған жаттығулар. Тепе-теңдік – басына қалпақ киіп, залдың бір жағынан қарама-қарсы бетіне дейін жүру. Қатарға қойылған заттарды айналып, «жыланша» иректеп жүгіру. Жаттығуларды түсіндіру және орындау тәртібін көрсету: қалпақтарды оң жақтан және сол жақтан айналып өту, денесін бұру. Шеңберден-шеңберге секіру (5 құрсаудан жасалған жол) Секірудің, жерге жартылай бүгілген аяқпен түсудің реттілігін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>(сандық)<br>2.Төрт аяқты қатты зат,<br>Беті тегіс, дөңгелек.<br>Үйімізде қолданар,<br>Заттың бірі ең керек.<br>Сол бір заттың үстіне<br>Дәмді тағам толады.<br>- Дәм татам деп шетіне<br>Жайғасады қонағы.<br>Аласа биік түрі бар,<br>Бұл қандай зат болады?<br>(стол)<br>3.Мойны ұзын, әдемі,<br>Бар оның қос құлағы.<br>Он тоғыз перне мойнында,<br>Тізіліп қатар тұрады.<br>Екі ішектен естілген,<br>Үні қандай ұнамды.<br>Әр қазақтың үйінде<br>Төрде ілініп тұрады.<br>Кеудесі бар сопақша,<br>Бұл қандай аспап болады?<br>(домбыра)<br>2.Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:<br>Наурыз-шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады.<br>Наурыздың 21-нен 22-не қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз-жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>-Ал енді өздерің отбастарында бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>-Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>-Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br>Тәрбиеші қуыршақ | мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Топқа бөлініп жасайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Еңбектеу тәсілін еске салады. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдауына назар аударады.<br>Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды.<br>Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аударады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Шеңберлер – қарлығаштардың ұясы. Қарлығаш өте әдемі әрі шапшаң құс. Сондықтан балалар да қимылдарын қарлығаш сияқты әдемі етіп жасауы тиіс.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>4. Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Весна. Наурыз»**<br>**Цели:** Продалжать развивать у детей устную русскую речь, учить называть весенние месяцы и их последовательность на русском языке, расширять активный словарь по новый теме, соверш-ть правильное произношение согласного звука в словах;- | кеткен құстар ұшып келеді.Көктемде күн жылынады,жылы жел соғады.Бәйшешек-қар астынан қылтиып шығатын көктемнің алғашқы гүлі<br>3.Билингвальды компонент: көктем белгісі-примета весны,қарлығаш-ласточка<br>4.Сергіту сәті №8.<br>5.Балалар,бізге көктем жаршысы-жылы жақтан ұшып келетін құстын бірі-қарлығаш.(Суретін көрсету).Ол әлемге көктемнің келгенін хабарлап жүр.Біз оған көктемнің суреттерін жинап,коржынына салып берейік.<br>6.Сұрақ-жауап әдісі арқылы білімдерін қорытындылайды<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «»Қанатты достар»**<br>**Мақсаты:**Қанатты достарға деген қамқорлыққа, мейірімділікке үйрету. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ән тыңдау: «Қаз-қаз балам»<br>Ән айту: «Бесік жыры»<br>Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі<br>Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов)<br>«Әткеншектер» | («Брось дальше») – екі қатарға тұру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру.<br>Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Ойын тәртібінің сақталуын қадағалайды. Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>3. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көктем өрнегі»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру, көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отырып, дүниетанымын кеңейту. Табиғатты сүюге | естеріне салады. Тәрбиеленушілер қозғалыс басталған сызықтың жанына екі тізбек болып тұрады. Құрсаудан-құрсауға секіреді, қолы мен аяғының қимылдарын үйлестіруге тырысады. Секіруді ретімен орындауға тырысады. Жартылай бүгілген аяқтарының ұшымен түседі. Орындағаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығу: «Дауылпаз» Б.қ. – тізені бүгіп еденде отыру. Жаттығуды орындау барысында тізе біртіндеп жазылады. Үш дөңгелекті велосипедті тебу.<br>«Орындарыңды ауыстырыңдар» Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Педагог қыздарға ұлдармен орын ауыстыруды, велосипедпен жүріп өтуді ұсынады. Қозғалыс бағытын сақтауына назар аударады. Жүрмес бұрын велосипедке дұрыс отыру және түсу біліктеріне назар аударады.<br>3. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы: «Көбелектер»**<br>**Мақсаты**: Көбелектерді ұжым болып жапсыру жұмысын үйрету; адамгершілік қасиеттерін дамыту; әсемдікке табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br>-Наурыз қай мезгілде келеді?<br>Тәрбиеші балаларға шығармашылық әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>Балалар өз отбасыларында бұл мерекенің қалай өтетіні туралы әңгімелеп береді.<br>-Ия, пісіреміз.<br>-Әжеміз, анамыз пісіреді. Оған жеті түрлі тағам қосылады.<br>-Көктем мезгілінде келеді.<br>Балалар өз ойларынан шығармашылық әңгіме құрайды.<br>Билингвальды компонент: көктем-весна, үстел-стол, домбыра-домбра.<br>3.Сергіту сәті №5.<br>4.Жеке жұмыс жүргізеді. киімдер киіп алады. Сөйтіп, Наурыз мерекесін тойлайды. Қайталайды.<br>Балалар ұлттық әуенге би қимылдарын жасау арқылы бойларын сергітеді.<br>5.Балаларға үйден ата-аналарынан «жеті атасын» сұрап білу және жаттап келу тапсырылады.<br>Қуыршақ балалармен қоштасып кетеді.<br>Балалар тәрбиеші ұсынысына қуана келіседі.<br>Балалар қуыршақ Кәмшатпен қоштасады.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көрікті көктем»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін | развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, интонационную выразительность речи, умение согласовывать речь с движениями, общую и тонкую моторику; упр-ть в составлении предложений по картинкам. - формировать навыки учебной деятельности.<br>**Ход занятия:**<br>1.Круг радости.<br>2. Развивать у детей устную русскую речь, учить называть весенние месяцы и их последовательность на русском языке.<br>3. Расширять активный словарь по новый теме.<br>4. Фармировать навыки учебной деятельности.<br>5.Итог.<br>**ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы: «Геометриялық пішіндегі заттар»**<br>**Мақсаты:** Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту. Пішін мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**ҰОҚ барысы:** | | тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Көктем келді, көктем келді сағынта,<br>Бүршік атты алма ағаштар бағында.<br>Көптен күткен қарлығаштар тағыда.<br>Біздің үйге ұя салды, алақай,<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғатты та оянады.<br>2.Кіріспе әңгіме:<br>Өлең жылдың қай мезгіліне арналған?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ендеше, бүгін біз «Көктем өрнегі» өлеңімен танысып, жаттаймыз.<br>Көктем өрнегі<br>Қар еріді, су ақты,<br>Күндер келді шуақты.<br>Байтақ дала келбеті<br>Түкті кілем сияқты.<br>Көкке бояп өңірді.<br>Көктем келді көңілді.<br>Баубақшада, орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Күлімдейдй көкте күн.<br>3.Сұрақ-жауап<br>Көктем мезгілінде қандай құбыластары болады?<br>Ең алғашқы қандай гүлдер шығады<br>Көктем м езгілі сендерге ұнай ма?<br>4.Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.<br>«Бұл қай кезде болады» өленімен аяқтау. | 1.А. Сәрсеновтің «Көбелек» өлеңін оқып беру:<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек.<br>Тәрбиешінің сұрағына байланысты, балалар өлең мазмұнын әңгімелеп береді.<br>2.Д/О «Кім тапқыр»<br>Мақсаты:<br>Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру.<br>Бүгін осы көбелектер туралы көп нәрсе үйренеміз.<br>1. Олар көрмейді және естімейді<br>2. Тек жылы мезгілде ғана тіршілік етеді.<br>3. Олар қуыршақтан пайда болады.<br>4. 4 қанаты бар, өте нәзік, гүлмен қоректенеді.<br>5. Қыста ұйықтап жатады.<br>Ал енді балалар осы әдемі көбелектерді өзіміз бетіне жапсырып, досымызға силық жасайық<br>1. Ол үшін бізге не жасау керек екенімізді түсіну үшін үлгі керек<br>Тақтаға үлгі ілінеді.<br>Тапсырма: әр столға 4 балаға көбелектің 4 қанаты беріледі, әдемілеп, сәйкестігін тауып, ұқыптылап көбелекті құрастырып шығамыз.<br>2. Қатты қағаздар, көбелек бейнесі, желім, сулықтар қажет.<br>Балалар жұмысы тақтаға ілінеді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бекіту.Көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру.Жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Педагог күйтабақтан «Көктем келді» әнін тыңдатады. Әннің мазмұны, ырғағы жайында әңгімелеседі.<br>2. Педагог балалардан осы көктем көрінісінің суретін салып берулерін өтінеді. – Сурет салуды неден бастау керек?<br>– Бүгін бәріміз суретші боламыз. Суретшілердің ішінде тек қана табиғат көрінісін салатын суретшілерді қалай атайды? Табиғат суретшісі (пейзажист) деп атайды. Онда біздің топты табиғат суретшілерінің шеберханасы деп есептеңдер, суретшілер көп болғандықтан, екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ менің оң жағымдағы үлкен қағазға, екінші топ сол жағымдағы қағазға көктем көрінісін бейнелейді. Алдымен бәріміз ойланып алайық. Кім не салғысы келеді? (Көздерін жұмып отырып ойланады). Өздеріңнің алдарыңдағы ақ қағазға қара қарындашпен салғыларың келген суреттің сұлбасын (эскиз) түсіріп көріңдер. Содан кейін менің жанымдағы екі үлкен қағазға екі түрлі көктем көрінісін әр топ өзінше | 1. Педагог өлең оқиды. Мен сендерді саяхатқа шақырамын, Пішіндер әлеміне апарамын: Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыларды, сендердің алдарыңа ұсынамын.<br>Балалардың іс- әрекеті Педагог сабаққа ерекше қонақтардың келгенін хабарлап, бүгінгі сабақтың тақырыбын табуды ұсынады. Тыңдап, ойын жағдаятына қосылады. Адамдардың бейнелері құрастырылған пішіндерді атайды.<br>2.Мақсат қою (проблемалық жағдаят). Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің - дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған конверттер жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. – Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды. Одан кейін рөлдерімен ауысады. Геометриялық пішіндермен топтық жұмыс. – Балалар, қолдарыңа текше мен шаршыларды алыңдар. – Осы фигураларды салыстырыңдар. – Цилиндрмен дөңгелекті салыстырыңдар. – Цилиндр мен дөңгелектің қандай ортақ қасиеттері бар екенін кім түсіндіре алады? Одан кейін практикалық жұмыс ұсыныңыз: цилиндрдің негізінде саусақпен, қарындашпен қағазда жүргізіңіз. – Қандай пішін | | | Пікірлері сұралады. Тәрбиеші басқарумен жұмыс орындалады.<br>3.Қорытындылау.<br>**Экология негіздері**<br>**Тақырыбы**: **«Өсімдік әлемі»**<br>**Мақсаты:** Балабақша ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру. Міндеттері: - бұталы өсімдік – бөртегүлмен таныстыру. Балабақша ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді ажыратып, атауға үйрету. Ағаштар мен бұталарды танып, ағаштың және гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын бекіту. - өсімдіктердің көктем мезгіліндегі өзгерістерін ажырата білу білім, біліктерін дамыту; - адамдар еңбегін құрметтей отырып, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Педагог балаларды шаттық шеңберге шақырады.<br>2. Әңгімелесу Педагог балалардан көктем мезгілі, ондағы өзгерістер, басқа мезгілдерден айырмашылығы туралы сұрап әңгімелеседі. – Балалар, міне көктем мезгілі де келді. Сендер серуен кезінде даладан қандай өзгерістерді байқадыңдар? (Балалар күн жылына бастады, қар еріді деп серуен кездерінде байқағандарын естеріне түсіре отырып жауап |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнелейді.<br>3.Билингвальді компонент: бойынша көктем – весна, шеберхана – мастерская.<br>4.Сергіту сәті №10.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>5. Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**Музыка -1,5**<br>**Тақырыбы: «Наурыз-мейрам, мереке»**<br>**Мақсаты:** Жаңа жыл-наурыз мейрамының құдіреті туралы түсіндіру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландырады.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Сәлем!»<br>Дау.жаттығуы: «Көктем»<br>Ән айту: «Наурыз-мейрам, мереке»<br>«Наурыз келді»<br>Муз.ырғ.қим.: «Қарлығаш»<br>Ойын: «Сиқырлы орамал» | пайда болды?<br>2-тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>3.Сергіту сәті. №6.<br>Біз геометриялық пішіндерге қонаққа келдік.Олар бізге«Бұл неге ұқсайды?» ойынын ойнауды ұсынады. Педагог алдымен фигураларды және оларға ұқсайтын заттарды көрсетеді, ал одан кейін балаларға фигуралардың немесе фигуралардың топтары неге ұқсайтынын табуды ұсынады.<br>3-тапсырманы өздігінен дәптерде орындауды ұсынады. Пішіндерді, заттарды қарап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды.<br>4. Оқу қызметі қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді. Нені оңай және сәтті орындағанын, қандай қателіктер жіберіп, неден қиналғанын талдайды. | | | береді).<br>–Дұрыс айтасыңдар, күн көзінің жарқырап шығуынан қар еріп, жерге сіңіп кетті. Шөптер қылтиып шыға бастады, жыл құстары ұшып келді. Көктемде тағы да жаңбыр жауады екен. Қалай ойлайсыңдар көктем мезгілінде жауған жаңбырдың қандай пайдасы бар? (Жаңбыр жауғанда шөптер, ағаштар тезірек өседі)<br>–Жаңбырдың пайдасы көп екен. Көктемде жауған жаңбыр, өсімдіктер үшін өте пайдалы. Әсіресе ауылшаруашылығына пайдасы көп. Себебі диқан мен егіншілердің сепкен егін т.б дәнді-дақылдары тез бой алып, жақсы өседі. – Балалар, біздің жасыл достарымызға нелер жатады? (Ағаштар, гүлдер).<br>–Адамның достары өте көп, солардың бірі өсімдіктер екен. Олар бізге не сыйлайды? (әдемілік, таза ауа, көлеңке сыйлайды). – Өсімдіктерді неліктен жанды табиғатқа жатқызамыз? (Өйткені олар өседі, өнеді, көбейеді, ауырса солып қалады). – Далада өсетін өсімдіктер жылдың қай мезгілінде өсуін бастайды? (Көктемде).<br>Ағаштардың басқа өсімдіктерден айырмашылығы қандай (олар биік, жуан болып өседі, бұтақтары да жуан).<br>– Балалар, өсімдіктердің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | барлығында жапырақ бола ма? (Балалар жауап беруге тырысады).<br>– Өсімдіктердің барлығында жапырақ бола бермейді екен. Мысалы, өздеріңе таныс шырша ағашында жапырақ емес қылқандары болады екен. Сол себепті оларды қылқанды өсімдіктер деп атайды (суретін көрсету). Қылқанды өсімдіктердің қылқандары үнемі жасыл болып тұрады. Ал басқа ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Көктемде қайтадан орнына басқа жапырақтар шығады. Балалар, өсімдіктерге тағы нелер жатады? (Гүлдер, шөптер).<br>3.Педагог сергіту сәтін ұйымдастырады №9.<br>4. Қорытынды:Балалардан оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл күйлерін, не үйренгендерін айтқызу, бағалау, мадақтау. |
| **«Табиғат аясында» серуенге дайындық** | **10.25<br>10.40** | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| **Серуен** | **10.40-<br>11.40** | № 1<br>Ауа райын бақылау<br>Бақылау: Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>Қимылды<br>ойын: «Құлыншақтар»<br>Қимыл түрлерін өзгертіп | № 2<br>Күннің көзін бақылаймыз<br>Бақылау: Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру. Шешімін жасау.<br>Қимылды ойын: «Күн мен | № 3<br>Күннің шұғыласын бақылау<br>Бақылау:<br>Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру.<br>Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)<br>Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне | № 4<br>Желді бақылау<br>Бақылау:<br>Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер»<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | № 5<br>Аспанды бақылау<br>Бақылау:<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек:<br>Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. | түн»<br>Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>Еңбек: Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. | соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.<br>Еңбек: Жолдарды қардан тазарту<br>Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату.<br>Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. | Еңбек: Өсімдіктерге су құю<br>Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау).<br>Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар: Айналада ойын Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау. | жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Қимылды ойын: «Қоңырау»<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру).<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек: Тұқымды отырғызу.<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу.<br>Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу гигиеналық және шынықтыру шаралары** | **11.40-12.00** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| **Түскі асқа дайындық (кезекшілікті ұйымдастыру)** | **12.00-12.20** | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Ас адамның арқауы» Түскі ас** | **12.20-12.50** | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету | | | | |
| **гигиеналық және шынықтыру шаралары** | **12.50-13.00** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** күндізгі ұйқыға жатқызу | **13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | **15.10-15.45** | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын | Майтабанның алдын алу.<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. | Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз ( 3- 4 рет) | Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. | Демалу жаттығулары:<br>Жел соқты уууу уууу уууу<br>Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет) | Арнайы жолдармен жүру.<br>Отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет) | | | |
| **Бесін ас** | **15.45-16.10** | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеуді үйрету. | | | | |
| **«Алақай ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар. | **16.10-16.40** | **№10.«Пошта» сюжетті-рөлді ойыны.**<br>**Мақсаты:** Ойын кезінде балаларға ауыспалы заттарды қолдануды үйрету, өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ету. Байланыс торабы қызметкерлерінің жұмысымен таныстыруды, пошта қызметшілеріне құрметпен карауды қалыптастыруды жалғастыру, ойын барысында ересектердің еңбегін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетуді, сан мен санау туралы алған білімдерін қолдануды, заттармен және заттарсыз әрекеттену біліктерін дамытуды, орындалып жатқан әрекеттер туралы айтуды үйрету. | **№11.«Супермаркет. Жайлаудағы дүкен» сюжетті-рөлді ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету, құрбы-құрдастарымен өзінің жеке ойын бөлісу, келісе білу біліктерін қалыптастыру. Қазақтың салт-дәстүрі мен өмірі бойынша балалардың білімдерін кеңінен қолдану. Билингвалдық компоненттер негізінде диалогтік тілдік қатынасын дамыту. | **В/к: «Ғажайып әлем»**<br>**Theme:** «Spring is green»<br>**Aim:** Тақпақ жаттау. Дыбыстарды, сөздерді анық айтуға үйрету.Жаңа сөздермен сөздік қорды байыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**I. Greeting: Амандасу**<br>Good afternoon, Good afternoon<br>- Good afternoon, too you<br>- Good afternoon, Good afternoon<br>- I am glad see you!<br>- How are you children?<br>- I am OK!<br>**II. Шаттық шеңбері**<br>«Make a Circle» өлеңін айту<br>- Spring, spring, spring<br>- The trees are green<br>- O spring, O spring<br>- When birds sing<br>- I feel like a king<br>**Ask a question:** ***What is the weather in the spring?***<br>***- In spring very warm and sunny.***<br>**IV. Бағалау, мадақтау**<br>**V. Қортынды**:<br>«Good bye» өлеңін айту**.** | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:**"Кішкентай саяхатшылар"<br>(ертегі)<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер, гүлдер жер бетіне қалай жайылатыны туралы түсінікті бекіту. Ертегілер арқылы экология сабағына қзғушылығын арттыру. Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>Шаттық шеңбері №7.<br>Өлі және тірі табиғат, маусымдық өзгерістер жайлы балалардан білгенін сұрау. «Қатты желден, жаңбырдан сақтану үшін не істеу керектігін айту. Бүршік жарып келе жатқан ағаштардың суретін көрсету, олардың жапырақтары, көшеті, мұртшалары, сабағы арқылы көбейетінін, жарыққа қарай жылжи алатыны, өрмелейтіні, жармаласатыны, бұрылатыны, кейбір өсімдіктердің гүлдері кешке жабылып, таңертең қайтадан ашылатыны туралы түсіндіру. Өсімдіктердің иісі болады, гүлдейді, жеміс береді, өсуі мен жағдайының жақсы болуына жарық, ылғал, ауа, қалыпты | **№9.«Шаштараз» сюжетті-рөлді ойыны.**<br>**Мақсаты:** ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | температура қажет екенін таныстыру. Адамдардың күтімінсіз бөлме және бау - бақша өсімдіктері ауырады, солады, қурайды, сарғаяды, өліп қалады. Бөлме және бау - бақша өсімдіктерін өсіруге, оларды күтіп - баптауға талпындыру. Ағаштың діңін, жапырақтарын, бұтақтарын, гүлдің сабағын, жапырақтарын, гүлдерін тауып айтуға үйрету.<br>Өсімдіктердің суреттеріне қарап өзінің түсінгенін әңгімелеу.<br>*Сергіту сәті* №11<br>Өсімдіктер қалай өседі екен?<br>Оларға қандай күтім жасауға болады?<br>Жылдың қай мезгілінде отырғызу керек?<br>Сұраққа жауап бергенде қиналған балаға жеке көмек көрсету.<br>«Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,<br>Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ» ұғымын түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | |
| **Жеке жұмыс** | | Наурызғали Әлиге денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жақсы көіл-күймен жасауға, шынықтыру шараларын дұрыс жасауға, жүгіруге, секіруге үйрету. | Бисембай Камильге қатынас саласы бойынша дыбыстарды дұрыс айту арқылы сөздік қорын молайтуға, ертегі, әңгімелерді мұқият тыңдауға үйрету. | Ізбасханов Нұрдәулетке қатынас саласы бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға (а-ә, о-ө), суретке қарап отырып даусын салуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. | Мұқашев Ахмедке қатынас саласы бойынша дыбыстарды анық айтуға, соның ішінде «ш», «с» әріптерін шатаспай анық айтуға үйрету. | Наурызғали Әлиге таным саласы бойынша геометриялық пішіндердің атын атай білуге, түрін ажырата білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | **16.40-16.50** | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| **Серуен қимылды ойындар** | **16.50-17.50** | № 1<br>Ауа райын бақылау<br>Бақылау: Ауа райының құбылмалы сәттерін | № 2<br>Күннің көзін бақылаймыз<br>Бақылау: Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, | № 3<br>Күннің шұғыласын бақылау<br>Бақылау:<br>Күннің шұғыласын | № 4<br>Желді бақылау<br>Бақылау:<br>Ауа райы қалпы: жел | № 5<br>Аспанды бақылау<br>Бақылау:<br>Аспанды бақылауды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>Қимылды ойын: «Құлыншақтар»<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек:<br>Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. | күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру. Шешімін жасау.<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн»<br>Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>Еңбек: Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. | бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру.<br>Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)<br>Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.<br>Еңбек: Жолдарды қардан тазарту<br>Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. | соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер»<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Өсімдіктерге су құю<br>Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар: Айналада ойын Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау. | жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Қимылды ойын: «Қоңырау»<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбек: Тұқымды отырғызу.<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. |
| **«Ертеңге дейін....»**<br>Серуеннен оралу. Балалардың үйге қайтуы | **17.50-18.00** | Дәрігер кеңесі: «Коронавирустен сақтану жолдары» | Ата-аналарға төлемақыны уақытылы төлеуіне өтініш білдіру. | Ата-аналарға үйге берілген тақпақтарды жаттатуына өтініш білдіру. | Наурыз мерекесіне орай балабақшаішілік өтетін ертеңгілікке киініп келулеріне өтініш білдіру. | Демалыс күндері қауіпсіздік ережесін естен шығармауды түсіндіру. |

**Циклограмма**
**Бірінші апта (30-03сәуір 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып,қызуын өлшеп қабылдау.Ертеңгілік жаттығу. | Дене қызулары мен тазалығын тексеру.Дене шынықтыру шаралары.Жағымды жағдай орнату. | Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде әңгімелесу. | «Қай мезгілде киеміз?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Киімдерді атау,жыл мезгіліне сәйкес қуыршақты киіндіру. | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені № 15** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | «Астарыңыз дәмді болсын» Асың-асың-асыңа. Береке берсін басыңа Алла бізді қолдасын Еш жамандық болмасын. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Өзім туралы білгім келеді тақырыбында әңгіме. Мақсаты: Өзінің аты-жөнін, тұратын мекен-жайын толық айта білуге үйрету. | «Мен еңбекқор боламын» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балаларға еңбек,еңбексүйгіштік туралы түсінік беру. | «Бүгінгі ауа-райы қандай?» Мақсаты: Табиғаттағы ауа-райының өзгерістерін ажырата білуге үйрету | Достық туралы түсінік беру. Мақсаты: Достарына қамқор болуға, бір-біріне жанашырлықпен қарауға,сыйластыққа тәрбиелеу. | «Еркін ойын» Мақсаты: Өз бетінше еркін ойнауға мүмкіндік беру (секіру,жүгіру,жүру) |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күшік неге көңілсіз?» (Сурет бойынша әңгімелеу)** **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға, күшік сөзіне | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сиқырлы орындықтар»** **Мақсаты:** Қолды созып допты алға-жоғары-алысқа лақтыруды үйренуді жалғастырамыз. Орындықтан секіргеннен | **Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасаудың жаңа тәсілдеріне үйрету»** **Мақсаты:**Балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл жаққышпен | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тиін бізге қонаққа келд»** **Мақсаты:** Көлбеу тақтаймен жоғары өрмелегенде аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіруге үйрету. Затты | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!»** **Мақсаты:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қандай анықтауышты үйлестіруге болатынын көрсету. Тілдік қорын дамыту.Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1 Ұйымдастыру кезеңі.<br>Жұмбақ жасырылады:<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік. (Ит)<br>– Балалар, ит қандай жануар түріне жатады?<br>– Иттің баласын не деп атаймыз? (Күшік)<br>– Күшік қандай дыбыс шығарады?<br>– Кәне, ендеше бәріміз күшік  сияқты үрейікші (Әуп-әуп).<br>2.Негізгі кезең<br>Демонстрациялық құрал (Көңілсіз күшіктің сурет)<br>– Балалар, суреттегі күшік туралы әңгімелейік.<br>– Күшіктің көңіл күйі қандай? (Күшік кішкентай, сүйкімді, бірақ оның көңілсіз екенін<br>суретке қарап жеткізеді).<br>– Ол неліктен көңілсіз, жабырқаулы деп ойлайсыңдар? (Досын немесе анасын жоғалтып алды, мүмкін ауырып тұрған шығар, сондықтан көңілсіз деп әртүрлі жорамалдар айтады).<br>– Күшік кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді, ақылды, құлақтары ұп-ұзын, жүні жұп-жұмсақ, бірақ күшік көңілсіз, жабырқаулы.<br>– Мүмкін ол өзінің атын | кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін нығайту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, қимыл үйлесімділігін дамыту, тепе-теңдік сақтауға үйрету. Жинақылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Орындықтарды бір-біріне параллель орналастырады.<br>Ойындық сәт. Кәдімгі орындықтарды сиқырлы орындыққа айналдыруға шақырады.<br>Сиқырлы орындық балалардың үлкен болуына көмектеседі.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден сап түзеп тұру.<br>Шеңберді бойлай жүру, орындықтардың арасымен «жыланша»<br>иректеп жүру, шеңберді айналып жүгіру.<br>Орындықтардың үстінде жалпы дамытатын жаттығуларды орындау: тепе-теңдік сақтау.<br>Негізгі қимылдарды орындайды:<br>20 см биіктен тереңге секіру.<br>Жерге түскеннен кейін тепе-теңдік сақтауға назар аударады.<br>Оң және сол қолмен алысқа лақтыру.<br>Орындалу тәсілін түсіндіру.<br>Нұсқау: допты алға-жоғары-алысқа лақтыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен құстар».<br>Ойын ережелерін түсіндіру.<br>Құстардың қимылдарын | өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету.<br>Өсімдіктердің жапырақтарының жағдайына қарап, суарудың қажеттілігін анықтауға үйрету, жапырақтардың ерекшеліктері мен оларға күтім жасау тәсілдері арасында байланыс орнату.Су сепкіш, су шашу, қопсыту сөздерін енгізу арқылы сөздік қорын байыту. Жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасауда жауапкершілік таныту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Педагог  балалардың жұмыс істеуіне  қолайлы эмоционалдық<br>көңіл  күй  қалыптастыру мақсатында өлең оқиды.<br>Педагог әр бөлме гүлінің аты бар екенін ескертеді.<br>– Өсімдік жанды ма әлде жансыз<br>ба?  Қалай  ойлайсыңдар?<br>Өсімдіктің әдемі болып өсуі үшін<br>не істеу қажет?<br>Сұрақтарға  жауап  алу арқылы<br>ҰОҚ-ның  тақырыбын және мақсатын болжамдап тапқызады.<br>Балалардың  назарларын суретке  аударады:<br>суреттегі  балалардың  не істеп жатқанын,бөлме гүлдерін  қалай<br>күтіп-баптау  керектігін әңгімелейді.<br>Өсімдіктердің  дұрыс  өсуі | алысқа лақтырған кезде қолды иықтан алға-жоғары көтеру және күшпен лақтыру қабілетін жетілдіру. Құрсаудан-құрсауға кезекпен, қос аяқпен бір уақытта секіру және жерге түскенде аяқтыжартылай бүгіп түсуге үйрету.Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға деген қызығушылығын ояту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Жұмбақ жасырады.<br>Жауымнан мен қашқанда<br>Ағаштарға самғап бағам.<br>Ал қарыным ашқанда,<br>Отырып ап жаңғақ шағам.<br>Тиін келеді.<br>Тиін балаларды бірге ойнауға шақырады.<br>Сол сияқты епті әрі шапшаң болуды үйренеді<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден шеңбер құрап тұру, қолды әртүрлі қалыпта ұстап (жоғары көтеру, қапталға,<br>алға созу, иыққа апару) аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру.<br>Қарағай бүрлері немесе пластмасса ойыншықтарды пайдаланып, жалпы дамытатын<br>жаттығуларды орындау.<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.<br>Оң және сол қолмен алысқа лақтыру.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысырақ лақтырады?».<br>Лақтырудың орындалу тәртібін еске салады: қолда | білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Карточканы құрастыр».<br>Балаларды қаншалық өсіп, өз бетінше әрекет етуге үйренгендерін көрсетуге шақырады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Қатарға тұру. Залдың бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру,<br>қатарға тұру.<br>Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха».<br>Ауаны жеңіл жұтуға тырысу қажет.<br>Жаттығуды орындайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұмытып қалған шығар? Кәне, оған ат қойып көрейікші. Мысалы: Ақтөс, Бөрібасар, Бим т.б<br>– Бәлкім, ол өзінің атын естігенде көңілденетін шығар? (Өз ойларын айтады).<br>– Ол көңілденбеді, әлі де жабырқаулы. Енді не істесек болады? Ендеше дәптерімізді ашайық, күшіктің көңілін көтеру үшін тапсырманы орындайық.<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі «Күшіктің сүйекке жету жолын бастыр» тапсырмасын орындату.<br>– Балалар, біз күшікке сергіту жаттығуын жасап көрсетейік. Ол сол кезде көңілденер?<br>Сергіту сәті.<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық.<br>3.Қорытынды кезең (рефлексия)<br>Педагог күшігіміздің көңілі көтерілмегенін, енді үйге барған соң ғаламтор (интернет) , телефон арқылы хабарласып күшік туралы мағлұматтар жіберіп, оның иесін табуға көмектесуге кеңес береді.<br>– Біз солай күшікті куантсақ, нұр үстіне нұр болар. Күшікпен қоштасып, оған жылы | әдемілеп салуға назар аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Сиқырлы орындықтар балалардың үлкен әрі әдемі болуына көмектесті. Балалардан қандай болғандарын көрсетіп берулерін сұрайды.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2, 3, 4, 5 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Реттік санау. Оң жақта- сол жақта, жоғарыда-төменде»**<br>**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы өткенді пысықтау.5-ке дейін санауды жалғастыру, «қанша?», «нешінші?» сандарына дұрыс жауап беруге үйрету.Символдық суреттерден геометриялық пішіндерді таба білу дағдыларын дамыту.Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру.Салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету.Өзара түсіністікке, көмек қолын созуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог кез келген цифрды алып, сол туралы өлең оқып беруді сұрайды.<br>2. Негізгі кезең.<br>1-тапсырма. | үшін оларды дұрыс күтіп-баптау керектігі айтылады.Үстел үстіне фикус гүлін қояды. Балалармен бірге гүлді күтіп-баптау жұмысына кіріседі.Үстел үстіне, жапырақтарды сүртуге арналған жұмсақ, кішкентай сүлгі, сусепкіш,тырмалауыш және топырақты қопсытуға арналған таяқшаларды қояды. Құрал-жабдықтарды көрсетіп,оларды қалай қолдану қажеттігін түсіндіреді.<br>3 баланы жанына шақырады.<br>Педагог балалардың іс-әрекеттерін айтып тұрады:<br>– Бөлме гүлдерін бөлме температурасымен бірдей сумен суғару қажет. Гүлдерге арналған суды ыдысқа құйып, оны бірнеше сағат қойып қою керек.Жазда гүлдерді кешкісін, ал қыста таңертең суғару қажет.<br>Құмырадағы топырақты таяқшалармен қопсыту қажет.<br>Топырақты қопсыту арқылы тамырға ауа жібереміз.Бірақ таяқпен тамырды кесіп жібермеу керек.<br>Жапырақтардың шаңын абайлап сүрту қажет.<br>Кішкентай жапырақтардың шаңын жұмсақ қылқаламмен сүртуге болады. | иықты үстіне қарай алға-жорғары көтеру қажет.<br>Балалардың назарын лақтыру күшіне аударады.<br>Алақан мен табанды тіреп, көлбеу тақтайдың үстімен өрмелеу.<br>Шеңберден-шеңберге секіру (бес шеңберден екі қатар).<br>Нұсқау: қимылдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бір шеңберде бір баладан болуы тиіс.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!».<br>Шеңберлерді кез келген бағытта орналастыруға болады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «1-2-3– ал!».<br>Тиінмен бірге балалардың ойыншықтарын алып қоюға тырысады.<br>Тиін балалармен қоштасады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау»**<br>**Мақсаты:** Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттата отырып, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы балалардың ойлау | Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады.<br>1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді.<br>2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды. Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп, қолдарын түсіреді («ха»).<br>3 – бойын ақырын тіктейді және демалады.<br>Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығрады.<br>«С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады.<br>Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет.<br>Негізгі қимылдарды орындайды.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?».<br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Екі аяқпен бір уақытта итеріліп секіруге назар аударады.<br>Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу.<br>Нұсқау: допты алдына шығарып ұстайды, алға-жоғары лақтырады; допты саусақтарының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздер мен тілектер арнау.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ұлу»**<br>**(Акварель бояу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру.Балалардың қағаз бетінде дұрыс бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру.Жұмысты мұқият ептілікпен жасауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері №11<br>Дидактикалық ойын: «Жасырынған жәндіктер»<br>Балалар слайд арқылы жасырынған жәндіктерді тауып, тапсырманы орындады.<br>Жұмбақты шешейік:<br>Әрең жылжып алдыға,<br>Асықпайды бір мұны,<br>Кім екен ол ойлан тап,<br>Тасты үйдің тұрғыны.<br>(Ұлу)<br>Слайд арқылы ұлу туралы түсінік беру.<br>-Әрине бұл-ұлу.<br>-Балалар, қарандаршы, ол қандай әдемі. Ұлуда не бар?<br>-Ия оның тастан үйі бар. Ол бізде қабыршақ деп аталалы. Ұлудың түрлері қте көп. Олар жәндіктер қатарына жатады. Ұлу су да, құрлықта да тіршілік етеді.<br>Сергіту сәті:<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Көкке қарап, талпынып, | Педагог 1 цифрын қызыл түспен, 2-ні жасылмен, 3-ті көкпен, 4-ті сарымен, 5-ті қызғылт<br>сары түспен бояуды ұсынады.<br>Тапсырма орындалғаннан кейін балалардан сұрайды:<br>– 3 цифрын қандай түспен боядыңдар?<br>– 4-ті ше?<br>2-тапсырма.<br>Педагог балалардан суретке мұқият қарап, төмендегі сұрақтарға жауап беруін өтінеді:<br>– Суреттегі заттардың нешеу екенін айтыңдар.<br>Содан соң ретін анықтаңдар.<br>Ол үшін қалай санаймыз?<br>– Бірінші, үшінші және бесінші тұрған заттарды ата. Оларды боя. 3-тапсырма.<br>Педагог мысықты құраған геометриялық пішіндерді ғана бояуға тапсырма береді.<br>– Балалар, сендер неше геометриялық пішінді және қандай пішіндерді боядыңдар?<br>Сергіту сәті.<br>Қимылды би билеу.<br>4-тапсырма.<br>– Айгүл сурет салуға көмектесулеріңді сұрап отыр. Қандай сурет салатынымызды қазір Айгүлдің өзі айтып береді.<br>Педагог тапсырманы оқиды: жоғарғы жағына бұлттың және күннің суретін; төменгі<br>жағына үйдің және гүлдің суретін салуларын | – Балалар,фикус гүлі бізге риза<br>болған шығар?<br>Өсімдіктің өсуін көрсететін<br>сызбамен жұмыс.<br>Сергіту сәті №12<br>Жұмбақ оқиды.<br>– Жапырағы тікенді, бірақ қолға<br>кірмейді. Емдік қасиеті бар бұл не<br>гүл?<br>Педагог алоэ гүлімен таныстырады:<br>– Алоэ– дәрілік өсімдік. Оны халық «жүзжылдық» деп те атайды. Жараны жазады,жөтелді емдейді.Сонымен қатар асқазан ауруларын да емдейді.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Рефлексия:<br>Балалардың ҰОҚ-да қаншалықты өсіп жетілгендерін көру:<br>Отырып, тұрып, созылып.<br>Ым-ишарамен көрсету: Міне,<br>тамаша!<br>Қол шапалақтаңдар!<br>Аяқтарыңмен топылдатыңдар!<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүл»**<br>**Мақсаты**: Түймедағы гүлін мүсіндей білуге үйрету,көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Саусақ бұлшық еттерін,сөздік қорын,тілін дамыту.Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру,табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. | қабілеттерін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Балаларды шеңберге тұрғызу:<br>Мысалы: Кел, балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілденіп жүрейік.<br>2.Балаларға үнтаспа қосып тыңдату.<br>-Балалар, бұл ненің дыбысы естіледі?<br>Балалар: құстардың дыбысы естіледі.<br>- Ия,дұрыс айтасыңдар.<br>Құстар қай мезгілде жылы жақтан бізге ұшып келе бастайды?<br>- Балалар: Көктем мезгілінде ұшып келеді.<br>- Дұрыс айтасыңдар.<br>-Ендеше, қазір бізде қандай жыл мезгілі?<br>- Көктемде табиғат қандай болады?<br>- Бүгін ауа –райы қандай?<br>- Көктемде қар не істейді?<br>Балалар: қар ериді,табиғат оянады,құстар ұшып келеді, күн жарқырап, жаңбыр жауады.<br>2.Жаңа тақырыпты хабарлау.<br>Сөздік жұмыс:<br>Құлпыртып – жарқырау,жайнау мағынада;<br>Гүл ектік - гүлді отырғызу дегенді білдіреді.<br>Автордың портретін балаларға көрсетіп,әңгімелеу.<br>Өлеңді оқу. А.Бақтыгереева<br>Мысалы: «Анаға сыйлаймыз»<br>Көктемде көңілді | арасын ашып ұстайды және өзіне қарай қыспайды.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ». Нұсқау: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктемгі еңбек құралдары»**<br>**Мақсаты:**<br>Адамдардың көктемгі еңбегімен таныстыру.Көктемгі еңбеккке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге,олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйрету.Ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту және оның нәтижелеріне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>-Балалар, мен сендерге жұмбақ оқып берейін.<br>Қар еріп, су көбейіп,<br>Сай –салаға ағады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Күнге қолды созамыз<br>Қанат қағып ұшамыз.<br>Қарлығаштай қалықтап.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір тынығып аламыз.<br>-Онда ұлудың суретін салайық, мен сендерге беріп көмектесіп отырамын. Алдымен ұлудың суретін ауада сызықпен сызып көрсетеміз.<br>«Нүктелер арқылы сурет салу» -<br>Дәстүрден тыс әдісін пайдаланамыз. Бұл сурет салу техникасы пуантилизм деп аталады. Нүктелер мақта оралған таяқшамен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі. Мақта оралған таяқша көмегімен ұлуымыздың денесін, басын, құлағын, қабыршағын саламыз.<br>-Енді ұлуымызды бояймыз. Бет-пішінін қарындаштың көмегімен саламыз. Ұлудың суреті пайда болды.<br>Қорытынды.<br>-Балалар оқу қызметінде не туралы айттық?<br>-Бұл оқу қызметінде ненің суретін салдыңдар?<br>-Балалар, барлығында өте жақсы тапмырманы орындап, ұлудың бейнесін әдемі етіп жасадыңдар. Жасаған жұмыстарын көрмеге қойып, балаларды мадақтау арқылы, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Музыка-1**<br>**Тақырыбы:** | тапсырады.<br>Содан соң педагог балалардан сұрайды:<br>– Күнді қай жерге салдыңдар?<br>– Бұлтты қай жерге салдыңдар?<br>– Үйді қайда салдыңдар?<br>– Гүлді қай жерге салдыңдар?<br>3.Қорытынды.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Педагог балаларды мадақтайды. | **ҰОҚ барысы:**<br>Тілек шеңбері.<br>Аспанымыз ашық болсын<br>Деніміз сау болсын<br>Балабақшамыз жайнай берсін<br>Әр үйде қуаныш болсын.<br>Жарайсыңдар балалар, тілектерің қабыл болсын!<br>Балалар қазір біз сендермен бір ғажайып баққа баратын боламыз. Бақтың ішін көргілерің келе ме? Ғажайып баққа бару үшін түгелдей көзімізді жұмайық.<br>Сыйқырлы әуен шығады. Құстардың даусы мен судың сылдыры мен ғажайып бақ ашылады.<br>Мінеки балалар біз ғажайып баққа да келдік. Бақтың ішінде Гүл ханшайымы отырады.<br>Гүл ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме балалар! Сендер менің ғажайып бағыма қонаққа келдіңдер ме? Мен Гүлдердің ханшайымымын.<br>Тәрбиеші: Гүл ханшайымы сәлеметсіз бе! Бағыңыз өте тамаша екен.<br>Гүл ханшайымы: Ия менің сүйкімді бүлдіршіндерім, менің ғажайып бағым әрдайым құлпырып , жарқырап тұрады.<br>Тәрбиеші: Гүл ханшайымы сен қазір қай жыл мезгілі екенін білесің бе?<br>Гүл ханшайымы: Жоқ мен білмеймін. Менің бағым үнемі құлпырып, жадырап, мәңгі жаз болып тұрады.<br>Тәрбиеші: Балалар олай | Құстар кеп жатқанда,<br>Құлпыртып өңірді,<br>Гүл ектік бақтарға.<br>Гүл ектік аулаға<br>Көктемде көңілді.<br>Бақта да, бауда да<br>Ақ гүлдер өрілді.<br>Біз доспыз гүлдермен,<br>Текке оны жұлмаймыз.<br>Той күні бір-бірден<br>Анаға сыйлаймыз.<br>3.Сергіту сәті: Күркіреді күн-күн,<br>Терезелер шың-шың.<br>Жауды жаңбыр топ-топ,<br>Шелек –шелек көп-көп.<br>4.Өлеңнің мағынасын балаларға түсіндіріп ашу.<br>5.Өлеңді тірек-сызба арқылы 3 тәсілмен жаттау (баяу,ақырын,тез)<br>6.Дидактикалық ойын: Мен бастаймын,сен аяқта.<br>Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін арттыру.<br>7.Оқу қызметін қорытындылау.<br>-Балалар, бүгін қандай өлеңді жаттадық?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Өлең кім жайында айтылған?<br>Бағалау: өз-өзін бағалау.<br>Тәрбиеші бағалайды.<br>Балалар өлең жолдарын бірге айтады.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жұлдыз құрт»**<br>**Мақсаты:** Оригами әдістемесімен таныстыруды жалғастыру, бүктеу арқылы жұлдызқұртты жасауды үйрету. Қол ұсақ маторикасын дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері: | Бүршік шашып, жапырақ қашып<br>Гүл бәйшешек басады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі екен?<br>-Көктемде қандай өзгерістер болады?<br>Тосын сәт: Дымбілмес келеді.<br>-Дымбілмес, бүгін балабақшаға не үшін келдің?<br>Дымбілдес: Мен мына құралдармен не жасау керектігін білмейімін.<br>-Балалар, Дымбілмеске көмектесеміз бе?<br>-Балалар, көктемде қандай жұмыстар, қандай құралдармен жасайтынымызды Дымбілмеске көрсетейік.<br>-Мына суретке қарандаршы, атасы мен баласы не жасап жатыр?<br>-Олар қандай құралдармен жұмыс жасап жатыр?<br>-Мына суретте қарандаршы, не жасап жатыр?<br>-Оған қандапй құралдар керек?<br>Билингвальды компанент: күрек – лопатка, тырма – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Күлкі өмір айнасы»**<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту,Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету.Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру.Ойын ойнау арқылы ептілікке, баулиды.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ән тыңдау: «Көліктер дауысы»<br>Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен»<br>Ән айту: «Бағдаршам» (С. Қалиев)<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Бағдаршам» би қимылдары<br>«Ки-ки-ки, ко-ко-ко»<br>«Соку, бачи, вира» | | болса Гүл ханшайымына қазір жылдың қай мезгілі екенін айтып берейікші.<br>-Сонымен қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Көктем мезгілінің айларын атап жіберейікші.<br>-Ал қазір бізде қай ай?<br>-Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Гүл ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, сендерге көп рахмет. Мен жыл мезгілін білдім. Енді сендерге өзімнің гүлдерімді сыйлық ретінде таратып берейін, және де мен сендердің топтарыңа өзімнің ең жақсы көретін гүлімді сыйға тартқым келіп тұр. Осы гүлді көріп мені естеріңе алып жүресіңдер.<br>Тәрбиеші: Гүл ханшайымы сыйлығыңызға көп рахмет. Енді біз балабақшамызға қайтайық. Бізді қонақ қылып, сыйлық беріп жатқаныңызға көптен көп рахмет.<br>Тәрбиеші: Балалар Гүл ханшайымының берген сыйлығы бойынша әрқайсысымз өз орындарымызға жайғасамыз.<br>Суретпен жұмыс. (теледиардан түймедақ гүлінің суретін көрсету)<br>Балалар барлығымыз теледидарға назарымызды аударайық. Түймедақ гүлі бақша гүлдеріне жатады. | Арайлап таң атты, нұр сәулесін таратты,<br>Жарқырайды даламыз, жарқырайды қаламыз.<br>Қайырлы таң , достарым, қайырлы таң , апайлар!<br>Жарайсыңдар, балалар.<br>Айтыңдаршы қазір жылдың қай мезгілі?<br>Аптаның қай күні?<br>Қай айы?<br>Кім көктем туралы тақпақ біледі?<br>Жұмбақ:<br>Денесі буылтық,<br>Сырты жасыл түк.<br>(Жұлдызқұрт)<br>Экраннан жұлдызқұрттың бейнесін тамашалау.Жапырақшалар тәрізді жасыл түсті екен.Денесі шарлардан құралған сияқты. Алдында ең үлкен шар-бұл оның басы, содан кейін кішілеу, сосын одан да кішкентай және т с. с.. ал ең соңында ең кішкентай шар-құйрығы тұр. Жұлдызқұрттың басында қара көзі бар.<br>-Балалар бүгін біз жұлдызқұрттың бейнесін оригами әдісі арқылы жасайтын боламыз.<br>Жасалу жолдарын түсіндіру.<br>Билингвальды компонент: Жәндіктер-насекомые, жұлдызқұрт-гусеница.<br>Сергіту сәті №8.<br>Жұмысты орындау барысында ең үлкенінен ең кішкентайына дейін-орналасу ретіне назар аудару.<br>Қорытынды.Балалар,кане | грабли.<br>-Тағы жер қазуға арналған техникалар бар. Ол –эксковатор.<br>Сөздік жұмыс: су құйғыш, эксковатор<br>Сергіту сәті:<br>Оңға қарап, солға қарап,<br>Жан –жағында толған ара.<br>Олай бұғып, былай бұғып<br>Өзіңді –өзің қорға бала.<br>Көктемде ағаш егеміз.<br>Күтіп баптап қараймыз.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі берілген тапсырмаларды түсіндіру.<br>Тапсырма: Суреттегі көктемгі еңбекке қажетті еңбек құралдары мен техниканың не үшін қажет екендігін сызық арқылы бағытпен көрсетіңдер.<br>Қорытынды.<br>-Балалар, бүгін сабақта немен таныстық<br>-Балалар, құралдар деп біз нені айтамыз?<br>-Құралдар бізге не үшін қажет?<br>-Балалар, бүгін біз кімге көмектестік? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Түймедақ гүлінің мынау күлтелері. Күлтесі ақ түсті. Ал ортасындағы тостағаншасы. Тостағаншасы сары түсті. Ал мынау сабағы мен жапырағы. Түсі жасыл. Балалар біз бүгін осы түймедақ гүлін өзіміз жасайтын боламыз. Түсіндірме жұмыс. Ол үшін бізге үш түсті ермексаз, ақ, сары, жасыл, тақтайша, сулы губка, сүлгі, пышақ қажет. Ең алдымен жеңімізді түреміз, қолымызды сулы губкамен дымқылдап, сары ермексазды аламыз. Бірінші гүлдің тостағаншасын жасаймыз. | жұлдызқұрттың бөліктерін санайық тұра және кері. Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? Балаларды мадақтау, жұмыстарын талдау және көрмеге қою | |
| **«Табиғат аясында»** Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№3** | **№7** | **№8** | **№3** | **№7** |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті «Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут) Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | Майтабанның алдын алу. Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, | Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды | Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяуууу Фррр фрррр фрррр | Салқын сумен қолымызды, бетімізді жуамыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау. ( 3- 4 рет) | жоғары созу, белімізді созу. | | |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **Луллия сақиналары «Ғаламшарлар»** **Мақсаты:** Балаларға күн жүйесі мен ғаламшарлар туралы жан-жақты білім беру. Соның ішінде күн жүйесінің құрамына кіретін аспан денелерінің маңызын жете түсіндіру.Балалардың дүниетанымын кеңейту.Балаларды зерделілікке, ынтымақтастыққа, ізденімпаздыққа,тәрбиелеу. | **№4.«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлдік ойын** **Мақсаты:** Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту | **Вариативтік компонент: «Ғажайып ел»** **Theme:** « I go to school » **Aim of the lesson**: Оқу құралдарын атауға және көрсетуге үйрету.Зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін қолдануды дамыту. I. Greeting: Амандасу - Good morning, Good morning, - Good morning too you - Good morning, Good morning, - I am glad see you! - How are you children? - I am OK! II. Шаттық шеңбері « Happy good day » өлеңін айту 1) Ask a questions? New words: a desk, a table, a chair, a pen, a book, a pencil, a ruler, a copybook III. Refreshment time: «If you`re Happy» 1) Singular: This is a book This is a pen This is a copybook 2) Plural: These are a books These are a pens These are a copybooks Бағалау, мадақтау IV. Қортынды: «Good bye» өлеңін айту. | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Бау-бақша бізді күтуде»** **Мақсаты:** Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Барысы:** 1.Шаттық шеңбері №5. 2. Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. 3. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. 4.Сергіту сәті №8. 5. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 6.Қорытындылау. | **Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»** **Мақсаты:** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. . |
| Жеке жұмыс | | Бисембаева Аминаны таным саласы бойынша табиғи материалдардан және конструктордан түрлі құрылыс | Ерсегіз дарханды қатынас саласы бойынша сөйлемдердің түрлерін қолдана білуге,дыбыстарды анық айтуға,өзіне ұнайтын | Жаукенова Іңкәрдің денсаулық саласы бойынша спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын | Бисембаева Аминаны шығармашылық саласы бойынша өз бетінше сурет салуға,түрлі пішіндегі заттарды | Еркебұланқызы Ариянаға таным саласы бойынша қағаздан көлемді пішіндер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бұйымдарын құрастыруға талпындыру. | шығармалардың аттарын атап беруге талпындыру. | ояту. | мүсіндеуге,қайшыны дұрыс ұстап,пайдалана білуге ынталандыру. | жасауды,геометриялық пішіндер мен геометриялық денелер туралы түсінік қалыптастыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№7** | **№8** | **№13** | **№14** | **№8** |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу. Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Балаларға қолдарын үнемі жуып жүруді ескерту. | Балалар іс-әрекетін мадақтау.Балабақшадан себепсіз қалмауларын өтіну. | Ата-аналарға «Сиқырлы ғарыш» атты көрмеге қатысуларына өтініш білдіру. | Ата-аналарға баласының балабақшада не үйренгенін сұрап,қадағалауларын тапсыру. | Ата-аналарға балалардың таза болып келулерін тапсыру.Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |

**Циклограмма**
**Екінші апта (06 – 10 сәуір 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып,қызуын өлшеп қабылдау.Ертеңгілік жаттығу. | Дене қызулары мен тазалығын тексеру.Дене шынықтыру шаралары.Жағымды жағдай орнату. | Балаларды қабылдау.Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру.Ертеңгілік жаттығу жүргізу. | «Біз сезімтал баламыз» Мақсаты: Балалармен балабақшаға келе жатқанда ауа-райында қандай өзгерістерді байқағандары туралы сұхбаттасу. | «Қайырлы таң, досым!» Мақсаты: Балалармен достық туралы әңгімелесу, досының жақсы мінез-қылықтарын атап беруді ұсыну. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені № 15** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | «Астарыңыз дәмді болсын»<br>Асың-асың-асыңа.<br>Береке берсін басыңа<br>Алла бізді қолдасын<br>Еш жамандық болмасын. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | «Ғарышкер күні» Мақсаты: 12 – сәуір ғарышкерлер күні екенін түсіндіру.Балалардың ғарыш туралы білуге қызығушылығын арттыру. | «Байқоңыр – ғарыш айлағы» бейнебаян. Мақсаты: Қазақстан еліндегі Байқоңыр ғарыш айлағының және қазақ еліндегі тұңғыш ғарышкерлер туралы мәлімет беру арқылы оқу қызметіне кірісу. | «Мен табиғатты сүйемін» тақырыбында әңгіме жүргізу. Мақсаты: Балаларды бөлме өсімдіктерінің әсемдігіне көңіл бөлуге баулу. | «Жер – біздің планета» бейне жазба тамашалау. Мақсаты: Ғарыш әлемі жайлы түсінік бере отырып,экологиялық сана қалыптастыру. | «Мен еңбекқор баламын» тақырыбында ойын ұйымдасытыру. Ойын шарты: Балалар дөңгелене тұрып,ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады.допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып,келесі балаға лақтырады. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05- 10.25 | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» (Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу)** **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертеглердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.Балалардың айтылан йды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамытуды жалғастыру.Үлкенге, кішіге көмек беребілуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** 1.Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері: «Жылы сөздер» Шарты: балалар шеңбер болып тұрады, кезекпен- | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Байқоңыр» Мақсаты:** Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру жаттығуларын орындау, табандағы бұлшық еттерді нығайту (жалпақтабанның алдын алу). Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, алға қарай қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту (3 керме) жаттығуларын орындауды жалғастырамыз. Күшті, епті болуға үйрету, зейінін, әрекет ету жылдамдығын дамыту; жинақылыққа, батылдыққа, өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі. Ғарышкер болып ойнау туралы ұсыныс жасайды. «Байқоңыр» ғарыш айлағына саяхаттауға шақырады. II. Негізгі кезең. Бір-бірден сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен жүру және | **Жаратылыстану Тақырыбы:«Бұршақтың тұқымын отырғызу» (тәжірибелік іс-әрекет) Мақсаты:** Өсімдіктердің тұқымдардан өсетіні туралы түсініктерін нақтылау. Бұршақтың тұқымын тануға, оны үрме бұршақтан ажыратуға үйрету. Бұршақтың өсуіне қажетті жағдайлар туралы (топырақ, су, жарық, жылу) білімдерін бекіту. Өскен бұршақты отырғызуға үйрету: жерді тереңдетіп қазу, бұршақты дұрыс салу, топырақпен жабу, су құйғышпен суару. Тұқым, бұршақ, үрме бұршақ, өсімдік сөздерін енгізу арқылы сөздік қорды байыту. Көкөністерді өсіруге қызығушылығын ояту. **ҰОҚ барысы:** Білімді өзектендіру. Бұршақтың суретін көрсетеді. - Бұл ненің суреті? Бұршақ пен | **Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат» Мақсаты:** Допты қос қолдап еденге ұру, допты саусақтарын жазып ұру және допты үстіңгі жағынан аздап басуды үйрету. 3 зат арқылы кезекпен секіру қабілетін нығайту жерден күшпен итеріліп, жерге жартылай бүгілген аяқпен жеңіл түсу қабілетін жетілдіру. Балалардың ой-қиялы мен зейінін; үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі. Ескертеді: Балалар, сендер бәрің «Байқоңыр» ғарыш айлағында арнайы дайындықтан өттіңдер. Енді зымырандарға мініп, ғарышқа саяхат жасайық. II. Негізгі кезең. Қимыл-қозғалыс ойыны: | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Самокат тебеміз» Мақсаты:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білу, тепетеңдікті сақтауға үйрету. Биіктігі 10 см үш заттан кезекпен секіріп өту қабілетін жетілдіру. Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру 1 53 жаттығуларын орындау, табандағы бұлшық еттерді нығайту (жалпақтабанның алдын алу).Күшті,епті болуға үйрету,зейінін,әрекет ету жылдамдығын дамыту.Батылдыққа,өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі. Шеңбер құрап тұруға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезек бір-бірінің қолын ұстау арқылы жылы сөздер айтады. Мысалы: Әйгерім, сен сондай ақылды қызсың! 2.Негізгі кезең Ғажайып сәт: Ортаға ғажайып текшені алып келу. – Балалар, бұл не? (Текше) – Балалар, анықтап қарасақ, текшенің бетінде әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар. Дидактикалық ойын: «Ғажайып текше!» Шарты: Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз. Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді). – Содан соң атай не істепті? Келесі баладан жалғасын сұрайды. – Одан кейін олар кімді шақырды? – Соңында шалқанды қалай жұлып алды? – Жақсы, сонда кішкентай тышқан қандай болыпты? Кәне, тышқанның дыбысын салайықшы Дәптермен жұмыс: дәптердегі « Ертегі кейіпкерлерінің кезекпен | өкшемен жүру жаттығуларын кезекпен орындау – жүгіргенде аяқтың ұшын басады, жүргенде тізесін бүкпей, өкшемен жүреді. Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта!». Жүру, «шашырап» жүгіру. «Тоқта!» деген бұйрық берілгенде – бір орында қозғалмай тұра қалады. Негізгі қимылдарды командалық жарыстар түрінде орындау. Заттардың үстінен қос аяқтап секіру (биіктігі – 10 см). Секіру жаттығуларының қалай орындалатынын түсіндіру: қолды алға шығарып, екі аяқпен екпінмен итеріле секіру. Оңға қарай қосалқы адым жасап (3 кермеден) гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екіншісіне өте отырып өрмелейді – «бұлтқа қолын тигізеді». Балалардың гимнастикалық қабырғамен өрмелеген кезде аяқ пен қолды үйлесімді қимылдатуына назар аударады (аралықтан-аралыққа өту, тепкішектерді ұстау). Балалардың зейінін жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?». Төрт жетекшіні таңдап алады. Түрлі түсті жұлдызшаларды таратып береді. Ұйымдастырылған оқу | үрмебұршақтың айырмашылығы туралы түсіндіру. Бұршақ өсу үшін жылу, су, жарық және ауа қажет. Біз бүгін бұршақты қалай отырғызу керектігін үйренетін боламыз. Сергіту жаттығуы. Шақ-шақ-шақ, Отырғызайық бұршақ. Өс-өс-өс, Алақаныңды тос! Бұршақ отырғызу. Тәрбиеші балаларды бір–бірден шақырып, қолдарына бұршақтың дәнін таратады, балалар орнына жайғасқан соң отырғызу реттілігін айтады. - Стекамен шұңқыр жасаймыз. - Шұңқырға бұршақтың дәнінің өсімі бар жағын саламыз. - Топырақпен көмеміз. - Су құйғышпен аздап су құямыз. Балалардың алдына отырғызу реттілігі көрсетілген үлгіні ұсынады. Балаларға керекті құрал жабдықтарды таратып береді.Бұршақты отырғызу барысында тәрбиеші әр баланың еңбегін қадағалап, мадақтап отырады. Жеке жұмыс өткізеді. Сұрақ–жауап әдісі арқылы оқу іс–әрекетінде алған білімдері қорытындыланады. **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Кесе»** | «Кім зейінді?». Балалардың зейін қою қабілетін тексеру. «Ғарышкерлер» зымырандағы орындарын есте сақтап қалуы керек. Ойын түріндегі жаттығу: «Зымырандардың ұшуы». Зымырандарды басқару пультін қосу: «1-2-3 – кеттік!» деген белгі береді. Нұсқау: педагогтің соңынан ұшу қажет. «Музыкалық ғаламшар». Ырғақты гимнастиканы орындау. Ескерту: демді іште ұстауға болмайды. Негізгі қимылдарды орындау. «Секіргіштер» ғаламшары: бұл ғарышта бәрі секіріп жүреді. Заттардың үстінен қос аяқтап секіру (биіктігі –10 см). «Түрлі түсті ғаламшарлар» Бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды өте жақсы көреді. Допты екі қолмен еденге ұру. Қозғалыс техникасын түсіндіру. Балалардың мінез-құлық этикасына мән береді. Доп басқа жаққа домалап кетсе, серіктесінің қолына әкеліп береді. «Сиқырлы ғаламшар». Еске салады: бұл ғаламшардың тұрғындары алыптар мен ергежейліге айнала алады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алыптар мен ергежейлілер». Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке | шақырады. 1, 2, 3 – аяғымыздың ұшына қараймыз! 4, 5 – бастарыңды көтеріңдер асықпай! 1, 2, 3 – досыңды өзіңе бұр. 4 – қолдарыңды екі жаққа созыңдар, 5 – Досың екеуің орындарыңды ауыстырыңдар! II. Негізгі кезең. Бір-бірден сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен жүру және өкшемен жүру жаттығуларын кезекпен орындау – жүгіргенде аяқтың ұшын басады, жүргенде тізесін бүкпей, өкшемен жүреді. Тәрбиеленушілер бір-бірден тізбекке тұрады және жаттығуды легімен орындайды, текшелерден секіріп өтеді. Бір мезгілде екі аяқпен екпінді түрде итерілуге, аяқтың ұшымен түсуге, қолдары мен аяқтары қимылын үйлестіруге тырысады. Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта!». Жүру, «шашырап» жүгіру. «Тоқта!» деген команда берілгенде – бір орында қозғалмай тұра қалады. Көзге арналған гимнастика |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тұру ретін сызық арқылы қос» тапсырмасын орындау.<br>– Балалар, ертегіде атайға барлығы көмектесіпті. Ал сендер үйде үлкендерге көмек бересіңдер ме?<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір,<br>1,2,3 (мұрынмен дем алып)<br>Демімізді алайық.<br>3.Қорытынды кезең (рефлексия)<br>Ертегі мазмұнын кез келген жерінен жалғастырып кетуге дайын отыруға ұсыныс білдіре отырып, ұйымшылдыққа, достыққа, бірлікке бағыттау.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Сырмақты әшекейлейміз» (Акварель бояу)**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін арттыру.Балалардың сурет салудағы ептілік, икемділік дағдыларын және шығармашылық қабілетін дамыту.Жұмысты ұқыпты, сәнді жасау арқылы көркемдік талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Топқа қонаққа келген Қарлығаш құсы ұшып | қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Релаксация (музыканың ырғағымен): «Ғарыштағы түс». Етпетінен жатып, «жұлдыз» позасында демалуды ұсынады, ғарышта қандай түс көргенін айтып берулерін сұрайды.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «4–5 сандарын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Не неге ұқсайды?**<br>**Оң жақта – сол жақта»**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін бекіту.4 және 5 сандарын салыстыруды үйрету, заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын дамыту.Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді көре білуге дағдыландыру.Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету.Кеңістіктегі қарым-қатынастар (сол жақта, оң жақта) туралы түсінігін бекіту.Мультфильм кейіпкерлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог балалардан 1-ден | **Мақсаты:** Мүсіндеудің созу,тегістеу,сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға,түстерді қабылдай білуге,ермексазды дұрыс қолдануға үйрету.Белсенділігін,шығармашылығын дамыту.Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Шаттық шеңбері.<br>– Балалар, бүгін біз көрмеге барамыз.Көрмеге түрлі құнды заттар қойылады,оны адамдар барып көреді.<br>2. Негізгі кезең<br>– Ал енді сөреге қойылған заттарға қарайық.<br>– Сендерге қандай ыдыстар ұнайды?<br>– Неге көрмеде тас пен жапырақ тұр? Оның себебін білгілерің келсе, айтып берейін.<br>Ерте заманда ежелгі адамдардың ыдысы болмапты. Олар тамақты жапыраққа салып жепті,бірақ бұл ыдыс оларға ыңғайлы болмапты.<br>– Неге ыңғайлы болмады деп ойлайсыңдар?<br>– Содан соң олар тасты шұңқырлап, ыдыс жасапты. Адамға тастан жасалған ыдыста ұнамайды.<br>Неге ұнамауы мүмкін?<br>– Енді олар ағаштан ыдыс жасайды, бірақ ағаштан жасаған ыдысты отқа | жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды.<br>Балаларды ынталандырады.<br>Жерге қайтып оралады.<br>Саяхаттан кейін демалуға шақырады.<br>«Табиғат дыбыстары» музыкасын тыңдау.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Алдаркөсе мен бай» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Халық ауыз әдебиетін тыңдауға деген қызығушылығын арттыру, шығарманың тәрбиелеік маңызын түсіндіру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Кіріспе әңгіме<br>Балалар,сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?<br>Қандай ертегілерді білесіңдер?<br>Ендеше,балалар,Алдаркөсе мен бай ертегісімен танысамыз.<br>Алдаркөсе мен бай ертегісі оқылады.<br>Сұрақ-жауап арқылы ертегінің мазмұнын сұрау<br>Алдаркөсе деген кім?<br>Алдаркөсенің шапаны қандай еді?<br>Алдаркөсе неге тоңды?<br>Алдаркөсенің алдынан кім шықты?<br>Бай Алдаркөсеге не деді?<br>Бай мен Алдаркөсе не туралы армандады?<br>Ертегі қандай сөздермен аяқталды?<br>Сергіту сәті | Көзді оңға, солға бұр.<br>Шыр көбелек айналдыр.<br>Жылдам жыпылықтат.<br>Негізгі қимылдарды орындау.<br>Спорттық жаттығулар – самокатпен шеңбер жасап жүру.<br>Педагог жердің бетінен екпінді түрде бір аяқпен итерілу, сырғанағанда тепе - теңдікті сақтау білігіне назар аударады.<br>Самокаттың бұрылуы рульдің бұрылуына байланысты екенін – оны жылдам бұрмай, ақырын жасау керек екенін түсіндіреді.<br>Тапсырманы орындағаннан кейін топтар орындарымен ауысады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>ІІІ. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Күшіміз көбейді».<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүріп адасып кеткенін айтып,балалардан ауылдың қай жақта екенін сұрайды.Оқу іс әрекетіне қатысып,ауылға алып кететін сыйлық жасап берулерін өтінеді.<br>Тәрбиеші балаларды қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарымен – сырмақ,текемет,алаша,сандық т.б. таныстырады.Әрбір бұйымның алуан түрлі ою өрнектермен безендірілгеніне назар аудартады.<br>-Мұндай ою өрнектерді ғимараттар,тұрмыстық заттарда т.б. көптеп кездестіруге болады.Ою өрнек арнайы бір ретпен орналасады.Өзіндік заңдылықтары сақталып,симметриялы ырғақпен байланысты өрнектеледі.Өрнектер белгілі бір затты көркем безендіру үшін қолданылады.Ол бұйымдарға әсемдік береді және оның көлемі мен пішінін айқындай түседі.<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады.<br>Ою өрнекпен өрнектелген,<br>Үйге сәндік,көрік берген,<br>Жерге төсесек әрқашанда,<br>Бізге жылулық пен сәндік берген.<br>Бой сергіту (саусақты жаттығуы) | 5-ке дейінгі сандарды рет-ретімен қатарға қойып шығуды сұрайды.<br>2.Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Педагог балаларға тапсырма береді: Қалқанқұлақтың нені жинайтынын, ал қолтырауын Генаның нені жинайтынын бағдаршамен көрсетуі тиіс. Ол үшін ағаштардағы алмалар мен алмұрттарды санап шығып, олардың қолындағы сәйкес келетін цифрға бағыт сызығымен қосу керек.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды:<br>– Гена не жинады?<br>– Қалқанқұлақ не жинады?<br>2-тапсырма.<br>Педагог жолақтарға сол жақтағы цифрларға сәйкес келетіндей етіп пішіндер салып шығуларын сұрайды.<br>Тапсырманың орындалу барысын қадағалап, сұрақ қояды:<br>– Неше үшбұрыш салдыңдар?<br>– Неге?<br>Осылай барлық жолақтар бойынша жеке-жеке түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.<br>Сергіту сәті.<br>Жаттығулар балалардың қалауы бойынша өткізіледі.<br>3-тапсырма.<br>Педагог балаларға геометриялық пішіндерді көрсетіп, олардың атын | қоя алмайды.<br>– Адам қыштан ыдыс жасады, бірақ ол сынғыш болды. Адамның металдан жасаған ыдысы сынбайды, бірақ ыстық тамақ құйғанда ыдыс ысып кетеді.<br>Адам шыныдан ыдыс жасайды, ол да тез сынатын болды. Біртіндеп пластиктен де ыдыс жасады қалай безендірілгеніне назар аудару.<br>– Сөздік жұмыс: көрме.<br>Билингвальді компонент: әдемі–красивый, кесе–пиала, әдемі кесе – красивая пиала.<br>Сергіту сәті.<br>(Қимыл-қозғалыспен көрсету.)<br>Біз қандаймыз, қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз.<br>Үлестірмелі материалға назарларын аударады.<br>Сурет бойынша әңгіме жүргізіледі.<br>– Біз бүгін ата мен әжеге шай ішетін кесе жасаймыз. Атаның кесесі үлкен, ал әжеге кішірек кесе жасаймыз.<br>– Таңдап алған ермексаз кесектерінен не істейміз?<br>– Кесенің іші қуыс болады, сондықтан домалақ бөлшектің ішін саусағымызбен шұңқырлаймыз.Содан соң іші-сыртын тегістеп шығамыз. Кесе әдемі болу үшін қандай тәсілмен | Біздер тату баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз,<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір,<br>Бір,екі,үш,<br>Жоғары қолды созамыз.<br>Өлең жолдарын жаттау.<br>Қорытындылау:<br>«Кім жылдам» ойыны арқылы оқу іс-әрекетін аяқтау.<br>Ойын шарты: балалар шеңбер бойына тұрады.Ортада тәрбиеші допты қай балаға лақтырса, сол допты ұстаған бала білетін ертегісін айтады, ойын осылай жалғаса береді. Балаларды бағалау, мақтау, мадақтау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қайық»**<br>**Мақсаты:** Оригами әдісі арқылы қайық жасауды үйрету. Қол ұсақ маторикасын дамыту. Көктем туралы білімдерін тиянақтау. Көңіл-күйін көтеру. Айналадағы адамдарға мейірімді қозқарасын қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері.<br>Көктем мезгілі туралы сұрақтар қою.<br>Тыңдаңыздаршы балалар, біреу есік қағып тұрған сияқты. Кім екен келген? Дұрыс айтасыңдар, балалар. Бірақ қонжығымыз өте көңілсіз екен. Неге мұңайып келгенін сұрап көрейік. | **Тақырыбы: «Ғарышқа сапар»**<br>**Мақсаты:**<br>Адамдардаң ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсінік бере отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлерімен таныстыру. Таным белсенділігін дамыту. Құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері:<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды қаламыз<br>Жайнай түссін даламыз<br>Қайырлы таң қонақтар,<br>Қайырлы күн достарым!<br>Сұрақ- жауап.<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем<br>Көктем айларын атаңдар?<br>Наурыз, сәуір, мамыр<br>Көктемнің ерекшеліктерін білесіңдер ме?<br>Көктемде қар ериді, күн жылынады, жылы жақтан құстар келеді, жаңбыр жауады, ағаштар бүршік жарады, гүлдер өседі.<br>Дұрыс айтасыңдар!<br>Балалар, бүгін бізде ерекше сабақ. Себебі барлығымыз ғарыш әлеміне сапарға аттанамыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өрмекші өрмелеп келеді, өрмегін тігіп,өрмелеп келеді.<br>Көбелек ұшып жүріп,торға түсті,<br>Бұлқынды,тартынды,<br>Торды үзіп,ұшып кетті.<br>Тәрбиеші «Балта» оюымен таныстырады және жасалу жолдарын түсіндіреді.Балалардың түстерді дұрыс таңдауын қадағалайды.Қылқаламмен дұрыс жұмыс жасауға дағдыландырады,сырмақтың шетіне «балта» оюын салуды ұсынады.<br>Қорытынды.<br>-Балалар,Қарлығаш ауыл жаққа қарай ұшып бара жатыр екен.Осы нұсқа суреттерді тапсырайық.Әжемізге апарып берсін.Балалардың жұмыстарын мақтайды.<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»**<br>**Мақсаты:** Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі,табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Тыңдау: «Табиғатым» (Рахат. Абрахим)<br>Ән айту: «Әрқашан күн сөнбесін»( Л. Ошанин, А | атап берулерін өтінеді.<br>– Неге оларды жазық пішіндер деп атайды?<br>– Біз өткен оқу қызметінде қандай көлемді пішіндермен таныстық, оларды кім атап бере алады?<br>Педагог дәптердегі тапсырма бойынша балаларға сұрақ қояды:<br>– Заттардың атын атаңдар.<br>Содан соң балаларға шар мен текшені өздеріне ұқсас пішіндермен қосуды тапсырады.<br>Нақтылайды:<br>– Шарды немен қостыңдар?<br>– Текшені ше?<br>4-тапсырма.<br>Педагог:<br>– Қалқанқұлақ орманда келе жатыр.<br>Ол сендерден жолдың оң жағы мен сол жағында кездескен заттардың атын атап шығуға көмектесулеріңді сұрайды.<br>Педагог балаларға Қалқанқұлақтың оң жағындағы заттарды бояуды тапсырады.<br>Содан кейін олардан нені бояғандарын сұрайды.<br>Нақтылайды:<br>– Қоянды қандай түспен боядыңдар? Неліктен?<br>3.Рефлексия.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру. Педагог балалардан мына нәрселерді еске түсіруді сұрайды:<br>– Текше мен шарға ұқсайтын тағы қандай | безендірер едіңдер?<br>Кеселеріңді суреттегі ата мен әженің үстеліне қойыңдар. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>3. Рефлексия<br>– Жарайсыңдар, балалар, ыдыстарың өте әдемі болып шықты.Әже мен ата сендерге ризашылығын білдіреді. | Балалар, қонжықтың айтуынша , оның ата-анасы теңіздің арғы бетінде тұрады, мында достарыммен келіп, адасып кетіпті, енді үйіне қалай жетерін білмей тұр екен?!<br>Қонжыққа көмектесеміз бе?<br>Ендеше балалар, қонжыққа көлік керек екен,көлік жасап береміз бе?<br>Алдымен балалар айтыңыздаршы, сіздер қандай көлік түрлерін білесіздер?<br>Жерде жүретін - автокөлік, жүк көлігі, поезд.<br>Әуеде ұшатын - әуе шары, ұшақ, тікұшақ. Суда жүзетін - қайық, кеме.<br>Дидактикалық ойын: «Көліктер».<br>Ойынның шарты: Балалар әртүрлі көлік түрлерін суреттерге қарай отырып, ажыратып, қай көлік түріне жататындығы туралы айтып өту қажет.<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Енді мына жерге назар аударыңыздаршы, не көріп тұрсыңдар?<br>Ендеше біз қағаздан қайық жасап, қонжыққа берейік. Ол өзінің ата-анасына тезірек жетсін. Алдымен мына сызбанұсқа бойынша қағаздан қайық жасайық.<br>Үлгі сызбанұсқа бойынша қағаздан қайық жасаудың әдіс-тәсілдерін тәрбиеші түсіндіріп, жұмысты бастайды.<br>Жарайсыңдар, балалар. Енді бәріміз орнымыздан тұрып саусақ бұлшық еттеріне арналған сергіту сәтін | Ғарыш әлемін және аспан денелерін ағылшын, орыс тілдерінде айтып үйренейік:<br>Айтыңдаршы біз қайда өмір сүреміз?<br>Біз нені басып жүрміз?<br>Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар<br>Балалар, мына жұмбақтарды мұқият тыңдап, шешуін айтайық:<br>Жұмбақ: Бірде орақ, бірде доп,<br>Бірде бар да бірде жоқ.<br>Қараңғыда жымыңдайды жанады<br>Жарық түссе, бірден сөніп қалады.<br>Балалар, адамдар ең алғаш рет ғарышқа Лайка деген итті ұшырып көрген. Бірақ ол ит қайта оралған жоқ.<br>Ал мынау не?<br>Күн,ай, жұлдыздар аспан денелері деп аталады.<br>Ай алғаш жарты ай болып көрінеді, содан бірте-бірте ай толады.<br>Жұлдыздар өте көп және олар бізге кішкене болып көрінеді.<br>Балалар күн жерден де үлкен. Ол жерден өте ұзақ, сондықтан күн бізге кішкене болып көрінеді. Егер күнді жерге жақындатсақ, ол |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Островский ауд. Мәмбетов)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Көңілді би»<br>Д/о:«Бәсең және көтеріңкі» | заттар бар?<br>– Қолтырауын Гена нені жинады?<br>– Ал Қалқанқұлақ ше?<br>Педагог балаларды мадақтайды. | | жасайық.<br>Сергіту сәті:<br>Жарайсыздар,балалар,отыра қойыңдар. Енді жұмысымызды аяқтайық.<br>Дидактикалық ойын: «Тез құрастыр»<br>Ойынның шарты: Қайық пен кеменің бөліктерін құрастырады. Ортаға екі баланы шығарып, жарыса отырып, тез құрастырып алу қажет.<br>Жарайсыңдар, балалар! Жасаған жұмыстарымызды мына үстел үстіндегі тұрған ыдыстағы суға жіберейік. Балалар, сіздерге қонжық рахмет айтып жатыр, сіздер жасаған қайықпен өз ата-анасына қауышатын болды.<br>*Қонжық балаларға алғысы ретінде әсем әуен орындап, би билеп берді.*<br>Қорытынды.<br>Балалар, бүгін бізге көмек сұрап, кім келді?<br>Бізге қандай өтінішпен келді?<br>Біз оған қалай көмектестік?<br>Қайықты немен жасадық?<br>Сіздерге ұнады ма? | жердегі барлық тіршілікті өртеп жіберер еді.<br>Балалар адамдар ғарышқа не үшін ұшады деп ойлайсыңдар?<br>Дұрыс немесе күннен қаншама электр энергиясын алатынын<br>Ал ғарышқа кімдер ұшады? Дұрыс, ғарышкерлер. Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол кім екен? (Ю. Гагарин). Ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты<br>Олар: Т. Әубәкіров, Т.Мұсабаев, А.Айымбетов<br>Видео ролик<br>- Балалар қалай ойлайсыңдар ғарышкерлер қандай болулары керек? Ал айтыңдаршы, зымырандар қайдан ұшады? Ал ғарышқа немен ұшуға болады екен?<br>- Балалар, кәне, тексерейікші сендер ғарышқа ұшу үшін дайынсыңдар ма?<br>Жарайсыңдар балалар, енді біз қазір шынығып алайық.<br>Сергіту сәті<br>- Орнымызда тұрамыз, қолдарымызды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | созамыз. Мен санаған кезде алдымен оң жаққа қарай бұрылып, айналамыз, сосын сол жаққа қарай. Жарайсыңдар! Ойын: «Суретті құрастыр»<br>- Балалар алдымыздағы пішіндерді пайдалана отырып ойын ойнайық.Қиындыларды құрастырып, ненің суреті шыққанын айтады. |
| **«Табиғат аясында»** Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№8** | **№7** | **№3** | **№11** | **№10** |
| Серуеннен оралу Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»** Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут) Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | Майтабанның алдын алу. Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау. ( 3- 4 рет) | Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу. | Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяуууу Фррр фрррр фрррр | Салқын сумен қолымызды, бетімізді жуамыз. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»** | | **Луллия сақиналары** | **Луллия сақиналары** | **Вариативтік компонент:** | **Вариативтік компонент:** | **Луллия сақиналары** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **«Ғаламшарлар»**<br>**Мақсаты:** Балаларға күн жүйесі мен ғаламшарлар туралы жан-жақты білім беру. Соның ішінде күн жүйесінің құрамына кіретін аспан денелерінің маңызын жете түсіндіру.Балалардың дүниетанымын кеңейту.Балаларды зерделілікке, ынтымақтастыққа, ізденімпаздыққа,тәрбиелеу. | **«Көлік түрлері»**<br>**Мақсаты:** Көліктер туралы түсінік беру.Машина,пойыз,ұшақ, кеме жайлы білімдерін одан әрі кеңейту.Оларға еңбек ететін мамандықтар туралы түсіндіру.Көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу. | **«Ғажайып ел»**<br>**Theme:**<br>**«I like bread»**<br>**Aim of the lesson**<br>Үлгі бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйрету. Ағылшын тіліндегі сөздерді, дыбыстарды анық айтуды жетілдіру.<br>I. Greeting: Амандасу<br>- Good morning, Good morning,<br>- Good morning too you<br>- Good morning, Good morning,<br>- I am glad see you!<br>- How are you children?<br>- I am OK!<br>II. Шаттық шеңбері<br>« Happy good day » өлеңін айту<br>1) Ask a questions?<br>«My first day in Kindergarten» қысқаша мәтін құрастыру.<br>III. Refreshment time:<br>«If you`re Happy Бағалау, мадақтау<br>IV. Қортынды:<br>«Good bye» өлеңін айту. | **«Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бунақденелілердің таңғажайып әлемі»**<br>**Мақсаты:**<br>Шыбын-шіркейлермен таныстыру. Олардың тіршілігі, пайдалылығы туралы білімін толықтыру. Тіршілік әсемдігін байқау мәдениетін тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>А) «Жәндіктер әлеміне» саяхат. Суреттер арқылы жәндіктерді ажырату.<br>Ә) Дидактикалық жаттығу: «Гүлдерді жина»<br>(ән қосылып тұрады) аланқайда жатқан әдемі сары, қызыл, көк гүлдерді балалар жинайды.<br>сиқырлы дауыстың жұмбақтар жасыруы.<br>Б) №36 Сергіту сәті.<br>В) Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»<br>Мысалы: қаңқызы қосылды, ал көбелек ұшып кетті<br>Сиқырлы дауыс енді мына балалардың суреттерін қараңыз Сізге ұнайды ма?<br>Г) Қортынды: Тақырыпқа сай сұрақтар қою.<br>Мадақтау. | **«Ғаламшарлар»**<br>**Мақсаты:** Балаларға күн жүйесі мен ғаламшарлар туралы жан-жақты білім беру. Соның ішінде күн жүйесінің құрамына кіретін аспан денелерінің маңызын жете түсіндіру.Балалардың дүниетанымын кеңейту.Балаларды зерделілікке, ынтымақтастыққа, ізденімпаздыққа,тәрбиелеу. |
| Жеке жұмыс | | Бақтығали Ибрахимге «әлеумет» саласы бойынша бағдаршамның белгілері,көшеде өзін дұрыс ұстауды және табиғаттағы ауа-райының маусымдық өзгерістерін ажыратып атай білуді үйретуді жалғастыру. | Бисембаева Аминаны «денсаулық» саласы бойынша түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. | Дархан Сезімді «шығармашылық» саласы бойынша өкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. | Қайров Жанадиді «қатынас» саласы бойынша сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру. | Ерсегіз Дарханға «таным» саласы бойынша 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,геометриялық пішіндерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды | 16.50-17.50 | **№7** | **№11** | **№8** | **№10** | **№13** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ойындар | | | | | | |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** Балалардың үйге қайтуы | 17.50-18.00 | Балабақшаға төлем-ақыны уақытында төлеуді ата-аналарға ескерту. | Балалардың үйге сұрануы мен қоштасуын қадағалау. | Балалардың тазалығы мен киімдерінің мезгілге және жасына сай болуы туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға медбике кеңесі: «Балалар қауіпсіздігін қадағалаңыз!» | Ата-аналарға демалыс күндері балалармен бірге спорттық жаттығулар жасауына өтініш білдіру. |

**Циклограмма**
**Үшінші апта (13-17.04. 2020 ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | «Сәлеметсің бе,балабақша!» Балабақша туралы әңгімелесу,қарым-қатынас,көтеріңкі көңіл-күй орнату. | Өзім туралы білгім келеді тақырыбында әңгіме. Мақсаты: Өзінің аты-жөнін, тұратын мекен-жайын толық айта білуге үйрету. | Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. | «Жаңылтпашты жаңылмай айтайық» Мақсаты: Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге жаттықтыру. | Достық туралы түсінік беру. Мақсаты: Достарына қамқор болуға, бір-біріне жанашырлықпен қарауға,сыйластыққа тәрбиелеу. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №16** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Тамақ ішіп алайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Слайд арқылы әңгімелесу. Жемістер мен көкөністер. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын жемістер мен көкөністер түрлерінің атаулары арқылы дамыту. | Сергіту сәттері. Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін ширатып,белсенділігін арттыру. | Ауа-райы болжамы. Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты ауа-райының өзгеруін,ерекшелігін | Ойын: «Даусынан таны» Мақсаты: Ойын арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру,үй жануарларының дауысын ажырата білуге | «Ұшақ» бейнежазба тамашалау. Мақсаты: Балаларды бейнежазба көру арқылы ұшақпен таныстыру,ұсынылған |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | байқауға талпындыру. | дағдыландыру. | тапсырмаларды дұрыс орнындауға үйрету. |
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ненің дәмді екенін ажыратуға, дәмінің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің айтылуы керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.Асты қадірлеуге,қастерлеуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Алма салынған себетті көрсету(қызығушылық танытады)<br>2. Негізгі кезең<br>Ғажайып сәт: Алманы барлық бала иіскеп көреді.<br>– Алма сендерге ұнай ма?<br>– Ал мұнда алманы жұлдызқұрт та жақсы көреді екен.<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі «Жұлдызқұртқа алманың дәніне жетуге көмектесейік!» тапсырмасын орындату.<br>– Балалар, бізге алма жеген ұнайды екен, жұлдызқұртқа да алма ұнады.<br>– Ал енді мен сендерге «Не дәмді?» ертегісін оқып беремін.<br>Ертегі оқылады:<br>Бір бас қосқанда құстар мен хайуанаттар нендей | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Демалыс саябағында»**<br>**Мақсаты:** Аяқты кезекпен қойып, кермелерді қалдырмай гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу, түскен кезде соңғы кермеге дейін жету және жерге жеңіл түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Допты еденге қос қолдап ұру қабілетін жетілдіру, допты бүгілген саусақтармен ұрмауға үйрету. Батылдық, дербестік, ептілік қабілеттерін жетілдіру. Өзіне, жақындарына қайырымды болуға тәрбиелеу, белсенді демалысқа машықтандыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Алдын ала залды шармен безендіреді. Балаларды көзін жұмып, айналуға және өзін туған қаласындағы саябақта жүргендей елестетуге шақырады.<br>ІІ. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әткеншек».<br>Әрең-әрең әлдиледі,<br>Әткеншегім ән биледі.<br>Тербеткенде ойнадым ғой,<br>Жүгіруді қоймадым ғой.<br>Ойын түріндегі «Атракцион» гимнастикасын орындау. Негізгі қимылдарды орындау.<br>Аттракцион: «Ғажайып саты». Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>Өрмелеу техникасын түсіндіру Техника қауіпсіздігі – баспалдақтың | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ауа және оның өміріндегі рөлі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды «ауа» түсінігімен, оның қасиеттерімен, адам рөліндегі өмірімен таныстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері №6.<br>Әңгімелесу:<br>2. Күн, ауа, су табиғат сыйы екенін түсіндіру. Күн – жер бетіндегі тіршілік көзі. Адамдар, өсімдіктер, жануарлар жарық, жылуды күннен алады. Сондықтан бүкіл тіршілік атаулыға күнсіз өмір жоқ.<br>3..Жұмбақ жасыру:<br>Жылт – жылт еткен<br>Жылғадан өткен,<br>Құйсаң шығар гүл өсіп,<br>Қатады қыста сіресіп,<br>(Су)<br>4.Сергіту сәті №9.<br>Судың адам өміріндегі қажеттілігі туралы айту. Сусыз тамақ піспейді, тазалық та болмайды. Сусыз барлық тіршілік өмір сүре алмайды. Жер бетінің көп бөлігін су алып жатыр. Су – түссіз, мөлдір.<br>5.Билингвальді компонент: Күн – солнце, ауа – воздух, су – вода.<br>Тәжірибе: 1.Екі стақанға су құйып, | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары»**<br>**Мақсаты:** Үй жанурлары туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін, адамөміріне пайдасын,төрт малға не жататынын, олрдың төлдерін атап айтуға баулу. Төрт түлік малды күтіп-баптауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері №4.<br>-Ал, балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерекеше болмақ. Себебі, мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер қандай тақырыпта әңгімелейтініміздң табатын боласыңдар.<br>Жұмбақ жасыру:<br>а. Өзі ірі жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>Ол не? (түйе)<br>ә. Басында мүйізі бар,<br>Үстінде киізі бар.<br>Ол не? (сиыр)<br>Аласа ғана бойы бар,<br>Айналдыра киген тоны бар. Ол не? (қой)<br>Дұрыс таптыңдар.<br>Билингвалды компонент: Түйе-верблюд, Сиыр-корова, қой-баран.<br>-Бұл жануарлар орманда өмір сүре ме, әлде үйде ме?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>-Балалар, бүгінгі іс-әрекетіміз «Үй | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Тікұшақ»**<br>**Мақсаты:**Тікұшақ туралы білімдерін кеңейтіп,жапсыруға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту;таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз.<br>Балалар жылулық шеңберін орындайды.<br>**Тәрбиеші:**<br>– Балалар жылдың қай мезгілі?<br>– Ауа райы қандай?<br>– Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>Үнтаспада тік ұшақтың дыбысы естіледі:<br>топқа **Дымбілмес** кіріп келеді:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>- Сен бізге қай жақтан келе жатырсың?<br>- Мен бір темір құспен ұшып келдіім.<br>Дымбілмес сен біздің сабағымызға қатыс, отыр жайғас.<br>- Ұшақ деген не, балалар, маған айтып беріңдерші?<br>- Балалар ұшақты кім ұшырады?<br>- Балалар,ұшақ қандай көлік?<br>- Әуеде ұшатын көлік.<br>- Балалар,аспанда не бар?<br>- Аспанда ұшақ, бұлт, күн бейнеленген<br>- Балалар сендер дұрыс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тамақтың дәмді екенін талқылапты.<br>Сонда Тауық:<br>– Ең дәмді тамақ – тары, – депті қыт-қыттап.<br>– Тапқан екенсің, дәмді тамақты! Кеміріп жейтін сүйекке не жетсін! – дейді Ит абалап.<br>– Бәрің де білмейсің. Күтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеңе жоқ, – дейді Қоян, екі<br>құлағын тікірейтіп.<br>– Жас шыбықтың қабығынан дәмді не болушы еді! – деп, Ешкі маңырапты.<br>– Шіркін, қою сүтті айтсаңдаршы! – деп Мысық тамсанады. Сөйтіп әркім өзі сүйетін тағамды мақтап, қызыл кеңірдек болысып, бәтуаға келе алмай, тарасыпты.<br>– Ал, балалар, ертегіден нені түсіндіңдер?<br>– Балалар, өз үйлеріңде аналарың немесе әкелерің және өзің нені жақсы көресіңдер?<br>– Көрдіңдер ме? Әр адамдардыңда өз сүйікті тағамдары бар. Қандай да тамақ болсын, жиіркеніп жеуге болмайды. Астың бәрі дәмді де тәтті.<br>– Балалар, бір үзім нан жерге түсіп кетсе немесе қиқымы шашылса, не істейміз?<br>«Нан қиқымын, шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар» деген өлең бар, ешуақытта асты басып кетуге | астына жұмсақ мат жаю қажет. Аттракцион: «Менің көңілді добым». Допты еденге қос қолмен ұру: допты саусақтарын жазып, алақандарымен тосып алу. Аттракцион: «Түрлі түсті шеңберлер». Құрсауларды кез келген бағытта, залдың әр жеріне тастайды.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰОҚ-ны қорытындылайды<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Дикие птицы (продолжение)»**<br>**Цели:**-образовательные- закреплять знания детей о диких и зимующих птицах, учить правильно называть их на русском языке. Продолжать совершенствовать навыки детей в составлении описательных рассказов-загадок, расширять словарь новыми словами в соответствии с темой;<br>-развивающие- развивать устойчивость внимания, долговременную память, словесно-логическое мышление. Умение согласовать слова в предложении;<br>-воспитательные- воспитывать бережное отношение к птицам.<br>**Ход занятия:**<br>1.Круг радости.<br>2. Закреплять знания детей о диких и зимующих птицах, учить правильно называть их на русском языке.<br>3. Продолжать совершенствовать навыки | оның біреуіне бояғыш салу. Екі стақанға қандай да бір затты саламыз. Бояғыш салмаған стақандағы судан зат көрініп тұрады, яғни мөлдір. Ал бояғыш салынған стақандағы судан зат көрінбейді.<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>6.Ауаға байланысты мынадай тәжірибе жасайды. 1.Парақты жерге тастасақ, ұшып, яғни жерге қалықтап барып түседі.<br>2. Шарды үрлеу, содан соң оның ішіндегі ауаны сыртқа шығару.<br>3. Мұрандарын жабу. Дем алуы қиын екенін түсінеді.<br>– Балалар, сонымен ауаны қолмен ұстай алмаймыз, өйткені ол көзге көрінбейді. Оның түсі, дәмі болмайды. Таза ауа болу үшін өсімдіктерді көп отырғызып, бөлмені желдетіп тұру қажет. Біз таза ауамен тыныс аламыз. Балалар күн, ауа, сусыз тіршілік жоқ екенін түсінеді.<br>Балалар тәжірибелерді қызығушылықпен орындайды.<br>7.Рефлекциялық – түзетушілік Педагог қорытынды жасайды. Тіршілік не үшін қажет? Балалар сұраққа жауап береді.<br>**Музыка** | жануарлары» туралы болмақ.<br>(Үстел үстіндегі үйдің, қораның және жануарлардың макеттеріне балалардың назарын аудару)<br>-Балалар, қарандаршы үй жануарлары үйде мекен етеді екен.<br>-Үй жануарларының тұратын жерін не деп атаймыз?<br>-Үй жануарлары немен қоректенеді екен?<br>-Дұрыс айтасыңдар.<br>-Мынау- сиыр, ол бізге не береді?<br>-Ал, мынау жылқы, халқымыз жылқы малын керемет бағалаған.<br>-Жылқының бізге қандай пайдасы бар, бізге не береді?<br>-Мынау- қой, ол бізге не береді?<br>-Мынау- түйе, оның дене құрылысы ерекше, ол бізге не береді?<br>-Ал, мынау –ешкі, ол бізге не береді?<br>-Жарайсыңдар! Үй жауарлары өте пайдалы екен.<br>Сергіту сәті №2.<br>Ал, енді балалар, « Жыл басына таласқан хайуанаттар» туралы ертегіні өзіміз ойнап шығайық.<br>- Ертегіші: Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде. Бұрынғы өткен заманда жануарлар ұзақ пікір таластырыпты, түн ортасы ауғанша дауласыпты. Тек тышқан | айтасыңдар.<br>- Рахмет балалар!<br>Алдағы уақытта ұшақтар туралы біліп жүретін болдым.<br>**- Мен сендерге жұмбақ жасырайын:**<br>Құстан аумайды,<br>Көкте зулайды /**ұшақ**/<br>Күміс қанат сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тымәрі,<br>Кеткен жанды кім дейді? **(Ұшқыш)**<br>**Слайд.**<br>– Балалар ұшақтар қайда ұшады?<br>– Аспанда ұшады.<br>– Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме?<br>– Иә, мен өскенде ұшқыш болғым келеді.<br>– Ұшқыш болу үшін не істеукерек?<br>– Тік ұшақ жасауымыз керек.<br>–Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге тік ұшақ жасайық.<br>Тік ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық.<br>– Суретте нелер бейнеленген? Ендеше,тік ұшақтың негізгі бөлігіне қанатын жапсырамыз, одан соң тік ұшақтың екінші қанатын сәл төменірінек жапсырамыз. Тік ұшақтың негізгі бөлігінің ішінде адамдар отырады, ал олар қайда ұшып бара жатқанын білу үшін оларға терезе керек. Олай болса терезесін жапсырайық.<br>**Сөздік жұмыс**: қанат.<br>Тәрбиеші оқу іс-әрекеті барысында көмек сұраған балалармен жеке жұмыс өткізеді. Балалар берілген нұсқау бойынша жапсыруды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | болмайды. Нанды<br>да, кез келген тағам<br>түрлерін де қадірлеуіміз<br>керек.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым,<br>Алдыға қарай бір адым,<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл<br>не?»<br>Мақсаты: Жемістер мен<br>көгөністерді ажыратып,<br>дәмінің айырмашылығын<br>және пішінін<br>айта білуге үйрету.<br>Ойын шарты: баланың көзі<br>жұмылады. Қоржынға<br>салынған көгөністер мен<br>жемістер<br>қолдарына алып, оның<br>дәмі қандай болатынын<br>және пішінін айтып, атын<br>атау керек.<br>Ойында тапқан жемісімізді<br>немесе көгөністі сипап<br>сезу арқылы жылдам<br>баяндап беру<br>керек екенін айту.<br>Қорытынды кезең<br>(рефлексия)<br>Педагог оқу қызметін<br>қорытындылап, нанды,<br>асты қадірлеуге<br>шақырады.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Ғажайып**<br>**ұшақ»**<br>(Акварель бояу)<br>**Мақсаты:** Бояумен жұмыс<br>жасауды жетілдіру,<br>балалардың әуе көліктері,<br>соның ішінде ұшақтар<br>туралы білімдерін<br>арттыру.Ұшақ бөліктерін | детей в составлении<br>описательельных рассказов-<br>загадок, расширять словарь<br>новыми словами в<br>соответствии с темой.<br>4. Развивать устойчивость<br>внимания, долговременную<br>память, словесно-<br>логическое мышление.<br>5. Воспитывать бережное<br>отношение к птицам.<br>6.Итог.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттың**<br>**санын цифрмен**<br>**сәйкестендіру. Алыс –**<br>**жақын»**<br>**Мақсаты**: Цифр мен заттың<br>санын сәйкестендіруді<br>жалғастыру.Математикалық<br>жұмбақтарды шешуге<br>үйрету.Өзіне қатысты<br>тұрғыда заттардың<br>орналасуын сөзбен баяндай<br>білу дағдыларын<br>бекіту.Логикалық есепті<br>берілген мәліметтерге<br>сүйене отырып<br>шешуге үйрету.Бір-біріне<br>ұқсас екі суретті салыстыру<br>арқылы балалардың<br>зейінін дамыту.Достық<br>қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Педагог:<br>– Балалар, үстелдерінде<br>цифрлар жатыр.<br>Мен өлең оқимын, ал сендер<br>мұқият тыңдап, соған сәйкес<br>цифрды көрсетіңдер.<br>2.Негізгі кезең.<br>1-тапсырма.<br>Қуыршақ театрының<br>кейіпкерлері – қоян, торай<br>және қарға балаларға<br>қонаққа келеді. | **Тақырыбы:**<br>**«Электроника әлемі»**<br>**Мақсаты:** Балалардан<br>өсекендегі кім болғысы<br>келетіндерін сұрап,<br>қаржының еңбек<br>арқылы келетінін<br>айтып Ансамбльде, ән<br>айтуға, өлеңді бір<br>мезгілде бастап, қатар<br>аяқтауға, музыкалық<br>фразалардың арасында<br>дем алуға үйрету<br>ұғындыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ән тыңдау:«Мен<br>дәрігер боламын»(Ә.<br>Бейсеуов, Сабырхан<br>Асанов)<br>Ән айту: «Етікші»(Қ.<br>Мырза Әлі, Д. Ботбаев)<br>Ырғақты би: «Көңілді<br>би»<br>Аспапта ойнау: «Біз<br>өмірдің гүліміз»<br>Д/О: Балалар не істеп<br>жатыр? | ғана тіс жармапты.<br>Ақырында бәрі<br>шаршаған кезде, тіпті<br>түйе түгілі, әтештің өзі<br>сыбырлап сөйлейтін<br>дәрежеге түскенде,<br>тышқан өз ұсынысын<br>айтыпты.<br>-Ертегіші: Осы кезде<br>барлығы таласып: «Біз<br>көреміз, біз көреміз»,-<br>деп тұрғанда, тышқан<br>айқай салады.<br>-Ертегіші: Түйе бойына<br>сеніп, жыл басынан құр<br>қалыпты.<br>-Рахмет балалар.<br>-Ал, енді балалар осы<br>жерден бір ойын ойнап<br>жіберейік.<br>Қорытынды.<br>Ойын: « Даусынан<br>таны».<br>Мақсаты: Үй<br>жануарларының<br>дауысын ажырата білуге<br>тәрбиелеу.<br>Рахмет балалар бүгінгі<br>іс-әрекетке өте жақсы<br>қатыстыңдар.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді сайыстар»**<br>**Мақсаты:** Қосалқы<br>адым жасауды және<br>биікте тепе-теңдік<br>сақтауды, денесін тік<br>ұстап, басын төмен<br>түсірмеуді үйрету.<br>Аяқтарын кезекпен<br>басып, гимнастикалық<br>қабырғаның бірде- бір<br>кермесін қалдырмай<br>өрмелеу, төмен түскен<br>кезде керменің<br>соңғысына дейін жетіп,<br>жерге жеңіл түсу | орындайды.<br>**Билингвальді**<br>**компонент:** тік ұшақ-<br>вертолёт,ұшақ- самолет,<br>аспан- небо.<br>– Дымбілмес, енді біздің<br>балалармен бірге сергіту<br>сәтін жасайық!<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане қанат жазайық.<br>Ұшақ болып ұшайық.<br>Ұшып ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық.<br>**Қорытынды.**<br>**Ойын:** «Ұшты-ұшты»<br>**Шарты:** Ұшатын ұшпайтын<br>заттарды ажырату.<br>Балалар, бүгін<br>ұйымдастырылған оқу іс-<br>әрекетінде не үйрендіңдер?<br>Тік ұшақ жасауды үйрендік.<br>Тік ұшақ жапсыру қызық па<br>екен?<br>Иә, өте қызық.<br>Тәрбиеші балаларды<br>марапаттайды, дайындаған<br>жұлдыздарды балаларға<br>таратады.<br>Ал енді балалар<br>Дымбілмеспен қоштасайық<br>**Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Добым, добым домалап»**<br>**Мақсаты:** Допты берілген<br>бағытта домалатуға үйрету.<br>Доп ұстаған қолын басының<br>артына апару, бүгілген<br>қолдарын алға-жоғары<br>екпінді түрде жаза отырып,<br>доптың ұшуына дұрыс бағыт<br>беру білігін бекіту. Спортпен<br>айналысу, салауатты өмір<br>салты машықтарын<br>тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Педагог футбол добына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қағаз бетіне орналастыру дағдыларын дамыту.Жұмысты таза, нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Балаларға қонаққа Карлсон келеді. Ол балалармен амандасады. Педагог: - Балалар, қарандар, біздің қонағымыз Карлсон көңілсіз, оған көмек керек екен, не болғанын өзінен сұрап көрейікші. Карлсон (мұнайып): - Мен енді бұрынғыдай ұшудан қалдым, ал мен, өздерің білесіңдер, ұшпасам бір жерден екінші жерге жетуім де қиын. Менің ұшуыма көмектесер ғажайып ұшақ жасап алсам жақсы болар деп ойлап едім. Әлде сендердің қолдарыңнан келе ме? Көмектесе аласыңдар ма, білмеймін...<br>2. Педагог:<br>– Балалар, мен сендерге Карлсонға көмектесудің жолын айтайын, оған өз қиялдарыңнан шығарған ғажайып ұшақтың суретін салып берейік. – Алдымен, үлгідегі суретке қарайық, бірінші, ұзынша сопақша пішінді саламыз, оған жалғап ұшақтың екі қанаты мен құйрығын саламыз. Қанаты мен құйрығы қандай фигураларға ұқсас екенін анықтап алғанымыз жөн. Ұшақты кішкене дөңгелек тетіктер жасап көркемдейміз. Бұл | Олар бір нәрсеге келісе алмай қалыпты. Олардың әңгімесіне педагог араласты. Сөйтсе,<br>достар кімнің қайда және қалай баратынын шеше алмай отыр екен. Педагог қонақтарға<br>басу айтады және балалардан көмек сұрап көрелік деген ұсыныс жасайды.<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>– Суреттегі көліктердің аты қандай және неше дөңгелегі бар? Нақтылайды:<br>– Кейіпкерлердің киімдеріндегі цифрлар ойыншықтың дөңгелегінің санымен сәйкес болу<br>керек.<br>Ендеше сан нешені көрсетсе, олар сонша дөңгелегі бар көлікті мініп кетеді.<br>– Бағыт сызығымен кімнің ойыншығы қайда екенін көрсетіңдер. Педагог сұрайды:<br>– Мәшине кімдікі?<br>Педагог сұрайды:<br>– Самокат кімдікі?<br>Педагог балалардан:<br>– Велосипед кімдікі? – деп сұрайды. Аңдар балаларға алғыс айтып, кетіп қалады. Қоян балалармен бірге қалады.<br>2-тапсырма.<br>Суретте неше қоян болса, сонша дөңгелек салуға тапсырма береді.<br>Сергіту сәті: «Сұр қоян».<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді. | | қабілетін нығайту. Биіктігі 10 см үш зат арқылы ізбе-із секіріп өтуге жаттығу. Ептілік, шапшаңдық пен зейін қою қабілетін дамыту; қозғалыс пен оның суреттегі нұсқасын бір-бірімен салыстыру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Жарыс өткізу туралы ұсыныс жасайды: ептілік пен шапшаңдық жағынан ұлдар мен қыздар бір-бірімен жарысады.<br>II.Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасу». Залды айналып жүру; «Жүгір!» деген команда берілгенде залды айналып жүгіреді.<br>ЖДЖ № 20<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды. Бірде-бір кермені қалдырмай, аяқтарын кезектестіре басып гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Дұрыс ұстау: төрт саусақпен үстінен, бас бармақпен астыңғы жағынан ұстау қажет. Қолды белге қойып, қосалқы адым жасау арқылы гимнастикалық орындықтың үстімен қапталымен жүру. Жаттығудың орындалу техникасын көрсету<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия). Жарысты қорытады. Ұлдардың | назарларын аударады. Футбол добының мақсаты туралы әңгімелеуді ұсынады.<br>II. Педагог тәрбиеленушілерге доптың алысқа ұшуы бүгілген қолдардың белсенді түрде жазылуына байланысты екенін түсіндіреді. Тәрбиеленушілер тізбекте тұрады, бір-бірден допты тартылған арқаннан асыра лақтыруға тырысады. Орындағаннан кейін өз тізбегінің соңына барып тұрады. Сосын қимылды келесі тәрбиеленуші орындайды. Допты екі жағынан ұстау керек екеніне – сонда түсіп қалмайтынына назарларын аударады. Спорттық ойындар – футбол. «Дәл пас беру» Допты берілген бағытта – бір-біріне домалату. Тәрбиеленушілер бір-біріне қарама-қарсы сапқа тұрады. Табанның екпінді қимылымен бір-біріне допты домалатады.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелек тетіктер не үшін қажет? Ол ненің қызметін атқарып тұр?<br>3.Билингвальді компонент: ұшақ – самолет<br>4.Сергіту сәті №5.<br>5.Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады<br>**Музыка -1**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Ән тыңдау: «Айға ұшамын» Ән айту: «Мен космонавт боламын» (С. Мұхаммеджанов)<br>Музыкалық ырғақты - қимыл: «Жұптасу» биі<br>Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз»<br>Д/О: «Жұбыңды тап» | Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің,<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>3-тапсырма.<br>Қоян айтады:<br>– Менің үйім тиін мен кірпінің үйлерінің арасында. Кәне, балалар, айтыңдаршы, біздің қайсымыз тиіннен алыс тұрамыз: мен бе, әлде кірпі<br>ме? Кәне, жауабын тауып көріңдер.<br>Педагог балаларға дәптердегі көмекті пайдалануды ұсынады.<br>Педагог қоянның тапсырмасын тағы бір қайталап оқиды, үй мен оның қожайынын бояуға тапсырма береді.<br>Қоян бәріне рақмет айтып, кетіп қалады.<br>4-тапсырма.<br>Педагог екі суретті мұқият қарап шығып, олардың айырмашылығын табуды сұрайды.<br>– Неше айырмашылық тапсаңдар, сонша дөңгелекті бояңдар.<br>Жұмысты аяқтағаннан кейін педагог балалардан сұрайды:<br>– Неше дөңгелек боядыңдар?<br>– Қандай айырмашылық таптыңдар?<br>3.Рефлексия.<br>Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.<br>Педагог балаларды оқу қызметінде белсенділік танытқаны үшін мадақтайды. Балалардан қорытынды шығаруды сұрайды: 4 артық па, 5 артық | | қыздарға қарағанда күштірек екеніне назар аударады. Сондықтан қыздарды қорғап, оларға қамқор болып жүрулері керектігін айтады. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | па? | | | |
| **«Табиғат аясында»**<br>Серуенге дайындық | 10.25-10.40 | Киімдерді ретімен киінуін қадағалау | | | | |
| Серуен | 10.40-11.40 | **№14** | **№15** | **№16** | **№21** | **№24** |
| Серуеннен оралу<br>Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 11.40-12.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті<br>«Кім жылдам», «Кімнің сөресі ұқыпты жиналған» | | | | |
| Түскі асқа дайындық кезекшілікті ұйымдастыру | 12.00-12.20 | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі | | | | |
| **«Ас адамның арқауы»**<br>Түскі ас | 12.20-12.50 | Тамақты төкпей ішу, ас үстінде сөйлемеу | | | | |
| Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.50-13.00 | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орнату | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Күндізгі ұйқыға жатқызу | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Ұйқымызды ашайық»**<br>Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.10-15.45 | Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз( 3- 4 рет)<br>Төрт аяқтап тұрып шынтаққа тіреліп алақанымызбен иегімізді ұстап оң аяғымызды созу, сол аяғымызды созу, ( 3- 4 рет) | Майтабанның алдын алу.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Отырып табанымызды сипалау. | Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>Ойын Тербеледі ағаштар екі қолымызды жоғары көтеріп оңға солға еңкею.<br>Жаңбыр жауды қолымызды жоғары көтеріп шапалақтау.<br>Жапырақтар жерге түсті тіземізді бүкпей еденге қолымызды тигізу. | Демалу жаттығулары<br>Жел соқты уууу уууу уууу<br>Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш | Тамақ ауруларын алдын алу.<br>Тамағымызды тұзды сумен шаю. |
| Бесін ас | 15.45-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **«Алақай,ойын!»**<br>Сюжетті-рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.40 | **Луллия сақиналары «Мамандықтар»**<br>**Мақсаты:** Мамандық туралы түсініктерін кеңейту,дүниетанымын дамыту.Балаларды мамандардың еңбегіне қызығушылығын | **Луллия сақиналары «Сандарды заттармен сәйкестендір»**<br>**Мақсаты:** Балаларға сандарды таныту, заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. | **В/к: «Ғажайып әлем»**<br>**Theme: «Insects»**<br>**Aim of the lesson:** Айналасындағы заттарды ағылшын тілінде атай білуге үйрету. Can/ Can not етістіктерін қолдану | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Шетен» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Орман ағаштарымен таныстыру. Орман тіршілігі туралы | **Луллия сақиналары «Өлі және тірі табиғат»**<br>**Мақсаты:**Балаларды өлі және тірі табиғат түрлерімен таныстыру, ойын арқылы балалардың логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту.Сөздік қорын байыту, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арттырып,еңбекті құрметтей білуге тәрбиелеу. | | үйрену.<br><br>I. Greeting: Амандасу<br>- Good morning, Good morning,<br>- Good morning too you<br>- Good morning, Good morning,<br>- I am glad see you!<br>- How are you children?<br>- I am OK!<br>II. Шаттық шеңбері « Happy good day » өлеңін айту<br>1) Ask a questions?<br>Ш. Make a sentence:<br>- I can play football<br>- I can read a book<br>- I can jump<br>Can not:<br>- I can not fly<br>I can not swim<br>III. Refreshment time:<br>Can you swim like a fish<br>Can you run like a rabbit<br>Can you jump like kangaroo Can you fly like bird Бағалау, мадақтау<br>IV. Қортынды:<br>«Good bye» өлеңін айту. | түсінік беру. Аяушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер №6.<br>2. Орман ағаштарымен таныстыру.<br>3. Орман тіршілігі туралы түсінік беру. Аяушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>4.Сергіту сәті №7.<br>5. «Шетен» ертегісін оқып беру.<br>6.Қорытындылау. | табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. |
| Жеке жұмыс | | Серіков Арсенге таным саласы бойынша көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын айыра білуге, ауа-райын күн мен бұлтты ажыратып айтуға үйрету. | Махсутова Нұрсияға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. | Өмірзақ Алдиярға денсаулық саласы бойынша жаттығуларды жасауға, соның ішінде жүгіру, секіруге, көңіл-күйін көтеріп жүруге, өзін дұрыс ұстап жүруге үйрету. | Темірхан Айбекке әлеумет саласы бойынша сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту. | Серік Әміржанға қатынас саласы бойынша зат есім сөздерді мыс, «мен», етістіктермен мыс, «киінемін» байланыстыра алуын дамыту. Сұрақтарға толық жауап айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен киінуін қадағалау. | | | | |
| Серуен қимылды ойындар | 16.50-17.50 | **№16** | **№21** | **№24** | **№14** | **№15** |
| **«Ертеңге дейін...»** Серуеннен оралу**.** | 17.50-18.00 | Ата-аналарға ескерту кешігіп келетін балаларды | Ата-аналарға балаларының сұрақтарына ерінбей толық | Ата- аналарға балалардың «Біздің | Балаларды киінгенде киіміндегі | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | | уақытылы алып келу. | жауап беріп,әрбір дыбыстарды анық айтқызуға кеңес беру. | қанатты достарымыз» атты ұйымдастырылған сурет көрмесіне түгел қатысуларына өтініш білдіру. | олқылықтарды байқап,оны дұрыстай білулерін қадағалау. | ету. |

**Циклограмма**
**Төртінші апта (20-24.04. 2020ж)**
**ересек тобы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме,балалар!»** Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (Үстел үсті, саусақ және т.б.) | 8.00-8.30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы.: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | Балаларды қабылдау. Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру.Ертеңгілік жаттығу жүргізу. | «Біз сезімтал баламыз» Мақсаты: Балалармен балабақшаға келе жатқанда ауа-райында қандай өзгерістерді байқағандары туралы сұхбаттасу. | «Қайырлы таң, досым!» Мақсаты: Балалармен достық туралы әңгімелесу, досының жақсы мінез-құлықтарын атап беруді ұсыну. | «Мен табиғатты сүйемін» Мақсаты: Әңгімеге тарту арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | «Еңбекқор жәндіктер» Мақсаты: Табиғаттағы тіршіліктің оянуын,жәндіктердің тіршілігі туралы түсінік беру. |
| Таңғы жаттығу (5 мин) | 8.30-8.35 | **Жаттығулар кешені №16** | | | | |
| Таңғы ас | 8.35-8.50 | **Ойын-жаттығу:**<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз,<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Тамақ ішіп алайық. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.50-9.05 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бір қалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | | Сергіту сәті: «Ақ қоян» Мақсаты:Қимыл белсенділігін арттыру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. | Сергіту сәттері. Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін ширатып,белсенділігін арттыру. | Терезе алдындағы бақшаны бақылау. Мақсаты: Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. | Ойын: «Даусынан таны» Мақсаты: Ойын арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру,үй жануарларының дауысын ажырата білуге дағдыландыру. | Ойын: «Мақал-мәтелді жалғастыр» Мақсаты: Балалардың біліктілік дағдыларын жетілдіре отырып,ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та,ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.05-10.25 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қолғап» украин халық ертегісін сахналау**<br>**Мақсаты:** Ертегіні тыңдай білуге және қайталап дауысын айнытпай салуға үйрету. Сахнада ойнай білу іскерліктерін дамыту. Сөйлеу мәнеріне, қарқынына аса мән бере отыры кейіпкерлер бейнесін көркем сомдауға, олардың ішкі жан-дүниесін жеткізе суреттеуге ұмтылыстарын арттыруды дамыту. Бірлікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Жұмбақ жасыру:<br>Есігі біреу<br>Бөлмесі бесеу(қолғап)<br>– Балалар, қолғап бізге не үшін керек? (Қыс мезгілінде қолымыз тоңбас үшін).<br>– Қолғап нешеу болады? (Қолғап екеу болады).<br>– Қолғап қандай болады? (Әртүрлі, қалың жұқа).<br>2.Негізгі кезең<br>«Қолғап» ертегісі<br>Ертеде бір атай Күшігімен орманда келе жатса, қолына киетін қолғабының біреуін түсіріп<br>алыпты. Оны көрген Тышқан қолғаптың ішіне кіріп алып: «Мен енді осында тұрамын», – депті. Одан кейін Бақа секіріп келіп: Мына қолғапта қайсысың тұрасың?», – депті. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бірге жаттығамыз!»**<br>**Мақсаты:** Артқа қосалқы адым жасау мен өз төңірегінде айналу жаттығуларын кезекпен орындауға үйрету. Биікте тұрған зат арқылы бүйірімен аттап өткен кезде денесін тік ұстап, тепе-теңдік сақтау қабілетін қалыптастыру. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға үйрету. Күш пен үйлестіру қабілетін дамыту; дос болуға, тапқырлыққа баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Алдын ала қойылған орындықтарға балалардың назарын аударады. Бұрын күшті әрі епті болуға көмектесетін қандай жаттығулар жасағандарын еске түсіруді сұрайды.<br>II. Негізгі кезең.<br>Бір-бірден сап түзеп жүру, орындықтардың арасымен иректеп жүру, жүгіру.<br>Ырғақты-музыкалық қимылдар:<br>Қимылдардың бір қалыпты, ізбе-із орындалуына, арақашықтықтың сақталуына назар аударады.<br>Орындықтарды пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау: биіктетілген | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»**<br>**Мақсаты:** Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы түсініктерін жалпылау. Күтім жасау тәсілдері туралы түсініктерін жалпылау: суару, шаңын сүрту, қопсыту. Бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері:<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер оның жауабын шешіп көріңдер.<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз.<br>Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп, көрік беріп қана қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады.<br>Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады.<br>Олардың көптеген түрлері болады: роза | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Мақтақыз бен мысық»**<br>**(қазақ халық ертегісі)**<br>**Мақсаты:**Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету.<br>Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау.<br>Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Балалар шеңбер бойына тұрып, тәрбиешімен бірге өлең жолдарын айтады.<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Күндей күлімдеп,<br>Судай таза көңілмен<br>Бүгінгі күнімізді бастаймыз.<br>- Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекетінде алдымен «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып, одан кейін мазмұнын талдаймыз. Кәне, бәріміз жайғасып отырайық, ертегіні тыңдаңыздар.<br>Ертегіні оқып беру.<br>Сұрақ – жауап арқылы әңгімелеу.<br>- Балалар, қандай кейіпкерлерді естеріңе сақтадыңдар?<br>- Мақта қыздың қылығы сендерге ұнады ма?<br>- Ол дұрыс істеді деп ойлайсыңдар ма? | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Үйрек балапандарымен»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді салыстыра отырып үйректерді жапсыруды үйрету; қызығушылығын дамыту; табиғаттын әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Тыныштық сәті<br>(Жәй әуен ойналады)<br>Т/ші: «Балалар қане барлығымыз ақырын көздерімізді жұмып, әуен ырғағымен көз<br>алдымызға жақсы нәрселерді елестетіп,<br>жақсы заттар ойлайық»<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырды.<br>Т/ші: балалар сендер жұмбақтың шешуін таптыңдар, енді мен сендерге бір сурет<br>көрсетемін сол бойынша сендер маған<br>әңгіме құрап айтыңдар?<br>- Балалар мына суретте сендер нені<br>көріп тұрсыңдар?<br>- Бұлар қандай құстар?<br>- Үй құстары қайда өмір сүреді?<br>- Бұл суретте қандай үй құстары бар?<br>- Олар қайда жүр?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар бұлар үй<br>құстары, олар аулада, қорада өмір сүреді.<br>Оларға адамдар қомқорлық жасап, күтіп-<br>баптап, тамақтандырады.<br>Олардың біздерге пайдасы бар ма? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тышқан: Мен шиқылдауық тышқанмын, ал сен кімсің? – деп сұрапты. Бақа: Мен бақылдауық Бақамын. Мені кіргізші? – депті. Тышқан: «Кел», – депті. Сөйтіп, олар қолғаптың ішінде екеу болыпты. Міне, Қоян да жүгіріп келіп, қолғапқа жақындап: «Мына қолғапта қайсысың тұрасың?», – депті. Тышқан, Бақа: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын. Ал сен қайсы жануарсың?» – деп сұрапты. Қоян: «Мен желаяқ қоянмын. Мені де кіргізіңдерші?» – депті. Олар: «Кел» – депті. Сөйтіп олар үшеу болыпты. Одан кейін Түлкі келіп: «Мына қолғапта қайсысың тұрасың?»– депті.<br>Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын. Ал сен өзің қай жануарсың?» – депті. Түлкі: «Мен әпкелеріңмін. Кіргізіңдерші мені де» – депті. Олар: «Жарайды, кел», – депті. Сөйтіп Қасқыр да келіпті: «Мына қолғапта қайсысың тұрасың?», – депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін. Ал сен өзің қай | жерде тепе-теңдік сақтау. Негізгі қимылдарды орындау.<br>Гимнастикалық орындық үстімен қапталымен жүру, толтырма доптан аттап өту (қолды белге қояды).<br>Тұрақты тепе-теңдік сақтау үшін денені тік ұстап, дене сымбатын бұзбау қажеттігін және басты төмен түсірмеу керектігін ескертеді.<br>Балаларды сақтандырады.<br>Гимнастикалық орындық үстінде етпетінен жатып еңбектеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-секір».<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>III. Қорытынды кезең (Рефлексия).<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады.<br>«Достық» жаттығуы.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема:«Зайка серенький сидит...»**<br>**Цели:** -образовательные- учить детей правильно произносить названия диких животных, правильно использовать обобщающее слово *диких животные.* Формировать представления детей о жизни диких животных зимой и способах их питания; Разучивая стиз пополнить словарный запас.<br>- развивать устойчивость внимания, долговременную память. Обогащать словарь | гүлі, фикус, қазтамақ, қынагүл т.б.<br>Балалар гүлдер орысша цветы деп айтылады,бәріміз қайталайықшы.<br>Балаларға бөлме өсімдіктерін көрсетіп, оларға күтім жасау керектігін түсіндіреді.<br>Гүлдің топырағын күрекшемен қопсытып, күнде су құйып тұру керек.<br>Өсімдіктерді жарық мол түсетін жерге қою керек.<br>Кураған жапырақтарынан тазалап, жапырақтардың шаңын сүртіп,су бүркіп тұру керек. Өсімдіктер де тіршілік иесі.Сондықтан өсімдіктерге күтім жасай білу керек.<br>Сергіту сәті:<br>Жел соғады бетіме,<br>Ағаштар да желпуде.<br>Жел тына қалғанда,<br>Ағаштар биік-биік болып өседі.<br>Тәрбиеші балалармен бөлме гүлінің шаңын қалай сүртуді, оларға қалай су құю керектігін тәжірибе жүзінде көрсетеді.<br>Дидактикалық ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Ойын шарты:<br>Балалар күн шықты дегенде жан-жаққа шашырап ойнайды, жаңбыр жауды дегенде қолшатырдың астына | - Мысық жапырақ сұрап неге барды?<br>- Мысық сиырдан не сұрады?<br>- Қыздар мысықтан не сұрады?<br>- Дүкенші мысыққа не берді?<br>- Мысық сиырға не берді?<br>- Мысық тауықтан не сұрады?<br>- Тышқан мысыққа не берді?<br>- Мысық ағашқа не берді?<br>- Тауық мысыққа не берді?<br>- Мысық қыздарға не берді?<br>- Мысық ағашқа не берді?<br>- Енді, балалар, ертегінің мазмұнын түсінген болсаңдар, кәне, кейіпкерлердің рөлін ойнап, сахналап көрейік.<br>Балаларды рөлдерге бөліп, ертегіні сахналап, тамашалаймыз.<br>Ертегіні талдау.<br>- Балалар, сіздерге қай кейіпкер ұнады?<br>- Ертегі ұнады ма?<br>Сергіту сәті.<br>Беті, қолын жуады,<br>Тышқандарды қуады.<br>Тазалықты сақтайды,<br>Апам оны мақтайды.<br>Дидактикалық ойын: «Төлдер қалай дыбыстайды?» ойны арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту.<br>Жеке жұмысты қажет ететін балалардан | Қандай пайдасы бар?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар күнделікті біздер жейтін жұмыртқаларды осы құстардан аламыз.<br>Балалар, енді құстардың дене бітіміне қарайықшы, олар қандай бөліктерден тұрады?<br>Ал, балапандарды көріп тұрсыңдар ма?<br>Олар қандай?<br>Балалар бұл қандай үй құсы?<br>Балалар мына суретте үйрек бар ма?<br>Ал балапандары ше?<br>Ендеше біздер осы үйректі, балапандарымен бірге жапсыруымыз керек.<br>Тәрбиеші балаларға жапсырудың әдіс-тәсілдерін түіндіріп, көрсетеді.<br>Қорытындылау<br>Балалардың жұмыстарын мадақтайды, оларды қалай жасағандарын сұрайды.<br>**Дене шынықтыру (таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы сақиналар»**<br>**Мақсаты:** Самокатпен белгіленген бағытта конустар мен сақиналардың арасымен сырғанауға үйрету. Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Алаңның бір жақ шетінен қарсы бетіне жүгіріп өту қабілетін жетілдіру. Еденнен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарсың?» – депті. Қасқыр: «Ал мен Қасқыр ағаларыңмын, кіргізіңдерші мені де», – депті. Сөйтіп, қолғапқа бесеуі де сыйып кетіпті. «Хро-хро-хро», – деп Қабан жүгіріп келіп: Мына қолғапта қайсысың тұрасың?», – депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін, ал мен Қасқырмын. Ал сен өзің қай жануарсың?» – депті. Қабан: «Мен Қабанмын, мені де кіргізіңдерші», – депті. Олар: Сен мұнда қалай кіресің? – дейді. Қабан: «Мен кіре аламын, жіберсеңдер», – депті. Олар: «Жарайды, кіре ғой» – депті. Сөйтіп олар алтау болыпты. Оларға қолғаптың іші тар болыпты. Сөйтіп отырғанда Аю келіп: Мына қолғапта қайсысың тұрасың?» – депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын, желаяқ Қоянмын, мен Түлкімін, ал мен Қасқырмын. Мен Қабанмын. Ал сен өзің қай жануарсың?» – депті. Аю: «Қалай көпсіңдер, мені де кіргізіңдерші?» Олар: «Қалай кіргіземіз, өзі іші тар болып тұрса?» Аю: «Қалай | детей(травоядные, хищники, логово, дупло, нора, берлога) развивать связную речь, умение согласовывать слова в предложении;- воспитывать бережное отношение к животным, желание заботиться о них.<br>**Ход занятия:**<br>Дети друг за другом (паравозиком) заходят в группу. Садятся на стульчики.<br>Воспитатель показывает детям картинку, изображающую зайчонка. И проводит беседу.<br>- Кто это? (Зайка, зайчик.) Посмотрите на зайчика и скажите, какой он? (Довольный, веселый, озорной).<br>Что он делает? (Веселится, песенки поет).<br>Послушайте песенку про зайчика:<br>Сидит, сидит зайчик<br>Под кустом,<br>Под кустом.<br>Охотнички едут,<br>Едут – скачут в поле<br>Во пустом,<br>Во пустом.<br>Вы, охотнички, скачите,<br>На мой хвостик поглядите:<br>Я не ваш,<br>Я ушел.<br>- Каким оказался зайчик? (Быстрым, ловким, догадливым).<br>Кому пел песенку зайчик? (Охотничкам).<br>Какие песенки про зайчика вы еще знаете? Спойте!<br>Зайка серый умывается:<br>Видно в гости собирается.<br>Покажите, как он | жиналады.<br>-Қандай бөлме гүлдерін білесіңдер?<br>-Бөлме гүлдеріне қалай күтеді?<br>Белсенді болған балаларды мақтап,мадақтайды.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Еңбек бәрін жеңбек»**<br>**Мақсаты:** Көмекші құралдар туралы түсініктерін кеңейтетін жаңа біліммен байыту; қажетті құралдармен таныстыру.<br>Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу.<br>**ҰОҚ барысы**:<br>Ән тыңдау: «Екеуміз әйбат баламыз»,<br>Ән айту:«Апам үшін»(Қ. Мырзалиев; И. Исаев).<br>Ырғақты би: «Көңілді полька».<br>Д/о:«Жұбыңды тап» | төлдердің қалай дыбысталуын қайталату. Балалар, төлдердің қалай дыбыстайтынын білмесе, өзім көмектесемін. Бірінші топпен айтқызып, кейін әр баламен жеке жұмыстанамын.<br>- Балалар, сендерге бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма?<br>- «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұнын түсіндіңдер ме?<br>Қорытындылау мақсатында балаларға бірнеше сұрақтар қойып, жауабын талдаймын. Сұраққа дұрыс жауап берген балаларды атап, мадақтаймын.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Батыл құмырсқалар»**<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып секіру, тепе-теңдік сақтау және жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайту. Бір аяқты артқа қойып, екінші аяқты оның жанына қою және оның ұшын ішке қарай қайырмауға тырысу, осы жаттығу мен жайлап отырып-тұру жаттығуларын кезекпен жасауға үйрету. Аяқты кезекпен қойып гимнастикалық орындықпен өрмелеуге жаттықтыру. Төзімділік, ептілік, үйлестіру қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялай білуге | бір уақытта қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту. Қимылдарды өзге балалармен үйлесімді етіп жасау қабілетін нығайту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>І. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сүйікті ойындарының атауларын атап беруді сұрайды. Ойынның балаларға шымыр, епті де шапшаң болуға көмектесетінін айтады.<br>ІІ. Негізгі кезең.<br>Жаппай тәсіл<br>Саусақтардың ұсақ бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар: алаңның бетіне тігінен қойылған сақинаны айналдыру, сақиналарды өзінің жанында солға, оңға, тура айналдыру. Тәрбиеленушілер алаңның бір жағында тұрады және сақиналарды қарама-қарсы жаққа қарай домалатады, сақиналарды қуып жетуге және қайта домалатуға тырысады.<br>Сақиналарды конусқа лақтыру. Тапсырманың орындалуын түсіндіреді және көрсетеді.<br>Лақтырған кезде бастапқы қалыпты дұрыс ұстауға – оң қолмен лақтырған кезде аттас аяғының артқа қарай қойылуына назарларын аударады. Қимылдың бір қалыпты, сенімді түрде орындау қажеттігіне назар аударады.<br>Көзге арналған гимнастика: «Көгөністер» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
